545523
Д 79

Алаш тұрасы

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ



1





84.5Қ523
Д73

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

1

Өлеңдер
роман
пьеса
әңгімелер



АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 2002

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Редакция алқасы:

Ахметов З. А., Дулатова Г. М., Қасқабасов А. С., Қирабаев С. С., Құл-Мұхаммед М. А., Қойгелдиев М.Қ., Нұрпейісов К. Н., Сатыбалдиев Е. Ә., Ысмағұлов Ж. (*жауапты редактор*)

Құрастырушылар: **Гүлнар Дулатова,**

Сабира Иманбаева

Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған:

Жұмағали Ысмағұлов

37128

Араб үлгісіндегі жәдит жазуынан қазіргі қазақ әрпіне түсірген:
Уахап Қыдырханұлы

© Дулатұлы Міржақып, 2002 ж.
© Дулатова Г., Иманбаева С., құраст., 2002 ж.
© Ысмағұлов Ж., алғы сөз, түсініктемелер, 2002 ж.

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

012

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

(1885–1935)

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Тор облысы, Торғай үйезіне қарасты Сарықопа болысында (*қа Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, «Қызбел» ауылы*) туға

Әкесі Дулат әжептеуір ескіше оқыған, өз дәулеті о жетерліктей дөңгелек қана шаруасы бар, тауфихты адам бо керек. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, сол орысша оқытып, заң қызметіне бейімдеп үлгірген Дулат і баласы Міржақыпты да сол ізбен алғашында ауыл молдас береді.

Бірақ Жақаңның (*Міржақыпты кейін ел осылай атап кетті Ж.Ы.*) өз айтуынша, екі жыл азап шеккеннен басқа ештеңе алмағаннан кейін, әкесі оны молдадан шығарып алып, ауыл мектепте орысша оқытатын Мұқан Тоқтабайұлы деген мұға беред.

«Менің алғаш білімге көзімді ашқан сол кісі еді», деп Жақаңның тағы бір сөзі оның өнер-білім жолындағы ұзақ жыл бойғы жемісті ізденістерінің бастауы дәл сол Торғайдың топырағында жатқанын аңғартса керек.

Міне, осы тұста тебіреністі сезіммен еске алып, арнайы ай бір жайт – өзі халықтың шын жанашыр қамқоры болып ғандықтан, өте алыс болашақтарды ойлап, жанкештілік атқарған зор қызметінің арқасында, мәңгілік маңызы бо тындырған, сөйтіп, жаңағы Торғай топырағының құшағ мәуелі білім нәрін сеуіп кеткен Ыбырай атамыздың, ұ ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мектебі бұл кезде ірге әжептеуір бекітіп, еңсесін көтеріп, айналаға игі ықпалын тиг түр еді.

Демек, жаңағы Мұқан мұғалім де, одан кейінгі Ах (*Байтұрсынов – Ж.Ы.*), Асқарлар да мың сегіз жүз сексені жылдары шаңырақ көтерген сол Ыбырай мектебінің, егер ре атымен атасақ, Торғай қаласындағы үйездік орыс-қазақ учи

шесінің түлектері еді. Сол сиқырлы дүниенің есігі енді ағаларының ізін басып келген шәкірт бала Міржақыптың алдынан ашылып еді.

Сөйтіп, екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жас өспірімнің бұдан былайғы тәлім-тәрбиесі Асқар ағасының мойнында қалады. 1897 жылы ол Торғай қаласындағы жаңағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, 1902 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Содан алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады.

Әлі шәкірт жасындағы ұстаз жігіттің кейінгі өмірінде кенінен өріс алған белсенді әлеуметтік, саяси, шығармашылық қызметі, міне, осы кездерден басталады. Міржақып туралы сөз қозғағанда біздің де жітірек ойланып, оның өмір жолына үңіле қарайтын тұсымыз осы.

Бұл қай кез еді? Уақыт жағынан алсақ, талай халықтардың үстінен небір сұрапыл дауылдарды соқтырып өткен XX ғасырдың басы. Ал қазақ қауымының хал-жағдайына орайластыра ой жіберсек, бұл кезең дархан дала халқының да рухани жағынан серпіле бастаған шағы болатын.

Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалықтың қазақ даласында отаршылдықты күрт күшейтіп, шаруашылық жағдайы онсыз да оңала алмай келген бодан елге тізесін батыра түскен жылдар еді. Өткен ғасырдың аяқ кезіндегі атышулы Столыпин заңынан кейін қауымнан босатылған орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері жаңа қоныстанушыларға тартып әперілген.

Бұл жағдай сол кезде көздері ашылып, ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Олар адамзаттың тарихи көшінен қағаберіс қалып, марғау жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздестіріп шарқ ұрды. Сол қапастан құтылудың ең бірінші қамы – ілгергі елдердің қатарына қосылып, өнер-білімге тартылу деп білген олар өздерінен бұрын өткен ағартушы ағаларының дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта насихат жұмысын өрістетті.

Алғашында осындай таза ағартушылық сарында туындап, кейін саяси сипат ала бастаған бұл қозғалыс ғасырдың бас кезінде патшалықтың саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің әр түрлі ұлттық аймақтарында, әсіресе біздің түркі тілдес ағайындардың арасында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық сарындағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесінде бой көрсете бастаған.

Міне, осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген Міржақып сияқты көңілі сергек, көкірегі ояу жас мұғалім халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшауланып, самарқау қала алмағаны, әрине, заңды еді.

Қалың қазақы ортадан шығып, айналасы төрт-бес жылдың ішінде үйездік мектептен дүниелік пәндердің негізі бойынша жалпылама ғана мағлұмат алып шыққан жас жігіттің болашақта үлкен білімдар болып шығуы үшін және заманның аяқ алысын аңғарып, соған қарай қарекет жасайтын қайраткер болып қалыптасуы үшін, өзгені былай қойғанда, мынадай екі қасиет қажет сияқты болып көрінеді.

Біріншісі–мектептен алған білімдік-танымдық мағлұматтарды өздігінен оқу арқылы жүйеге келтіріп, жетілдіру және екіншісі – сол білгенін ел өмірімен салыстырып, оның тілек-талабына бағындыра білу, соған орайластыра іс-қимыл жасауға бейімделу.

Жасы жиырмаға толмаған балаң жігіттің бойында осы екі қасиеттің екеуі де бар еді. Оның үстіне, іздену үстінде түйгенін де, күн сайын көзі көре жүріп, өзгеге айтқысы келген әсерін де жұрт көңіліне қонымды өлең шумақтарымен жеткізе алатын, табиғаттың бағалы сыйындай ақындық дарын да жігіт бойынан белгі бере бастап еді.

Қысқасы, өрелі ой мен өршіл талап өз бойынан сәтті ұштастық тапқан жайсаң жас алыс қияндарды аңсаған алғыр қырандай өмірден кең өріс іздеді, үлкен мақсаттар мен асыл мұраттар жолында құлаш сермейтін даңғылға қарай асықты.

Ол кезде Міржақып осынау тың сонарда алдынан із салып кеткен Ахмет ағасының есімін де еміс-еміс естіп жүретін. Өйткені жақсының аты әрбір қыр асқан сайын өсіп, зорайып отыратын қазақ даласында осы өңірдің өз түлегі, кешегі Байтұрсынның ұрпағы Ахметтің сонау Қостанай, Қарқаралы жақты дүбірлеткен атақ-даңқы Торғай табанында да жаңғырығып жатпауы мүмкін емес еді.

Ынтық көңілге соны нысана етті ме, әлде өмірдің қайнаған ортасын аңсады ма, қалай болғанда да, Міржақып 1904 жылы алыс та ұзақ сапарға аттанып, сол кезде Арқадағы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы – Омбы қаласына қарай тартады.

Бұл, жаңағы айтқанымыздай, Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық алғашқы революцияның қарсаңында ел іші дүрлігіп, қоғамдық қозғалыс қазандай қайнап, бұрқырап тұрған шақ болатын.

Соның дүмпуімен қазақ даласында да жұртшылық пікірі ел тағдырына байланысты ірі-ірі әлеуметтік мәселелер деңгейіне көтеріліп, жалпы көпшіліктің санасына орныға бастаған.

Кеменгер ұстаз бен зейінді шәкірттің бірін-бірі іштей ұғысуы ма, әлде ұзақ жорықтарда қол бастаған хас батыр мен қатерлі жолға бас байлаған қаһарман ұланның семсер үстінде серттесуі ме, – қалай болғанда да бұдан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсаттың тәуекеліне тігіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің алғаш рет жүздесіп кездескен жері – осы Омбы қаласы болып еді.

Олардың бір-бірімен табысу, түсінісу, сырласу сұхбаттарының қай мазмұнда, қай бағытта өткенін анық білмесек те, нәтижесінің қандай болғанын дәлелдейтін дерек – дәл сол жолы Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға беттейді. Осында әуелі астыртын жұмыстан басталып, кейін жария сипат алған революциялық жұмысқа белсене араласады.

Қарқаралыға алғаш келгенде үйездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған Ахаң бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын.

«Революциялық» деген сөзді біз бұл жерде қателесіп немесе кездейсоқ айтып отырғанымыз жоқ. Міржақыптың Ахмет Байтұрсынов туралы жазған өмірбаяндық очеркінен алып отырмыз.

«XX ғасырдың бас кезінде Қарқаралыда тұрған Ахмет Байтұрсынов революциялық қозғалыстарға қатысады: әуелгі кезде астыртын жұмыс істеп, соңынан, 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін, қазақ бұқарасының көрнекті де белсенді басшыларының бірі болады».

Бұл–осы оқиғалардың қалың ортасында жүрген Міржақыптың сөзі.

Енді осы қозғалыстың мәнін ашып көрсету үшін тағы сол А.Байтұрсынов турасында 1922 жылы жазылған М.Әуезовтің мақаласына жүгінейік.

«1905 жылы Қарқаралыда Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция *(арыз, тілек)* жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші–қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші–отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған.

Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған».

Ендеше сол «Ахаңдар» деген ұғымның ішінде жалынды сөзімен, жастық жігерімен жұртты елең еткізетін айтқыш жігіт Міржақып та жүргенін біз күні бүгін көз алдымызға айқын елестете аламыз.

Міржақып Дулатұлының шығармашылық мұрасы жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысында келтірілген: «1905 жылғы революциялық оқиғалар тұсында ол Қарқаралыда шеруге қатысқандар қатарында болды» деген мағлұматты да біз осы тұрғыдан түсінеміз.

Осындай қызу қимылмен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт осы сапарында қазақ конституциялық-демократиялық партиясының Оралдағы съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады.

Кеше ғана Торғай топырағынан аттанған ауыл мұғалімінің әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуында, ой-өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки түсуінде бұл сапардың шешуші маңызы болғаны, әрине, түсінікті. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралыда Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов мектебінен алған Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түседі. Сол замандағы ұлттық, демократиялық қозғалыстың басқа да бірсыпыра қайраткерлерімен жүздесіп, танысады. Өзін де танытып қайтады.

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде Міржақыптың «Жастарға» деген өлеңінің басылу сырында да осындай сабақтастық қисын бар еді. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатұлы қаламынан туған «Біздің мақсатымыз» атты бас мақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек.

Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, автор патшалықтың әкімшілігі тарапынан саяси қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсының өзі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағандығы деп көрсетілген.

Демек, айтылмыш мақаланы сол кездегі қазақ қауымында қалыптасып келе жатқан қоғамдық ой-пікірдің, қазақ даласында анық бой көрсеткен әлеуметтік қозғалыстың көрінісі деп жоруға болатын еді. Патшалық әкімшіліктің зәресі кетіп, үріккені де сондықтан болатын.

Міржақып Петербург сапарынан туған Торғайына белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен бірге шабытты ақын да болып оралады.

Сонау мектептегі шәкірт кезінде әредік ойына оралып кететін ұйқасты ырғақтарға оншама мән бермей жүрсе де, одан берегіректе ауыл мұғалімі болған кезінде сабақ арасындағы оймен қалған оңашалықта сүйкей салған шумақтарды болашағым осы болар-ау деп ойламаса да, мына сапардан кейін, өз өлеңі тасқа басылып, газет бетінде шыққанын көргенде, ол өз бойындағы дарын нышанына мүлде басқаша қарайтын болады. Енді ол бүтіндей шабытқа беріледі. Ойына түйген жайларды, айналасындағы ел-жұртына айтар сөзін ол дереу өлең жолдарына өріп, қағазға түсіре бастайды.

Сөйтіп, біріне-бірін жалғастыра, жеделдете жазып, әр түрлі тақырыптар төңірегінде ой толғаған тебіреністері бірер жылдың ішінде әжептәуір жинақ болып тізіледі. Болашақ кітабының арқалайтын әлеуметтік жүгін айқын түсінген ақын оны дереу Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады.

Дәл сол жылы қазақ халқының өз тілінде, оның болашақтағы бүкіл интеллектуалдық қабілетінің жаршысындай, көркемдік ойлау мүмкіндіктерінің алғашқы қарлығаштарындай болып үш

бірдей өлең кітабының баспа жүзінде жарық көруі – біздің рухани, мәдени өміріміздің болашағы үшін тарихи оқиға болғанын осы тұста ерекше атап көрсеткен жөн.

Олардың біріншісі – 1909 жылы Петербургтен Тұрағұл мен Кәкітай бастырып шығарған Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы. Екіншісі – Крылов шығармаларынан жедел аударып, тағы сол Петербургтен бастырып шығарған Ахмет Байтұрсынов тың «Қырық мысалы». Үшіншісі – өзіміз сөз қылып отырған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы».

Шөліркеген адамның таңдайын жібіткен бір жұтым сусынның қадірі қандай болса, туған халқының рухани өміріндегі бұл үш жинақтың да маңызы дәл сондай еді. Сондықтан, алдыңғы екеуі сияқты, «Оян, қазақ!» та қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның атақ-даңқын өте алыс қиындарға алып кетті. Ізін суытпай, оны екінші рет бастыруға тура келді.

Бірақ бұл кітап жас авторға халық арасындағы абырой-беделмен бірге патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргінді ала келеді. Мұғалім жігіт тергеу орындарының бақылауына алынады. Ақыры ол туған жерден тайғақтап, өзі көрген Омбы жаққа, Ақмола облысындағы Қызылжар қаласына қарай жылыстап кетеді. Осының артынша «Оян, қазақ!» та тәркіленеді.

Қызылжарға барғаннан кейін бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда белсене жұмыс істеуіне мүмкіндігі болмайды. Сот кеңсесінде там-тұмдап тілмаштық қызмет атқарады. Жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Қазақ балаларына орыс тілінде сабақ береді. Сол кезде одан біраз уақыт Мағжан да дәріс алса керек.

Революция толқыны күшпен басылып, ел ішін реакцияның қара түтіні қайта торлаған кезде, әрбір қадамы санаулы болған саяси сенімсіз жігіт басқа қоғамдық қарекетке бара алмай, көбінесе шығармашылықпен шұғылданады. Тынымсыз ізденіс үстінде тың сонарларға ұмтылып, соныға қалам сілтейді. Поэзияда қаламы төселіп қалған автор енді жаңа бір шабытпен проза саласында, күрделі жанрда күш сынап көрмек болады. Ол дереу роман жазуға кіріседі. Айтқандай-ақ, шығарма тез жазылады да, дәл сол 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» деген атпен басылып шығады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман дүниеге осылай келеді. Бұл шығарма қазақ топырағында алғашқы өлең жинағынан да тосын жаңалық болып көрінеді. Халықтың өз өмірінен алынып, өз тілінде қара сөзбен жазылған бұл сияқты оқиғалы шығарма бұрын болған емес-ті. Сондықтан да оның оқырман қауымға тигізген әсері тіпті ересен болды.

Бұл кезде Міржақып өз шығармашылығын өлең мен проза жанрында қатар дамытады. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журнальна үзбей жазып тұрады. Сонымен

бірге қағілез жігіт қазақ даласындағы әлеуметтік өмірден де қол үзбей, жіті құлақ түріп, халық тұрмысының жай-жапсарын қадағалап отырады.

Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көріп-білгісі келеді. Осындай ниетпен қалың қазақ ауылдарын аралап, Семей облысына қарай сапарға шығады. Бірақ бұл кезде патшалық тыңшыларының қалт еткізбес аңдуына алынған еркін ойлы азамат Семей қаласына келген бойда-ақ полицияның тырнағына ілінеді. Осының алдында ғана саяси айыппен қамауға алынып, сотсыз, тергеусіз сегіз ай абақтыда отырған Ахмет ағасының артынша бұл кісі де Семей түрмесінде табаны күректей бір жарым жыл отырады.

Бұл кезде атақ-данқы ел ішінде қаншалықты мәшһүр болса, патшаның әкімшілік орындарына соншалықты құбыжық көрінген Міржақыптың атын атап, баспа жүзінде хабар берудің өзі әжептәуір айыпты іске айналады. Мәселен, Міржақып Семейде қамауға алыныпты деген хабар жариялағаны үшін «Айқап» журналына 300 сом, «Уақыт» газетіне 100 сом айып салынады.

Бірақ соған да болмастан, «Айқап» журналының кейінгі бір санында: «Идарамызға келген соңғы хабарға қарағанда, Міржақып 2 мың сом залог салып азат етілген екен» деген тағы бір жаналық айтылады. Ресми түрде қатаң тыйым салынумен де санаспай, осындай хабарлар беріліп жатқанына қарап, сол тұста Міржақыптың ел ішіндегі әлеумет өмірінде үлкен тұлғаға айналғанын, оның жеке басындағы әрбір оқиғаның әжептәуір қоғамдық мәні болғанын аңғарамыз.

Сонымен, не керек, абақтыдан шыққан бойда Міржақып тағы сол ел шетінен жер аударылған Ахаңның ізімен Орынборға қарай беттейді.

Арада біраз жыл өтіп, ел өмірінде, халық тұрмысында күрделі өзгерістердің куәсы болған, өз бастарынан да талай оқиғаларды кешкен аға мен іні, ұстаз бен шәкірт, ал одан да гөрі дұрысырағы – ортақ мұрат жолына бас тіккен жанкешті екі дос арасында айтылар сыр да, талқыға салар кеп те көп еді.

Солардың ішіндегі ең түйіндісі, алыстағы мақсатқа жетудің бірден-бір жемісті жолы – ел санасын оята беру екен. Екпіні қайтып, бәсеңсіп қалған жұртшылық қозғалысына қайтадан дем салу екен. Ол үшін ең тиімді, ең ықпалды құрал халықтың өз тілінде сөйлесіп, көпшіліктің пікіріне бағыт беріп отыратын баспасөз екен. Және де оны шама келгенше әкімшілік орындарынан тәуелсіз етіп, көтерілер мәселе шеңберінің неғұрлым кең де еркін болғанын қарастырған жөн екен. Ендеше дереу осы істің қамына кірісу керек.

Қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш биресми басылымы – айтулы «Қазақ» газетін шығару жөніндегі Байтұрсынов пен Дулатұлының бірлескен қызметі осылай басталады.

Өздерінен бұрынғы там-тұм тәжірибенің кем-кетігін қалай ескеріп, жемісті дәстүрін қалай дамыту керек, негізгі ауырт-

палықты кімдердің күшімен көтеру керек, әсіресе қаражат жағын қалай қамтамасыз ету керек; ұшы-қиыры жоқ, қажет кезінде жедел хабарласа қоятын қатынас-байланысы жоқ кең сахарада шашырап жатқан салбөксе мырзалар мен сараң байларды бұл іске қалай құлшындыру керек – міне, осы сияқты бір-бірімен тіркесіп, тізбектеліп жатқан сансыз көп мәселелерді шешу арқылы ғана жүзеге аса алатын газет жұмысының бұл кісілердің алдында тұрған қияметтей қиындықтары осындай еді.

Бірақ тәуекелі берік болған соң адам қандай істің де тауқыметіне көнсе керек. Қажымас қайрат пен тапжылмас табандылықтың арқасында 1913 жылдың 2 ақпаны күні Каримов-Хусаиновтар баспаханасынан аты кейін аңызға айналып кеткен «Қазақ» газетінің бірінші саны жарық көреді. Алғашында 3 мың дана болып басылған газеттің таралымы бір жылдың ішінде 8 мыңға жетеді.

Әдепкіде баспахана жалдап, ақыға шығарылған газет төрт-бес жылда өз баспаханасы, қағаз қоры, айналым қаржысы, шағын кітапханасы, тағы басқа керек-жарағы бар әжептәуір кеңселі мекеме дәрежесіне жетеді. Қазіргі Қазақстанның ол шеті мен бұл шетінен үзбей хабар алып тұратын кәдімгідей тілшілер желісі тартылады.

«Қазақ» газетін жаздырып алу жергілікті байлардың, болыс-билердің, хат танитын барша қазақтың беделін, кісілігін, мәдени дәрежесін анықтайтын дәстүрлі мәселесіне айналады.

Ұзақ жылдар бойы жөнсіз тыйым салынып, туған халқының рухани өміріндегі орны мен рөлі мүлде сызылып тасталған осы газеттің бұқараны оқуға, өнер-білімге, ілгергі елдердің үлгісіне шақырумен қатар, патша әкімшілігінің отарлау саясатын да батыл әшкерелеп отырған анық демократияшылдық бағыты бүгінгі күннің биігінен қарағанда да өте мәнді көрінеді.

Әсіресе 1916 жылғы маусым жарлығы мен ақпан, қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдерде «Қазақ» газеті мен оның белді қызметкері М. Дулатұлы тындырған істердің тарихи маңызы өте зор болды. Майдандағы тыл жұмыстарына алынған, орысша тіл білмейтін, хат танымайтын қазақ жастарының басы-қасында болып, оларға қажетінше тікелей көмек көрсетіп тұру үшін Минскі қаласында бұратана бөлімі ашылғанда, сол бөлімнің бастығы Әлихан Бөкейхановтың шақыртуымен, Торғайдың әскери губернаторы М. Эверсман қол қойған куәлікті қолға ұстап Міржақып Минскі, Барановичи қалаларына барады. Сондағы қазақ жігіттері арасында жұмыс жүргізеді.

Сол кезде патша тақтан тайдырылып, халыққа бостандық жарияланды деген хабар жеткен бойда Міржақып Әлихан Бөкейхановпен бірге дереу Петроградқа аттанады. Сондағы революциялық дүмпудің қалың ортасында болады.

Одан кейін ел ішінде ұлттық-азаттық қозғалысы белең алып, жаңа деңгейге көтерілген кезде Жақаң Алаштың өзге көсемдерімен

бірге халықтың болашақ тағдырын ойластырып, өзіндік мемлекеттігін құру бағытында қызу жұмыстар жүргізгені тарихтан белгілі.

Әсіресе облыстарда қазақ съездерін өткізу, 1917 жылғы бүкіл қазақтық шілде, желтоқсан съездеріне әзірленіп, оларды ұйымдасқан түрде өткізу төңірегінде қызу науқандар қолға алынған.

Міне, осындай келелі істерге газеттің бас редакторы Байтұрсыновпен бірге қазіргі ұғым бойынша оның орынбасары, редакцияның жауапты хатшысы сияқты міндеттерді қоса атқарған сенімді серігі Дулатұлы қосқан үлес те ұшан-теңіз болған.

«Оян, қазақтан» бергі кезеңде жазылған өлеңдерін 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жинақ етіп шығарып, 1914 жылы «Бақытсыз Жамалды» Қазанда қайтадан бастырып, 1915 жылы «Терме» атты жинақпен «Оян, қазақтағы» өлеңдерін Орынборда тағы бір жаңғыртып, өзінің ақын-жазушылық тұғырын өбден нығайтып алған Міржақып осы жылдары журналистік, публицистік дарынын да мейлінше аша түседі.

М. Дулатұлы қаламынан туған осындай татымды мақалалар ішінде ұлт тәуелсіздігі, жалпы әлеуметтік өмір, экономика, мәдениет, әдебиет, тарих, дін мәселелерінен бастап, тіпті сол кездегі халықаралық жағдайға дейін қамтыған, солар жайынан оқырманға өте бағалы танымдық деректер берген материалдар ерекше назар аудартады.

Мәселен, 1914 жылғы 23 июньде шыққан 67-санында «Абай» атты мақаланы Міржақып ұлы ақынның қайтыс болуының 10 жылдығына орайластырып жазған. Онда автор Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп атап, туған әдебиетіміздің болашақ дамуындағы оның орны мен маңызын тап басып айтқаны біз үшін өте көп нәрсені аңғартады.

Газеттің 1913 жылғы 6 апрельдегі санында М.Дулатұлының Ғабдолла Тоқайдың қайтыс болуына байланысты тебіреніп жазған мақаласы, 1915 жылғы 31 октябрьдегі санында этнограф, фольклорист Әбубәкір Диваев туралы қызықты деректер келтірілген зерттеу материалы жарияланған.

Ал енді қазақтың ішкі өміріндегі зорлық-зомбылық, әділетсіздік, парақорлық, жікшілдік сияқты жағымсыз көріністерді сынаған материалдардан 1915 жылғы 15 марттағы (№112) «Дауқумар», 1917 жылғы 19 майдағы (№230, 234) «Жүзі қаралар» атты өткір фельетондарды атауға болар еді.

Газет бетіндегі Міржақып көтерген мәселелердің ішіндегі ең бір сүбелісі де, әкімшілік орындарының көзқарасы тұрғысынан алғанда, ең шетіні де – отарлау мәселесі, қазақ жеріне қоныстандырылған шаруалар мен жергілікті халықтың арасындағы қарым-қатынас жайы.

Бұл екі тақырыптың екеуі де әрдайым патшалық ресми орындар тарапынан қатты наразылық, кейде тікелей құдалау шараларын туғызып отырды. Газетке талай-талай айыптар салынды. Соның көпшілігінде Міржақыптың күш салуымен жағдай реттеліп, талай қиыншылықтардан шығудың жолдары табылып отырған.

«Қазақ» газеті 1913 жылдың бас кезінен бастап, 1918 жылдың мартына дейін шығып тұрды. Алғашында айқын ағартушылық, дәйекті демократияшылдық бағытта болған бұл басылым Ақпан төңкерісінен кейін жалпы Алаш қозғалысымен бірге Уақытша үкімет саясатының шылауында болып, Қазан төңкерісінің идеяларын бірден қабылдай қойған жоқ.

Кейінірек, Кеңес өкіметі өзінің жағына шыққан Алаш қайраткерлеріне кешірім жасаған кезде, Дулатұлы да жаңа құрылысқа қызмет етушілер жағында болды. Әрине, Міржақып сияқты «дініне берік», қайсар адамның күрт өзгеріп, өзі ұстанған ождан борышынан аттап кетуі оңай болмаса керек. Оның ішкі дүниесінде ешқандай тебіреніс болмады десек, шынайы күрескер психологиясын әділ бағаламаған болар едік.

Бірақ ондай адамның беті бір ауса, одан қайтпайтыны тағы белгілі. Кеңес жағына бір шыққаннан кейін, сол топтағы басқа да көп қайраткерлер сияқты, Дулатұлы да социализм құрылысына қызмет етуден жалтарған жоқ. Жанын салып, барын беріп, аянбай қызмет етті.

Жаңағыдай күрт өзгерістен кейін аз-кем тыныс алып, ес жиған Жақаң 1920 жылы Ташкентке келеді. Сол кездегі Түркістан республикасының органы – «Ақ жол» газетінде жауапты қызметке орналасады. Бірақ ол жерде кешегі Алаш көсемдерінің бірі ретінде көзтүрткі бола бастады ма екен, кім білсін, көп тұрақтамай қыр елін басып кері қайтады да, Семейге қарай бет алады. 1921 жылы сонда облыстық сотта судья болып істейді де, 1922 жылы қамауға алынады.

Сөйтіп, бұдан 11 жыл бұрын патшалық тұсында жыл жарым отырған Семейдің түрмесіне тағы түседі. Бірақ, бір тәуірі, бұл жолы көп отырмай, өзімен бірге ұсталған Әлихан Бөкейханов екеуі Орынборға жөнелтіледі. Онда барғаннан кейін екеуі де қамаудан босатылады.

Сонан соң Міржақып Орынбордағы қазақтың халыққа білім беру институтына (КИНО) оқытушы болып орналасып, мұнда 1922 жылдан 1926 жылға дейін істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жылы, одан соң Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, «Еңбекші қазақта» редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болып істеген кездері Міржақыптың қарбыта қалам сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары болады.

Атап айтқанда, тұңғыш рет 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Есеп құралын» М. Дулатұлы толықтырып, 1922 жылы Ташкент қаласында қайта бастырып шығарады *(кейін бұл оқулық*

жылма жыл қайта басылып тұрған). Сол жылы Орынборда «Балқия» атты төрт перделі пьеса жазады. Республика астанасында қазақтың ұлттық театрының негізін құраған көркем өнерпаздар үйірмесінде қойылып, зор табысқа ие болған бұл шығарманы қазақ театрының алғашқы репертуарлық бастауларының бірі десе де болғандай еді.

1916 жылы Орынборда жарық көрген екі жылдық «Қирағат кітабы» 1923 жылы қайта басылып шығады.

Ал енді осыған әрдайым қапталдасып отырған журналистік, аудармашылық қызметті қоссақ, тынымсыз еңбекпен өткен, қарекетшіл қажыр иесінің өмірін көзге айқын елестетеміз. Мәселен, Жақаң Сенушкиннің «Кәсіпшілер одағының мәдени-ағарту жұмысы», Познердің «Оқу құралын түсіндіргіш», «Қазақстанның жер комиссиялары», «Қылмыстық істерді жүргізудің заңы», «Ақы заңы» еңбектерін аударып, Орынбор мен Қызылордада бастырып шығарады. Соңғы кезде жарық көрген қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін әзірлеп бастырады.

Бұлардың сыртында мерзімді баспасөзде ұдайы жарияланып тұрған әңгіме, очерк, фельетондары өз алдына. Әсіресе «Еңбекші қазақта» істеген кезінде Дулатұлы қаламынан қорытылып шыққан жанрлық материалдар тіл шеберлігі, стиль мінсіздігі жағынан көпкөп қазақ журналистерінің жас буынына өзіндік бір мектеп болды десек артық айтқандық емес.

Міне, осындай шығармашылық кемел шағында, республикадағы мәдениет революциясы ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде Міржақып Дулатұлы Сталин–Голощекин озбырлығының қармағына ілінді. Баяғы өткен оқиғалардың жаңғырығы қайта қоздырылып, 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды.\1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша әуелі ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жылға абақтыға қамау жазасымен алмастырылды. 1935 жылы қазанның 5-і күні, елу жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақтеңіз–Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясында, лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сөйтіп, есіл ер жалған жаланың кесімді мерзімін өтей алмай, азап-бейнетпен дүниеден өтті.

М. Дулатұлының сот ісін жан-жақты тексере келіп, Қазақ КСР-інің Прокуроры 1988 жылғы 27 қазан күні тиісінше наразылық білдірді де, республика Жоғарғы сотының коллегиясы сол жылғы 4 қараша күні, қылмыс құрамы болмағандықтан, марқұмды біржола ақтады.

Енді Міржақыптың әдеби мұрасы жөнінде біраз сөз.

Ақынның төңкерістен сегіз жыл бұрын шыққан алғашқы жинағының жалпы идеясы мен онда топталған өлеңдерінің негізгі

мазмұны «Оян, қазақ!» деген атынан-ақ көрініп тұр. Автордың алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қаранғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Патшаның отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы неше түрлі қасірет атаулы осы төрт жолға толық сыйғызылған.

Жинақтың қара сөзбен жазылған шағын кіріспесінен кейінгі «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деген өлеңінде халықтың басындағы ауыр жағдайды айта келіп, оның тағдырын ойлап толғану, оның елдік мүддесіне қызмет ету – әрбір саналы азаматтың ең бірінші борышы екенін ақын былай деп түйіндейді:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күні һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам
Қалайша тұруы мүмкін, жанға батпай?!

Содан кейінгі «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Қазақ жерлері» сияқты өлеңдерінде ақын халқымыздың әрегіректе өз бетімен емін-еркін көшіп-қонып жүрген заманын еске алады, оның елдік салтын, жақсы дәстүрлерін жырға қосады.

Бірақ ол өткеннің бәрі жақсы еді деп жоқтамайды, сол заман қайта келсе екен деп көксемейді. Оны халқымыздың басынан өтіп кеткен бір тарихи кезең деп қарайды да, қазіргі тұрмыстың, бүгінгі күннің қам-қарекетін бірінші орынға қояды. Өткен тарихты ғибрат, тағылым ретінде ғана ұсынады.

Қанекей, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің көміл хақиқаты?
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр,
Бар болған данышпандар фарасаты.
Оқыған пайда берер жастарымыз
Һәр істен болса мәгәр мағлұматы.

Дәріптеу былай тұрсын, қайта, өткен заманның келе-келе аза бастаған көлеңкелі жақтарын сыншыл көзбен, сарапшыл оймен таразыға салып, бүгінгі мүшкіл халіміздің бір себебін сол кездегі бейқамдық пен берекесіздіктен іздейді.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дүшпандары және болған.

Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған, пәле болған.
Ел шауып, кісі өлтірсе, батыр деген,
Батырлар пақырлардың хақын жеген.
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік,
Істесе халық пайдасын ғақылменен?

Бір кезде Ресейге қосылып, соның құрамындағы әр түрлі ұ. ұлттармен бірге ел қатарлы тіршілік етерміз деген халық үміт ақталмағанын, патшалықтың отарлау саясаты бұратана ата бұқараның арқасынан аяздай қысып бара жатқанын ш жүректен запыран төгіп айтқан ақын зары осынау қара қапастан құтылудың бірден-бір жолы – бірлік пен ынтыма болашақты ойлаған саналы іс-әрекетте, өнер-білімге ұмты өршіл талапта екенін қайта-қайта ұғындырған жан айқ «Таршылық халіміз хақында аз мінажат», «Насихат ғумумия» ұзақ өлеңдердің негізгі арқауы болған.

Бірі сегіз бөлімнен тұратын *(небәрі 53 шумақ)*, енді бірі он бөлімнен тұратын *(140 шумақ)* осы екі өленді автордың не ақындық кредосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзия монологтер деп бағалауға болар еді.

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп...
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр өншейін рухы қалып, жан кетіп....
Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дөндетіп.

Немесе:

Күн көреміз қайда барып, Алашым?
Білгіштерің хәл мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,
Һәркім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,
Әлхәмдулиллаһ, надандыққа ғарықпыз.
Жайымыз жоқ одан басқа мақтанар,
Сахарада дикарь болып қалыппыз.

Немесе:

Бір айтпадым, көп айттым, керек өнер,
Бұл айтқанға халықта көп пе көнер.
Бұл заманда көз салсаң бір мінез бар,
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер, –

37129

деп көңілі жүдеп, құлазып келе жатып, ақын өз көкірегінде қайтадан үміт отын тұтатады, ел ішінен көңілі ояу, сезімі сергек ұлдар, ұландар, ерлер шығатынына сенеді, соларға үміт артады.

Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса екен соңына ерер.
Әр тайпадан бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шүбәсіз үлгі берер.
Халық пайдасын көздесе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, береке енер.

Дүниелік оқуға, ағарту ісін дамытуға шақырғанда, ақын қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей, діни оқуды қатар атайды. Ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйреніп, өмірлік қажеттеріңе қол жеткіз, сонда жеріңді, малыңды сақтайсың, басқалардан қорлық көрмейсің дейді.

«Һүнерменен хасыл болған нәрселер» деген өлеңінде ол прогресс, өркениет жолымен ілгерілеп кеткен елдердің мәнді де сәнді өмірін қызықтыра, еліктіре баяндап, соған жетуге шақырады. «Һүнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Жігіттер» тәрізді шығармалардағы ағартушылық идеяларын М.Дулатұлы «Шәкірттерге», «Мәсжід– медресе хақында», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Қазақ халқына діни бір уағыз» деген өлеңдерінде өзіндік бір жаңаша педагогикалық принциппен ұштастырады. Медреселер мен ауыл мектептерінде діни оқумен бірге ғылыми пәндерді, орыс тілін қатар оқытатын тәртіп енгізілсін деген пікірді ұсынады.

«Сайлаулар хақында», «Жесір дағуалары хақында» атты өлеңдерде патшаның отарлау саясаты шенеледі, әйел теңдігінің ұраны көтеріледі.

Үлкен проза саласындағы туған әдебиетіміздің тырнақ алдысы «Бақытсыз Жамалды» автордың роман деп атауы әбден орынды. Бұл – тарам-тарам желілері бар, оқиғалы сюжетке құрылған, жанр талаптарына әбден сай келетін күрделі шығарма. Негізгі идеясы әйел теңдігі, қазақ болмысындағы қалыңмал, әмеңгерлік сияқты кеселдерге үзілді-кесілді қарсы бағытталған. Онда малға сатылып, зорлықпен теңсіз некеге көндірілген Жамал атты жас қыздың сүйген жігітіне қосыла алмай зар шегіп, көп азап көріп, ақырында жауыз қаскөйлер зауалынан қайғылы қазаға ұшырау тарихы баяндалады.

Бұл шығарма қазақ әдебиетінде осы тақырыпта өзінен кейін пайда болған «Қалыңмал», «Шұғаның белгісі», «Қамар сұлу» сияқты бірталай сүйекті шығармаларға ізашар болып, жол салғандығымен бағалы екенін айрықша атап өткен жөн.

«Азамат» атты екінші өлең жинағы көлем жағынан шағындау болғанымен, автордың ақындық өнерге бұрынғыдан едәуір төселе түскенін аңғартады. «Оян, қазақтағы» ашық үгіт, нақыл-насихат,

тәптіштеп ұғындыру сарыны енді сыршыл сезімге, терең ойға қарай көбірек ойысып, шынайы поэзиялық өріске қарай бет алғаны байқалады. «Таза бұлақ», «Шағым», «Мұң», «Арманым», «Сырым», «Қажыған көңіл», «Қиял», «Таң» сияқты өлеңдер тақырыбының өзіақ нәзік лирикаға сұранып тұрғаны әркімге де аян болса керек. Осы тақырыптардың көркемдік шешімі де көңілге қонымды, автордың ақындық мәдениеті мықтап жоғарылай түскен.

Ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңінде де ол жай ғана жеке бастың мүддесін күйттеп, сезім жетегіне ілесіп кете бермейді. Азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым түсіп жатады. Соған мысал ретінде «Мұң» деген өлеңді алайық. Алғаш қарағанда жеке бастың жабырқаңқы кезі суреттелер деп ойлайсың. Ал шындығында өлең өрісі өріге мегзейді.

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіне жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да, көзден жас ағып,
«Сенікі жөн»,–деп құлаққа ілген жан бар ма?!
Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап – жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп, алданба!

Жоқ, тіпті де жеке бастың мұңы емес! Қайта, керісінше, ел мұңын, халық мүддесін өз басының жеке қасіретіндей жүрекке тым жақын қабылдағандықтан, қатты қиналған азамат жанының, халық қамқорындай күрескер адамның қиналған тебіренісі естіледі.

Дулатұлы ақындығының алтын жалауындай, туған елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге сәт сайын дайын тұрған күрескердің бейнесіндей болып ел аузында жатталып қалған «Шағым» атты өлеңіндегі қанатты шумақтарға үнілейікші:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға сен, жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?!
Қажыған қам көңілді бір көтерер
Жанымда жаны ашитын адам да жоқ.

Осы жолдардағы ақын бойын кернеген кекпен, оның ішінде жанартаудай буырқанған қалың қайратпен іштей жалғасып, үндесіп жатқан «Арманым» атты өлең жолдары былай өріледі:

Зор арманым – жиһанды жүрмін кезе алмай,
Не бар, не жоқ – дүние халін сезе алмай.
Зейінім – ауыр, қолым – қысқа, жолым – тар,
Іздеген мұрат қолға тиіп тез алмай.

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,
Ішім қайнап, тағы да шыдап жата алмай,
Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында,
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай...

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға қаным себеп мұрадың.
Болайын сүйінші, жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым!

Өзінің әлеуметтік мұратына, саяси мақсатына, туған халқының бақытына соншалықты таусыла берілген жауынгер ақын дарынында бұл сияқты арынды асқақ екпінмен бірге жүрек пернесін дір еткізер нәзік сезімге толы жұмсақ лиризм де табылады. «Сұлу қызға» деген бір ғана өлеңінің өзі осыған айғақ.

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де, тамашаға белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесісің
Оянған ұйқысынан табиғаттың...

Жалынын басатұғын жалғыз өзің,
Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың.
Болмағы мұрат хасыл және өзіңнен
Өзіне сырттай балап жүрген заттың...

Сұлуым, қазым да сен, төрем де сен,
Мұңымды қайта айналып саған шақтым...

Ақын Міржақып Дулатұлының тегеурінді жыр мектебінің кейбір тағылымдары осындай.

Жақаңның осы жинағында бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған «Айырылу» атты өлең бар екен. Соның алғашқы үш шумағында былай депті:

Еріксіз айырғанда менен сені,
Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі?
Мінезін құбылмалы, рақымсыз
Басқасы көрсетуден бар ма, тегі?
Тасытып жүрек қанын, көздің жасын,

Сағынтып зарықтырсын, аямасын.
Лөззәт қайғымыздан алар қанша,
Жалғыз-ақ біздің тілек – соны аңғарсын.
Жылама, жасыңды сүрт көзден, достым,
Басқадан бір мен үшін безген достым.
Себебі айырылудың емес бізден,
Екенін жауыз жазмыш сезген достым...

Тағдырдың болашақ талқысын ақын жүрегімен анық сезінген қайсар жанның бүгінгі ұрпақпен арыздасқан ақтық сөзіндей естіледі бұл өлең. Сондықтан да арманда кеткен асыл азаматтың рухы қазіргі жастарымызға бек нақыл болар деп сенеміз.

* * *

Міржақып Дулатұлының шығармашылық мұрасы өте бай және сан салалы. Оның көркем әдебиет саласындағы туындыларының үш кітабы кезінде жарық көргені жоғарыда айтылды. Оқу-ағарту саласындағы еңбектері де *(негізінен, оқулықтары)* сол кездегі оқу бағдарламаларына сәйкес жылма-жыл басылып тұрған. Мерзімді баспасөзде жарияланған сансыз көп публицистикалық және әдеби-сын мақалалары жазылған кезде мерзімді газет-журнал беттерінде жарияланғанымен, бастары біріктіріп, жинақ түрінде жарық көрген емес.

Өзі ақталғаннан бергі жерде, 1991 жылы шығарылған бір томдық және 1997 жылы жарық көрген екі томдық жинақтар да Жақаңның мол мұрасын түгел қамти алған жоқ. Сондықтан Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша Ұлттық ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен «Мектеп» баспасы» жабық акционерлік қоғамы бірігіп, М. Дулатұлы шығармаларының бес томдық академиялық жинағын шығаруды қолға алып отыр. Әрине, өмір тағдыры қиын болған дарынды қаламгердің әр жылдары әр түрлі басылымдарда жарияланған және кешегі тоталитарлық тәртіп тұсында қатты құғынға ұшырап, қатаң тыйым салынған шығармаларын бірден түгелдей жинап алып, баспаға әзірлеу оңай болмағандығы әркімге де түсінікті болса керек. Бірақ басым көпшілігі жиналды деп айтуға негіз бар. Аталған екі ұжымның қызметкерлері қазір соларды өңдеп, баспаға әзірлеу үстінде. Қолдағы дүниелер тиісінше сұрыпталып, жанрлық және хронологиялық тәртіппен том-томға топ-тастырылды.

Бірінші томға – көркем шығармалары; екінші томға – публицистикалық, әдеби-сын және зерттеу мақалалары; үшінші томға – ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары; төртінші томға – аудармалары; бесінші томға – автор жайлы

естеліктер мен жекелеген құжаттар, түрік-орыс сөздігінің факсимиле нұсқасы енгізілді. Әзірге қолға түсіп, жинаққа енгізілгелі отырған еңбектерінің жалпы көлемі 115–120 баспа табақ шамасында.

Әрбір том фотосуреттермен безендіріліп, тиісінше ғылыми аппаратпен жабдықталады.

Оқырманның қолына ұсынылып отырған осы бірінші томның құрамына жұртшылыққа бұрыннан белгілі «Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» жинақтарындағы және 1907 – 1932 жылдар аралығында жазылып, жеке кітапқа енгізілмеген өлеңдері, «Бақытсыз Жамал» романы мен «Балқия» атты пьесасы, сондай-ақ 1911–1924 жылдары жазылған шағын әңгімелері кіргізілді.

Баспаның өндірістік жоспары бойынша аталған бес том 2002–2003 жылдары жарық көріп, оқырман қолына түгел тиюге тиіс.

Іске сәт болсын!

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ,
филология ғылымының докторы, профессор

Оқырман назарына

Жинақтағы елді мекендер, жер-су, адам аттары, араб, фарсы тілдерінен енген, орыс тілінен аударылмай алынған көптеген сөздер мен балама сыз терминдер түпнұсқа бойынша өзгеріссіз алынды. Олардың ішінде қазақтың сөздік қорына ертеден сіңісіп, ана тіліміздің төл ұғымдарына айналып кеткен бірқатар сөздердің жазылуы да автордың стиль ерекшелігіне сәйкес сол күйінде қалдырылды (мыс., пайда – файда, өнер – һүнер, т.б.). Ал жекелеген сөздер мен сөз тіркестері қазіргі әдеби нормаға сай түзетілді. Түпнұсқада оқуға мүмкін болмаған кейбір тұстар көп нүктемен берілді.

«Оян, қазақ!» жинағынан

(1902 — 1911)

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб[1] боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

[1] *һараб* — құру, күйреу.

СӨЗ БАСЫ

Дүниеге қатынасып жүрген, оқыған заттарымыз болмаса, біздің ғұмуми[1] қазақ халқы файдалы мәселелерден бихабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздықтан, халқымыз шәһәр ретінше емес, көшпелі һәр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тілменен жазылған газеттері оқу оқымаған халыққа түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан ғәжәйіп[2] уә[3] ғәрәйіптен[4] файдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр, чүнки[5]: заманымыз күн сайын түрленіп келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі хәлімізді салыстырсаңыз да аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдықта[6] жата берсек, енді аз заманда нешік болашақпыз?

Қой бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге Аллатағала қасында һүммәтіміз[7] саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік файдамызды табалық. Екінші, дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді,

---

[1] *ғұмуми* — жалпы.
[2] *ғәжәйіп* — таңырқарлық.
[3] *уә* — және.
[4] *ғәрәйіп* — керемет, таңсық.
[5] *чүнки* — өйткені.
[6] *ғафил* — білмеу, білімсіз.
[7] *һүммәт* — ынта, талап.

малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық. Орысша білмегендіктің зарарын[1] білу фарыз дәрежесінде қажет екендігін міне мұнан байқаңыз: Руссия мемлекетінде жүз қырық миллионнан артығырақ халық бар, һәммәсі жүз тоғыз тілмен сөйлейді, соның ішінде үстін[2] тіл орыс тілі, күллі хүкімет мекемелеріндегі жұмыстар орыс тілінде болады, закондар һәм солайша.

Һәркім өз қолында барына жомарт болғаны секілді, мен де өз мағлұматымша бишара халқымызға файда келтірмек әмлһилә[3] үшбу[4] рисәләні[5] жаздым.

Міржақып Дулатов, 1909.

---

[1] *зарар* — зиян, залал.
[2] *үстін* — үстем.
[3] *әмлһилә* — тілегімен.
[4] *үшбу* — осы.
[5] *рисәлә* — шығарма, кітапша.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ЊӘМ БҮГІНГІ ХАЛ

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шамаңды қадари хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

Не файда бір орыннан қозғалмайтын,
Тазармас қара су да жатқан ақпай.
Артықтан тағлым алып, кемге үйретпей,
Жүруің лайық па ғақыл таппай?

Сен неге бой көрсетпей жасқанасың?
Тастаса көзің көрсін халық ұнатпай.
Бұл шақта сөз базары көтеріңкі,
Сынаспай бақытыңды сен де баптай.

Бірде алып, бірде қалып жүрмес пе едің,
Сөзіңді біреу сөгіп, біреу мақтай.
Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған ризықты жүріп татпай.

Њуммәт тау кеседі деп мысалда бар,
Жігітке њүнер[1] қайда зейін артпай.
Талапты жаңа өспірім бағландар
Жүруге лайықты ғой атын ақтай.

Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен файда беріп, халыққа жақпай?
Бәсең бол, әсем болсаң деген жөнмен,
Њүнерін мұхтаждарға жүрсе сатпай.

---

[1] *њүнер* – өнер.

Жан-фида[1] , малың тәрік[2] болсын, жігіт,
Дін, милләт[3] деген сөзді тұр жәһидлай[4].
Мен кепіл сонда жаман болмасыңа,
Тұрмасам қолыңды әкел, айтқан шартта-ай.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай.

* * *

Бір кеңес түсті хиял бастарыма,
Дәфтер хат ғибрат үшін тастарыма.
Хсуса арнап жаздым халық үшін,
Жиырманшы ғасырдың жастарына.

Аз жасап, өмірімде көрдім көп іс,
Ретін шамаладым халықтың тегіс.
Қаралас һәр қайсысы көрінеді,
Бірі артық, біреуі кем дейтін емес.

Қазақтың қай нәсілден тарағанын
Білерсің шежіреден қарағаның.
Бұл жерге соның үшін тоқтамаймын,
Жазайын басқа сөздің жарағанын.

Адамзат неше түрлі жиһан[5] толған,
Һәр дінде, һәр мәзһәпте[6] және болған.
Соның көбі шәһәрден орын алып,
Сахарада біздің қазақ көшіп-қонған.

Ол заман үш жүз бірге араласқан,
Бағынып еш падишаһқа қарамастан.
Хан шығып өз ішінен халықты билеп,
Билері хүкім айтып, өрнек шашқан.

---

[1] *фида* — құрбан.
[2] *тәрік* — безу.
[3] *милләт* — ұлт.
[4] *жәһидлай* — ынта.
[5] *жиһан* — әлем, дүние жүзі.
[6] *мәзһәп* — дін тармағы.

Көшсе де мың шақырым жері жайлы,
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.
Тоқты қоздап жүріпті, тай құлындап,
Жер тар болып көрмеді-ау уайымды.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дұшпандары және болған.
Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған, пәле болған.

Ел шауып, кісі өлтірсе, батыр деген,
Батырлар фәқирлердің[1] хақын жеген.
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік,
Істесе халық файдасын ғақылменен.

Кетіпті фітнәнің[2] жолы ашылып,
Бірінен дұшмандығын бірі асырып.
Айрылып берекеден қарап жүріп,
Тұрыпты басқаларға құр бас ұрып.

Кетіпті араздасып бір туысқан,
Барымта ұрлық қылып мал қуысқан.
Сыя алмай кең дүниеге таласушы ед,
Таршылық енді көріп сығылысқан.

Мазасы кеткен бірдей іштен, сырттан,
Аз ата көрген қорлық күшті жұрттан.
Екі сұңқар таласса, құзғынға жем,
Берекесін бұл қазақ сүйтіп құртқан.

Сол күнде жауға қарсы қорған құрса,
Құтылып надандықтан ғылым тапса.
Ғайратын бойындағы шетке жұмсап,
Келтірмей жәбіршілік қарындасқа.

Өзді-өзі тату болып тұрған күнде,
Қалар ма еді һәр нәрседен мұндай босқа.
Мінеки, бұл уақытта тұрмыз енді,
Дұшманға таба болып, күлкі досқа.

---

[1] *фәқир* — кедей.
[2] *фітнә* — сұмдық, қулық.

Жүрмеген кең жайылып ол халінде,
Үнемі тұру қайда хан тағында?
Руссия мемлекетіне бағыныпты,
Әбілхайыр төренің хан шағында.

Патша айтқан: «Ғаділдікпен билеймін», – деп,
«Дініңе һәм жеріңе тимеймін», – деп,
«Оқ атпай, қылыш тартпай бағынған соң,
Қалайша қадіріңді білмеймін», – деп.

Алмасқа уәғдә еткен бізден солдат,
Орнына түндік басы салған рамат[1].
«Қазақ та Руссияның бір ұғылы,
Бар болса беремін, – деп, – нендей хәжәт».

Қазақты ең әуелі билеген хан,
Правитель, десятичный, аға сұлтан.
Қалдырып осылардың һәммесін де,
Шығып тұр біздің тұста бүгінгі заң.

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,
Шен алып, дәрежеге жеткендей боп.
Ойлады өз файдасын халықты сатып,
Қазақты ең керексіз еткендей боп.

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды тұйық – бұл не ғажап?!
Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ.

Бас қосып киргизский интеллигент,
Біздерге халықтың қамын ойлау міндет.
Культура деген сөзді на практике,
Етпейміз не себепті осуществлять?

Милләтлар цивилизованный озып кетті,
Оянбай енді жату не следует.
Ұйқысы ғафилдіктің басып кетті,
Қазақты ояталық етіп һүммәт.

---

[1] *рамат* — салық.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ МАҒИШАТЫ[1]

Қазақтың қандай еді мағишаты,
Бір күнде көшіп қонған рахаты.
Қайғы жоқ, хасірет жоқ, қыз-бозбала
Түзеген бәсекемен салтанаты.

Кетуші ед көшбасшылар ілгері озып,
Жарасып өз форымынша саясаты.
Жарысып жас балалар жүруші еді,
Жаратқан үкі тағып жүйрік аты.

Жайлауға шыға айғыр суытушы еді,
Ыстықтың қалмайды деп зарарaты[2].
Тізіліп көл жағалай қонушы еді,
Жарасып ақ үйлердің қияфаты.

Көкорай шалғындарға бие байлап,
Байлықтың көрінуші еді ғаламаты.
Жан-жануар рахатпен бір жасаушы еді,
Кіргендей бөлмесіне жер жәннаты.

Ішкен мас, жеген тоқ боп жүруші еді,
Түзеліп бозбаланың саяхаты.
Бұлдірген, шие тере кетуші еді,
Қыз-келіншек, мырзалардың жамағаты.

---

[1] *мағишат* — тіршілік, тұрмыс.
[2] *зарарат* — зиян.

Кеңейіп жұрттың фиғылы ол уақытта,
Нашарға тиюші еді шарафаты.
Ұл туып, келін түссе, қыз ұзатып,
Той болып, ат шабушы ед бір ғәдәті.

Бек ғажап марқұмдарға ас беруші ед,
Фаш[1] болса халық ішінде инафаты[2].
Бауыздатып бағланды, құлын сойып,
Ішсе қымыз, келуші еді сөздің шарты.

Қанікей, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты.
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр,
Бар болған данышпандар фарасаты.

Оқыған пайда берер жастарымыз,
Һәр істен болса мәгәр мағлұматы.

---

[1] *фаш* — белгілі болу.
[2] *инафат* — инабаты, қадір-қасиеті.

* * *

Үйренген халықпыз ғой кемшілікке,
Талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке.
Осындай білінген соң мінезіміз,
Кімде-кім біздің жұртты елсініп пе?

Руссияда жиырма миллион бар мұсылман,
Жері жоқ осылардың бір қосылған.
Мәселен, біздің қазақ бұл уақытта
Тысқары рухани идарадан.

Бола алмай тілек қабыл хафалықта[1],
Көруде жәбіршілік жүрміз һаман.
Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.

Босында аяқ-қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шаман.

[1] *хафа* — уайым, қайғы, реніш.

ҺҮНЕРМЕНЕН ХАСЫЛ[1] БОЛҒАН НӘРСЕЛЕР

Һүнердің афзалдығын еттім зікір[2],
Мұхтәрәм[3] оқушылар, жібер пікір.
Ғылыммен хасыл болған нәрселерді
Жазайын баян етіп, тыңдап отыр.

Ат жетпес алты айшылық алыс жолға,
Аз күнде жеткізеді бұл отарба.
Естілмес хабарларды жер шетінен
Аламыз телеграммен я ғәжибә[4].

Жүргізді автомобиль ат жекпестен,
Әмірі қолда болып теріс кетпестен.
Һүнермен от пен суды көлік қылып,
Алыстан телефонмен жұрт гәпләскен.

Дариямен қара жердей файдаланды,
Бұрынғы қиыншылық жайға қалды.
Балықтай мұхиттарда жүзіп жүріп,
Ғамал ғып пароходпен қайда барды?

Дәхидә[5] хәйламенен аспанға ұшты,
Кезінде қажет болса жерге түсті.

---

[1] *хасыл* — иемдену, дарыту, пайда болған.
[2] *зікір* — атап өту, еске алу.
[3] *мұхтәрәм* — құрметті.
[4] *я ғәжибә* – таң-тамаша.
[5] *дәхидә* — тағы да.

Есімін воздушный шар деп қойды,
Халық бұрын көріп пе еді мұндай істі?

Телеграф және шықты сым темірсіз,
Иланып болған іске жұрт сенерсіз.
Үстіңнен жүргенменен көз көрмейді,
Әлбетте, қалайынша сіз білерсіз.

Машина жер астынан жүрді тағы,
Ғажайып мұнысы да хиял дағы.
Не нәрсе өздігінен жаралмайды,
Һүнермен мұны тапқан пенде дағы.

Берденке, бомба, мина, зеңбіректер,
Пистолет, револьвер, браунингтер –
Һәммәсі бұл уақытта болды тамам,
Қылатын жауға қару не керектер.

Машина электрический және келді,
Жарық боп май мен отсыз жана берді.
Түн болса шаһар іші күндізгідей,
Әлбетте, бұл әсері ғажап енді.

Сөз сөйлеп, граммофон әнге салар,
Ғажайып аят оқып, дұға қылар.
Бұл сөзге көрмеген жан нанбас еді,
Не керек, халықтың көбі көрген шығар.

Телескоп дейтін нәрсе болды тағы,
Нәрсені көрсетеді алыстағы.
Түймені түйедей ғып зорайтады,
Баяғы мұны тапқан һүнер дағы.

Руссияның завод пен көп фабрикасы,
Табылған сонымен халық файдасы.
Қымбатты арзан қылған сол екеуі,
Нашарға жеңіл келіп пұл бағасы.

Машина және шықты шөп шабатын,
Аз күнде жан қинамай көп шабатын.
Соқа бар егін салған һәм машина,
Секілді көп файданы тең табатын.

Баспахана шықты кітап басатұғын,
Халыққа һүнер, мағариф[1] шашатұғын.
Арқылы газет-журнал һәр тарафтан,
Хабармен халықтың көзін ашатұғын.

Һүнермен мәзкүрлерді[2] адам тапқан,
Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап жатқан.
Һеш бірін осы айтқанның істей алмай,
Қатардан кейін қалдық надандықтан.

Біз дағы ғылым білсек етпес пе едік,
Ілгері озғандарға жетпес пе едік.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Һүнерлі халық атанып кетпес пе едік?

[1] *мағариф* — білім.
[2] *мәзкүр* — аталған.

САЙЛАУЛАР ХАҚЫНДА

Шыққалы волост сайлау қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер
Таласып волостыққа ақша төкті.

Еліріп біреу шықты би болам деп,
Кейбірі би түсетін үй болам деп.
Желікпей үшіншілер неге тұрсын:
«Қалайша аналардан мен қалам?» – деп.

Еліртер момындарды «сен де аттан» – деп,
«Малыңның арқасында бір шаттан» – деп.
Қарашы, бұл қырсыққа не қыларсың,
Бишара әуреленер құр жатқан тек.

«Фәленше ауылнайлыққа ылайық» – деп
«Ынтымақ не қылса да қылайық» – деп.
Бір сорды бәйге атындай алып келер,
«Һәммәміз сертте мәхкәм[1] тұрайық» – деп.

«Бір атадан қалдым» – деп шығар біреу:
«Сіздерменен бірге, – деп, – біздің тілеу».
Жолын алса, мәз болып ол кетеді,
Бермесе, қамыққандай көңілі жүдеу.

---

[1] *мәхкәм* — берік, бекем.

Сайлау басы төреге мың-мың ақша,
«Жанында орыс жоқ па екен онан басқа?»
Стражник пен писірлер сүйінші алады,
Бермей тағы болмайды һәм тілмашқа.

Волост болар мал шашып шығынданып,
Сайлау өтер осылай тынымданып.
Әбден болып алған соң расходын
Бітіреді халықтан жылында алып.

Кедей сорлы шолағын арықтатар,
Түк файда жоқ, үйіне барып жатар.
«Фәленшемен табақтас болдым мен» – деп,
Қатынына мақтанып осыны айтар.

Мұнымен мал шашылып, ар кетеді,
Күшті әлсіреп, нашардан хәл кетеді.
Өтірікті расқа шығарам деп,
Жалған іске ант беріп жан кетеді.

Нахақтан біріне-бірі бәле салып,
Білмесе ұрлық, білсе егер барымта алып.
Төбелес, жанжал, керіс әңгімеге
Құмар-ақ болып кетті біздің халық.

Тұрады төрелері кекірейіп,
Переводчик онан жаман шекірейіп.
Көп зарар біздің қазақ көрсе-дағы
Демейді: «мұндай істен бекінейік».

Мал шашып, әлектеніп таласады,
«Мен көп, сен азсың» – деп санасады.
Ес кетіп, өліп-талып волост болып,
Сонан соң халқыменен жарасады.

Үйіне ат-тонымен барып түсіп,
Ризалық айтысар, тағам жесіп.
Мысалы, тоқылдақтың тәубесіндей
Кетеді бір жылдан соң ұмытысып.

Құл кетті хан орнына таққа мініп,
Жұрт кетті жамандықты жатқа біліп.
Һәкімлер[1] харамидан[2] болғаннан соң,
Ұры-қары кетпей қайтсін атқа мініп.

Япырмау, дәл осы істен не файда бар?
Көбейер күн-күн сайын фітінәлар.
Көз көрді, бір парасын құлақ естіп,
Кісі өліп, сотты болып бірі айдалар.

Ағадан іні айрылды, атадан ұл,
Ағайын арзандады, қымбаттап пұл.
Сатылды ғазиз ұжданаз ақшаға,
Ғәләмәті надандықтың емес пе бұл?

Өзіне-өзі халық жаны ашымай,
Мал шашар боламын деп волостной.
Жұмсаса қандай жақсы болар еді,
На пользу образования народной.

Беруден көздей жерге көлдей ақша,
Құмары келе жатыр бір басылмай.
Кісідей арақ ішкен әуреленіп,
Япырмау, кеткені ме халық осылай?

Қазағым, бұл ғадетті тасталық та,
Халықты тура жолға басталық та.
Волост, билік, ауылнайлық, выборныйлық,
Қимайтұғын соншама падишаһлық па?

---

[1] *һәкім* — әкім, білгіш.
[2] *харами*—арам.

ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІ

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында[1]:
Біз кірдік Руссияның фанасына.
Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың баласына?

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз:
Қазналық, – деді, – жердің һәммәсін да.
Тарылып жылдан жылға жер-суымыз,
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.

Қадірман халық билеген, ақсақалдар,
Бұл іске фәһім[2] назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зираты,
Қалды ғой көшесінің арасында.

Моншаға зияраттың тасын алып,
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да.
Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.

Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс,
Орман-тоғай кетті ғой, ағашың да.

---

[1] *сәна* — жыл.
[2] *фәһім* — ақыл, сана.

Ойласам мұның бәрін хияли боп,
Хафадан ішім оттай жанасың да.

Әуелде жерімізбен кіріп едік,
Тұрмақта ғаділдіктің саясында.
Айрылсаң қалған жерден осы күнгі,
Топыраққа малды, қазақ, бағасың да.

Адасты ғақылынан қара халық,
Білгіштер, өзің хайлә табасың да.

Қазағым, жерің қайда атамекен,
Қазақ, қазақ болғалы мекен еткен?
Хазірде бәріңізді қуып шығып,
Орныңа қала салып «хохол» жеткен.

Шығарған жер өлшеуге землемерлер,
Қала үшін кеткен бізден жақсы жерлер.
Тәтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,
Табатын бұған хайлә қайда ерлер?

Зеңгір тау, аққан бұлақ, шалқар көлдер,
Кетті ғой бетегелі биік белдер.
Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,
Қалды ғой жатақ болып қайран елдер.

Ащы су, бізге қалды шөл далалар,
Жақсы жер қалдырмады егін салар.
Қалайша тау мен тасқа баға алады —
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.

Мінікей, келді мұжық көшкен бұлттай,
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.
Келді де егін салып байып кетті,
Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің жұрттай.

Көрдің ғой бұл уақытта тарылғаның,
Алынбас илтифатқа[1] жалынғаның.
Он бестен кісі басы десятина
Жер берсе, сонда, қазақ, нешік халің?

---

[1] *илтифат* — ықылас білдіру, көңіл аудару.

МӘСЖІД[1] — МЕДРЕСЕ ХАҚЫНДА

Қазақ жүр мұсылмандық жаласында,
Сайрандап сахараның даласында.
Файда деп күндіз-түні дамылы жоқ,
Ғибадат[2] қылмай хаққа шамасында.

Дегенмен «мен мұсылман», іс бітпейді,
Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.
Қазақша киім киіп, сөйлегенмен,
Мойныңнан фарыз, уәжіп[3] бір түспейді.

Ортаға жарар еді мешіт салсаң,
Намазды қаза қылмай барып тұрсаң.
Бір ғалым фазыл[4] заттан иман сайлап,
Байларың жәрдем беріп, уақыф[5] қылсаң.

Дау десе ұмтылатын сорлы қазақ,
Дін десе шалқаятын болды қазақ.
«Мынауың өтірік»,– деп бетке түкір,
Жоқ болса бұл сөзімнің орны, қазақ.

Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ,
Жоғына себеп болған миссионер поп.
Екінші, халықтың өзі ықылассыз,
Не ғылып исламға ашылсын ход?

---

[1] *мәсжід* — мешіт.
[2] *ғибадат* — дін жоралғыларын өтеу.
[3] *фарыз, уәжіп* — міндет, борыш (діни).
[4] *фазыл* — мейір.
[5] *уақыф* — хайыр, сыйлық, тарту.

Бір адам хуфияттан[1] ашса мектеп,
Хакімге көрсетеді біреу қастап.
Көбінің ниет-фиғылы жаман еді,
Әйтеуір, келе жатыр құдай сақтап.

Күн болды енді көзің ашарыңа,
Байларың жәрдем беріп нашарыңа.
Жасыңда жиһан кезіп, ғылым іздеп,
Надандық қармағынан қашарыңа.

Оңбассың бойда жүрсе бұл мінезің,
Теріс пе насихатым бұл, біл өзің.
«Әйтеуір, ата-бабам мұсылман», – деп,
Дүрмекті қоятұғын келді кезің.

[1] *хуфияттан* — рұқсатсыз, жасырын.

* * *

Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта,
Салады сәбилерді тек ғазапқа.
Молдекем шарт жүгініп, қаһар етіп,
Босатар күн батқанда әрең шаққа.

Бір бала езу тартып күлер болса,
Қытайша дүре салар сол сағатта.
Үш-төрт жыл оқып шыққан болса мәгәр,
Сонда да ұстармайды жазар хатқа.

Білмейді уазифасын[1] кейбір молда,
Еліріп «тақсыр» деген құр атаққа.
Кім өледі, кім қояды – тілегі сол
Көбінің байқасаңыз бұл уақытта.

Тәқдим[2], тәфһин[3], тәхрисдә[4] жұмысы жоқ,
Күштейді әліф-би мен әбжәдқа[5].
Халыққа қайтіп үлгі шаша алсын,
Мінезі хилаф[6] болса шариғатқа?

Сыйныфтап[7] жылға бөлген нәмунә[8] жоқ,
Һүнерлі болсын қайдан біздің халық.

---

[1] *уазифа* — міндет, борыш.
[2] *тәқдим* — ұсыну, арнау.
[3] *тәфһин* — өзара түсінісу.
[4] *тәхрис* — ойша табысу.
[5] *әліф-би, әбжәд* — ескіше әріп атаулары.
[6] *хилаф* — қиғаш, теріс.
[7] *сыйныф* — сынып.
[8] *нәмунә* — үлгі, өнеге.

Бұ айтқан барлық ғәйіп[1] моллаларда
Халі емес істеуші де хақиқатта.

«Жылына пәлен сомға жалдадым», – деп,
Күні-түні балаларын оқытмақта.
Отырса молда сордың қолы босап,
Бір іске епте қана жұмсамақта.

Ғылымды ғалымменен құрметтемей,
Әлбетте, мұның бәрі надандықта.
Орыны бала оқытқан таза емес:
Дәріс тыңдар қотыр бұзау, ешкі, лақ та.

Келер ме өздігінен бізді іздеп,
Қол созып ұмтылмаймыз мағрифатқа[2].
Ңүнерлі халықтардан өрнек алып,
Кел енді, бұл ғадетті тасталық та!

---

[1] *ғәйіп*— айып.
[2] *мағрифат* — оқу-білім, ағарту.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДІНИ БІР УАҒЫЗ

Қазаққа дін хақында осы керек,
Мүбәда[1] бұл секілді болса өрнек.
Духовный собраниеге біз қарасақ,
Дініміз қуат табар һәм бегірек.

Әр волоста бір указной болсын молла,
Кандидат һәм муәзін тұрсын және.
Сайланып үшбу заттар халық тарафынан,
Емтиханды муфти алсын пәруа[2].

Русша білмек бұларға шарт болмаса,
Іс етсе шариғаттың фәрмәнінше.
Никах, талақ, мирас, жаназа оқып,
Указной балаларға есім қойса.

Мәгәрде уақыты бола алмаса,
Указной бір молланы уәкил қылса.
Ләкин[3] никах, талақ, мирас ісін,
Лайық өзі бітіру дауы болса.

Указной молланың хилаф ісін,
Әлбетте, оязной ахунд тексерсін.

---

[1] *мүбәда* — алда-жалда, бола қалса.
[3] *пәруа* — қамқорлық, тауқымет.
[3] *ләкин* — бірақ.

Ахундтан оязной болса хата,
Областной ахунд тексеріп мұны көрсін.

Областной ахундпенен іс бітпесе,
Духовный собраниеге барып кірсін.
Ең шеті ғаділдіктің осы болып,
Һәммә ісі мұсылманның сонда тынсын.

Бір мешіт болсын нешік әр болыста,
Жамағат, расходын өзің ұста.
Және болсын медресе бала оқытуға,
Берсін бұған расходын земство.

Медресеге сайлансын екі молла,
Бірі оқытсын мұсылманша, бірі орысша.
Педагогия тәртібімен оқытсаңдар,
Қазағым, кетер едің сонда алға.

Айтылмыш екі учитель уазифасын,
Һәр дайым земство беріп тұрсын.
Указной һәм кандидат һәм муәзин,
Екі учитель бес жылда бір сайлансын.

Кімде-кім уақыф қылмақ болса мәгәр,
Мәсжід пен мәдресеге деп файдасын.
Лазим[1] мұндайларға рұхсат ету,
Указной молла алсын һәм метрикасын.

Бір адам, я бір қауым етсе жәһид,
Шығарып мешіт, медресеге пұл қаражат.
Тыймасын бұрынғыдай «болмайды» деп,
Хүкімет бұларға да берсін рұхсат.

Һәммәсі осы тілек келсе орынға,
Қанун[2] боп бекітілсе бір форымға.

---

[1] *лазим* — керек, қажет.
[2] *қанун* — заң.

Риза қазақ халқы болар еді,
Хүкімі шариғаттың тұрса қолда.

Жазылып тәуарихта қалсын аты,
Бұл істің жүрген болса кім жолында.
Дін үшін һәм халық үшін бейнет көрген
Қор болмас жүрсе-дағы қай орында.

Болғандай халықтың өзі бейне қасты,
Қылып жүр шариғатты аяқ асты.
Мәселен, біреу сүйіп шариғатты,
Зарарына хүкім етсе қайта қашты.

Заманға қарай моллалар наданырақ,
Көбі қара қазақтан жаманырақ.
Білер-білмес оқумен молла болып,
Орынсыз сөзге ұмтылып көбі ұрыншақ.

«Білмеймін» деп, сірә, бір мойнына алмас,
Хәлін білмес кейбірі бишарарақ.
«Шала молла дін бұзар» деген мысал,
Тек мұнан тәңірі өзі сақтағай-ақ.

ЬҮНЕРІН ХАЛЫҚ ФАЙДАСЫНА ЖҰМСАП ЖҮРГЕН ОҚЫҒАНДАРЫМЫЗҒА...

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып халық үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,
Бәйгеде ұлы дүбір жарысқаның.

Шешен тіл, фарасаттың саясында,
Ететін талмай қызмет, данышпаным.
Атқан оқ, сермеген қол хата кетпей,
Түскей-ді табаныңа бар дұшманың.

Не қылса дертке шифа табылад деп,
Европа саяхларымен танысқаның.
Бір іске ғақылдаспақ болсаңыздар,
Уәғдаға хилаф қылмай табысқаның.

Әуелі алла, екінші білер халқың
Риясыз көңіліңіздің халыстарын.
Азуы алты қарыс айдаһармен
Кезекті сөз жібермей салысқаның.

Кезінде ғазиз жанды еттің фида,
Халқыңның жібермеске намыстарын.
Көздеген мәселлекке[1] тез ерішіп[2],
Хайырлы болғай еді шабыстарың.

---

[1] *мәселлекке* – мақсат, мұратына.
[2] *ерішу* — жету.

Бір залым хиянатпен тоқтатпаса,
Қатардан өздігіңнен қалыспадың.
Фасықтар бой көрсетпей үйде жатыр,
Һүнерге құлаш сермеп алыстадың.

Қамалға қарсы шапқан қаһарманым,
Жәһәләт[1] микробларын тауыс бәрін.
Иншалла, халыққа берер үлкен тәһсир[2],
Жерлерде екіталай дауыстарың.

Өлсең шаһид, ғазысың тірі болсаң,
Қызметке берер ажар құдірет кәрім.
Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,
Дін, дүние жемісі боп табыстарың.

---

[1] *жәһәләт* — надандық.
[2] *тәһсир* — әсер.

ТАРШЫЛЫҚ ХАЛІМІЗ ХАҚЫНДА АЗ МІНАЖАТ[1]

I

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп.
Хүкімі шариғаттың емес қолда,
Ғаділдікпен халық билеген хан кетіп.

Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.
Шаһбазлар[2] басшы болған милләтке
Аяғына қан түсті ғой, мән кетіп.

Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәндетіп.
Сүлік болып қазақ қанын шаққан соң,
Ауызына салмай қайтсін аңдатып.

Әлі де болса ояналық «аллалап»,
Жалыналық жаратқан хаққа пәнде[3] етіп.
Мезгілінде қару қылмай қимылдап,
Бұл уақытта тұрмыз енді хәл кетіп.

II

Үйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік ғой отқа күйіп, өрттен қашпай.

---

[1] *Мінажат* — жалбарыну дұғасы.
[2] *Шаһбазлар* – сарбаздар.
[3] *Пәнде* — адам.

Һәр халық алға кетіп жатса-дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай.

Сахара, сахара деп қалдық надан,
Һүнерлі халықтармен араласпай.
Басқа жұрт алтын, күміс мысалында,
Простой біздің қазақ қара тастай.

Барына һәркім сараң болып кетті –
Бай малын, һүнерпаздар ғылым шашпай.
Қазағым қырық ауызды бола қалар,
Шықса егер файдалы іске біреу бастай.

Иттифақ[1] жүзден бірі етер болса,
Бытырап тоқсан тоғыз кетер тастай.
Хұррият[2] инсаният[3], хаққа ниет[4]
Тұрмайды осы үшін сөзді мәхкәм ұстай.
Бай, мырза, халық билеген ұлығымыз
Файдасыз жемісі жоқ қу ағаштай.

Ш

Аһ десе, іштен қайнап шығар жалын,
Халықтың кім түзетер мүшкіл халін?
Далада көшіп қонған сахарауи
Халық еді біздің қазақ баққан малын.

Файдасыз зарарына жұмсаушы еді,
Сарф етіп мал мен мүлік, хәйлә, амалын.
Алданып көзі жетпей қалған жоқ па?
Махұрым сыбағадан жай қаларын.

Бихабар алдағы істен ғафил болып,
Қақпанның білмеуші еді құрылғанын.
Жиырманшы ғасырға қарсы тұрған
Шықпаса шаһбазлар бірлі-жарым.

---

[1] *иттифақ* — бірлік, одақ.
[2] *хұррият* — бостандық.
[3] *инсаният* — адамзат.
[4] *хаққа ниет* — ақтыққа, растыққа.

Талапты hүнер іздеп жастар шығып,
Көңілдің шығармаса хәстәләрін[1].
Европа ғылымынан өрнек алып,
Қазақтың қуанамыз жанасқанын.

Мақсұтқа муафиқлы[2] ғылым тауып,
Тұқымын милләтке әкеп шашқай оның.
Тұманда мұнар hауа жол таппаған,
Халықтың жолға салса адасқанын.

Бихабар мағрифаттан саңырау қазақ,
Мәз болып жүргеніне сақтап жанын.
Көзінен қан ағызып қойған жоқ па,
Қазақ ұғлы, ұраны — алаш барын!

IV

Қазақтың өз тілінде жоқ матбұғат[3],
Жаһиллік[4] пен жалқаулық көп, жоқ әһмият[5].
Дәртке дәрмән табиб[6] қайдан табылар –
Күннен-күнге ауырлады мағишат.

Күн көреміз қайда барып, Алашым?
Білгіштерің хәл мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,
Һәркім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,
Әлхәмдулиллаһ надандыққа ғарықпыз[7].
Жайымыз жоқ онан басқа мақтанар,
Сахарада дикарь болып қалыппыз.

---

[1] *хәстә* — құмар, ынтық.
[2] *муафиқ* — лайық, сәйкес.
[3] *матбұғат* — баспасөз.
[4] *жаһиллік* — надандық.
[5] *әһмият* — маңыз, мән.
[6] *табиб* — дәрігер, емші.
[7] *ғарық* — бату, қарық болу.

Біздің жұрттың зәррәдей жоқ намысы.
Ғайрылардың[1] һүнерменен жарысы.
Мағарифлі озып кетіп милләтләр,
Көз жетпейтін арамыздың алысы.

Надандықтың шәрбәтіне мас болдық,
Зарарға дос, файдамызға қас болдық.
Үлкеніміз қадимләкқа[2] жазылып,
Жәдид[3] деген партияда жас болдық.

Мұнымыз да дұрыс емес ойласақ,
Файдасы жоқ халқымызға қоймасақ.
Өзді-өзіміз дұшман болып жүргенде,
Жарар еді басқаға жем болмасақ.

Айтқан сөзді алмайды қазақ тыңдап,
Тұрмас еді білгіштер сөзін бұлдап.
Халық файдасы деп біреу сөйлесе егер,
Ант етсең де нанбастан тарқар шулап.

Кінәні жұртқа аударып ақсынамыз,
Һеш нәрсе көрмегенсіп тапсынамыз.
Ғадетте ісімізде иттифақ жоқ,
Жіберіп ғақыл, назар, халық сынаңыз.

V

Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрифатты керек қылмай,
Надандық шәрбәтіне қаныппыз ғой.

Көп әлі көргеніңнен көрмегенің,
Алынбас илтифатқа көнбегенің.
У беріп бал орнына қамқорыңыз,
Жау болып шыққан жоқ па ел дегенің?

---

[1] *ғайры* — басқа.
[2] *қадим* — ескі, көне.
[3] *жәдид* — жаңаша.

Көрерсің не болғанын сене берсең,
Һәр түрлі айтқанына көне берсең.
Соқырдай етегінен мықтап ұстап,
Соңынан «ләббай!» деп ере берсең.

Молла болсаң, өсек көп ерген артқа,
Хакім болсаң, күңкіл көп және халықта.
Һүнерлінің дұшманы көп болады,
Сол себепті шықпайды ісі жарыққа.

Ғылым үйрен, ашылсын көзің, жастар,
Тәрбиеле өзіңді-өзің, жастар.
Өзің біліп, һешкімге айтпай қойма,
Білгеніңді тезірек халыққа шаш, бар.

Сонда тиер файдаңыз аймағына,
Кім оқымас рахмет файдалыға.
Һәр нәрсенің фарқына көзің жетсе,
Алдаушының түспессің қармағына.

Білмегеннің зарарын көп көрдің ғой,
Аз беретін орынға көп бердің ғой.
Өз малыңды дей алмай өзімдікі,
Қорыққан күні біреуге тек бердің ғой.

Сөз асылын таниды фәһимділар[1],
Ақымаққа айтқаның жайға қалар.
Жұрттың бәрі бірдей деп ойламаймын,
Түсінгендер бұл сөзден файдаланар.

VI

Жұмыс көп біздің жұртта ұнамаған,
Нашар жоқ қорлық көріп жыламаған.
Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар
Тексеріп өз ғайыбын сынамаған.

---

[1] *фәһим* — ес, зерде.

Аяғын файдалы іске бір баспаған,
Ұмтылған өлімтікке бір аш таған.
Түйені түгіменен жұтса-дағы,
Харамнан нәфсі тыйып бір қашпаған.

Һәр істі деп білеміз құдай қылған,
Жап-жақсы адамдарды бұлай қылған.
Ләкин һәркімге алла берді ықтияр,
Пәнде өзі тапса керек фиғылынан.

Шықса мәгәр мыңнан біреу білген болып,
Халықтың файдасына жүрген болып.
Қазақтың һиммәт[2] еткен жан болмады,
Бұларға жәрдем, көмек берген болып.

Милләтке қызмет етер һүнерпаздар,
Фида етер шыбын жанды шаһбаздар.
Жүр ғой деп біздің үшін мұндай болып,
Қадірін біле алмады ғақлы аздар.

Мысалы, қара халық үріккен қойдай,
Бақпаса, кетуші ме еді қасқыр тоймай?
Дәрмен жоқ қолдан келер талпынғанмен,
Хафа боп қайғырады бұларды ойлай.

Тәнің бар, мысалында жаның жоқ боп,
Сырт бүтін, жанып тұрған ішің шоқ боп.
Алмайтын айтқан тілді сорлы қазақ,
Өз обалың өзіңе болсын шоқ, шоқ!

VII

Бозбала, һүнер-ғылым үйренбедің,
Ел кезіп, өсек айтып сүйрендедің.

---

[1] *Һиммәт* — жомарттық, нарлық.

Һәр қайсың хал қадарше талаптансаң,
Сендерге мен нахақтан бүйдер ме едім?

Атаңа дәулет бітсе, бұлғақтадың,
Хисапсыз сөздер сөйлеп, ыржақтадың.
Мәз болып «мырза» деген қошеметке,
Буынып мықыныңнан ырғақтадың.

Бояумен сырладыңыз сырттарыңды,
Керіліп сипадыңыз мұрттарыңды.
Қарасам ішіңді ашып, дәнеме жоқ,
Не дейін надан демей, жұрт, бәріңді?

Малға кедей болғаның жетілерсің,
Ғылымға кедей болғаның өкінерсің.
Хазірде құлағыңа кірмесе де,
Файдасын ахырында бір білерсің.

Тағы бар кедей болса бір мінезі,
Бұ дағы өз қырсығын білгіземі.
Қылды деп кедей қылса мені хұдай,
Фәтуа мойындамай жүргізеді.

Ерте жатып, кеш тұрып керіледі,
Кәсіп қып, мал табуға ерінеді.
Ертеңгісін ойламай, хұдай ұрған,
Қайғы жоқ, ішпей-жемей семіреді.

Жер жыртып онандағы егін салса,
Өзіне аз олжа ма жері қалса?
Артығын сатып қан, шай мен киіміне
Қатын-бала асырарлық жемін алса.

Және қыс мал жейтұғын шөбін шапса,
Онан соң басқа ретпен файда тапса.

Хәрәкәттән бәрәкәт көрінген соң,
Болмай ма ант ұрғанға бәрі де ақша.

Ене ме бұл айтқаным құлағыңа?
Бізге айтқан ғақыл ғой деп ұнады ма?
Хор болып, желге кетсең хайран сөзім,
Өкінбе жетпедім деп мұрадыңа.

VIII

Дариға, жігіт қайда һүнер тапқан,
Жан қиып, қызмет етіп халыққа жаққан!
Ғайратпен қырық кез жерден су шығарып,
Рахымет, ізгі дұға алса халықтан.

Һүнерін халыққа сатып бұлданбаса,
Білгенсіп аз нәрсені сұмданбаса.
Халыққа хақ көңілден айт насихат,
Не хайлә қала берсін тыңдалмаса.

Жігітті топқа салсаң әбден баптап,
Бойында һүнер болса, тұрмас тоқтап.
Жабыдан туған болса мәстек болып,
Жерінде бас көтермей қалар оттап.

Үйренсін балаларың һүнер, ғылым,
Өткізбей ойын ойнап, бекер күнін.
Жатқанға жан жоламас дегендейін
Көрдің ғой замананың, міне, түрін.

Жыламай жас балаға емшек бермес,
Һәр хәжәт ізденбесең, өзі келмес.
«Алма піс, аузыма түс!», — дегенге
Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес.

Патшаға көпдір айтар рижаимiз[1]
Берілсе бәрі тегіс біз ризамыз.
Ғаділдік назаратын[2] жібермесе,
Жұтаған хайуан кібік[3] қырыламыз.

Күн бар ма хиянаттан құтыларға?
Тең ұстап, бізді ұлық тұтынар ма?
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Зорлықты бұрын көрген ұмытарға.

---

[1] *рижаи* — өтініш.
[2] *назарат* — басқарма.
[3] *кібік* — секілді.

МҮДӘРРИС[1] З... ӘФӘНДІГЕ ЖАЗҒАН БІР МӘКТҮБІМ[2]

З... әфәндия, жолдадым хат,
Көре алмай дидарыңыз біз бұл сағат.
Мақсұдым – жатырқамай жанасуда,
Жан құмар жақсыларға біздің ғадәт.

Іштегі көп хәстәні шығаруға,
Етпекте болған едік машауарат[3].
Сіз болып Исламның хадимінен[4],
Сахаби[5] болып тұрсыз, зор мұхаббат.

Ғаламда афзал нәрсе болмас мұнан,
Бір қолда болса мәгәр дәулет, hиммәт.
Ошақтың үш бұтынан тілеуменен
Не уафа[6] дүниеде еткен хәят[7].

Заманның баhадыры сіздер болып,
Орнына келгей еді еткен хәйрият[8].
«Таңдағы тәңіріден» деп біздің қазақ,
Жетті ғой түбімізге сол ғәфиләт.[9]

---

[1] *мұдәррис* — сабақ беруші.
[2] *мәктүб* — хат.
[3] *машауарат* — ақыл, кеңес.
[4] *хади.м* — қызметші, малай.
[5] *сахаб* — бас ие, қожа.
[6] *уафа* — адалдық.
[7] *хәят* — өмір.
[8] *хәйрият* — ізгілік.
[9] *ғәфиләт* — мешеулік.

Қараңғы бір сарайда қамаулымыз,
Есігін кім ашады бұл жәһалат?
Әлбетте өңгелері сіздің қолда,
Тәуекел, не тоқтау бар? Бар да қират.

Мен дағы тілек шарын салдым сізге,
Һәр іске болғай еді саләхият[1],
Құтқарсақ жаһилліктен қамын ойлап,
Нәсіліміз оқыр бізге рақымет.

Мұбада ешбір файда ете алмасақ,
Айтпай ма сол уақытта бізге ләғнат.
Олай болса, әфәндім, ұйықтамалық,
Енді оянбай жатуымыз болар ұят.

Хайыр хош, сәләмәт тұр ғазізіміз,
Хат жазушы Мир Яғқуб ибн Дулат.

[1] *саләхият* — дарын, қабілет.

ЖЕСІР ДАҒУАЛАРЫ[1] ХАҚЫНДА

Дау-жанжал көп қазақтың жұрттарында,
Себеп бар фітнәнің шыққанында.
Әуелден әдеттеніп келе жатқан
Рәсім болған мынау бір ғұрыфларында.

Біздің қазақ халқының бір ғадеті,
Шариғат низамда[2] жоқ бұл ғадеті.
Фітнәні көбейтуге себеп болып,
Рәсім болып бұзылмай тұр ғадеті.

Келе жатыр әуелден ғұрыфтай болып,
Мұнысы ұнамаған хұлықтай болып,
Дау-жанжал арасынан арылмайды,
Берекесіз бұзылған жұрттай болып.

Қатын алу хақында жанжалдары,
Бұл ғадет әуелгіден қалған бәрі.
Көрсеңіз бұл күндегі жанның көбі
Болмайды даусыз қатын алғандары.

«Нешік?» десең, себеп бар бұған және,
Бесікте жатар жаңа туған бала.
Бесікте жатқан ұл мен қыз балаға
Ата-анасы болады құда және.

---

[1] *дағуа* — дау.
[2] *низам* — тәртіп, заң.

Бала өскенше өтеді қанша заман,
Уақыт қандай болады, барса да аман?
Ақсақ, соқыр, саңырау, таз, сақау, мәжнүн –
Сондай бір зағифлықта қалса тамам.

Жаман мен жақсы қалайша тең болады?
Зағиф адам һәр қашан кем болады.
Өскен соң бірін-бірі сүймей тұрса,
Оны нешік қосуға жөн болады?

Бір адамда бес жасар бала болса,
Біреуде бойжеткен қыз және болса.
Осы екі бала қалай лайықты,
Атасы ойламай ма, дана болса?

Балаға бойжеткен қыз тең бола ма?
Айттыру осы қызды жөн бола ма?
Қыз жиырма жасында, бала бесте,
Атасының бергені ем бола ма?

Бір адамның қатыны өлген болса,
Өзі алпыс, жетпіс жасқа келген болса.
Айттырып он бес жасар қыз алады,
Атасына малды көп берген болса.

Кетеді осындайлар жөніменен,
Малының жұмысы жоқ көбіменен.
Ұлыққа ғарыз беріп дау қылады,
Өзінің қашып барып теңіменен.

Мұнан кейін жанжалға кіріседі,
Арасында барымта жүріседі.
Мұның көбін халық қосса ықтиярсыз,
Өз ісін тағы артынан біліседі.

Хәләл[1] қатын болады осы қалай,
Келеді көңілінің хошы қалай?

[1] *хәләл* — адал.

Ол қатынның табылар досы талай,
Осыдан хәләл бала тусын қалай?

Қуаныш, ойлар қазақ, көрейін деп,
Балама жаста қалың берейін деп.
Осылай ойлап қызды айттырады,
Мерекелі қызыққа енейін деп.

Реніш қуаныштың ақыр соңы,
Һәр адам аңғармайды ғафыл соны.
Бір қатынның байы өліп тұл қалады,
Көреді ағайыны жақын соны.

Әменгер деп еріксіз оны алады,
Оның ісі қалайша оңалады?
Шариғатта жоқ жұмыс қайдан шықты?
Тұл қатынды алуға жол табады.

Және біреу бес-алты қатын алар,
Тең ұстамай мойнында хақы қалар.
Бұл жұмыс пайғамбардың сүннәті[1] деп,
Дәлел айтып, оның бір шартын табар.

Алса алсын көп қатын тең ұстаса,
Әрбірін риза қылып жөн ұстаса.
Гүнаһкәр болмағанда не болады,
Біреуінен біреуін кем ұстаса?

Пайғамбар көп қатынды алуы рас,
Бәрінің ризалығын табуы рас.
Пайғамбардың фиғылы һүммәтіне,[2]
Әлбетте, сүннәт болып қалуы рас.

Қатынның бәрін бірдей көреді екен,
Һәммасы риза болып сенеді екен.
Һәр біріне «сені артық көремін» – деп,
Бір алтын білезікті береді екен.

---

[1] *сүннәт* — мұсылмандық міндеті.
[2] *һүммәт* — еруші.

«Сен мұны аналардан жасыр», – дейді,
«Мен сені артық көремін жақсы», – дейді.
«Білезікті көрсетпе өзгесіне,
Сенің көңілің ризалық тапсын», – дейді.

Бұл сөзге һәр қайсысы нанушы еді,
Соныменен алданып қалушы еді.
«Пайғамбар мені жақсы көреді» – деп,
Көңілдері ризалық табушы еді.

Бай қазақтар қатынды көп алады,
«Сүннәті пайғамбардың»,–деп алады.
Осындай ғаділдікпен ұстамаса,
Гүнаһкәр боп бекерге неге алады?

Біреуін бәйбіше деп дәрежелер,
Екіншіні бала үшін және де алар.
Үшіншіні алады қызмет үшін,
Хисабы күң орнына бағаланар.

Төртінші және алады тұл қатынды,
Әменгер деп байы өлген бір қатынды.
Пайғамбардың сүннәті осылай ма?
Ықтиярсыз алады бұл қатынды.

«Әменгер» деген сөз жоқ шариғатта,
Қазақ өзі тауып жүр оны жатқа.
«Зәру болсаң, ал деген, бірден артық»
«Сүннәтім» деп айтқан жоқ тағы халыққа.

Пайғамбардың сүннәті осылар ма?
Сүннәт деп мұны бізге борыш қылар ма?
Байлар тоқал алады қызмет үшін,
Осы да зәрулікке қосылар ма?

Екі адамның көңілі жақын болса,
Көңілі жақындықпен тату болса.
Бұлар құда болады жақын жүріп,
Соңынан өкінер, іс ғафыл болса.

Бұлар болса өз көңілін шамалайды,
Жөніне жас баланың қарамайды.
Қыз жаман боп, ұл бала жақсы болса,
Әлбетте, оны теңдікке және алмайды.

Жаман қыз жақсы қатын бола алмайды,
Ғұмыры таусылғанша оңалмайды.
Ғаділдікпен ұстамай, қорлайды ері,
Өле-өлгенше теңдікке оны алмайды.

Әуелде никахланған[1] жар еді ғой,
О да хұдай жаратқан жан еді ғой.
Қалады бишараның обалына,
Оның дағы өз теңі бар еді ғой.

Адамның қызығады малына адам,
Адамдығын санайды тағы да адам.
Баланың қор болуын ойламайды,
Қылады өз басының қамын адам.

Біреуге біреу жақын жүрейін деп,
Құда болар сыр жайын білейін деп.
Бір-бірін сүймесе де құда болар,
Сонымен «партияға» кірейін деп.

Бірін-бірі тең көрмей қомсынған жан,
Дұрыс жүрмес қомсынып қосылған жан.
Махаббаты басқаға аударылып,
Харам бала туады осылардан.

Бір ғұрфымыз тағы бар біздің және,
Жөні осылай бұрынғы іздің және.
Кейінгі жас балаға қаратады
Күйеуі өлсе бойжеткен қызды және.

Біреу байдың малына қызығады,
«Құда боп қызымды ал»,– деп қыздырады.

---

[1] *никах* — неке.

Ақырында бұл адам кедей болса,
«Қызымды бермеймін»,– деп бұзылады.

Бір кедей қызын және малға берер,
Қыз риза болмаса, оған не дер?
Қызы жылар көзінің жасын артып,
Алғанын шамасы жоқ қайта төлер.

Асығар ұлға қалың беру үшін,
Құда болар мереке көру үшін.
Біреу мал берейін деп келіп тұрса,
Қыз атасы бөгелсін ненің үшін?

Қуаныш сол — жас баласы мал болады,
Білмейді соңыра қандай хәл болады?
Ұл мен қыз бірін-бірі сүймегенде,
Мал берген ұл атасы дал болады.

Онан да қуанышты бұлай көрсе,
Фәтуәлі болып халық бұзбай көнсе.
Оқытса жас баланы ер жеткенше,
Дәреже болар еді құдай берсе.

Татарлар дін қарындас өзімізбен,
Оның ісін көреміз көзімізбен.
Оларда біз секілді дау-жанжал жоқ,
Фәтуәлі болады сөзі бізден.

Ноғай қыз айттыруға асықпайды,
Жас балаға құда боп мал шықпайды.
Кәмелетке жеткенше оқу оқып,
Дәрежесі қазақтан аз шықпайды.

Жас қызға хұтба оқиды молла тағы,
Ризалығын білмейді сондадағы,
Жанжал болса, «мен никах оқығам» деп,
Куәлігін береді соңыра тағы.

Моллалар олжа алады, аямайды,
Жылаған көз жасына қарамайды.

Олжа алған соң жұмысын бітіреді,
Обал, сауап болғанын санамайды.

Осылары дұрыс па моллалардың?
Жүзінің ыстықтығы олжа малдың.
Дау-жанжал болмағаннан болғаны көп,
Балаға жаста құда болғандардың.

Қалдырса осы айтқанның һәммаларын,
Азайтар еді қазақ бұл жанжалдарын.
Он жеті, он сегізге бала келмей,
Тоқтатса қыз беріп, мал алғандарын.

Он жеті, он сегізге жасы келсе,
Ұл мен қыз бірін-бірі жақсы көрсе.
Өзінің сүйгеніне бармақ болып,
Атасына сонан мал алсын десе.

Жанжалсыз сонда жұмыс тынар еді,
Шариғат пен низамға ұнар еді.
Мүсәфірдің тыйылып көз жастары,
Халық арасы тыныштықта тұрар еді.

ЖҰТТЫТЕР

I

Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай,
Жігіті душар келсе, жар болғандай.
Теңі емес бір фасыйққа берілсе егер,
Көңілі көтерілмей зар болғандай.

Ғұмыры қызғылықты зайғы болып,
Мысалы, кең дүние тар болғандай.
Жетпейтін төсегіне көп жамандар,
Ол күнде әлдеқандай таң болғандай.

Сатылып кейбір қыздар кете барар,
Бағасы ғәзизәнің[1] мал болғандай.
Қожасып «мал бердім» деп жаман шіркін,
Жайы бар, байқап тұрсаң, паң болғандай.

Бишара өздігінен жол таба алмай,
Ғазиз бас әуреленіп даң болғандай.
Көрініп ғәриб халі тұр емес пе,
Бір міскін халық ішінде жан болғандай?

Бұзылды фәленшенің қызы десе,
Өзіне көрінеді ар болғандай.
Көлденең ағайындар ұнатпайды,
Халыққа соның үшін лаң болғандай.

---

[1] *ғәзизә* — сүйкімді, сүйікті.

Жұрт қалып осылардың обалына,
Секілді алушыға хәл болғандай.
Жиһаннан қорлықпенен өттім ғой деп,
Көзінен аққан жасы қан болғандай.

Келе ме осы ісіміз дұрыстыққа?
Көбіне көрінсе де сән болғандай.
Адамды мал орнына жұмсауымыз,
Бір емес бар қазаққа тән болғандай.

Сөндіріп ғаділдікті жүр ғой қазақ,
Көңілді жарық етер шам болғандай.
Қай күні бұл хиянат тоқталады?
Бір емес, халық ішінде сан болғандай.

Я шәрғі, я низамға дұрыс емес,
Қазақтың қағидасы заң болғандай.
Бұл сөзім біреуге емес, көпке бірдей,
Қажеті кімге болса сол алғандай.

Мәселен, кісі болса аңғартқаным,
Осы хәл өз басында бар болғандай.
Тең болып екі зайып қосылса егер,
Арман не ол уақытта, аһ, дариға-ай!

II

Болсын да ғақылыңа малың серік,
Һүнерлі сегіз қырлы сырың берік.
Дүние аз күн қонақ мысалында,
Болған жақсы емес пе өзінде ерік.

Қадіріңді білмейтін жаман қызға,
Сөз жасытып құр бекер өтінбелік.
Жігітлікке муафық болса егер,
Бой тартып ол уақытта бекінбелік.

Ғұмырында рахатпен өтер жігіт,
Ұнатып бір сұлуды алса көріп.
Жарасып бір-біріңе әзіл сөздер,
Отырса мәхбүбәңіз[1] қасын керіп.

---

[1] *мәхбүбәңіз* — сүйгеніңіз.

Хайырлы хәлал зайып болып шығып,
Шүбһәсіз көз алартпай жүрсең сеніп.
Жүреді осылайша қосылғандар,
Тән басқа, жаны бірге секілденіп.

Және де құр сұлу деп қарамалық,
Сыр-сыйфатын көрелік көз жіберіп.
Сырты алтын, іші фальші болып шығып,
Сан соғып, құрбыларым, өкінбелік!

III

Ойын-күлкі жастықта гүл дейміз ғой,
Сауық-сайран етелік, жүр дейміз ғой,
Сыпайы сөз, сынық тіл мүләйімсіп,
Әдеппенен қатты айтпай сіз дейміз ғой.

Сұхбат еткен сағатың жылға хисап,
Дүниенің қызығы қыз дейміз ғой.
Сахипжамал болсын деп құрбы ішінде,
Жан фида мал тәрік қып іздейміз ғой.

Мәселен, анау артық тауып кетсе,
Бірімізді біріміз күндейміз ғой.
Көре алмаслық мүбтәлә[1] көп хафаға
Сүйгеннен айрылып жүрмейміз ғой.

Риядан болса да көзге алдап,
Мысалы, басқаменен күлмейміз ғой.
Алуан-алуан шарты бар жігіттіктің,
Хата қылмай ешбірін күйлейміз ғой.

Тоқта, бірақ осыдан файда бар ма?
Хатамызды өзіміз көрмейміз ғой.
Ұзын сөздің қысқасы, құрбыларым,
Һүнер афзал бәрінен, білмейміз ғой.

---

[1] *мүбтәлә* — душар.

ЖҰМБАҚ

Һәр түрлі бір түбекті аң жайлаған,
Арыстанды бастық қып хан сайлаған.
Айдаһар, жолбарыстан уәзірі бар,
Батырдың қайратына жан таң қалған.

Дос болған піл мен қасқыр және барып,
Һәр түрлі сый, зияфат ала барып.
Күшті аңның бәрі өзіне қараған соң,
Аузына түскен басқа аң домаланып.

Бұл арыстан мәнзилінде[1] мекен еткен,
Қанша аңның қаһар етіп қанын төккен.
Болса да қанша ғайып бетке айта алмай,
Күңкілдеп ұсақ аңдар жүрген шеттен.

Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген –
Терісін төсек қылып, етін жеген.
Бетіне қарсы келіп шақылдаса,
Не қалды ол байғұста енді өлмеген?

Осылай қанша заман өткен екен,
Арыстекең ойға алғанын еткен екен.
Бір зауал һәр қамалға деген мысал,
Батырға бір күн зауал жеткен екен.

Азырақ басқа жерде аң бар екен,
Оларда ғаділшілік заң бар екен.

---

[1] *мәнзил* — тұрақ.

Арыстанның қол астынан аз болса да,
Иттифақлы аңдары, һүнерлі бір хан бар екен.

Бір һүнер бұл ойлаған етейін деп,
Мықты аңның бастығына жетейін деп,
Ғаламға мәшһүр аңның ханы атанып,
Дүниеден сол есіммен өтейін деп.

Арыстан сол ниетпен соғысты бұл,
Шығарды қарап тұрып жоқ істі бұл.
Аз аңдар көп аңдарды жеңіп кетіп,
Жерінен алды арыстанның қонысты бұл.

Бұл аңдар сұрша ғана мақар екен,
Ғайратлы һәм хәйләлі шақар екен.
Арыстанды қарап тұрып масқаралап,
Бұл күнде жазирада жатыр екен.

Көрдің бе арыстекемнің мерт болғанын,
Жеңіліп дұшпанынан дерт болғанын?
«Ісімнен күнә сұмдық болды ма?» деп,
Зұлымдық қылмасқа енді серт қылғанын.

Отырып бір күн арыстан ой қылыпты,
Халқын жинап, тәубе деп, той қылыпты.
«Қиянат күшті әлсізге етпесін» деп,
Андарға әмір шашып, қойдырыпты.

Тойына шақырмаған жан қалмаған,
Түлкі, қарсақ, құлан, киік, суыр, қоян.
Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан –
Хайуанның жыбырлаған бәрі барған.

Арыстанға бұлар айтқан ғариза хал:
«Мекеннен біздің еткен қасқырларды ал,
Жерлерде бұлар жүрген біз жүрмейміз,
Біздерге күн көрсетпес осылар дәл».

Дұшманы жуас аңның қасқыр, қабан,
Жолбарыс, айдаһар да фиғылы жаман.

«Тіл тигізіп достарымды сөктіңіз», – деп
Арыстан той тарқатып ашуланған.

Жанжалмен тарқаған той болды тағы,
Тағы да жиналысты аң баяғы.
«Қорлыққа өлтірсең де көнбейміз», – деп,
Үн қосып нашар андар ал шулады.

Той тарқатып арыстан шатырлаған,
Көбіне жанжал үшін қаһар қылған.
Үшінші рет жұрттың бәрін қайта жиып,
Бағзы нашар аңдарды шақырмаған.

Арыстанға бұл байғұстар өкпелеген,
«Ұстайсың бізді қорлап шетке» деген.
Арыстан айтқан: «Сіздердің керегің жоқ,
Мәжілісті бұзасыңыз текке»,– деген.

Бұлардың қалды сөйтіп көз жасына,
Кім білер қорлық келмей өз басына?
Арыстанның бұл хақында ниеті сол –
Ілгері қадам басып озбасына.

Қылмады арыстан уафа тәубесіне,
Аңдардың тоқтау салмай ғауғасына[1].
Өзі еткен әміріне хилаф келіп,
Сақина тілеп алды сау басына.

Сол андар емес, дейді, әлі тыныш,
Топтанып ақылдасқан күнде жиылыс.
Бұларды өзім барып көрмесем де,
Наныңыз, оқушылар, бекер емес.

Ойына қалай келсе, солай түсін,
Сыртын көріп құр қойма, аңғар ішін.
Өңдегім деп айтуға қаймығамын,
Секілді еді осылай көрген түсім.

---

[1] *ғауға* — у-шу, айғай-жанжал.

НАСИХАТ ҒУМУМИЯ

I

Бұл жазған, замандастар, насихатым,
Емесдүр риядан[1], хақ ниетім.
Көңілі ашық, көзі өткір інілерім,
Һәр түрлі мүһим[2] істен файда алатын.

Базары һүнер-ғылым ашылғанда,
Лайық емес сіздерге құр қалатын.
Жан фида ғылым үшін, мал тәрк ет,
Артылсын күн-күн сайын мағрифатың.

Файда жоқ іс өткен соң бармақ шайнап,
Алып қал осындайда бар хәжәтің.
Алмасаң айтқан тілді, ғазизлерім,
Күн болар өкінішпен зарланатын.

Нанбасаң, өздеріңіз ойлап қара,
Бұл айтқан болмас теріс дәләләтім.
Әлбетте, кеще болсаң қала бердің,
Барларың ұғарсыздар фарасатын.

Біреуден екеу афзал, екеуден үш,
Қосылсын һәммәніздің иттифақың.
Жүргенмен жеке-жеке іс бітпейді,
Байқасаң, фікір етіп мұның фарқын.

---

[1] *рия* — іш мерез, екі жүзді.
[2] *мүһим* — маңызды.

Ішінде темір тордың шынжырлаулы,
Жатқанын көрмеймісің қайран халқың?
Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды,
Біздерге енді не бар аянатын?

Біз сонша сатып алған құл емеспіз,
Һәркімді төбемізге шығаратын.
Болады әбігер заман деген осы,
Байқасаң, Алаш ұғлы азаматым.

II

Шығады асыл – тастан, һүнер – жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы, ғылым таппақ сол секілді
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Жігітке талаптанған мың рахымет,
Файдасын ғылымының халыққа шашқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер, түзу жолға, болса адасқан.

Халық үшін жанын қиып шыққан болса,
Хайырлы һәр қадамы болсын басқан.
Көрсетіп тар орында таудай ғайрат,
Құтқарса мұхтаждықтан болса сасқан.

Қазақ қор болар ма еді көп болса егер,
Шаһбазлар осы айтқандай һүнері асқан.
Немене бұл күнгі хәл ойлап тұрсақ,
Жақсымыз өз файдасын құр қарасқан.

Азырақ дәулет біткен кісі болса,
«Мен баймын, сен кедей» – деп мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Бозбала һүнерпазбен жоқ жанасқан.

Һиммәтсіз байларымыз бәрі надан,
Хайыр, ихсан[1], иғанатдан[2] аулақ қашқан.

---

[1] *ихсан* — жақсылық.
[2] *иғанат* — жылу, жәрдем.

«Анау артық, мен кейін қалам ба?» – деп,
Өзді-өзі хәсәдлікпен[1] құр таласқан.

Молдалар файдалы іске уағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзбен бәхәсласқан[2].
Құзғындай қызыл көрген барар жетіп,
Кісіні көрсе билер бір дауласқан.

Үйінде ғаділдігі ұмыт қалып,
Биекем келуші ме еді пара алмастан?
Уаллаһи, көзім көрді мұның бәрін,
Нанығыз, жалған демей, шын растан.

III

Һүнерпаз қара жерге салар қайық,
Жиһаннан алар тағлым қанат жайып,
Һәр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта етер сайран болып ғайып.

Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басынды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұңайып.

Жүргеннен тіпті қарап файдалырақ
Күнінде үйренсең де жалғыз хәріф[3].
Тамшыдан тама берсе, болар дария,
Кетпей ме ахырында бір молайып.

Қылжақтап екі ауылдың арасында,
Не файда жүргеніңнен құр сорайып?
Бай болып һүнер білсең тіпті жақсы,
Зор қару дәулетіңді бұл сақтарлық.

Тым артық кедей болсаң оқығаның,
Білгенге қиын емес кету байып.
Мағлұмсыз мал дәулеті уақытша
Бүгін бай, ғажап емес, ертең ғәриб.

---

[1] *хәсәдлік* — күншілдік.
[2] *бәхәс* — бәсеке.
[3] *хәріф* — әріп.

Дүниеде кедейлік жоқ һүнерпазға,
Түседі ләхытқа бірге барып.
Мысалы, надандықтың қараңғы түн,
Білгеннің жүрген жері бәрі жарық.

Бұларды айту – бізден, істеу – сізден,
Мұбәда іні болса үлгі алярлық.
Ғибрат дүниеден алар болса,
Көрінеу тұр кісіге сөз ұғарлық.

Қызына айтып, келінге байқатқандай,
Мағнасы көпке бірдей сөз шығардық.
Түсінер ишараға фәһімлілер,
Түс ашып «сол солай» деп не қылалық?

IV

Майда бол жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз,
Файда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Көрген мен көрмегенде көп фарық бар:
Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей.
Лайықсыз ерсілікке арандама
Һәр істің мазмұнына көзің жетпей.

Ғибрат ал, жақсыларға жақын жүріп,
Қаша гөр жамандықтан аулақ шеттей.
Не нәрсе талаптансаң, табылады,
Офа жоқ ер жігітке жафа[1] шекпей.

Мысалы, хәрәкетің сол секілді,
Алмассың егін орып, тұқым сеппей.
Файданды жақсы болсаң, тигіз көпке,
Жатырқап һеш адамды сыртқа теппей.

Кезінде кезең жерден қосылып қал,
Бәйгеге ұлы дүбір өткен көктей.
Мақсұты хасыл болып ойындағы,
Илаһим[2] ер тілегін мақбұл еткей.

---

[1] *жафа* — азап.
[2] *илаһим* — құдайым.

Тәуекел кемесіне мініп шыққан,
Ғылымның талиблары[1] нұрын төккей.
Аз біліп, көпке ғашық болғандардың,
Ләззәті таңдайынан жүрген кетпей.

Қанағат, көп білдім деп етпе һүнерге,
Көре бер басқалардың азын көптей.
Жасыңда қалсаң махрұм сан соғарсың,
Болмайды жаман нәрсе өкініштей.

Шалқайып үйде жатсаң дәнеме жоқ,
Сарф етіп ижтиһатпен[2] малын төкпей.
Таппасаң дертке дауа, ғазизлерім,
Хафасы жұрттың қалың ауыр дерттей.

V

Шәкірттерді өтейінші бір жанап,
Шетке ұстамай сіздерді де бір санап.
Неше түрлі бұл заманда ғылым бар,
Үйренуге файдалысын қыл талап.

Өзіңнен зор кітаптарды көтеріп,
Мағынасын білмей жүрме құр қарап.
Бірін сөгіп, бір хәлфені мәдахлап,
Көше таптап, қыдырып, жүрме тарап.

Ата-анаң, ел-жұртың көп үміткер:
«Фәленше жан келеді», – деп – «іске жарап».
Сол үміткер шырағы сіз болсаңыз,
Үміт босқа шықпасын, ұмтыл бірақ.

Хәрәжәт кем көбінде болса-дағы,
Мұхтаждыққа не түрлі оқы шыдап.
Мехнәттан рахат болмай қалмас,
Бір көрерсің файдасын ақыр, шырақ.

Орысша білмек қазаққа бек ләзім,
Руссияда болған соң біздің тұрақ.
Сусыныңды бар-дағы қандырып қал,
Мысалы, ғылым жатқан ағып бұлақ.

---

[1] *талиб* — талапты.
[2] *ижтиһат* — тырысу, жанталасу.

Газет-журнал оқы да мағлұмат ал,
Көз жіберіп һәр іске салып құлақ.
Аршын жұтқан кісідей қақырайма,
Намыстанбай, білгеннен үйрен сұрап.

Көздің жасын құрғатар жігіт қайда?
Таршылықта қазақ тұр біздің жылап.
Жүріп, жастар, араға жақындастыр:
Біздің халық һүнерден жатыр жырақ.

Құрт жайлаған тамырын қу ағаштай,
Бір күн сынып не болдық кетсек құлап?
Кім қызықпас жүрегін бір жалғауға,
«Мені же!» – деп алдында жатсақ сұлап?

VI

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.

Бұйырған, тыйған ісін шариғаттың:
Секілді фарыз, уәжіп мұны ұғуың.
Хат жазып, түркі танып, құран оқып,
Қираәт[1], қағидамен жүргізуің.

Мұғалім аз оқумен бола қалсаң,
Мәскүрлерді сәбилерге білгізуің.
Мүдәррис үлкен ғалым болғың келсе,
Шаһардағы ғали[2] медресеге тұр кіруің.

Екінші хажет ғылымың орысша дүр,
Өзіңе бек файдалы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің лисаны[3] не?
Мұны білсең, сақталар дүниелігің.

Руссияның закондары өз тілінде,
Көрдің бе білмегенге зор қиынын?
Әлбетте, һәм русша шығарады
Һәммә кітап, рисәлә, газеттерін.

---

[1] *қираәт* — әндетіп оқу.
[2] *гали* — жоғары.
[3] *лисаны* — тілі.

Һәр түрлі халыққа деген бұйрықтарын,
Жазбайды біздің тілде бірде-бірін.
Көзіңнің шарасы бар, көңілің соқыр,
Немене білмеген соң көрген күнің?

Әуелде біздің қазақ қорқып еді,
Баланың ықтимал деп бұзылуын.
Шоқынып солдат болып кетеді деп,
Қайтерсің білмеген соң іс мазмұнын.

Кеш біліп, кенже қалып көп файдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен суын.
Жол тауып әлде болса данышпандар,
Дұшманның құлатқай-ды тіккен туын.

VII

Кім жақсы халық ішінде – байлар жақсы,
Кедей жақсы дегенді іздеп тапшы.
Рас қой байлық артық екендігі,
Орнымен дәулетті, байлар, шашшы.

«Мал бітсе, соған бітсін!» – деп айталық,
Халыққа жомарттықпен болса басшы.
Не файда бәхил[1] болып құр жинаса,
Ондай пасық сараңнан алыс қашшы.

Мәз болмай мындап жиған малыңызға,
Ұмтылып ғылымға да көзіңді ашшы.
Көре алмай біреуіңнен бірің ассаң,
Өзді-өзің күншілдікпен болма ашы.

Бірінен-бірі тәғлим алмақ үшін,
Бұл күнде жердің жүзі араласты.
Білуге білмегенін құмар болып,
Һәр қайсы өрге ұмтылып жағаласты.

Азы көптен қорқып та қарап тұрмай,
Һүнер, ғайрат, білімін шамаласты.
Бойға сенген биіктер жайға қалып,
Талаптанған нашардың амалы асты.

[1] *бәхил* — кешіру.

Ұл, қыз демей баланы оқыт, қазақ,
«Пәлі, – делік, сонда біз, – мынау асты».
Қазақ ойлар: «Балама қалың берсем,
Оң жағымда отауым сонда ұнасты».

Мұны файда деп білме балаңызға,
Тұсау салып аяққа байлар басты.
Үш бұтынан ошақтың шетке шықпай,
Үйде отырып жасытар гауһар тасты.

Ата малы сенгені болып кетіп,
Жалқаулыққа салыну жарамас-ты.
Тәрбиесіз тоң мойын бай баласы,
Қайтарып жүр әр жерде ыхыласты.

VIII

Бір айтпадым, көп айттым керек һүнер,
Бұл айтқанға халықта көп пе көнер?
Бұл заманда, көз салсаң, бір мінез бар:
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер.

Сондадағы сөйлемей тұра алмас тіл,
Жалғандықты хақиқат ақыр жеңер.
Жатқан зарды ішіңнен шығармасаң:
Ойда нең бар? – Жұрт сені қайдан білер?

Жуан қоныш, кең қолтық қазақтар деп,
Құлағынан тұмақтың тартып күлер.
Өтірік деп айтуға тағы орын жоқ,
Намыстанып, көргенде көңілім жүдер.

Азын-аулақ болмаса саналылар,
Бозбалалар, көбіңнен үздім күдер.
Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса екен соңына ерер.

Һәр тайфадан бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шүбһәсіз үлгі берер.
Халық файдасын күзетсе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, береке енер.

Бұл айтқанның махрұм һәммесінен,
Қалсақ бізді, халыққа кім теңгерер?
Қайтіп тұрсын үндемей білген адам –
Ғақылы – дария, көзі – өткір, көңіл – шебер?

Алла жаққан кеудеде оты болса,
Су бүріккенге бәнденің қайтіп сөнер?
Тамшы қаны, қалғанша шыбын жаны,
Шаһбазлар білгенін жұмсап көрер.

Жеті өлім жоқ, біреуден – құтылу жоқ,
Ахыры тәқдир жеткенде бір-ақ өлер.
«Топырақты үйден жаз» деп сұрайтын
Жаны тәтті жақсылар бұған не дер?

IX

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса жомарттық қып бере алмайды.
Кеткені берекенің сол болмаса,
Білмеген білген тілін неге алмайды?

Екі көз бір-біріне дұшман болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдеқандай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Ғұмыры ит жығыспен бара жатыр,
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.
Көлденең ағайындар дәләләт[1] қып,
«Сіз бүйтіп бұзылмаңыз» дей алмайды.

Бастаса файдалы іске біреу шығып,
Соңынан көмек беріп ере алмайды.
Мал беріп жамандықты сатып алып,
Берсең де жақсылықты тек алмайды.

Арада фітнаның өрті жанса,
Құйса да туфан[2] суын сөне алмайды.
Әуре боп бірін-бірі жоғалтам деп,
Татулық иттифаққа келе алмайды.

---

[1] *дәләләт* — делдалдық, ара ағайыншылық.
[2] *туфан* — топан суы.

Дау десе жаны құмар бишаранын,
Онымен һеш бір нәрсе өне алмайды.
Аударып хақ фиғылын бұзықтыққа,
Жүре алмай түзулікпен оңалмайды.

Береке кәсібінде болмаған соң,
Түзеліп һеш шаруасы оралмайды.
Біреуі біреуінен артық болса,
Бір-бірін илтифатпен тең алмайды.

Дұшманы сырттан болған жесе-дағы,
Онда да тізе қосып кек алмайды.
Жамандап бірін-бірі мұқатса да,
Ешкімнен мұның жөн деп шен алмайды.

X

Құл десең биді – күледі,
Құл десең құлды – өледі.
Асыл дегдар[1] заттарды
Мақтанбай әркім біледі.

Іші алтын, сырты мыс
Білмегенсіп жүреді.
Сезікті адам секіріп,
Мадақтап өзін көреді.

Тәңірі жаққан шам-шырақ,
Су құйсаң қайтып сөнеді?
Намыстанып орынсыз,
Абыройын пенде төгеді.

Пенденің тілі сүйексіз,
Жеңілсе де жеңеді.
Орынсыз іске матассаң,
Жамандық сонан өреді.

Ықылассыз кейбір надандар,
Тасқа егін себеді.
Ақымаққа айтқан насихат
Дәл осымен тең еді.

---

[1] *дегдар* — текті.

Пендемін деп жүр мәз болып,
Дүние жүзі кең еді.
Өскен жігіт мұрат боп,
Кімге ғибрат береді.

Алтынынды мыс етіп,
Бос сөзден не өнеді.
«Аздан тұтын асылды» –
Данышпандар деп еді.

Жүгенсіз кеткен бас асау,
Айтқанға қайтып көнеді.
Көңіл – батыр, тіл – қорқақ,
Айтатын сөзім көп еді.

XI

Қыздырмалы қызыл тіл
Түбіне жетер – соны біл!
Файдасы жоқ тиындай,
Сөз байлығы дария Ніл.

Күле кіріп, күңірене –
Үйіңнен шығар ол құрғыр.
Көз алдында бір түрлі
Шыға беріп шашар сыр.

Тілімді алсаң, жігіттер,
Ондайлардан аулақ жүр!
Жақтай жүр афзал заттарды,
Бейне бір сөзі ол бұлбұл.

Жарысқа салсаң жаратып,
Озатын мыңнан бұл дүлдүл.
Саяхатшы біз пенде,
Сайрандауға дүния гүл.

Бейхабар жатпа, жас ұлан,
Шығып тұр қазір һәрбір түр.
Һүнерден алып үлесті,
Халыққа шашсақ болар нұр.

Қатын-бала асырап,
Мал жиғаның бұлай тұр.
Хайуаннан артық қай жерің,
Надан болып жүрсең құр.

Жақсымен өткен мәжіліс,
Бір сағаты бейне жыл.
Жаманның сенбе сөзіне,
Тайдырып кетер жіңішке қыл.

Дегенге «доспын» тез нанба:
Сырын біліп, көңіл бұр.
Аяғыңды байқап бас,
Кез келмесін қазулы ор.

XII

Шікірейіп, я жігіттер, кетпелік,
Инсанлыққа ерсі жұмыс етпелік.
Қарастырып халық файдасын жабылып,
Көмек беріп мұхтаждарға көптелік.

Файдасы жоқ исрафтан[1] бой тартып,
Керексізге бекер малды төкпелік.
Қадари хал біреу шықса талапкер,
Рәд[2] қылып хәсәдлікпен сөкпелік.

Қайда қалған өткен заман қызығар?
Омыраулап күшке салмай, ептелік.
Әлдеқандай заман болар алдында,
Ғафилдықта бекер шулап өтпелік.

«Мынау керек» деген істен құр қалмай,
Нашар істен шама келсе шеттелік.
Халыққа келсе мүбада бір таршылық,
Мұны, әлбетте, басқа демей, дерт делік.

---

[1] *исраф* — төгіп-шашу.
[2] *рәд қылу* — кері қағу.

Сүйекке сіңсе, файда бермес, жамағат,
Жақындатып бойымызға ертпелік.
Тың кезінде қалған жақсы қимылдап,
Тұрса тәуір үнемі бізге ерік беріп.

Кіріспекші болсаңыздар бір іске,
Уәдені бұза бермей ет берік.
«Мынау ісің хата» деген кісіні
«Сөкті мені» –дей көрмеңіз жек көріп.

Басқаларды кемге тұтпа, мырзалар,
Өзіңді-өзің әлдеқандай биік көріп.
Екі жүзді бола көрме, асылым,
Сырттан сөгіп, мәдах айтып бет көріп.

Ертеңіне қалма ұмытып, шыншылым,
Достарыңа бүгінгі күн серт беріп.
Сырты дос боп жүрген болса, іші жау –
Ондай итке: «Маңайымнан кет» делік.

XIII

Ғибрат жаздым жасқа еткен талап,
Қасыңнан ұран салып өттім жанап.
Желікпей, жүйрік болсаң, тұра алмассың,
Кермеде арғымақтай тұрған жарап.

Һәр баптан шешен болсаң сөйленерсің,
Бұлбұлдай бақшадағы бейне сайрап.
Күнінде қызғылықты қимылдап қал!
Тіл мен жақ, байланарсың бір күн әлі-ақ.

Һүнерден, бозбалалар, үлес алмай,
Махұрым үйде отырып қалма қарап.
Сен өсіп көмалатқа жеткеніңше,
Базары бұл ғылымның кетер тарап.

Тарылып дін, дүниеміз бара жатыр,
Япырмау, білген бар ма — мұны ғажап?
Ойламас ертеңгісін не болар деп,
Салынып жалқаулыққа біздің қазақ.

Һәр түрлі кемшілікті ғибрат қып,
Етеді басқа жұрттар бізді мазақ.
«Бекер» деп құр кеудеге сала бермей,
Бізге де лайық қой мойынға алмақ.

Жарысып жұрттың бәрі һүнерменен,
Болып тұр қалам, сия қару-жарақ.
Білімді – мыңды, білекті – бірді жығар,
Халықтың артуына һүнер сәбәп.

Тәуфиқлы[1], инабатты болсаң, жігіт,
Құрметтер халық сені дәрәжәлап.
Уәғдәсіз өтірікші болсаң мәгәр,
Бәддұға[2] оқыр саған һәркім қарап.

Афзалын мінез-фиғыл, жүріс-тұрыс,
Лайық мұның бәрін алсаң таңдап.
Сырың бір, қырың сегіз болсын, құрбым,
Бұл өзі бозбалаға ауыр салмақ.

XIV

Басылсын халыққа тарап бұл книжке,
Жазылған келгенімде жиырма беске.
Кәдірлеп сөз асылын танығандар,
Қолына ала отырсын мәжілісте.

Өзіммен мәсіләктес құрбыларым,
Көтеріп лақабымды алсын еске.
Мағыналы сөзім терең болмаса да,
Бір әсер бермейді деп үміт кеспе.

---

[1] *тәуфиқлы* — тәрбиелі, көргенді.
[2] *бәддұға* — қарғыс, теріс бата.

Міржақып бар сөзімен базар ашты,
Жиылып, һүнерпаздар, кел кеңеске.
Сынына білгіштердің сөзді салып,
Болмайды «ғақыл, совет» бер демеске?

Өзіңді биік ұстап менмен болып,
Лайық па емтихан ғып тергемеске?
Тал түсте қойға қасқыр шауып жатса,
Дұрыс па көре тұрып үндемеске?

Һәр іске өз формынша баға беріп,
Хиянат – теріс, ғаділдік – шын демеске?
Білімсіз топас болсаң мойынға алып,
Бола ма ғайрыларға «біл» демеске?

Іс істе татулықпен басың қосып,
Файда жоқ құр шулаған ерегісте.
Шаманнан келмес жерге бой көрсетпей,
Бұлданба өз қолыңнан келер іске.

«Фәленше білсін» деген сөзге мәз боп,
Мырзалар, тілімді алсаң елеуреспе!
Жұмысқа абыройсыз қатынаспай,
Бел байлап тәуекел қыл жеңер іске.

Һәр іске һүнер, хәйлә керек болар,
Тіл алсаң омыраулап салма күшке.
Бұл сөзім илтифатсыз босқа қалып,
Түбінде қалып жүрме өкінішке.

XV

Көңілі бозбаланың ашылғандай,
Құмары көрілердің басылғандай.
Ләззәті көпке бірдей сөз шығардық,
Халыққа файда беріп шашылғандай.

Һәркімнің қышуына тие сөйлеп,
Мәдахлап дәреженді асырғандай.
Сөзіңмен дұшманды азайт, досты көбейт,
Тасалап ғайыбыңды жасырғандай.

Һүнермен құрбы ішінде көсемдік қыл,
Өзіңе мұхтаж келіп асылғандай.
Артылып достарыңның махаббаты,
Болмасын дұшпандарың басынғандай.

Жақынсып жұртқа тегіс сене берме,
Білдің бе, досың қандай, қасың қандай?
Болмаңыз көрсе қызар көрінгенге,
Байқаңыз: фасық қандай, асыл қандай?

Енеңді шыға беріп кетер боқтап,
Көзіңше болса-дағы бас ұрғандай.
Хафада жұрттың көбі жүр әуре боп,
Мақсұды көңіліндегі хасыл болмай.

Арыстандар айға шауып мерт болып жүр,
Ғайраты бойға сыймай ашынғандай.
Бұл күнде көбі хор боп жүр емес пе,
Шаһбазлар қалың жауды қашырғандай?

Файда жоқ ірілікте, байқасаңыз,
Көз жібер: олақ қандай, тәсіл қандай?
Фасықтар ер қадірін қайдан білсін,
Көрмейді ой жіберіп нәсіл қандай?

Файдасыз мылжың сөзді һәркім айтар,
Келмейді сөздің нәші асылданбай.
Һәммәсін бұл айтқанның байқамайсың,
Өзіңе-өзің, жігіт, қасың бардай.

XVI

Әфәндім, хата қандай, анық қандай?
Бұл күнде көз жіберсең, халық қандай?
Ілгері басқан аяқ кері кетіп,
Хафада жәрдем таппай тарыққандай.

Арасы аспан менен жер секілді,
Мысалы, қараңғы мен жарық қандай?
Хиянат ғаділдікпен жанасар ма,
Байқасаң, арасында фәрқ қандай?

Бенденің бірі күшті, бірі нашар,
Өлшесең жоқтықпенен барлық қандай?
Берер ме қойшы болып қасқыр уафа,
Ізгілік залымдықтан ғаләб[1] болмай?

Жақсы мен жаман кетті араласып,
Фиғылын һеш адамның танып болмай.
Өкініш күн өткен соң бермес файда,
Ғылымның шәрбәтінен қанып қалмай.

Тұрғанда тән сәламәт неге отырсың,
Жеріңе көңілге алған барып қалмай.
Жармасып жағаласпай дәнеме жоқ,
Тиесілі сыбағаңды алып қалмай.

Жұмсайтын һүнер орны кез келгенде,
Зәрәшә[2] болса-дағы салып алмай.
Көз жібер һәр нәрсенің асылына,
Сөзіне алдаушының нанып қалмай.

Жастықта не қылсаң да жарасады,
Қартайып күнің болар жалыққандай.
Қан түссе аяғыңа озар мәстек,
Осындай аманыңда шауып қалмай.

---

[1] *ғаләб* — жеңіс.
[2] *зәрәшә* — түйірдей, кішкентай ғана.

Бел байлап тәуекелмен жұм көзіңді,
Ешкімнен жүрексініп хауыфланбай.
Ғазиллер хафалықта жүр әуре боп,
Һеш нәрсе бұл уақытта анықталмай.

XVII

Болады Торғайский уәләятым,
Тайфам – Арғын, Мадияр – асыл затым.
Бұл сөздің мұхаррирі һәм наширы,
Дулат-оғлы Мир-Яғкуб – өзім атым.

Зәрәшә халыққа файда келе ме деп,
Бұл еткен сол ниетпен қызыметім.
Қиыстырып қадари хал айттым назым,
Көтеріп оқушының көңіл шатын.

Сөзімді жауып қоймай халыққа тарат,
Тілейтін құрбылардан бір хәжәтім.
Майданға сөзді салып құрдым дүкен,
Һәр істің тәңіріден деп қабуләтін.

Һүнерге жүрмін сусап құмарланып,
Ғылымның аз татқанға ләззәтін.
Тағлим, тәртіп үшін жүргендеймін,
Іздеумен жері болса табылатын.

Школге берген еді атам мархұм,
Заманның түрін көріп тарылатын.
Орыстың тілін біліп, хатын танып,
Біреуге болмасын деп жалынатын.

Болғай-ды жайы – жәннат, иман – кәміл,
Бихисаб еткей алла рахмәтін.
Аз білген ғылымымның саясында,
Милләтке қызмет ету ижтиһадым.

Білдіру білмегенге білгенімді,
Өзімнің деп білемін зор міндетім.
Мен жүрмін жиһан кезіп, халық аралап,
Жүруге күн болар деп жалығатын.

Һәр елді өз көзіммен көрейін деп,
Себеп боп мұталиғам[1] ашылатын.
Үлгілі жақсылардан өрнек алып,
Мақсұдпен арттыруда мағрифатым.

Көп файда аз ғылыммен көрсетпесе,
Көп біліп кім болады Әфлатон?
Файдасыз ғылымда жоқ ешбір уафа,
Ішуге ащы судай жарамайтын.

Болғайсың таудан аққан тәтті бұлақ,
Ыстықта шөлдегендер жабылатын.
Қысылған мұхтаждарға жәрдем беріп,
Халықтың өзіңе аудар махаббатын.

Қадірің дос-жарларға болсын сондай,
Сыртыңнан көрмегенде сағынатын.
Өскенде һүнер табам деп ойлама,
Һәр нешік күнің осы талпынатын.

Зиһінім[2] хайыршының дорбасындай,
Қайткенде артылады мағлұматым?
Жастықтан қызғылықты болар заман
Я өліп, я қартайып айрылатын.

---

[1] *мұталиға* — бақыт, ырыс.
[2] *зиһін* — зерде.

ИСМАҒИЛ ГАСПРИНСКИЙДІҢ АЙТҚАН СӨЗІ

«Тәржиман» газетінің мұхәррирі машһүр Исмағил Гаспринский жәнәбләрі біздің қазақ халқына жаны ашып, өзінің газетасының 1909 жылғы 46 нөмірінде төмендегі сөздері жазған. Кейбір түсінуге ауыр лұғатларын[1] қазақша етіп жаздым.

Гаспринский жәнәбләрі жазады: «Келсе сабан – бітер шобан, жетсе заман – үйіріміз аман». «Аральскийден Ақмолаға шейін һәм онан да ары Ташкенттен Алматыға уә Семипалатқа кәдәр[2], яғни Руссиядан қазақ іштеріне Түркістаннан Сібірге шейін темір жолдар салынуы мізакирә[3] етіліп жатыр. Шәһәрде тұратұғын халықтар, хсусан саудагерлер һәм үкімет те осылайша болуын ұнатады. Олай болғанда бес-он жылдың ішінде темір жолдар тартылып, отарбалар, вагондар қазақ даласының басынан кіріп, аяғына шығашықдыр.

Мағлұмат ғой, темір жолдарымен көп сатушы, алушы, жер алу үшін хохолдар селдей ағып келеді. Малдың, жердің, судың бағасы бұл күнгісінен он есе көтерілмек, сауда істері де үлкен өзгерер, ілгергі хәлдерін ойламаушылар һәләк[4] болашақ. Не үшін десеңіз, бұл күнге шейін қазақ қала салып бір жерде отырмай, һәман мал бағып көшпелікте жүр.

Руссиядан үсті-үстіне көшіп келген мұжықтар қазақтың жақсы жерлеріне орнығып, қазақтар шөл далаға шығып қалар.

---

[1] *лұғат* — сөз, сөздік.
[2] *кәдәр* — шейін.
[3] *мізакирә* — кеңесіліп.
[4] *һәләк* — мерт, жоқ.

Жері тарайса, малдың өрісі қысқарар. Өріс қысқарса, күннен-күнге аяқты мал азаяр. Бұлай болғанда қазақтың әуелі малы кеміп, бастарына зарар болар. Құдай өзі сақтасын! Мұның һәммасын көре тұрып, ғафил жату адамшылыққа лайық емес; қазақтар атамекен жерлерін, қыстау, егіндіктерін жақсы сақтасын. Бұрынғы көп жерінен айрылып қалғандары өздерінің қәзіргі сыбағасына тиген жерлерін тәрбиелеп, ноғай, сарт, орыстарша егін салсын. Неге десеңіз, бұл заманда байлық аяқты малда емес, егінде қалды. Бұл өткен қырық-елу жылды көзінен кешірген қазақ бауырларымыз аз фәһім жіберсе, бұл сөзді аңғарар.

Сөз басында «Келсе сабан — бітер шобан» дегеніміздің мәнісі: бұрынғы уақытта біздің Қырым халқының көбі дәл қазақ секілді мал асырап, көшіп жүреді екен. Араларына орыстар, немістер келіп, қала болып, егін сала бастаған соң, бұлардың малдарының өрісі тарылып, біздің сол мал баққан халқымыз елу жылдың ішінде тамам жойылды десек жарайды. Бұл күнде қабірлерінің де қайда екені мәлімсіз. Бұл күнгі Ставрополь, Екатеринослав, Херсон, Бессарабия губерниялары түгел түрік жерлері еді. Қазірде ол жерде һешбір аулымыз қалған жоқ. Олардың бастарына бір қырғын келген жоқ, мағлұм мал бағатын жер-суынан айрылған соң азып-тозды.

Бізге анық мағлұм, бұл жазған сөзімізді мыңнан бір қазақ оқымас, оқыған болса бұл күнге шейін мұндай қызғанышты халде қалмас еді. Бинай ғалия, бұл сөзді кім үшін жазамыз? Қазақтан болған молдалар, саудагерлер, мұғалімдер, ғылым жолында жүрген жастарды көздеп һәм көңілде тұтып жазамыз.

Құдайдың әмірімен қазірде Хожа Ахмет Йасауи хазіретлері қабірінен тіріліп шықса, қазақ халқына дін үйретпес еді. «Өздерің де мұсылман екенсіңдер», – деп, дүлдүліне мініп алып, Қара Еділден Алатауға, Омбыдан Әмудариядға шейін қазақ бар жерді аралап: «Тез жұрт салып, шәһәр болыңдар, егін саймандарын алып, жер жыртыңдар», – деп жар салар еді.

Басында ми, көңілінде сәулесі бар һәр кісіге қадари хал жәһід етіп қазақ халқын оятуға, қала болып егін салуға қызықтыруға міндет. Қазақ ішінде иман болушылар бес уақыт намазды оқытуға қандай қылса, бұл іске де сондай

жәһід қылсын. Егер қазақ халқы таршылықтан қырғындық тапса, қабір басындағы тастарға молланың не қажеті бар, намаздың не қажеті бар?

Жоғарыда моллалар, саудагерлер, мұғалімдер деп едік, сөз ақырында қазақтан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын. Европаның пролетариясы үшін қанды жастар төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм[1], күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты милиондық бір ұлы бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер».

«Мәрхамат»[2].

---

[1] *мазлұм* — тепкі көрген, жәбірленген.

[2] *мәрхамат* — қайырымдылық.

СӨЗ АҚЫРЫ

Жақындап келді сөзім тамамына,
Ұсындым сынаушының назарына.
Орынсыз хатам болса көрсетіңіз,
Ғибрат еске түсіп аларыма.

Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.
Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім,
Үйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып.

Қазақтың өзім дағы баласымын,
Білемін сол себепті рәсімін.
Хәйламен қақпан құрған жауды көріп,
Теріс пе сізге келіп сыр ашуым?

Мұсанниф[1] һәр халықтан өткен сайрап,
Заманның кемшілігін айтқан зарлап.
Үзілмей данышпандар шығып жатыр
Милләтке жаны ашып, ғамын ойлап.

Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов,
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
Қартайып бұл уақытта Толстой тұр
Өзіне мәсіләктес ерлерді ертіп.

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
Халықтан мойны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде хата бар ма сынап көрсең?

---

[1] *мұсанниф* — автор, құрастырушы.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат алып жас жігіттер
Һәммәсі өз халқына хызмет еткей.

Оралдан Әбубәкір молла шықты,
Омбыдан Қышшақбайдай жорға шықты.
Торғайда Ақмолла мен Нұржан жатыр,
Шәже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіп о да шықты.

Бұлардың һәрбір сөзі файдаға асқан,
Һүнерін хатқа жазып халыққа шашқан.
Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға
Ғажайып хикмәттің[1] кілтін ашқан.

Бұлардан басқа ақын көп, сөз бұлдаған,
Бергенді мақтап, сараңды жамандаған.
Есімін оның үшін жазбаймын мен,
Болған соң хадимлардан саналмаған.

* * *

Һәр баптан білгенімді жаздым сорттап,
Барыма қанағат ет деме жоқтап!
Артуын абыройдың хақтан тілеп,
Етілді сөз мұхтасар,[2] қалам тоқтап.

---

[1] *хикмәт* — даналық.
[2] *мұхтасар* — қысқартылған.

«Азамат» жинағынан

(1912 — 1914)

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

АЙТЫС

(Лермонтовтан)

Бір кезде әлдеқалай бір нәсілдес
Алдында көп таулардың болып кеңес.
Қазыбек, Шат тауымен екеуінің
Бір үлкен арасында шықты егес.

Кәрі Шат деді: «Сақтан» – Қазыбекке,–
«Адамға бағынбадың тіпті текке.
Үй салып, түтіндетіп етегіңе
Қиратса ағашың да бармас көпке.

Уатып тас кеуденді темір күрек,
Алтын, жез қазынаңды алар керек.
Жалғыз-ақ бүркіт ұшып, тұман жүрген
Жеріңнен өтер керуен жол ғып сермеп.

Адамзат, Қазыбегім, хайлалы ол,
Бір іске талап етсе табады жол.
Сақтан, дос, аяқ алыс нашар деме,
Халқы көп Күншығыстың қайраты мол».

«Қорықпаймын Күншығыстан», – деді Қазыбек, –
Ондағы адамзатты білемін бек.
Мінеки тоғызыншы ғасыр болды,
Ғафлат ұйқысында жатыр құр тек.

Қарашы, грузиннің істеріне,
Көпіртіп тәтті шарап ішкеніне.
Ағаштың саясында сұлап жатып,
Төккенін ұйқылы-ояу үстеріне.

Түтінін бұрқылдатып қорқор тартқан,
Сүйеніп орындыққа қолын артқан.
Маржандай жылтыраған чишмә алдында
Иранды көрмеймісің қалғып жатқан.

Құддыстың етегіне салсаң назар,
Құраған, үнсіз, жансыз шөл дала бар.
Алланың фәрманымен өрт шалғандай
Сарғайған сәні кетіп, қашқан ажар.

Жайылған онан әрі Нілдің суы,
Көгеріп көтерілген көкке буы,
Жауынгер патшалардың зияраты
Іргесін толқын шайып кеткен нұры.

Жаңылған бәдәуи де аттаныстан
Барымта, батырлықпен мал табысқан.
Әндетіп жұлдыз санап өткен күнмен
Істерін бабалардың еске алысқан.

Не нәрсе болған мүмкін көзбен көрмек,
Тып-тыныш жатыр ұйықтап қылмай еңбек.
Алжыған Күншығысқа оңайлықпен,
Жоқ, достым, болар қиын мені жеңбек».

«Мақтанба! – деді қарт Шат, – күні бұрын,
Әуелі байқа ақылмен істің түрін.
Көзің сал Солтүстікке мұнарланған
Бір қатер көрінеді, жарықтығым».

Бұл хабарды берді хафа Қазыбекке,
Қайғырды өңі қашып, тұрып текке.
Көреді қалың қара қаптаған жау,
Қараса бір мезгілде Солтүстікке.

Дулыға, сауыт киген әскер басы,
Қасында ең сенімді жан жолдасы.
Шұбырған ілек-ілек қалың әскер,
Оралдан Дунай суы бет алысы.

Шаңдатып атты әскер өтіп жатыр,
Ту ұстап, дабыл қаққан өңшең батыр.
Дүние жаңғырыққан тұман басып,
Болғандай бейне қазір заман ақыр.

Қаптаған күшті әскер көшкен бұлттай,
Түсінен тұрар емес көрген қорықпай.
Бұлақтай таудан аққан шуылдасып,
Келеді Күншығысқа ол жуықтай.

Ой басып қорқынышты, есі кетіп,
Бұлдырап екі көзі түсті кетіп.
Хафалы ер Қазыбек санап еді:
Есебін біле алмады жаудың жетіп.

Қарады сонда батыр қайғы батып,
Тұқымдас тауларына назар атып.
Түсіріп дәл көзіне киіп бөркін
Қабағын қарыс жауып қалды қатып...

ТАЗА БҰЛАҚ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.

Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөлдір суы салқын, әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.

Жиһангез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан.
Кез болып бақытына әлдеқалай,
Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан.

Рахат сусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан суға қайран қалып.
Көреді суағардан жазулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.

Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
Жапанда жазуы бар неткен тақтай?!
Жазылған оқып көрсе, сөзі мынау:
«Болсаң бол, ей, жолаушы, бұл бұлақтай!»

Саудагер екен бірі үшеуінің,
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзі мұның:
– «Япыр-ай! Бұл жазылған ақыл екен,
Өткізбей ағар бұлақ күні-түні.

Алысқа бармақшы ол тынбай ағып,
Қосылмас өзге бұлақ бұған нағып?
Зорайып ақырында өзен болып,
Суынан пайдаланар тамам халық.

Менімше, мұнан мұрат, мағына сол,
Кәсіп қыл, жалқауланбай, талапты бол.
Бұлақтай мақсұдыңа сен де жетіп,
Басыңа тигізерсің пайданды мол».

Екінші ғалым екен аса зерек,
Ол айтты басын шайқап, назданып бек:
— «Бұл сөздің мағынасы сіз айтқаннан,
Менімше, болса керек тереңірек.

Бұл сөзден ғибрат сол адамзатқа,
Тегін қыл жақсылықты, пұлға сатпа.
Бұлақтай кез келгенге даяр болып,
Міндетсіз біліміңді тарат халыққа».

Жас жігіт жолаушының үшіншісі,
Әдемі көрер көзге көркем кісі.
Тоқталып еш нәрсе айтпай тұрып еді,
– «Не ойлайсың, сөйле, мырза!» – деді өзгесі.

Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып:
– «Орнында ақпай бұлақ тұрса тұнып,
Шөп-шалам, шаң-топырақ, селеу басып,
Сарқылып қалар еді әлі-ақ құрып.

Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазудан мағынам сол менің ұққан.
Көңіліңді бойыңменен таза сақта,
Пәклікпен артыларсың сонда жұрттан.

Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп,
Шүбәсіз пайдаланар болсын халқың».

ЖҰТ

Кетер ме көпке шейін Доңыз естен,
Былтырғы қатты боран қыстайғы ескен?!
Жетпіс пен сексендегі қариялар:
«Көрмедік сұрапылды мұндай», – дескен.

Үскірік, аяз, боран араласқан,
Екі үйдің арасында жан адасқан.
Қабағын түйіп келген қаһарлы жұт
Салды ойнақ сахараға уытын шашқан.

Мұндайда қасқыр қарап қалсын неге?
Қашаннан тісін қайрап жүрген неме.
Көп берді жұтқа көмек бір жағынан,
Демеді: «Қызғаныш қып жұтта жеме!»

Қырылды қосты жылқы сорға түсіп,
Омбы қар, терең сай мен орға түсіп.
Хал кеткен қайыруға жылқышылар,
Жанымен «қош» айтысты олар да үсіп.

Үстінде ұзын жолдың қалашылар,
(Күн бар ма кедей сордың бағы ашылар).
Тоқтаусыз күні-түні соққан боран,
Біразын қалған басып қазасы бар.

Балалар боқша арқалап, барын киген,
Сабаққа бармақшы боп шыққан үйден,
Жеткенше аяқ-қолын домбықтырып,
Бетінен тызылдатып аяз сүйген.

Суатқа мал суғара барған малай,
Келеді құлақ-мұрнын о да уқалай.
Кенеттен бір мезгілде боран соғып,
Лағып құба жонға кеткен талай.

Жылқыны Доңыз солай қырып кетті,
Жұмысын бітірді де жүріп кетті.
Сан байлар жүген ұстап қала беріп,
Сабасын керегеге іліп кетті.

Қайран ел, қандай едің заманында,
Күн бұрын сақтанбадың аманында.
Алдына жау мен жұттың айдап салып,
Сөйтетін қор болып жұрт қаларында.

Жаз туса бейқам едің, қыс жетпестей,
Қызық күн бастан, сірә, һеш өтпестей.
«Жаратқан құдай артық халықпыз» деп,
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей.

Көрді ме енді көзің кеткендігін,
Замана өз жұмысын еткендігін.
Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты,
Көндіріп кедейлікке жеткендігін?

Ақылын жанашырдың алмаушы едің,
Сөзіне, сірә, құлақ салмаушы едің.
Қымызға шекең қызып, тойсаң етке —
Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің.

Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,
Арзанға қымбатынды сатушы едің.
Еңбекпен табар пайдаң болмаған соң,
Борышқа шаш етектен батушы едің.

Баланды оқыт десе қашушы едің,
Малыңды «партияға» шашушы едің.
Алдында дұрыстықтың көзді жұмып,
Аңқылдап теріс іске басушы едің.

Кең қоныс, атамекен кеткен жоқ па?
Орнына «хохол» сұмырай жеткен жоқ па?
Мал болса бар сенгенің о да азайып,
Заманы көші-қонның өткен жоқ па?

Кәсіпсіз қиын жұрттың күн көруі,
Шаруаның осы кезде кетті түрі.
Жүз жылқы қарға салған қазақтардан,
«Хохол» бай пар өгізді жазғытұры.

Қара жер анамыз ғой бізді тапқан,
Өлгенде тағы қайта қойнын ашқан.
Қол үзіп, сол анадан айрылмасақ,
Өлтірер бізді тіпті қалай аштан?!

ШЕШЕНІҢ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Бетін жуған жасымен сорлы анаңа
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніншe?
Сендер қайтып келсеңдер адам болып,
Ңеш арманым болмас еді өлгенімше...

АЯҢЫЗДАР ЖЕТІМДІ

(Ғ. Тоқай ізімен)

Жақсы сізге, балалар,
Қысқы кеште рахат.
Жылы үйде жайланып,
Отырсыздар көңіл шат.

Ызғарлы боран соқса да,
Терезеге тақта-тақ.
Балапандай ұяда
Уайым жоқ сізге нақ.

Бәріне жұрттың жасаған
Бермеген бірақ түгел бақ.
Толып жатыр жалғанда
Жетім-жесір, кем бейбақ.

Біреулердің шешесін
Ерте алған ләхат.
Кейбір балалар айрылған
Атасынан бейуақ.

Осыларды, балалар,
Кез келтірсе сізге хақ.
Бірге туған баурыңдай
Еркелетіп бағып-қақ.

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ

Білесіз дүние жүзі толған халық,
Олардың арасында бар көп парық.
Алты айлық алыс сапар аралары,
Тұрады бір-бірінен хабар алып.

Шашатын сол хабарды газет-журнал
Хал-жайын, шаруаларын түгел жазып.
Жетеді күн батысқа жұмасында
Оқиға күншығыста болған анық.

Һәр жұрттың күзетшісі, көз-құлағы,
Айнадай оқушыға бәрі жарық.
Болса егер қауіп-қатер, жау менен жұт
Білгізер күні бұрын еске салып.

Болмаса газет-журнал білу қиын,
Көзімен көре алар ма һәркім барып.
Жылында төрт-бес теңге төлеп тұрсаң,
Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық.

Қимасаң аз нәрсені өз пайдаңа,
Есігі өнер-білім саған жабық.
Дүниені жүріп көрмей, естіп білмей,
Жатасың ішің пыспай үйде нағып?

«АЙҚАПҚА»

Екі жылды зарменен
Өткізді журнал «Айқабың».
Алашты тегіс аралап,
«Айқабым», жайын байқадың.

Оңына жұрттың сүйініп,
Теріске басты шайқадың.
Алабыңа жиылды
Білгіші һәрбір тайпаның.

Мұң-мұқтажды күзеттің
Көрсетіп өрнек байтағын.
Оқушың отыр құмар боп,
Тағы да бар ма айтарың?

«Айлық жүріс алыс» деп,
Айында екі шыққаның.
«Шабандық ерге намыс» деп,
Өз борышыңды ұққаның.

Жүрек қанын, көз жасын
Қайнаттың қозғап жұрт қамын.
Түзу жолға салам деп,
Адасып теріс ыққанын.

Хақиқатты тура айтып,
Жасқанып, жасып бұқпадың.
Аз пұлменен көп қайрат
Көрсеттің ерлік, сырттаным!

Қазақтан шыққан жүйріктер
Көрсетті көзге шабысын.
Қаламы өткір білімпаз
Шашты алысқа дабысын.

«Алаш!» деп ұран шақырды,
Жұртының жоқтап намысын.
Жарқырап жанған жұлдыздай
Ұқтырып айқын һәр ісін.

Көңілі жабық, көзі көр
Білсін қайдан мәнісін?
Жолбасшы болған заттарға
Абырой, бақыт дарысын!

Жомарттықта бірінші
Орын алған ел едік.
Үш теңгеден өлмеспіз,
Кел, мырзалар, берелік!

Білгіштердің соңынан
Шұбырып біз де ерелік.
Газеттің сөзі ертегі –
Ерігіп жазған демелік.

Толықсып кеше тұрғанда –
Біз кімдерден кем едік?
Кеміткен – жауыз надандық,
Надандықтан безелік!

Газет-журнал оқысаң,
Көзіңді, қазақ, ашасың.
Дүние халін білмесең,
Ілгері қалай басасың?

Игілік жолдан тартынба,
Бекерге де шашасың.
Өнер-білім тістей ме,
Шегініп неге қашасың?

Сарғайып жатқан бір ғаріп
Жіберді жазып батасын.
Халыққа шашып жемісін
Жасасын «Айқап», жасасын!!

Я, АЛЛА!

Я, алла! Ғаламыңды жаратқаның,
Жүзіне махлұқтарды таратқаның,
Өндіріп бір адамнан мұнша халық,
Әлсізді күштілерге қаратқаның.

Мынау жер, тау менен тас, анау көгің,
Өлшеусіз, түпсіз шыңырау дария көлің.
Мысқалы мың теңгелік асыл тастар,
Хәстаға шипа болған жерде шөбің.

Тамаша көз жеткісіз тоғайларың,
Жараттың бір секундта оңай бәрін.
Шадлықпен дүниеңнен орын алып,
Көкте құс, суда балық, тоғайда аңың.

Бұлардың бірі күшті, біреуі әлсіз,
Күні жоқ бағзысының өтер зарсыз.
Көбіне азу, тұяқ, тырнақ сыйлап,
Қалдырдың тағы көбін бір қарусыз.

Сонда да панаң күшті, құдіретім,
Жылатпау нашарларды өз міндетің.
Қашқан да, қуған дағы барар саған,
Жоқты бар, бар нәрсені жоқ ететін.

Келелік енді қайтіп адамзатқа,
Көбісі бұлардың да рахатта.
Әлігі ғаламыңнан орын алып,
Бөлінген неше түрлі мәмләкатқа.

Тануы және өзінді бірдей емес:
Һәр дінде, қарап тұрсақ, һәр мәзһабда.
Бір сенің барлығыңа шүбһә еткенде,
Басқа істен қаталасса, ол ғажап па?

Хан болып, халықты билеп бағызылар,
Көрсетіп әділшілік мінген таққа.
Қан төгіп, бағызылар қаһарлы боп,
Аямай зұлымшылық еткен халыққа.

Ішінен дін үйренген ғалым шығып,
Үндеген хақ деп білген шариғатқа.
Үйреніп дүние ғылымын данышпандар,
Тырысқан шақыруға жұртты жарыққа.

Табылып арасынан жауыздар да,
Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа.
Хахлыққа жанын қиған қаһармандар
Күзеткен жұрт пайдасын һәр уақытта.

Қақ жарған қара қылды билер шығып,
Топ жарған шешендер бар осы шақта.
Надандар еш нәрседен хабары жоқ,
Ақылсыз хайуандардан аз парықта.

Байлар да дәулет біткен екі түрлі:
Бірі сараң, біреуі жомарттықта.
Мойнына дорба салып жүргендер көп,
Қарны аш, киімі жоқ, тоңып суыққа.

Өмірі біреулердің хибсте өтіп,
Сарғайып жарық көрмей тұр ғазапта.
Бәрінен өнер-білім босқа қалып,
Ішінде осы көптің жүр қазақ та.

ГҮЛ

(Пушкиннен)

Кітаптың арасында ұмыт қалған
Иіссіз кепкен гүлді көзім шалған.
Тоқталып біразырақ сонда менің
Мінеки қиялдарым ойыма алған:

Қайда өстің? Қай уақытта? Қайсы жазда?
Кескен кім? Көгердің сен көп пе, аз ба?
Жақынның яки жаттың қолыменен
Салындың не себептен сен осында?

Қызыққа қосылысып молыққанда,
Айрылған белгісі ме торыққанда?
Оңаша сахарада сайран етіп,
Ағаштың саясында жолыққанда.

Жүр ме екен сол екі жас әлі тірі,
Қайда екен бишаралар осы күні?
Болмаса кеуіп, семіп қалды ма екен,
Белгісіз мынау гүлдей болып түрі?

ЖОҒАЛҒАН ҚЫЗ

Тұманды қоңыр бір күнде
Жоғалып шықты сұлу қыз.
Қараңғы түн және өтіп,
Таң атып, болды һәм күндіз.

Бұл таңнан бізге не пайда,
Табылған жоқ әлі сұлуымыз.
Бүтін елден бір адам
Көрсейші жоқтан һешбір із!

Ұрлады ғой өлім деп,
Қайғырып жастар қылды сөз.
Іздесе де жабылып,
Болмады бұған ешкім кез.

Ұрысы мағлұм сүйтсе де,
Тіпті үмітсіз емеспіз.
Іздесе жоқты кім таппас:
Өзі – біреу, ие – жүз.

* * *

(*Пушкиннен*)

Әрқашан болмақ солай, болған жана
Әуелден оқиғалар бұ жалғанда.
Ғалым көп, ақылды аз байқасаңыз,
Досың жоқ, танысың көп санағанда.

* * *

(*Шиллер – Лермонтовтан*)

Бақытты бала
Бесікте еркін өседі.
Ер жетсе, қара,
Дүние тар деседі.

КӨҢІЛІМЕ

Күлімсіреп сілкін, көңілім, жабықпай,
Шыда көніп ауырлыққа, талықпай.
Еркін ойлап ерігетін күн болар,
Сыр көрсетпей, шық өткелден тарықпай.

Үміт кесіп қамығудан пайда жоқ,
Сендей мұңлы іздесе елден қайда жоқ.
Талпынсаң да сағаты соқпай, сырласым,
Тағдыр соққан шынжырды үзер хайла жоқ.

Кез келгенде кімдер тізе бүкпеген?
Келешектен таудай үміт күтпеген?
Ауырлама, боларсың күлкі құрбыға,
Деп жүрмесін: «Несін тәңір-ай жүктеген?»

ШАҒЫМ

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға, сен, жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?
Қажыған қам көңілді бір көтерер
Жанымда жаны ашитын адам да жоқ.

Бар кінәм тамырына балта шаптым,
Көрген соң шыдай алмай қиянаттың.
Білген аяр, білімсіз айтар маған:
«Обал жоқ, қылмысыңнан өзің таптың».

Қаптап тұр күнбатыстың қара бұлты,
Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты.
Әсир боп жол іздеген жортуылшы,
Жол бөгеу жол тосқанның болып ғұрпы.

Алушы аңдушыны алмай қоймас,
Жеріне көңіліне алған бармай қоймас.
Әділдік аста қалған һеш күні жоқ —
Ерте ме, кеш пе, бір із салмай қоймас.

МҰҢ

Ғазиз басым құтыла алмай жаладан,
Жаудың қолы босамай тұр жағадан.
Жүректі жаншып, жанға түскен ауыр тас,
Ашу тасып, тамырды қуып тараған.

«Қара құлақ – қасқырдың шамы» дегендей,
«Мынау солай» – дегенге оғын қадаған.
Лаж бар ма болған соң заман осылай:
Шақ болып тұр сұңқарды құзғын талаған.

Жүйрік қиял дүниені айналып,
Дамыл таппай дәртке дәрмән қараған.
Мұңын шағып қалды «азамат» үміткер,
Түсінер деп көңілінде сәуле бар адам.

АЛТЫНХАННЫҢ ХАТЫ

Семей оязы, Мұқыр елінің қазағы Алтынхан Кенжекұл баласының абақтыда жатып, болыстары Баймұрын Дүтбай ұғылына жазған өкпесі:

Айтпаса шықсын қайдан көңіл назы,
Хафаның өлшенбесе көп пен азы.
Біреулер ойын-күлкі шаттықта жүр,
Біреулер хасіретте қысы-жазы.

Ғалым да, залым да көп жер жүзінде,
Бұларды тексеруші Алла хақы.
Қандай жан қазулы орды баспай жатыр,
Болса да сағым қуған құмай тазы.

Ілініп жапалаққа жем болып тұр,
Кешегі айдын көлдің қу мен қазы.
Заманның заңы өзгерген кезеңінде
Алаштың қор болып жүр өнерпазы.

Сол көптің мен де бірі мұңын шаққан,
Түрмеде тұтқын болып келіп жатқан.
Бар шығар төңіріге еткен күнәм,
Жоқ шығар Баймұрынға мені жапқан.

Аямай азаматын ұстап беріп,
Шынжырлы мойнындағы жезге сатқан.
Ана жыл әкең Дүтбай не болып еді,
Емес пе санасыздық соны ұмытқан?!

Бес жылға мен секілді кетпес пе еді,
Жұрт болып сұрамаса бас ұлықтан.

Тапсырдым Тобықтының аруағына,
Атадан тумай кеткір, тәңірі атқан!

Жандарал үшінші жыл қылды пәрмен
Пәрменге қарсы келер бар ма дәрмен?
Бес жылға һеш себепсіз жер аударды,
Ел-жұртын көре алмаған екен арман.

«Тағдыр – жел, пенде – қаңбақ» деген осы,
Айрылдым қатын-бала, кәрі анамнан.
Атбасар үйезінде һәм сол болыс,
Қозған деп аталады елім барған.

Жамантік Тәжібеков болыстары,
Ырзамын хұрметіне маған қылған.
Хұрметі менен қайтпас, Құдайдан қайтар
Баймұрын, кет садаға ондайлардан!

Өткен жаз жасырынып елге қайттым,
Кір жуып, кіндік кескен жерге қайттым.
Бір көріп Базархан мен кәрі анамды, –
Уатып «қайғырманыз» дерге қайттым.

Мал шалып, жұрмек болып отыр едім,
Күнінде нақ ұлы құрбан айттың.
Көрсетіп болысымыз қастықпенен,
Сол жерде ұстатқаны лағынаттың.

Мен өзім онысызда қайтпақ кісі,
Ылаж не, абақтының дәмін таттым.
Етаппен Ақмолаға жібермек боп,
Семейдің түрмесінде біраз жаттым.

Намыссыз, жасық шіркін, бол ырза
Орныма егініңді ек, мені айдаттың!
Халімді аз сөзбенен еттім қысқа,
Емеспін көп жазуға артық ұста.
Дүние, өкінішсіз күнің бар ма?
Кермеге кез боп қалдым қапылыста.

«Аз сөзде көп мағына» деген мақал,
Білгенге бұ да болса жеткен нұсқа.
Алтынхан Бозанбайдың немересі,
Қараған Семипалат облысына.

АБАҚТЫДА АЙТ КҮНІ

Күзетшілер оятты ерте ақырып,
Шай алуға тұтқындарды шақырып.
Бейшаралар уқалай көзін жүгірді,
Тастаған ғой тізесін әбден батырып.

Шуласып жүр, айт құттықтап жиылып,
Құтылсақ деп іштерінен сиынып.
«Он екі айда бір келген шәриф айт күнін
Өткізбедік шадлықпен» деп күйініп.

Ас қадірін қайдан білсін қарны тоқ?
Бос адамда тұтқын үшін қайғы жоқ.
Қатын-бала, дос-жарымен мәз болып,
Ойнап-күліп, сұхбатласып құрған топ.

Хафа мен офа екеуі де алладан,
Мойын ұсынып міскіннің көбі зарлаған.
Шаттанайын десе-дағы айт күні,
Беттерінде қан тамшысы қалмаған.

Асырайды шықпастай қылып шыбын жан,
Сөткесінде екі қадақ қара нан.
Көкшіл сорпа, ширек қадақ жасық ет,
Сорлы тұтқын бәйге атындай жараған.

ҚИЯЛ

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің.
Кейде ащы, кейде тәтті қиял билеп,
Кететін бар емес пе бір мінезің?

Сенде бар ондай мінез менде жоқ па,
Сарғайған дертсіз ауру елде жоқ па?
Құс – торға, балық – ауға, батыр – жауға,
Желіккен желді аяққа керме жоқ па?!

Қасында жүйрік қиял сонда серік,
Басында әсіресе болмаса ерік.
Қаулаған қалың үміт көзге елестеп,
Біресе ауыр қайғы қаптар келіп.

Еркімен дулығасын ерлер тастап,
Бір жуан бәйтерекке келсе бастап.
Бай жомарт, бәйбіше де сараң емес,
Болыпты сый көрсетпек, қойнын ашпақ.

Теңгеге телміретін еріншектер,
Түспеген желектері келіншектер,
Қайырмай қайын атасын, «ұялам» деп,
Бет басып, сырт айналып, шегіншектер.

Кең өлке келбет кетіп мұнар басқан,
Бір шақта сері жастар құмарласқан.

Көтеріп өкшелерін момын жандар,
Қош айтқан, қол алысқан қия алмастан.

Тағы да көз алдымда бір жиын-той,
Үй тіккен, ошақ қазған, сойылған қой.
Ат шапқан, палуан түскен, серке тартқан,
Шаттанған, күлімдескен, толқыған ой.

Бұл топта білімсіз де, білген де көп,
Жан болып жаратылып жүрген де көп.
Көзінен жас ағызып жылағанмен,
Семіріп қара суға күлген де көп.

Мен дағы жылағанның бірі екенмін,
Қайғырып соларды ойлап жүр екенмін.
Аямай қаны бірге қастық қылып,
Шыға алмай бір тұйықта тұр екенмін.

Сүйіскен, сөз беріскен замандастан
Қаншасы хал біліскен, амандасқан?
Сырт берген, қол сілтеген, көбі ұмытқан,
Мен міскін бұларды ойлап қиял басқан.

ҚАЙТЕР ЕДІҢ?

Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,
Біліп еткен ісіңнен зор мін тапса,
Оң дегенің теріске һаман бастап,
Арбаң сынып, өгізің өліп жатса?

Жан ашыған сөзіңді дұшман көріп,
Қоңырайып достарың салқын тартса.
Суық жылан араңнан кесіп өтіп,
Сөнбейтұғын өсектің отын жақса.

Жаның сүйіп барғанда сенен безіп,
Жоқтай болса дұшпаны сенен басқа.
Тіршіліктен көңілің неғып қайтпас,
Еңбегің болса егіндей еккен тасқа.

Адаспаса иесін табар бұл сөз,
Мағынасы шақырып дабыл қақса.
Қайтер едің, жігітім, сырыңды айтшы,
Бақытыңа кез болса мұндай һәстә?

ХИБСТАҒЫ[1] ҰРЫНЫҢ МІНАЖАТЫ

Уф, алла! Бітті қаным, шықты жаным,
Шірір ме бұл хибста ғазиз тәнім?
Таусылып көздің майы, қуат кеміп,
Сиқым бар жан танымас, кетті мәнім.

Мінекей, жиырма бес ай мен жатқалы,
Хибста тұтқын болып дәм татқалы.
Үшырап жетім-жесір қарғысына,
Ерік кетіп қол-аяқты байлатқалы.

Пәле боп іздеп басқа тапқанымыз:
Жазасын тартып қазір жатқанымыз.
«Фәленше пәлен» деген атқа мәз боп,
Аяғы неге соқты мақтанымыз.

Бит, бүрге, қандалалар қанды сорып,
Қасынып түнде ұйқы жоқ, жанды қорып.
Білмейміз елдегілер неғылып жүр,
Қазіргі осы боп тұр біздің жорық.

Қара нан қыжылдатып, жүрек кесіп,
Жатасың жамбасыңды тақтай тесіп.
Осы екен: «ұрлық түбі – қорлық» – деген,
Япырмай, құтылармыз енді нешік?

Алмайтын мықты неме елдің сөзін,
Тісіңді қайра да жат өзіңе-өзің.
Кілтті есік, тас кереге, темірлі әйнек,
Шыға алмай құр жылтырап екі көзің.

---

[1] *Хибстағы* – тұтқындағы, абақтыдағы. («Айқап» журналының («Қазақ энциклопедиясы», 1995 ж.) түпнұсқасында қапастағы деп жазылған (*Ред.*))

Найзалы мылтық, қылыш қолына алып,
Күні-түні күзетшілер тұрған бағып.
Білінсе бір кәдігің бітті саудаң,
Батырым, құтыларсың бұдан нағып?

Астыңа жел жетпесті мініп алып,
Күн бұрын мал өрісін біліп алып,
Жабысып ат жалына ай жарықта
Кететін қолдар мынау іліп алып.

Жануар қысса тақым сезуші еді,
Қайшылап құлақтарын безуші еді.
Өзі тоқ, жетектегі семіз шіркін,
Әреңге қызыл май боп еруші еді.

Кептіріп аттың терін тек тұрмадық,
Байлардан шама келсе көпті ұрладық.
Суйекке әбден сіңіп алғаннан соң,
«Кедейдің көкшолағы» деп тұрмадық.

Жолдастар қосылушы еді әлдеқайдан,
Демеуші ек: «мынау – арғын, мынау – найман
Шыққанда елден аулақ таң бозарып,
Әндетіп өтуші едік терең сайдан.

Деуші едік ұрлық малды «түнде туған»,
Жігітті «батыр» деуші ек оны қуған.
«Қой!» деген ақыл сөзді құлаққа ілмей,
Көз жасы енді мынау бетті жуған.

Басымнан кінәм асып мұнда түстім,
Ақыры не болғанын көрдім істің.
Босатып бір ат берсе жіберетін,
Көзімнен болыс, билер бір-бір ұштың.

Жаза гөр топырақты елден, алла!
Тілегін міскіндердің берген, алла!
Құлыңа екі жаза бере көрме,
Кеше гөр, қылдым тәуба, тәуба, тәуба!

СҰЛУ ҚЫЗҒА

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де тамашаңа белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесісің,
Оянған ұйқысынан табиғаттың.

Құмардан құр көргенмен шықпайды екен,
Кілті қолға түспей махаббаттың.
Күн шалмас, миуаңды алмас адам бар ма,
Шағыңды күзеттім де қарап жаттым.

Бола алмай дидар нәсіп қол созғанмен,
Қызығын көре алмадым рахаттың.
Сыланып тоты құстай қыр көрсетіп,
Аққудай биікке ұшып, қанат қақтың.

Жалынын басатұғын жалғыз өзің,
Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың.
Болмағы мұрат хасыл және өзіңнен,
Өзіне сырттан балап жүрген заттың.

Дей көрме: «кінә өзіңнен, обалың жоқ,
Қайғыға шат көңілді неге саттың?»
Сұлуым, қазым да сен, төрем де сен,
Мұңымды қайта айналып саған шақтым.

АРМАНЫМ

Зор арманым – жиһанды жүрмін кезе алмай,
Не бар, не жоқ – дүние халін сезе алмай.
Зейінім – ауыр, қолым – қысқа, жолым – тар,
Іздеген мұрат қолға тиіп тез алмай.

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,
Ішім қайнап, тағы да шыдап жата алмай.
Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында,
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай.

Мен дос көрсем, мені санап дұшманға,
Айтқанымды алғыза алмай еш жанға.
Қаскүнемнің хайласына көз жетпей,
Білерсің бір-ақ бүйіңнен қысқанда.

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым.

Азуды қайрап, бармақты шайнап өтті күн,
Ғылымды іздер, алысты көздер жетті күн.
Ақсақал артқа, жастар тартса салтқа,
Әперер жұртқа кекті кім?!

ҚАЖЫҒАН КӨҢІЛ

Жүйрік қиял дүниені кездіріп,
Туған ел мен өскен жерден бездіріп.
Қиын қиғаш қияларға жетектеп,
Сырын айтпай, жөні қалай сездіріп.

Ере бердім мен артынан бір есер,
Қарсы келіп еркім бар ма тіресер?
Жел айдаған тұрағы жоқ қаңбақтай,
Ағынымды дедім-дағы сай кесер.

Сай орнына дүшар болды терең жар,
Мезгіл жетпей шығу қиын, өзі тар.
Достың саны нольге қалып азайды,
Бой балқытып кімді ерітер шаққан зар.

Көп құлағы мақтаменен тығулы,
Қасқыр қуып, үріккен қойдай ығулы.
Құбыжық бар десе қорыққан баладай,
Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы.

Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай,
Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай.
Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше,
Қарсы шауып, қайралған өткір болаттай.

Желігуден жел көңілім басылмай,
Білім артып, жемісі жұртқа шашылмай.
Ерте мен кеш тақылдатып қақсам да,
Әуре қылды бақ есігі ашылмай.

Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.
Күннің көзін қара бұлт жасырып,
Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай...

СЫРЫМ

Құрып жүрміз алдағы істің планын,
Біле алмаймын не нәтиже шығарын.
Малды байлап, басты тігіп бәйгеге,
Мәсіләктің құлы болмақ құмарым.

Білгіштерді жанай жүру әдетім,
Үміт етіп жақсылықтың жұғарын.
Кете алмаймын аса сілтеп еркінсіп,
Мін тағуға, халықтың біліп сынарын.

Күзетуде кірпік қақпай әуремін,
Хақ пен нахақ — қайсысы жеңіп шығарын.
Біздің тілек кім жағында белгілі,
Дұшпан туын сұрау хақтан құларын.

Көздеген оқ, сермеген қылыш болса да,
Тәуекел деп қасқайып көзді жұмарым.
Кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым,
Міндет қылып қосқаны маған құдайдың.

Баста – бақыт, қолда – дәулет, тәнде – жан,
Кім айта алар үнемі кетпей тұрарын.
Мұның бәрін білсең, қазақ баласы,
Халің хараб, онан да ғажап шыдауың.

ТАҢ

Жарық болды, бозарып, міне, таң атып,
Биік тауға сәулесін тегіс таратып.
Үнсіз тоғай көгере және бастады,
Айнадай суға көленке түсіп, тағы атып.

Шілденің күні ыстығымен қыздырып,
Құстар қонды қамысты көлді жаратып.
Дуадақ пақыр шөлден жалғыз қашпайтын,
Қалыңға кеп бекінді аңдар жан атып.

Кімге пайда, кімге зиян атқан таң–
Алмақшымын оқушыға сынатып.

МҰҢ

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіне жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып,
«Сенікі жөн», – деп құлаққа ілген жан бар ма

Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап – жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!

Сырты тұнық, іші ылай жауың бар –
Жаны ашитын жақын сол деп малданба.
Жұрттығыңды жоғалтпай әлден, басың қос,
Озу қиын көмбе жерге барғанда.

Бола берме, жазған қазақ, жасқаншақ,
Күнің жетті мұңыңды шағып зарларға.
Ақсақалдар көсемдік қылса, ел бастап,
Ер артынан, жас азамат, арланба!

Шаш өсірген орысша оқып, жас жандар,
Жолды көрсет адасқан елге, панданба.
Жұрт пайдасы деген жолдан тартынбай,
Дәулетіңмен жәрдем тигіз, байлар да.

Шариғат сатып мал жиғанға салынбай,
Ағарт жұртты, молдекелер, қамдан да.
Сен де қысқарт ақынсымай сөзіңді,
Сырың мағлұм, жат тынышыңа жайлан да.

АЙЫРЫЛУ

Еріксіз айырғанда менен сені,
Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі?
Мінезін құбылмалы рақымсыз
Басқасы көрсетуден бар ма, тегі?

Тасытып жүрек қанын, көздің жасын,
Сағынтып зарықтырсын, аямасын.
Лəззəт қайғымыздан алар қанша?
Жалғыз-ақ біздің тілек — соны аңғарсын.

Жылама, жасыңды сүрт көзден, достым,
Басқадан бір мен үшін безген достым.
Себебі айырылудың емес бізден,
Екенін жауыз жазмыш сезген, достым.

Деміндей түнгі желдің аңқып ескен:
«Мен кеттім, жолыққанша сау бол», — дескен.
Сол сөзің жүрегімнің түкпірінде,
Кеудемде жаным барда шығар ма естен?

Дариға, тірі кетпей, өлі айрылсаң,
Топырақ дұға қылып қолдан салсам.
Жамылып салқын қабыр жатқан достың
Үстіне көзім жасы бір-бір тамсаң.

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келмесін жаным сезіп қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп хақтан
Қош айтып кетпес пе едім көңілім суып.

Нұрыңа күллі ғалам шомылғандай,
Жаныңа жан жанаспай қорынғандай.
Жұлдызды жылы кеште айрылысып,
Айтып кет, жүріп кеткен жолың қандай?

«Терме» жинағынан

(1913 — 1915)

ТЕРМЕ

Ғақлы кәміл жігіттер,
Заманның көз сал халына.
Халқыңның ойлап файдасын,
Өзің үшін налыма.

Нашарларды жылатып,
Байлардың сатпа малына.
Көз жасына қаларсың,
Қарамасаң зарына.

Баса айтпасам болмайды,
Жүк тартатын нарыма.
Қайратың болса, ал көрсет,
Келді ынғайлы жағына.

Бәйгеге қостым тұлпар деп,
Ұқсап жүрме жабыға.
Алдымен келсең майданда,
Талас жоқ сенің бағына.

Көре алмаған дұшпандар,
Ілесе алмас шаңына.
Басыңды тік бәйгеге,
Бір халқыңның қамына.

«Алаш!» деп ұран естілсе,
Кім бұрылмас қанына.
Фаһімлер деп айтамын,
Фарасатың барына.

Бұл уақытта кез келдік,
Заманның мұндай тарына.
Асықпасаң көрерсің,
Мұны азсынсаң тағы да.

Хиянаттан бой тартып,
Шық ғаділет жағына.
Мұны істесең шығарсың,
Абыройдың тағына.

ЖАС ҚАЗАҚТАР, ҚАЙДАСЫҢ?

Жатпалық, жастар, жатпалық,
Жасқанба, жолың ашылсын.
Бақшасында халықтың
Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың, жан пида,
Ең жаманы – айдалсын.
Әр қамалға – бір зауал,
Болып бір заман айналсын.

Кешегі дұшман қаһарлы
Ертең қор боп, жай қалсын.
Ұранынды шығармай,
Жас қазақтар, қайдасың?

* * *

(*Абу Фирастан*)

Тағдырдан сұра, қаскүнем,
Бар ма екен менің сасқаным?
Алысуға бата алмай,
Жалтақтап, сірә, қашқаным?

Сұрашы, қандай шөлдерден
Тұлпарым менің өтпеген?
Қандай асқар таулардың
Төбесіне жетпеген?

Қайда күшті жауым бар
Жолыма бөгет бола алған.
Жорыққа шықсам мен жалғыз:
Тұлпар мен қылыш қолға алған.

Жүргенім жалғыз тым артық
Арыстандай жортқан құмдарда,
Болғанша жолдас опасыз
Қатын жүрек құлдарға.

ШӘКІРТ

Ай жарық, салқын ауа, күзгі түнде,
Ұйықтаған үлкен шаһар жатыр күйде.
Жалғыз-ақ тырыс шәкірт кітап ұстап,
Есінеп ояу отыр пәтер үйде.

Дегенмен отыр ояу, жалғыз сүлде,
Ұмытқан басқа істің бәрін мүлде.
Әкеткен ой жетелеп, рухын билеп,
Алысқа әлдеқайда жапан түзге.

Ойлайды ол: «Ашсам сырын, тапсам ғылым,
Жұртым-ау, қылсам еңбек, болып құлың...»
Кітапты екі қолдап қысып ұстап,
Иіріп отыр іштен қиял жібін.

Мұқтаждық мейірімсіз жолын бөгеп,
Байлар жоқ мұны көріп берген көмек.
Түгелдеп киім, тамақ, оқу хақын,
Шамасы аз, жеткізе алмай жүрген жүдеп.

Көніп жүр таршылыққа неше жылдай,
Қыс оқып, жаз ақша іздеп, ешбір тынбай.
Шыдаса көп қалған жоқ, мақсұт жақын,
Абырой, денге саулық берсе құдай.

Я, алла! Талапкердің бақытын аш,
Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш.

Ұлтына қараңғыда қамаулы өскен
Жарқырап жарық сәуле болғандай бас.

Мың ділдә білімдінің жалғыз сөзі,
Таңырқап жұрттың бұған тұрған кезі.
Сен болып бақыт таңы нұр түсірсең,
Сыпырылып қайғы бұлты кетер өзі.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...

САҒЫНУ

Айт шынынды, көңілім, қайда барасың?
Қаңғырудан қандай пайда табасың?
Тоқталатын келген жоқ па мезгілің?
Дамыл таппай күні-түні шабасың.

Ойнақтайсың, от басасын, тұрмайсың,
Бір басымның текке аласың мазасын.
Білмеймісің, табалайды дұшманың,
Аланғасар алып жүр деп жазасын.

Басыл енді, күлкі болма, көңілім,
Жүрегімнің шанши берме жарасын.
Дейді көңілім сонда маған мұңайып:
«Сарыарқаның сағынамын даласын.

Ең болмаса емін-еркін кезейін,
Есіл, Нұра, Еділ, Жайық саласын.
Бой көтеріп, жүріп сайран етейін
Орал, Алтай, Тянь-Шань тауы арасын.

Қандай күйде жатыр екен көрейін,
Ер қазақтың еркін өскен баласын.
Баяғыдай еркіншілік бар ма екен?
Өз көзімен ерке көңілің қарасын.

Әлде билеп кете ме екен басқалар?
Сезіп қайтсын сорлы досың шамасын.

Хан мен бай, би мен батыр бар ма екен,
Сауық-сайран, ас пен тойы жарасым...

Айғай-қиқу, найзамды әпер, жауынгер,
Барымташыл мал қуатын рәсім.
Ердің құнын екі ауыз сөз бітіріп,
Тез айырған өтірік пен расын...»

Деді-дағы жылады еңіреп көңілім,
«Қимайсың, — деп, — орыс, ноғай қаласын».
Мен де егілдім, шыдамадым һәм дедім:
«Ықтиярың, барсаң, жаным, барарсың...»

ЕЛІМ-АЙ

Ем таба алмай дертіне мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!

Өткен сағым, келер алдың бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
Сақтан деген сөзді жан жоқ, шын ұғар,
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!

Қандай едің, қара кейін қайрылып,
Қандай едің, тұрсың одан айрылып.
Мүгедек боп қос қанатың майрылып,
Өксіп жылап, өгей ұлша, елім-ай!


Мұны құр бос өлең десең, өзің біл.
Жұрт болмаймын, өлем десең, өзің біл.
Не болса да көнем десең, өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!

Түзелесің қашан, жұртым, оңалып?
Тіл алмасаң, кетпеймісің жоғалып?
Қайтер едің өткен дәурен оралып,
Жылы жүзбен мойнын бұрса, елім-ай!

Сол күніңді көрсем — менің арманым,
Жоқтамас ем өзге тілек қалғанын.
Сұм жүрегім селк етпейді жалғанын,
Бұл мінезің бойда тұрса, елім-ай!

Жеке жинақтарға енбеген өлеңдер

(1907 — 1932)



ЖАСТАРҒА

Найзаменен түртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алла-ай!

Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,
Атырафқа көз салсақ.
Көзі іскенше ұйқыға
Келе жатқан тоя алмай?

Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?

Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?

ШАТЛЫҚ

Қайырлы сағат алашқа бірдей шатлыққа,
Сабыр етіп, сарғайып жеттік ақтыққа.
Сілік үстіңнен шанды, қазақ баласы,
Жетер енді, оянбай біраз жаттық та.

Аш ұйқыңды, ал қазақты матбұғат,
Шетке қақпа, біздің жұрт та болсын шат.
Талапкерлер майданында жарысып,
Бәйгесіне алып шықсын мағлұмат.

Бұлар келіп, халықты қара ағартсын,
Білмегендер білгіш болып тағы артсын.
Әр алуан ғылымнан алып үлесті,
Шын көңілден халқына сүйген таратсын.

Бұл хабар қуандырар елді байтақ,
Керегін матбұғаттың келген байқап.
«Серке» . . . . . [1]
Жасасын ғұмырлы боп енді «Айқап».

[1] Сөздері өшіп қалған, анықтау мүмкін болмады. *(Ред.)*

ЖІГІТТЕРГЕ

Көрген мен көрмегенде көп парық бар,
Болмайды жігіт жақсы сыннан өтпей.
Үлкенге, кішіге де ілтипат қыл,
Жатырқап еш адамды сыртқа тепшей.

Ғибрат ал жақсылықтан жақын жүріп,
Аулақ қаш жамандықтан сырттан шеттей.
Орынсыз батырлыққа арандама,
Әр істің мазмұнына көзің жетпей.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Адамға бірлік керек болса жолдас.
Бірінің айтқанына бірі көнбей,
Істеген пәтуәсіз ісің оңбас.

Алыс пен жақын ойлы болмас жолдас,
Қас қылған жолдасына жігіт оңбас.
Бар болса нәсілінде бір шикілік,
Өзге түгіл — өзіне болады қас.

Бақ-дәулет басындағы бір ғаухар тас,
Жоқ болса бұл екеуі ісің оңбас.
Қызығы бұл жалғанның мал менен бас,
Дарақка миуасы жоқ бұлбұл қонбас.

Дос емес дос сыртынан жамандаған,
Несі дос бір қатасын жаба алмаған.
Дос қайда досы үшін жан қинайтын,
Өншейін дүние үшін амалдаған.

ҚАМАР СҰЛУҒА

Неғылам айтқан сөзім ем болмаса,
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса.
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім,
Алды-артың бәрі қысқа кем болмаса.

НАУРЫЗ

(*Жаңа жыл*)

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш – мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.

Ойнаған анау бала,
Көк орай шалғын дала.
Егіндік егін еккен,
Ұзамай болар жаңа.

Бай, жарлы келген күйі,
Ойын-той ауыл, үйі.
Қой сойып, қонақ асы,
Мырзалық еткен сыйы.

Келіпті жылдың құсы,
Күнде шу көлдің тұсы.
Күн жылы ызғары жоқ,
Жаз шығып, кеткен қысы.

Боздаған анау түйе,
Құлындап жатыр бие.
Гүлдеуге бет алып тұр,
Қызарып қызыл шие.

Егінші егін егіп,
Қостанып арба жегіп.
Тыныш жоқ ерте мен кеш,
Еңбекпен азап шегіп.

Ат шауып, тай жарысқан,
Таласып бәйгі алысқан.
Көтерем арық-тұрақ,
Жаз шығып жайланысқан.

Ойын-той болып жатқан,
Ел көшіп, қонып жатқан.
Жаз шығып, жазғытұры,
Анау мал толып жатқан.

Жайнаған терең сайлар,
Ойнаған құлын, тайлар.
Ел қонып көл жағалай,
Өріске малын айдар.

Гүл өсіп гүл-гүл жайнар,
Бұтақта бұлбұл сайрар.
Тіріліп құрт-құмырсқа,
Жер жүзі быж-быж қайнар.

Сұлу жүр сыландаған,
Күлімдеп қыландаған.
Ерініп бір басуға,
Жас талдай бұрандаған.

Қыдырып жігіт салқам,
Ерігіп күнде дарқан.
Жеңгесі жылы жүзді,
Ат қойып «Кенже қалқам».

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш – мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.

МЕКТЕПКЕ

Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.
Домбықтырып беттерін
Адамдардың тұр ызғар.

Жатырсыңдар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар,
Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел, бар.

МЕКТЕПТЕН

Мектептен қайтып балалар
Қызарып беті суықтан.
Үй алдында Майлыаяқ
Жатыр еді жуықтан.
Құйрығын бұлғап еркелеп,
Қылды ықылас шындықтан.

Күліп, шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,
Балалар жатып тыныққан.

ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИЧ ПОТАНИНГЕ

Ардақты Қарт! Келдік бүгін тойыңа,
Бүктік тізе, еттік құрмет ойыңа.
Қалам тарттым, қазақ ұлы қарыздар,
Шатлық сыймай толқыған соң бойыма.

Жарық жұлдыз – сенің тартқан бағытың,
Өлшеуі жоқ төңірі берген бақытың.
Арманың жоқ, ардақты ата, ақ жүрек,
Ханзаданың күндемессің тақытын.

Қара бұлт қаптап көкті мұнартып,
Зарықтырып жаумай жерді қуартып.
Ел бағына туған сонда ер едің,
Шашып нұрың Сібір халқын қуантып.

Қара дауыл жердің жүзін басқанда,
Қарындастық арамыздан қашқанда,
Біріктіріп бірге баққан сен едің,
Жол таба алмай адасып жұрт сасқанда.

Адамшылық ектің елге егінін,
Елің үшін шектің жапа, кемідің.
Бетің қайтып айнымадың ақ жолдан:
Кейімедің, жат бауырды телідің.

Саған жақын Сібірдің бар елдері,
Бір елі емес: тау мен тасы, көлдері.

Сені ұмытпас, мәңгі атың жад етер,
Мәдениет шашқан тұқым жерлері.

Үздік туған Сібірдің сен ұлысың,
Ғұмырыңша басқарған көп жұмысын.
Ұранды елмен теңгестірдің іргесін,
Қайтіп сенің ұмыт болар бұл ісің?

Шыққан Сібір жаман атпен атағың,
Қараңғыда қалдың, озып қатарың.
«Ер тумаса, ел көркеймес» нақыл бар,
Жуды сені туып ұлын Потанин.

Ерте ояндың, ел намысын жоқтадың,
Жетті қарттық, түсті сексен, тоқтадың.
Жақсылыққа бастап жастан баулыған,
Жас буынға енді даңғыл соқпағың.

Бізге салса, жалғыз сексен аз саған,
Тілер едік тағы сексен жас саған.
Табиғаттың болмай бөгет заңы егер,
Берер болса бұл тілекті жасаған.

Сұлу мінез, ақ жүрекпен артық ең,
Қазақ атын шылбырдан сан тартып ең.
Біз ұмытсақ, өлмес айғақ тарих бар,
Атамыздай болған сабаз қартым ең.

ҚАРА ҚҰС ЬӘМ АДАМ

(*Айтыс*)

Қара құс:

Жалғанға патша баланған,
Данышпан ізгі саналған.
Аллашыл әділ адамнан,
Қайдан шықты бұл мінез?!

Адам:

Тексеретін сен емес!
Ескеретін мен емес!
Саған адам тең емес,
Маңайымнан жоғал тез!

Қара құс:

Атам менің қара құс,
Өзім қырғи бала құс.
Тояттармын болып тұс,
Жемтігіңе келдім кез.

Адам:

Айтқанымды кектесең,
Оқ жалынсын кетпесең!
Сырғыш қанат етпесем...
Адамға серт айтқан сөз!

Қара құс:

Қорқытқаның осы ма?
Дегенім ғой «шошыма».

Жүрмесін жетпей досыңа,
Оғыңды сақтап, сонан без!

Адам:

Жауласармыз, тынармыз,
Балдан тәтті тұрармыз.
Соңда сені қуармыз,
Қара жүрек, қанды көз.

Қара құс:

Жауыздығың болды паш,
Жақсылыққа жаның қас.
Ойламаймын қыла алмас,
Қам қылармын мен де ілез.

Адам:

Жазбен бірге жаңғырып,
Көңілге нұр, жан кіріп,
Біз біткенде қаңғырып,
Жоғаларсың сен өзің.

Қара құс:

Біз де тойда болармыз,
Кеудеңе барып қонармыз.
Қара құс біткен тоярмыз,
Мейлің тула, мейлің төз!

АЛАШҚА

Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?

Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды ірген бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?

Қақ жарған қара қылды биің қайда?
Ақ орда би түсетін үйің қайда?
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?

Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?
Үшқыр ат, түзу мылтық, болат найза,
Киінген көк дулыға батыр қайда?

Қамығып қанға толған жүрек қайда?
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек қайда?
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?

Бермейтін ел намысын ерің қайда?
Сүйенер қысылғанда белің қайда?
Өйткені айтқаны екі болмайтұғын,
Асыл зат артық туған бегің қайда?

Шалдырмас топтан тура шешен қайда?
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?
Қазағым, қазақшылық қалпыңменен
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?

Кеменгер дұғалы ауыз кәрі қайда?
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?
Масайрап кімге сеніп қарысасың,
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес,
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би
Өткендер келгенмен де орын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,
Жүруді өздігінен тағы білмес.
Мейлің көн, мейлің жыла соңғыларға,
Қайтсын-ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес.

«Ішкен мас, жеген тоқтың» заманы бұл:
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.
«Мал құмар, малдың құлы» деген ақын,
Кім қақса «жемтігінен», соған күндес.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.

Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!

НАМЫС ҚҰРБАНЫНА

(Марқұм Сүлеймен Бижанұлына бағыштадым)

Сен жоғында бұ жалғанда,
«Жалған олқы!»– дейді кім?
Сен келгенде арамызға,
Қанша орасан толды кем?

Қайтып едің қалыбына,
Бар ма нәрсе өзгерген?
Сен бір сыншы, көрейін деп,
Сұм жалғанға кез келген.

Бар жолдасың бойыңдағы,
Ар-иманың, намысың,
Не қылайын деп едің сен,
Бұ жалғанның табысын!

Намысыңа тиіп еді,
Қылдың құрбан мал-жанды,
Ата-анаңды, аға-інің мен
Елі-жұртың, жалғанды.

Мен де жаңа білдім енді,
Ер жігіттің сымбатын.
Білдіруге келгеніңді
Ар-намыстың қымбатын...

ЗАР ЗАМАН

Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асынып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.
Заман-ай!

Қайырмасы:

Азаматы алаштың
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды.

Ел бастайтын қайдасың, көсемдерім?
Сөз бастайтын қайдасың, шешендерім?
Тәуекелге бел байлап, бастап топты
Тигізбесін жұртқа жау кеселдерін.
Заман-ай!

Қайырмасы:

Бай, қайдасың, ортаға малыңды сал,
Азды-көпті аямай барыңды сал.
Жаны тәтті жақсылар, қайдасыңдар?
Мұсылманның жолына жаныңды сал.
Заман-ай!

Қайырмасы:

Ел қорғайтын қайдасың, батырларым?
Өлең, күйдің шебері ақындарым?
Азаматтың міндеті, елді қорғау,
Төнгелі тұр басыңа күшті толғау.
Заман-ай!

ЖАҢА ТІЛЕК

Жаңа жылда жаңа тілек тілелік,
Ескі жылды ескере де жүрелік.
Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп,
Көзің жасты, көңілің қаяу, алашым!

Жұрт болудың ойланалық амалын,
Қамсыз жатар емес енді заманың.
Надандықтың қираталық қамалын,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, алашым!

Жау мен жұттан енді құдай сақтасын,
Қасекенді қас масқара таптасын.
Кәрі-жасың енді ғафіл жатпасын,
Аш көзіңді, болма баяу, алашым!

Өз қамыңды ойлан өзің, ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмес, өзің кем болсаң,
Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!

Үшқан құстай, суда жүзген балықтай,
Табиғатты қолданушы халықтай.
Сен де енді сергісейші жалықпай,
Жүргеніңше мәңгі жаяу, алашым!

Бүгін халықтың қуанышы кең күні,
Күн менен түн – таразының тең күні.
«Құт-береке болмаса екен кем күні», –
Деп тілелік, қолың жай-ау, алашым!

ҚАЙДА ЕДІҢ?

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын, сонда қайда едің?

Ақыл таппай дағдарып,
Жан ашыр таппай сандалып,
Барарын қайда біле алмай,
Жүрген бір күнде сан ғарып –
Есепсіз көп шешендер,
Жөніңді айтшы, қайда едің?

Сарыарқа сайран жерлерім,
Көк орай шалғын көлдерім,
Асқар тау– биік белдерім,
Бәрін жауға алдырып,
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?

Атадан бала айрылып,
Қанаты сынып қайрылып,
Қасірет толып жүрекке,
Тұрған бір кезде қайғырып,
Толып жатқан қамқорлар,
Елде жоқ едің, қайда едің?

Құландай үркіп елдерің,
Қалдырып мекен жерлерін,
Жаяу-жалпы, жалаңаш,
Қатын-бала, ерлерің
Аштықтан қырғын тапқанда,
Сыпыра жомарт, қайда едің?

Кедейдің сорын қайнатып,
Майданға жасын айдатып,
Тіл жоқ, көз жоқ, басшы жоқ,
Өлімге басын байлатып –
Жіберерде, жаным-ау,
Жан ашыр жақын, қайда едің?

Енді бүгін кім жаман?
Данышпан емес, кім надан?
Қамқор емес, кім жауыз?
Жомарт емес, кім сараң?
Көсем емес, кім жалтақ?
Шешен емес жоқ адам.
Бәрі білгіш, бәрі де ер,
Жеткіздің, Алла тағалам.

ЕКІ СҰЛУҒА

Ұйықтап жатып көрдім түс,
Таңқалғандай бұл бір іс!
Серуен етіп аралда,
Жүреді екен екі құс.

Құс түлкідей құлпырды,
Ілемін деп ұмтылды.
Ілемін деп іле алмай,
Жүрекке қайғы толтырды.

ТҰҢҒЫШ ҚҰРБАН

Мынау кім жатқан, әлеумет,
Жас қабірді жамылып?
Мұнша ардақты кім еді,
Тұрсыңдар бәрің жабығып?
Жалғызы ма еді бұл елдің,
Тілеп алған зарығып.
Байы ма еді бұл елдің,
Құрметтейтін жабылып?
Бек пен бидің бірі ме еді,
Жылардай жұрты сағынып?
Ханзада яки сейіт пе?
Қарашы шулар қамығып?!
Жоқ, әлеумет,
Бұл жатқан:
Жалғыз да емес,
Бай да емес,
Би де емес,
Бек те емес,
Сейіт те емес,
Хан да емес.
Бусанып жатқан жас қабір...
Иесін мұның айтайын:
Мақсаты ұлттың жолына,
Туын ұстап қолына,
Жас ғұмырын пида еткен,
Жар-жолдасын күйзелткен,

Алаштың адал баласы,
Армансыз өлген данасы!
Жүректен жалғыз оқ тиген,
Жаза баспай дөп тиген.
Алаштың бұл құрбаны –
Аяулы жолдас, Қази жас!
Қош, бауырым, жолдасым!
Армансыз сенің өз басың.
Қабыл болып құрбаның —
Алашты құдай оңдасын!

АЛАШ ПАРТИЯСЫНА ҚОСЫЛМАҒАН АҚЫНҒА

Ертеде Бозша[1] деген ел болыпты,
Мекені Тұңғыш[2] деген бел болыпты.
Өзі ғалым, құдайдың үйін көрген,
Бозбай[3] деген сол елде ер болыпты.

Жасынан талапты боп атқа мінген,
Жақсының жолдас болып қасына ерген.
Екі дүние сауабын алмақ үшін,
Еліне мешіт, мектеп салып берген.

Күңіренген мектебінде шәкірт оқып,
Көңіліне ғылымды алған тоқып.
Мешітке сыймай кеткен тақуалар
Тәубе ғып күнәсінен, қақтан қорқып.

Халықты тура жолға салған Бозбай,
Уағыздап шариғаттан кеңес қозғай.
Әлеумет жарықтыққа сүттей ұйып,
Бәйге алмас мұнан артық ешкім озбай.

Сонымен бірталай жыл өткен дейді,
Атанған Бозбай абыз көптен дейді,
Құдайдың құдіреті емес пе бұл:
Бозекең абыройын төккен дейді.

---

[1] *Бозша* — өзгертіліп алынған Көкше деген рудың аты.
[2] *Тұңғыш* — Шыңғыс тауы.
[3] *Бозбай* — Көкбай ақын.

Сәлдесі әлдеқайда қалған дейді,
Мешітке бір сопы жоқ барған дейді.
Мектебі де жабылған әлдеқашан,
Жұрт бұған таң-тамаша қайран дейді.

Уағызы дауға айналып кеткен дейді,
Кәсібі айып алу еттен дейді.
Бұрынғы әбүйірдің бірі де жоқ,
Бұл күнде жасы алпысқа жеткен дейді.

Өзіне мешкей атақ іліпті,
Бұл мінез жұртқа тегіс біліпті.
Күніне екі-үш мезгіл ет жейтін боп,
Өткізген енді солай тірілікті.

Көрші ел Бозекеңнің момын екен,
Сол елді Бозбай қасқыр торыр екен.
Арық тоқты сойса да, айып алып,
Ет үшін арын сатқан обыр екен.

Көз жасы момын елдің көл болыпты,
Ел жегіш Бозбай деген ер болыпты.
Айрылып адамшылық қасиеттерден,
Алымын араз-татуы бір болыпты.

Амал жоқ, кедей сорлы көнеді екен,
Бозбайға не тілесе береді екен.
Болмас іске ат пен тон айып алып,
Мирас боп сол Бозбайдан келеді екен.

Уапырым-ай, мешкейлік те өнер екен,
Момынды жеуге Бозбай шебер екен.
Нашарға болысатын бәлшебектің
Осыған үкіметі не дер екен?

КӨКБАЙДЫҢ ХАТЫ

Өлеңмен мені біреу жамандаған,
Сөйтсе-дағы ретін таба алмаған.
Әйтеуір, жамандаудың жөні осы деп,
Анық кінә қоймаған, табандаған.

Жазығым бірнеше жыл бала оқытып,
Бұл күнде оқытудан шабандаған.
Не себептен оқуды тастадың деп,
Жөн емес пе тексеріп, адалдаған.

Бір өленге мінімнің бәрін терген,
Мін емес жерлерімді мін деп көрген.
Нысананы дәл басқан мерген қайда?
Ақбөкен деп қарды атқан аңғал мерген.

Әлінше жамандап-ақ жазған екен,
Өленмен сау жерімді қазған екен.
Осыған оқыған деп ат қойғаны,
Заманды бақа сорып азған екен.

Мен салдым мешіт пенен медіресе,
Бала жинап оқыттым әлденеше.
Пенделік мойнымдағы борышым ғой,
Білгенімді білдірмек әсіресе.

Неше жыл азаптандым қылып еңбек,
Білімсіз сөзге түсіп қашқан Көпбек.
Менен бұрын талай жан арпалысқан,
Мүмкін бе бір кісіге көпті жеңбек?

Жиырма жыл солармен арпалыстым,
Бала оқыт, жинап бер деп көп қарыстым.
Жалғыз үні, жаяудың шаңы шықпас,
Түк пайдасы болмады ат жарыстың.

Үй бердім, баласына тамақ бердім,
Ақы алмай барлығына сабақ бердім.
Аяғында солардың көбі қашты,
Бірлі-жарым болмаса талапкердің.

Абай марқұм ескіге ермеуші еді,
Ескіні онша тәуір көрмеуші еді.
Мысырдан төте жолмен оқу шықты,
Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді.

Өзімнің жасым кәрі, жүрегім жас,
Іштегі айтпасам да болады пәш.
Абайдан құлағыма бұрын тиген
Дүние болады деп бір тайталас.

Дүние ескі жолмен оңалмайды,
Жаңаға ескі қожа бола алмайды.
Жуан кеуде ұлықтар түгесілмей,
Әділет орынына қона алмайды.

Мінеки, соны айтқанға бірнеше жыл,
Уақыты өткен нәрсенің бәрі де тұл.
«Оқымаған заманнан оқиды» деп,
Пайғамбар қадис айтқан, оны да біл.

Адамды түзетпейді кісі билеп,
Адамның екі қолы өзіне инек.
Ғаламға ақыл патша болған күнде,
Теп-тегіс адамзатқа есе тимек.

Сонша болмай дүние жаңалайды,
Жаңа жеңіп, ескілер шамалайды.
Ескінің көнгендері аман қалып,
Көнбегені мейлінше жараланды.

Сонымен мен түсіндім жаңалыққа,
Жаспенен кіріспедім алалыққа.
Түзу жол дүниедегі жалғыз-ақ сол,
Басқа жол іздегенмен табылып па.

Босаттым медіресемді мұғалімге,
Берейін иесі сол, енді кімге?
Медресе мұғалімге орын болып,
Қонағым қарық боп тұр осы күнде.

Замана замандасқа жағын дейді,
Күнбе-күнгі тағдырға бағын дейді.
Бүгінгі ой ертеңгіге жарамайды,
Таппасаң мезгіліңнің бабын дейді.

Адамзатты билейді заманасы,
Жүр деген соқпағынан табыл дейді.
Жазғаным – замандасқа жағынғаным,
Маған бұл жамандаушы не қыл дейді.

Екеуміз сынатайық ағайынға,
Сондағы айтар дауыңды тағайында.
Сен сөкті деп ескіше бала жинап,
Көшкен жұртқа қаңғырып лағайын ба?

Шырағым, өзің қаңғыр, менен аулақ,
Жамандасаң жаманда мені жаулап.
Сөйлер білмес ауыз деп мен айтпаймын,
Айта бер өз көңіліңді өзің аулап.

МІРЖАҚЫПТЫҢ ҚАЙТАРҒАН ЖАУАБЫ

Көке[1] аға, осы күнде мен жаспын ғой,
Жай-күйінді біле алмай адастым ғой.
Көп жылдар мешеу қалған халық үшін
Алаш деп, бәлшебек деп таластым ғой.

Ал, Көке, жазған сөзді кешіріңіз,
Жариялатпай қатесін өшіріңіз.
Жаңа заң, жаңа үкімет түсініпсіз,
Аяқты ұзын көлбеп көсіліңіз.

Халел[2] мен Ахаңдарға[3] жоқ айтыңыз,
Аз емес, білгеніңді көп айтыңыз.
Жолына бәлшебектің түсіндім деп,
Халықтың тілектесін молайтыңыз.

---

[1] *Көке* — Көкбай ақын.
[2] *Халел* —Халел Ғаббасов, Шаған елінің азаматы.
[3] *Ахан* — Ахметжан Қозыбағаров, Бұғылы елінің азаматы.



Міржақып Дулатұлы.
Орынбор, 1914 жыл



Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы.
Орынбор, 1913 жыл

"Оян, қазақ!" жинағының мұқабасы. *Уфа, 1909 жыл*



"Азамат" жинағының мұқабасы. *Орынбор, 1913 жыл*





Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының 1918 жылдың көктемінде Шәуешекке аттанарда достарымен бірге түскен суреті.

Отырғандар солдан оңға қарай: Ахмет Байтұрсынұлы, Мұқан (Мұхамеджан) Жәкежанұлы, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жақабай Әтікеұлы.

Түрегеліп тұрғандар оңнан солға қарай: Жұбандық Балғынбайұлы, Міржақып Дулатұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Сейдәзім Қадырбайұлы, Елдес Омарұлы.

Семей, 1918 жыл



Солдан оңға қарай: Ғазымбек Бірімжанұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмедсафа Жүсіпұлы. *Ташкент, 5 мамыр 1921 жыл*



"Терме"
жинағының мұқабасы.
Орынбор, 1915 жыл



Міржақып Дулатұлының "Еңбекші қазақ" газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып жүрген кезі, туысы Нұржан Ысмайылұлы екеуі. *Қызылорда, 1925 жыл*



Асқар Дулатұлы (Міржақыптың ағасы).
Қызылорда, 1925 жыл



Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде өтетін Түрік білімпаздарының съезіне барарда шығарып салуға жиналған қаламдас інілерімен түскен суреті.

Отырғандар оңнан солға қарай: Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасов.

Тұрғандар солдан оңға қарай: Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан, Абдулла Байтасов. *Қызылорда, 1926 жыл*



Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатұлы отбасымен тұрған
Семейдегі Комиссар көшесіндегі үйдің сыртқы көрінісі.
Семей, 1921 — 1922 жылдар

ҚОБЫЗШЫ ІНІМЕ

Талай елді аралап,
Талай жерді саралап,
Біз келеміз бұл күнде,
Елге үлгі шашқандай,
Дұшпанның көңілін басқандай,
Айбарлы едік бір күнде.
Толықсыған заманға,
Қаратылған амалға,
Елден ауып көшкен соң,
Ұшырап сапар шеккен соң,
Не демес көк ми надандар?
Серпіліп тұман ашылар,
Қамыққан көңіл басылар.
Бейнетті қанша көрсем де,
Іздеймін жолын Алаштың,
Дұшпанменен таластым.
Бермейміз елді қорлыққа,
Көнбейміз бекер зорлыққа,
Соны кектеу түрі бар.
Шырағым Дәулет, сен дағы,
Біздің жолға ер-дағы,
Талаптың мін тұлпарын.
Саған болсын бұл нұсқа,
Бұл нұсқаны берік ұста.
Алғырдан туған сұңқарым.
Түзелмес заман жайланып,
Басқа дәурен айналып,
Сонда бізге ерерсің,
Не қызықты көрерсің.
Кешеден бергі қызмет
Еткеніңе рақмет.
Қайырлы болсын талабың.

АҚМҰХАММЕДКЕ[1]

«Ақмұхаммед, заманның,
Түрі осылайша болып тұр.
Іле алмай сұңқар қу маңғаз,
Тұғырға құзғын қонып тұр.

Ақ жүрек талып, жауыздық
Егіні пісіп өніп тұр.
Жайған торға жауызды
Бір құдай, өзің жолықтыр».

Алтын Омарқызы – Мамай келіні Айманованың – *(Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы Көнек тауының баурайында (бұрынғы Карл Маркс кеңшарының жерінде туған)* **естелігінен:**

1918 жылдың қараша айында біздің үйге он екі кісі келіп түсті: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Кәрім Тоқтабаев, Қырымгерей Сейдалин, Ғазымбек Бірімжанов, Ғаббас Нұрымов, Ахмедсафа Юсупов, т. б. Жолдан шалдығып, аттары болдырып, қатты шаршап келген қымбатты қонақтарды үй иелері құрметпен қарсы алып жайғастырды. Ахмет ағаны бөлек күтуді әкемнің (Омардың) ағасы Елібай міндетіне алды.

Қалған қонақтар біздің бірнеше бөлмелі кең үйімізде тынықты. Көсемдердің сөзін естуге құмар ауыл-аймақтың адамдары келушілерге сәлем бере жиылып, әңгіме-дүкен құрып отырды. Жолаушылар үй иесінен кешірім сұрап, жастықтарға жантайып, аяқтарын көсіліп дем алды. Қонақтардың көңілін көтермек үшін, олардың құрметіне жігіттер ән салып, домбырашылар күй тартып, сауық қылды. Қонақтар екі күннен соң жүруге асықты. Сонда ауылдың кісілері бірі қалмай қонақтармен қоштасып, шығарып салуға келген еді. Жүрерде Міржақып аға ат үстіне қонған соң қалтасынан қағазын алып, ердің қасына сүйеп, осы өленді Ақмұхаммед Омарұлына жазып берген болатын.

---

[1] *Ақмұхаммедті ел іші Ақмағамбет деп атаған.*

ҚАНАТ ТАЛДЫ

Ғашықлық – бір ыстық күн желі тымық,
Басына түскен жанның көңілі сынық.
Қаратпас бай-жарлының шамасына,
Адамды желіктірсе жігітшілік.

Бұрынғы қолдағы істің бәрі қалды,
Біріндеп төл мінезді заман азды.
Асылзат шахыбаздар шабыт таппай,
Шөлге ұшып, сайын далада қанат талды.

БОЛАТ ЖҮРЕК

Қажымай тұр орнында, болат жүрек,
Достарың салды пышақ, найза тіреп.
Тітіреп жердің жүзін зұлмат басып,
Нажағай атылса да, күн күркіреп.

Тау құлап, тастар жанып, су шайқалып,
Сілкініп бұзылса да, жер дүркіреп.
Қандатып, қарлы боран қарсы соғып,
Жаңбырдай ақса-дағы жас сіркіреп.

Қан жүрек, рақымсыз темір қамшы,
Қолында қортық шоқпар тұр зіркілдеп.
Ғайбат, жала, өсекті мойныңа алып,
Уақыттың соққысымен кетпе әлсіреп.

Жаңбыр боп жақсылық нұр жауар ма екен?
Жүректің өшіргендей қайғылы өртін.
Кезігіп рахаттың кілтшісі,
Қайғының босатады қашан винтін.

Ұлғайтып уайымның уы қаптап,
Ап кетті жүзден тоқсан процентін.
Есепсіз еркелеткен қызық күндер,
Қымбатты рахаттың үзді жібін.

Суымен махаббатың суарылған,
Жастардың ашты тағдыр ара жігін.
Махаббат винтіменен байланысқан
Пружина үзіліп тұр күні бүгін.

Міржақыптың бұрын басылым көрмеген жинаққа тұңғыш рет енгізіп отырған «Болат жүрек» өлеңімен оқырмандардың сүйіп оқитын газеті «Шалқар» *(маусым, 1994)* арқылы табыстық. Шығарманың қалай табылу тарихын, өлеңнің көшірмесін жеткізуші қарт мұғалім Әнуар Көкейұлы. Әнуар Қытай жерінде көп қазақтың сауатын ашып, сауабына қалған абзал азамат. Оқытқан шәкірттерінің көбі түрлі мамандықты меңгерген оқымысты ғалымдар, ақын-жазушылар. Мұны өздерінің ұстаздары жайлы газет беттерінде жазғандарынан білеміз. Әнуар Көкейұлы – Қаскелең ауданы, Райымбек аулының тұрғыны, зейнеткер. Енді сол мақаласының мазмұнын келтірейік: «Осы өлеңдерді 1934 жылы Үрімжі қаласында Зият Шәкәрімұлының айтуынан жазып алып едім. Бұл кезде Міржақыптың аты ол жақта да *(Қытайда – Г.Д.)* аталмайтын, өйткені ел қорқатын. Зекең бұл өлеңдер Мір – деген кісінікі еді деп қысқаша ғана қайыра салатын».

Міржақыптың шығармалары екі бірдей заманда тарих беттерінен алынып, тыйым салынса да, жұрттың ақынға деген сүйіспеншілігі арта түспесе, өшкен емес, өлеңдерін құрандай жаттап, өзара жасырын түрде шартарапқа кең таратып жүргені аян. «Өке көрген оқ жонар» демекші Шәкәрімдей абыз, ғұлама-ғалым, ақын әкесінің жанында жүріп, тағылым алған дарынды есіл ер Зият тегін болып па?! Қытай жеріне асса да соңынан қызыл террордың ұзын құрығының жетуінен басы қуғын-сүргінді аз көрмеген. Азапты өмір сүре жүріп, Міржақыптың өлеңін ой түпкіріне сүңгітіп, ұмытпай сақтап жеткізуінің өзі не тұрады. Зият өлеңді көрінгенге емес, өзіндей зиялыларға сенгендіктен айтып беруінің арқасында бізге жетіп отыр.

Міне, сондай саналы азаматтың бірі – Әнуар Көкейұлы. Алпыс жылдан арта *(оны өмір бойы десек артық болмас)* Әнуар өзіне келер қатер-қауіпті біле тұра Міржақыптың «Болат жүрегін» жасырын сақтап, қазақ халқына табыстауы әркімнің қолынан келе бермейтін дүние, бұл үлкен жүректілік, ерлік, адамгершіліктің нышаны деп білген жөн, алғысымызды білдіреміз.

«Болат жүрек» өлеңінің мазмұнын алсақ, жалпы стиль жағына қарасақ бәрі-бәрі Міржақыптың өзінің тол шығармасы екендігіне ешқандай дау, шүбә келтіре алмаймыз. Оған қоса тағы бір дәлел келтірейік: Міржақып 1921–22 жылдары Семейдің губсотында тергеуші қызметін атқарып жүрген кезінде, өзіне қарасты Мұқыр, Құндызды, Бөкенші, т. б. болыстарын көп аралаған. Сол жылдары жазылған бұл өлең жұрт аузына ілініп тез тарап, Зияттың да құлағына шалынып, жаттап алуы ғажап емес, оған таң қалудың қажеті жоқ. Міржақыптың шығармашылық мұрасы әлі толық жиналып біткен жоқ. Бәлкім, бұрын баспасөз беттерінде жарияланған да болар, оны келешекте іздестіріп ретке келтіру жағын зерттеуші ғалымдар өз үлесіне ала жатар.

БАЛДЫЗҒА

Сәлем жаздым балдызға
Осы ауылда кез келіп,
Қазақшылық ғұрпында
Бар ғой деп хақым жезделік.

Бұрын солай болушы ед,
Кетпесе заман өзгеріп.
Жатсынбасаң, Жәнима,
Бізде болмас өзгелік.

Сен бір бұлбұл сайраған,
Бұл өнерің біліпді.
Жақсыға құмар жездеңе
Естіртші бүгін үніңді.

Бір көргеннің бірімін,
Мұндай гүлді кім көрген?
Мадақтауға сипатын
Бармай тілім күрмелген.

МЕН АЗАТПЫН, СЕН ДЕ АЗАТ...

Толғағы жетіп ананың,
Туар кезі баланың.
Болғанда бақан құрылған.
Ұл ма, қыз ба шабарын,
Бақыттың жанарын,
Бал ашқан анам бұрыннан.
Шыр етіп даусым шығыпты,
Лез екен сүтті біліпті,
Кіндік шешем айтқанда.
Қатындар сонда ұмытты,
Олжа жемек үмітті,
«Адыра қал!» деп қайтқанда.
Жас бала едім...
Күнәсі жоқ жан едім,
Емген анам ақ сүтін.
Періштеден мен пәк едім,
Ақ қағаздан мен ақ едім,
Қайғымда жоқ мақсұтым.
Сонда-ақ мені малға беріп,
Я бір мақау жанға беріп,
Байымақ болған ата-анам.
Малы көп бір шалға беріп,
Я қатыны барға беріп,
Жетіспек болған жан ағам.
Сонан бері мен кім едім?
– Мен, бір, әрине, күң едім,
Жүректен шерім кетпеген.
Өскен сайын қайғы жедім,
Қам көңілді, қайғылы едім,
Тілекке бір жетпеген.

Әне құзғын... міне әкетед...
Мал бердім деп дік-дік етед,
Деп тұрғанда жасаған!
Сұм жүрегім дүп-дүп етед...
Жарық сәуле жалт-жұлт етед,
Жақсылыққа ұсаған.
Сезген екен сұм жүрегім,
Болды міне тілегім,
Бостандыққа жетті әйел!
Өз теңіммен өмір сүрем,
Сүйгеніммен ойнап күлем,
Ерменен тең тегі әйел.
Бұрынғыдай біздей кемді,
Соры қалың енді әйелді,
Қорламас жас азамат.
Теңгерілер заман келді,
Қазақ қызы теңел енді,
Мен азатпын, сен де азат.

МІРЖАҚЫПТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

1920 жылдың төртінші қазанында Қазақстан Кеңестік Автономиясы құрылғаннан соң, алғашқы астана Орынборда орнықты. Бұл жылдары мемлекет тарапынан халыққа білім беру шаралары ең басты мәселелердің бірі болған еді. Екі-үш жыл аралығында жаңадан ашылған түрлі оқу орындарына, білімге құштар жастар тұс-тұстан жиналып жатқан кез. Бұларға білім беретін қамқоршы болардай ұстаздар жұмысқа тартылған уақыт. Ең басты оқу орны Қазақ Халық Ағарту институты (*КИНО – Казахский институт народного образования*) еді. Мұның директоры болып Мұхтар Мурзин сайланған. Дәріс берушілер: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Елдес Омаров, Тележан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев, Кәрім Тоқтабаев, т. б. Осындай кезеңнің бірінде 1922–1923 жылдары жаңадан ашылған оқу орнында жастардың жиналысы өтеді. Бұл мәжілісті үкімет басшылары ашыпты, қатысушылар мұғалімдер және шақырылған зиялы қонақтар тобы болыпты. Жиналғандар кезектесіп оқушыларды құттықтап, болашақ жарқын дүниеге жол сілтеп, ақыл-кеңестерін баяндапты. Жиналысты басқарушы қайраткер ізетпен Міржақыпқа бұрылып: «Оу, Жақа, Сіз бірдеме демейсіз бе? дегенде, Міржақып орнынан көтеріліп, залда отырған жастарды көзімен бір шолып, мүдірместен бірден айтып, былай деп құттықтаған екен:

«Шартараптан жиналыпсың,
Жаңа талап, жас ұлан.
Ғылым туын қолға алыпсың,
Құттықтаймын, бас ұрам!»

Бұл шумақ өленді жеткізген, қадірлі қартардагер Мұхамеджан Әбдіхалықов. 1995 жылы 26 қыркүйекте жазылып алынды.

БҮРКІТ КЕГІ

1

Қыран бүркіт бір күні
Алып қызыл түлкіні,
Масаттанып қайтып ед,
Иесі бастап әңгіме
Жиналған жұрттың бәріне
Жыр ғып кешке айтып ед.

Қасына кімдер ергенін,
Түлкіні қалай көргенін,
Өзекпен сұмның зытқанын,
Томағасын сыпырып,
Алғанда қыран құлпырып,
Шарықтап көкке шыққанын.

Алдында түлкі көлденең,
Аспаннан бүркіт төмендеп,
Атқан оқтай аққанын.
Аңшының бәрі жарысып,
Келсе ақиық қарысып,
Түлкіні алып жатқанын.

Аттан түсе қалысып,
Айырып аңды алысып,
Мәз болып тұрған шақтарын.
Қызылдатып қыранын,
Өзі де басып құмарын –
Көк бүйраны атқанын.

Аң байлана ергендер,
Қызық көре келгендер,
Таласып жолға қалғанын.

Басында керісіп,
Аяғында келісіп,
Бір ақсақал алғанын.

Пұшпақты ілген тұсына,
Қарап қояд құсына,
Еркелеткен жүзбенен.
Қалдырмай бәрін біріндеп,
Соғып отыр күлімдеп,
Мақтанышты сөзбенен.

2

Тұғырда сонда отырған,
Өсіп көңілі құлпырған.
Ойға кетті ақиық,
Түсіп сол күн кешіне.
Өткізген өмірі есіне,
Қайғымен бірге жабығып.

Қиын биік қияда,
Қиюлы тас ұяда
Отырғанда жас түлек,
Арқан салып алғаны,
Бір ноғайға барғаны
Мейірімсіз тас жүрек.

Ойлады қыран, ойлады,
Ой түбіне бойлады.
Қылмиып қарап жабыққа,
Ноғайдың қалай алғанын,
Азапқа жанын салғанын
Зар қылып аспан – жарыққа.

Аяқ бауменен кейітіп,
Жем де бермей жетілтіп.
Томағасын алмаған,
Асау жасты жасытып.
Ырғаққа үнем асылтып,
Ұйқысы бір қанбаған.

Айтқанға әбден көнетін,
Шақырса жемге келетін
Болған соң ақыры жас тағы
Жуасытып алған соң,
Пайдакүнем аздан соң,
Қазаққа кетті сатқалы.

Ноғай қырға барады,
Есет сатып алады.
Қыранды көріп бір күні.
Міне, бүгін сол Есет,
Соққан желдей ол есед,
Алдырып қызыл түлкіні.

3

Қызықпенен күн өтті,
Жемдеп Есет түлетті
Өз үйіне әкеліп.
Мұнда келіп көңілі өсті,
Ноғайды қайтып көрмес-ті,
Бақты Есет мәпелеп.

Еркелетті ер Есет,
Болды қыран ересек
Қанаты қатып қайратты.
Сипады ол, сылады,
Бүркіт көңілі тынады,
Көрмеді қайтып ырғақты.

Ас үстінде күнде Есет
(Бүйтуді ноғай білмес ед),
Бүркітті алып жүреді,
Қаяусыз енді көнігіп,
Иесіне елігіп,
Әкесіндей көреді.

Есетке еркін билетті,
Баулып Есет үйретті.
Бабын тауып қайырып,
Алғыр құс әбден атанды.
Алып түрлі жат аңды,
Кетті даңқы жайылып.

Қашпаса түлкі амал жоқ,
Қыранға мұнан жаман жоқ,
Көрінсе бірақ алған-ды.
Аң алдынан құтылып
Кеткен емес сытылып,
Содан Есет малданды.

Есеттей дос болмас деп,
Баяғы ноғай оңбас деп,
Қозғалып бүркіт саңғыды.
Күні бойы ат қаққан,
Есетімен көп шапқан –
Көзін жұмып қалғыды.

4

Қыранның даңқы алысқа,
Жат пен жақын, танысқа
Жайылып тегіс кетіп ед.
Көруге кімдер келмеді,
Біріне Есет бермеді,
Бәрі де көңіл етіп ед.

Есеттің бір күн сорына
Баймырза келді жолыға,
Елінің мықты төресі,
Жатты да келіп жабысты,
Түрлі сөзбен шалысты,
Болып көп мал бересі.

«Жылқымнан таңдап жүйрік ал,
Берейін қосып тағы мал,
Бүркітіңді қи, – деді,
– Әдейі өзім келген соң,
Жақсы болмас бермесең...»
Есет сонда бүй деді:

«Алдияр тақсыр, хан төрем,
Арызымды қабыл ал, төрем!
Бай емеспін, кедеймін,
Аз малымды алсаң да,
Күн көргішсіз қалсам да,
Бүркітімді бермеймін.

Тірідей қолдан шығарман,
Не пәлеге шыдармын,
Рзалықпен көну жоқ,
Қинама, тақсыр, жанымды,
Ала бер шауып малымды,
Қыранды қолдан беру жоқ».

Зіркілдеді Баймырза:
«Бұл неме өзі қай мырза?
Бетімнен менің алатын!
Сыйламасаң Бәкенді...
Танытармын әкеңді...
Арсылдап итше қабатын.

Не деп отыр, қарашы,
Иттің ғана баласы,
Қуарған кедей, оңбаған!
Ұмытпа, бәлем, сөзіңді,
Жоғалтармын көзіңді,
Не дедің жаңа сен маған?

Тұра тұр, – деп, – бәлем-ай!»
Тамаққа да қарамай,
Баймырза кетті кектеніп,
Қандай сұмдық болар деп,
Бұл бір пәле салар деп,
Есет қалды сескеніп.

5

Шала ұйықтады ол күні,
Қайғылы болып көңілі,
Есет сынды ер енді.
Ерте тұрса – қан сонар,
Аңшылыққа жан құмар –
Бүркітін алып жөнелді.

Қыран бүгін сымбатты,
Күйіне келген тым қатты,
Көрінсе қасқыр алатын.
Қоян-қолтық келмей-ақ,
Кезіккен әр жерден-ақ,
Жұлдыздай ағып баратын.

Ұмытты Есет қайғыны,
Болар деп пәле қай күні –
Кешеден басын даң қылған.
Есіл-дерті аң енді,
Көрінсе деп қап, енді,
Қазалы шіркін қаңғырған.

Көңіліне желік енеді,
Шыдамай Есет келеді,
Жеткенше биік басына.

Бір уақытта тамаша...
Бұрылып Есет қараса,
Баймырза келед қасына.

Тегін емес – жанжалмен,
Салды бетке қанжармен.
Қансырап Есет құлады.
Қайтарып боп намысты,
Төре құсқа жабысты,
Таңыркап қыран тұрады.

Тастай беріп қаруды,
Аяқ баудан алуды.
Баймырза ойлап келеді,
«Мендік болдың, қыран»,– деп,
«Тау тағысын қырам», – деп,
Жақындап жанай береді.

Есетке қыран бір қарап,
Екі көзі қанталап.
Баймырзаға төнеді,
Беттен бүріп алған соң,
Демі құрып аздан соң,
Тұншығып төре өледі.

Достың құны мұнымен,
Бітпегендей шынымен,
Армансыз бүркіт кек алды.
Кеудесін сөгіп төренің,
Суырып алып жүрегін,
Тамызбай қанын жеп алды.

Жан-жағына қаранды,
Көзін тігіп қадалды,
Есет жатыр жаны жоқ,
Өзгені көзі көрмеді,
Көрсе де көңіл бөлмеді,
Есетсіз қырдың сәні жоқ.

Азырақ қыран толғанып,
Қос қанатын қомданып,
Көтерілді қалықтап.
Есетті ұшып айнала
Жүріп біраз жай ғана,
Аспанға асты шарықтап..

«АЛДЫ-АРТЫМ БІРДЕЙ ТАЙҒАҚ МҰЗ...»

Міржақыптың жеке адамдарға арналған қысқа шумақтан тұратын өлеңдері баршылық. Іздену үстінде білетіндерден сұрастырып жүріп, табылған өлеңдерді жаңа басылымға қоспақшы ниетімді білген ғалым Сейітбек Нұрханұлы мына газетті оқып көріңізші деп қолыма «Жас қазақ» газетінің бірінші санында, 1991 жылы (*наурыз-сәуір*) басылған халық жазушысы Әлжаппар Әбішевтің «Жаралы шындық» деген көлемді мақаласын берді, тегіс оқып шықтым. Бұл жастарға арналған естелігінің бірінші бөлімінде 1937–1938 жылдары сталиндік репрессияға ұшыраған, нахақтан «жау», «шпион» айдарын тағып, атылып кеткен жазушыларымыз жайлы материал екен. Арыстарымыз ақталып (*1956–1988 жж.*) ортамызға оралғаннан кейін, баспасөз беттерінде аттары, шығармалары жарық көре бастады. Әлжекең бұл жылдарда өткен оқиғаларды, ашы да болса шындықты жазуды өзінің азаматтық парызы санап, мына естелікті жас ұрпақтың назарына ұсынғаны бәрімізді қуантып отыр. 1937–1938 жылдардағы қайғылы оқиғалар еске түссе, жүрегіңді сыздатып, денеңді тұршіктіреді.

Бұл жылдары Жазушылар одағында күн сайын қызу жиналыстар өткізіліп жатқан. Жиналыстардың басы-қасында жүргендердің бірі – Әлжекең. Әлжекең өз көзімен талайды көрген, соның куәгері ретінде «халық жауларын» қалай тауып әшкерелегенін, кімдердің кім болғанын, оған белсене қатысушылардың атын атап, түсін-түстеп, қайсыбір жазушылардың жағымсыз қылықтарын беттеріне айтып, жасырмай, ағынан жарылып, хикаяны түгелдей баяндап берген.

Естеліктің соңғы беттеріне келсек, бұл тұста әңгіме ақын Иса Байзақов жайлы айтылады. Иса Байзақов – қызба мінезді, тәкаппар ақын. Өзіне тиіскен кісі болса қарап тұрмайтын, оның лауазымына, бет-жүзіне қарамайтын, басынан сөз асырмайтын, турасын сескенбей айтатын адуын кісі еді.

Бір ретте Иса Жазушылар одағының басшысымен керісіп, сөзге келіпті, оның себебін Иса былай айтады: «Литфондыдан жәрдем әперуді сұрай барған мен оның көзіне қайыршы болып көріндім. Тіпті сұғанақ итке де тенелдім. Иса бола тұра ондай қорлау сөзге қалай шыдайды «анықтап қарашы, мен анық қайыршымын ба? Онда сен маған мынаны анықтап берші. Егер мен қайыршы болсам, менің қара тырнағыма татымайтын өзің кімсің? Соны айтшы» – дедім, сол-ақ екен ол: «Сендей халық жауларының құйыршығын құрту маған қиын емес, қырам да жоям, айдатамын да байлатамын» деп аузынан ақ көбік ақтарылғанша көкіп бақты. Одан соң: «Сендей халық жауын көзір қаматамын, көзір, көзір» деп телефонды ұрғылай бастады. Мен: «Онда менің тартар жазам ауырлай түссін, Мағжанның мына өлеңін де тыңдап ал» – дедім де:

«Жақсыларға жанасып,
Жүз құбылып күніне.
Жетерсің әлі, сен ақсақ,
Талайлардың түбіне» –

деп өлеңін шұбырта жөнелдім. Бастық Исаға қол жұмсайды, сонда Иса өз сөзімен айтқанда: «Мен қанша әлсіресем де, егескен бетімнен қайтпай, Мағжанның әлгі өлеңін түгел айтып шықтым:

«Мен келермін оралып,
Күндердің бір күнінде.
Сен өлерсің жүз қара,
Қор болып түптің түбінде».

Әрі қарай Иса мына сөздерді айтады: «Есімді жиғаннан кейін күндізгі көргендерімді еске түсіріп қарасам, адам баласы көрмеген қорлықты бүгін мен көрген екенмін. Бұлай тірі жүргеннен осы түннен қалмай өлуге бекінген едім. Аржағын сендер сұрамандар, мен айтпаймын».

Болған жанжал жақсылыққа соқпай, насырға шабарын сезген бастық Исадан кешірім сұрауға өзі бармай, түн ішінде Тайыр мен Әлжаппарды шақырып алып, Исаның үйіне жіберді. Енді Әлжекеннің жазғанынан үзінді келтірейік:

«Біз барсақ Иса ағамыз биік темір кереуеттің үстінде бүк түсіп жатыр екен. Әйелі сол кереуеттің аяқ жағында сүйеніп тұр. Тышқан аңдыған мысық құсап Исаның әр қимылын аңдып екі ересек бала бас жағында отыр. Біздер үрейімізді білдіргіміз келмей, жайдары дауыспен «кеш жарық» дей кірдік. Ол мені «большевик» дейтін еді. Амандасқанда да: «е, большевигім амансың ба? деп амандасты. Сол сөзін есіне сала: «Большевигіңіз хал-жағдайыңызды білгелі келді,

бұл қай жатыс?», — деп едім, ол үн қатқан жоқ. Кереуеттің жиегіне отырып алып, арқасынан қаға сөйлеумен болдым. Оның тілін бәрімізден жақсы таба білетін Тайыр жел сөзімен қанша желпісе де, желіге қоймады. Бір кезде ол ауыр күрсініп шалқасынан сылқ етті де: «Мұндай қорлықты көргенше, баяғыда Міржақыптың босағасында өлуім керек еді-ау, әй жын қуған ақымақ басым-ай» деді назаланып, сөйтті де тез ширығып:

«Алды-артым бірдей тайғақ мұз,
Тайғызбайтын тағам жоқ.
Тұлпар болып тусам да,
Тулақ құрлы бағам жоқ», –

деп өлеңдете жөнелді, Міржақып осы өленін маған арнап шығарғандай «м»–ның орнына «ң»—ды салатын еді де, «Тұлпар болып тусаң да, тулақ құрлы бағаң жоқ» дейтін еді. Солай бауырларым, тұлпарлар кетті де, тулақтар қалдық қой».

Ұмытпасам, 1990 жылы болар, бір күні Әлжаппар ағамызбен Жазушылар одағында жолығып қалдым. Амандасып жүре бергенімде сәл кідіртіп: «Гүлнар, Сізден білейін дегенім Міржақып пен Иса Байзақовтың араласы болды ма?», – деп сұрады. Мен: «Иса аға араласпақ түгіл әкемнің шәкірті, тәрбиесін көрген, 1923 жылы Орынборда оқып жүргенінде жақын туысымыздай Қызылордаға көшіп келгенше, өзі үйленіп отау құрғанша біздің үйде тұрған», – дегенімде Әлжекең: «Ия, бәрі дұрыс екен ғой» – деп қысқа қайырды.

Бұл сұрағы несі екен деп таң қалдым, сөйтсем естелігін даярлар алдында Міржақып пен Исаның ара қатынасы болғанын айқындай түсу үшін, менен сұрағанын енді біліп отырмын. Міне, Исаның тағдырын жаза отырып, Исадан естіген Міржақыптың бір шумақ өленін Әлжекең бізге жеткізді.

ҚАРАШ ЖҮСІПБЕКҰЛЫНА

Сел айдаған, сен едің бір Қарашым,
Жаңа талап, балдырғандай баласың.
Жау құрығы жастай түсіп мойныңа,
Ақтеңіздің жүрсің шарлап жағасын.

(Соловки, 1931–1932)

Қараш Жүсіпбекұлы – 1915 жылы Торғай облысы Амангелді ауданында (бұрынғы Батпаққара) дүниеге келген. Сол ауданның сыйлы тұрғыны. (*Менің естуімше Қараш М. Есполов, Рахымжан Тайқоңыров, белгілі жазушы, журналист, қоғам қайраткері – Сейіт Кенжеахметовтың туысы. – Г. Д.*) Қараштың жастайынан басынан кешкен – тар жол, тайғақ кешу азапты кезеңдері бір басына жетерлік аз болмаған. Қараш ақсақал Міржақыпты соңғы рет көрген куәгер. Сондықтан тарихи кинофильм «Міржақыптың оралуына» түсірілді.

Зиялылардың тұқымдарын қалдырмай құрту саясатын қолданған Сталиннің баскесерлері 12–14 жасар ұлдарға шейін түрмеге қамап, ит жеккенге не Ақтеңіз аралдарына айдағандары белгілі. Міне, соның бірі – Қараш Жүсіпбекұлы. Міржақып 1931–1932 жылдары Ақтеңіздегі Соловки аралындағы лагерде болған уақытта бір жас қазақ жігіті сәлем беріп, қасына келеді. Бұл он алты жасар Қараш Міржақыптың жерлесі, торғайлық болып шығады. Танысып-біліскеннен кейін Қараш: «Аға, Сіз осы кездесуімізді есте сақтай жүретіндей – сөз айтыңызшы», – деп өтінеді. Баланың көңілін жықпай, сол сәтте оған арнаған өлеңін жазып беріпті.

Өлең оны бізге жеткізуші Ғазиз Әмірханұлы қажының «Торғай тынысы» газетінде жариялаған мақаласынан алынды.

Ғазиз Әмірханұлы Қараш ағасының айтуымен: «Жақаң айтатын еді» дейтін мынадай тағы бір ауыз өлең жазып алыпты:

«Жаратқан Алла ием, сиынарым,
Ұғып ал, осы сөзді миы барың,
Қателік аз ғана күн қонақ шығар,
Көре жүр күйсіздікте күні барын...»

«Бақытсыз Жамал»

роман (1910)



Қазақтан шыққан талапкер,
Бұл кітапты қарап көр.
Таратуға халыққа оқып,
Боларсыздар себепкер.

СӨЗ БАСЫ

Мир-Якуб – төмендердің аласасы,
Сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы.
Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас,
Қазақша бір роман жаза салшы.

Үш жүзге біздің қазақ бөлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді.
Саны көп, сапасы жоқ, һәммеден бос,
Ғылымға мойын ұсынбай ерінеді.

Шет шығып сахарадан баспас қадам,
Болады бүйтіп жүріп қашан адам?
Бейхабар ғаламдағы хикматтан,
Тұтқындай қапастағы күні қаран.

Болмайды кемшіліксіз һешбір халық,
Бәрінен кейін қалған қазақ аныҚ.
Басқа жұрт біз секілді жалқау емес,
Ғылыммен қараңғыны етер жарық.

Шығып жүр һәр халықтың талаптысы,
Болмай ма талаптанған әлі-ақ кісі.
Қазақта жазылмайтын бір ауру бар –
Келмейді мінін айтсаң жаратқысы.

Кеудесін мырза десең көтереді,
Бардай-ақ құрт ауруы жөтеледі.
Шегінер халық пайдасы деген іске,
Деп айтшы осы сөзді бекер еді?

Оқуға емес жұрттың бәрі құмар,
Оқығаны романды не деп ұғар?
Демеймін жалпақ жұрттың бәрі кеще,
Мағынасын түсінетін бар да шығар.

Сонда да жұрттың бәрі біле бермес,
Сөз болар жақсы-жаман бәрі кеңес.
Мақсаты романның – халық түзетпек,
Жазылған ерікkеннен ертегі емес.

Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,
Бақытсыз бір қыз екен осы шақта.
Біреуге хас нәрсе емес һәм болған іс,
Жайылған бұл бір ғұрып һәр қазақта.

Айырсын оқушылар мағынасын,
Жай ғана хикая деп қарамасын.
Көрген кім шариғаттан деген сөзді:
«Қор етіп әйел халқын аямасын».

Сатады қызды қазақ мал орнына,
Алмайды халал жұпты жар орнына.
Әйелді хайуанға қисап етіп,
Тұтады өзін ерлер хан орнына.

Байқашы өзіңе-өзің отчет беріп,
Бақытсыз Жамал қызды оқып көріп.
Қазақтың һәр жерінде бар емес пе,
Хисаплап уақиғаны көрсең теріп?

Бұл сөзді оқып көрер қолына алған,
Иншалла, хақиқат-дүр, емес жалған.
Тыйылып мыңнан бірі қиянаттан,
Көрсе екен ғайібләрін һәркім қылған.

Қазақша роман жоқ басылған көп,
Бұл күнде халық ішінде шашылған көп.
Қадари хал білгенімше мен де жаздым,
Тілеймін болса екен деп асырған көп.

I

Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан мал күйлі, бие ішті болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумалкөлге жағалай ауылдар қонып, былтырғы жұрттарына үй тігіп, көп ұзамай бие де байлады. Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар аралап қымыз ішеміз деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да асау тайларын үйретпекте еді.

Бір күні түс кезінде көлдің жел жағынан шаңдатып шауып келе жатқан бір орыс, бір қазақ көрінді. Балалар қашып үйге тығылып, үлкендер бұл екеуі қайда тоқтар екен деп тұрғанда, барды да Бекжан деген ауылнайдың үйіне түсті. Жарты сағат болмай-ақ, сол жайлаудағы елге «ертең ерте осы жерге крестьянский начальник келеді» деп мағлұм болды. Әлгі екеуі бірі стражник, бірі поштабай екен, төренің алдынан үй тіктіріп, лау байлатып, қой сойдыруға шыққан.

Ол түні ауылнай, выборнайлар ұйықтамастан қызметінде болып, таңертең ауылдан оқшауырақ жерде тігіліп қалған бір ақ үй, бір қоңыр үй көрінді. Сәске кезінде қоңыраулатып пәуескемен төре де көрінді. Алды-артынан етектері далиып, жалпылдап шапқан қазақтармен даярлаған үйге келіп тоқтағанда, мойындарына шынжырлы знак таққан ауылнай, билер неше мәрте шұлғып, қошаметпен, «тақсырлап» үйге кіргізді.

Сол арада жұмысы бар, жоқ болса да тамашаға жүздей кісі жиналып қалған еді, халықтың қазіргі әңгімесі: «Начальник не жұмысқа келді екен? Бәлки, биылғы Сатыбалдының арызы шығып қалған болар ма?» – десті. Бағзылары: «Жоқ, оның үшін неге келсін. Мәмбеттің болыстығын өзіне әперуге келген шығар...» – деп әрқайсысы өз ойындағысын айтып, даланы бастарына көтеріп, гүрілдесіп отырғанда маңдайынан тер шығып, бөркін қолына ұстап, үйден Бекжан шықты.

Жұрт бұған қарап:

– Қалай, ауылнай? Төре қызметке разы ма, не жұмыспен келген екен? – деп сұраған соң, ауылнай айтты:

– Әлхәмдүлиллә, өзімді бек мақтап, қолымнан қайта-қайта «спасибо» деп ұстады. Шыққан жұмысы бұл жерде емес, Қарасу станциясындағы Хохол қаласына барады екен,

мұнда қонақ болып, тыныгып, кешке жөнеледі. Өзі бек рақымды кісі көрінеді: «Шаруа қалай, ел арасы тыныш па?» — деп һәммәсін сұрады. Анау күнгі Көтібайдың мені боқтағанын айтқаным жоқ, оны айтқанда бәлеме болатын еді, не қылайын. Хасеннің көңіліне қарадым. Және де төренің бір жат хабары сол: «Қазақтан солдат алынбайды, бірақ мұжықтар секілді қала болам десең, 15 десятина жер беріледі, – деді. – Егін салыңдар, школ ашыңдар, ұлықтарынды сыйлап, бұйрықтарын орнына келтіріңдер», – деп насихат айтты.

Бекжан начальниктен тағы естігенін сөйлей бастағанда, әлгі топтанып отырған халыққа бір жігіт шауып келіп:

– Сүйінші, Сәрсеке! Шолпан жеңге аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты,– деді. Сол уақытта жастар «Сәрсеке» деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала демеңіз! – десті. Сәрсенбай:

– Жоқ, олай демеңіздер, мен қай бір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі,– деп орнынан тұрып, атына мініп үйіне қайтты.

II

Оқушылар! Хикаямыздағы оқиғалар жоғарыда айтылмыш Сәрсенбайдың үй ішіндегі кісілерден басталғаны себепті, анық аңлатпақ үшін, Сәрсенбайдың кім екендігін һәм қандай кісі екендігін жазамын.

Сәрсенбай һешбір ғылым оқымаған, момын, мал баққан кісі еді. Атасынан артық дәулет қалмаса да, берірек келген соң малы да жақсы болып, жылқысы жүзден асып, екі жүз, үш жүздеп қой да бітіп, қатардағы малды үйінің біріне қосылып еді. Бірақ мал жағынан көңілі хош болса да, Сәрсенбайдың жамағаты Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға мұқтаж еді.

Сәрсенбай бағзы уақытта өзі де һәм жаны ашитын жақындарының сөзімен де бала үшін бір тоқал алуды ойласа да, Қалампырдан аса алмай, әне-міне деп жүруші еді. Бір күні бір мәжілісте отырған уақытта бір құрдасының қымыз ішіп қызып отырып, әзілмен болса да, шынымен болса да сөз арасында: «Әй, кубас! Сонша малды айдап жүріп, дұрыстап зекет бермейсің, қажыға бармайсың, кім үшін жинап жүрсің? Ақырында Қалампырдан қорқып, тоқал да алмадың»,– деген сөзін естіп, ол күні үйіне бек мұңайып келіп, қатынымен сөйлеспестен жатып қалып еді.

Ертеңіне ауылындағы бір-екі ағайындарын шақырып алып:

– Міне, мен сіздерді шақырғаным, «үмітсіз – шайтан» деген, «мал бітпес жігіт болмас, құрарына қара, ұл таппас қатын болмас, тұрарына қара» деп, бұл уақытқа шейін сабыр етіп едім. Енді мен болсам қырықтың екеуіне келдім. Қалампыр да биыл отыз үште. Қатыным! Пайғамбардың сүннәті ғой, сен де рұқсат бер, ағайыным, сіздер осы жұмысты қолға алындар, міне, біраз қанағат бар ғой. Мен енді бел байладым, – деп ақырғы сөзін мағлұм етті. Қалампыр қанша ұнатпаған болса да, бұл сапарда Сәрсенбай да, һәм басқалар да бір ауызды болып сол жерде-ақ уағда қылғанын көріп, іші суып, енді сөйлегенімен қолдан һеш нәрсе келмесін біліп:

– Не қылсандар ықтияр. Әуелінде де мен тоқал алма деген жерім жоқ, маған несін айтасындар?!–деп түсі бұзылып, үйден шығып кетті.

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай бір қыз айттырды. Өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде Жарас деген молланың бір ұл, бір қызы бар екен. Молла опат болған соң, қатынын бір жақын кедей әменгері алып, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді. Сәрсенбайдың айттырғаны осы молланың қызы Шолпан еді. Шолпанның жасы он төртке жетіп тұрған соң, Сәрсенбай малын түгел беріп, келер жылында алып та қойды. Марқұм Жарас молла тірі уақытында Шолпанды өзі оқытып, құраннан екі шығып, азырақ хат та танып қалған еді. Қалампыр һәр уақыт Шолпанды күндестікпен сөзімен де, қолымен де ренжітіп жүрді.

Шолпан он жеті жасқа келгенде, манағы Сәрсенбайдан топ ішінде сүйінші сұраған қыз бала тауып, Сәрсенбай қырық беске келгенде ғұмырында көрген баласы осы еді. Сәрсенбай зор қуаныштта болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді.

III

Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті.

Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді. Қыз деп айтқан адамдарға ашуланып та қалған күндері болды.

Бір күні Сәрсенбайдың үйіне ескі жолмен оқыған, дүниеде білмеген нәрселерім жоқ деп дұға қылушы бір шала надан молда келіп қонды. Молда тысқа шықпақшы болғанда, Сәрсенбай:

– Жамалжан, тұр, молданың кебісін сал, құман алып шық, – деп жұмсағаннан кейін молда тыстан келіп отырып:

– Бай, осы сіздің мырзаңыздың есімі қалай? Қыздың атын қойғансыз ба? — деді (Жамалды ер бала деп отыр екен). Сәрсенбай азырақ тоқтап тұрды да, күлімсіреп: «Тақсыр, мұның мәнісі бар, біз бастан кем кісі. Айымыз да, күніміз де осы Жамал болған соң, өзімізді-өзіміз алдап жүрміз», — деді. Молда бұл сөзге түсініп, біраз ойланып отырды да:

– Сәрсеке! Көңілге солай екені дұрыс та ғой, ләкиінде шариғатта балаға тұлым қою дұрыс емес. Және де бай қызы тоғыз жаста балиғ болады. Соның үшін намаз үйретіп, оқытып, шашын да қойыңыз. Сіздің мұныңыз алла тағаланың бұйрығына көнбеген секілді болады. Олай болғанда, зор күнә табасыз. Бірақ оқытқанда хат жазып кетерліктей де оқытпаңыз, хусуса жәдид молдалардан оқытпаңыз, не үшін десеңіз, олар әуелі дін, иман білгізіп, намаз оқытпай, «Иман шарт», «бәдуәм», «әптиек», «әйжіктерді» былай қойып, орыстарша а, б, т, деп орыстың ісін қуаттап, баланды бұзады,— деді. Сәрсенбай өзі надан, «молданың өкшесі қисық деген кісі де күнәлі болады» деп жүрген кісілердің бірі болғандықтан, тек молда есімін көтерген кісі болып, біліп-білмей айтса да, мынау шариғат деген сөзге көз жұмып нанушы еді. Сол себепті алла тағаланың әмірі ғой, бұл молданың шариғаты да дұрыс екен деп, Жамалды қызша киіндіріп, шашын жіберіп, оқытуға да разы болды. Анасы өзі азырақ та болса оқып, ғылым қадірін білген соң, бұл сөзге қарсы тұрмады. Сәрсенбайдың үлкен қатыны Жамалды жантәнімен жақсы көргенсіп (тоқалдан туған қызды іші жек көріп тұрса да):

– Ойбай, молдеке, ол не дегеніңіз. Жамал қарағым тым болмаса он беске келсін, сонда шаш қоярмыз, – деп өршеленген болды. Мұнан кейін кешікпей қызша киіндіріп, шашын өсіріп, бұрынғыдай ер бала деп көңілдерін жұбатқанды қойды.

Манағы молданың насихаты есінде жүріп, бір күні Сәрсенбай қатындарымен ақылдасты:

– Ахметжанның молдасынан оқытуға екі шақырым жерге Жамал барып-келіп жүре алмайды. Онан да бір жастау молда жалдап алсақ қайтеді? Жамалдың себебімен ауылдың балалары да оқыр, өзіміз малдың зекетін берерміз, ақысын ауылмен бірдей көрерміз, – деді. Бұған қатындары да һәм солай деп айтқан соң, ауылы да разы болды. Бір-екі айдан соң жазғытұрым уақыт еді, бір күні ауылға бір шәкірт

келіпті, молдалыққа тұрады екен дегенді естіп, Сәрсенбай соған сөйлесуге келді.

Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен. Қазақ ішінде қымыз ішіп, күзгі тәхсилге қаражат жинап алу үшін мұғалімдікке шыққан Ғазиз есімді ноғай жігіт, жасы жиырма екілерде – ашық пікірлі, ұсұл тағлымынан жақсы ғана хабары бар еді. Екі жылдай қазақ ішіне шығып, қазақтың сырын білгендіктен және де Сәрсенбайдың пікірін аңғарып сөйлескен уақытында өзін шіп-шикі ескі жолмен оқыған хадимі етіп көрсетті. Себебі ол: «Аз уақытта мен бұларды түзей алмаспын, онан да бұларға хилаф келмей, өйтіп-бүйтіп қаражат жинап алайын», – деп ойлады. Сәрсенбай шәкіртке айтты:

– Өзіміз бір ауылда жеті-сегіз үйміз, бес айға жиырма бес сом ақша береміз. Сөзді ашып айтқан жақсы, мен өз басым малымның кірін беремін, басқалар өзі біледі, ал кемпір-мемпір құлап қалса, өз талайыңнан, – деп күлді. Сол үйде осы ауылдың өз молдасы да отыр еді, соған қалжыңдап анау жерде отырған бір жігіт сөйледі:

— Біздің Қасен молдадай қанды қақпан болса, бұл молда да теріс болмас. Біздің молда Торқа бәйбіше мен Жаппардың баласы өлгеннен бері дәндеп, күнде бір келе жатқан кісі болса, намазға шақыра жүр ме деп, қарап тұратын болды, — деп үйде отырғандарды ду күлдірді. Біраз сөйлескеннен кейін Сәрсенбай шәкіртпен келісіп үйіне алып қайтты.

IV

Уәделері бойынша мұғалім һәмән Сәрсенбайдың үйінде тұратын болып, Сәрсенбаймен бірге еріп келіп, бір үлкен боз үйге кірді.

Сол минутта-ақ ауылдың адамдары жиналып, Қалампыр бәйбіше сабадан қымыз құя бастап, Сәрсенбай да Жамалға:

– Тұр, қарағым, молдекеңе мал әкел! – деп әмір етті.

Жамал атасына бір қарап тысқа шығып еді, соңынан кешікпей Сәрсенбай да шығып, Жамалға ақырын сыбырлап айтты: «Анау күнгі жанбасы құрттап жүрген көк қозыны әкел, үйге кіргізерде кескегін алып таста! Ұқтың ба?»–деді. Жамал да: «Ұқтым, ұқтым», — деп жүгіріп кетіп, жарты сағат болмай айтылмыш қозы бата қылынып сойылды. Жиылып отырған кісілер мұғаліммен кеңесе бастап, үйдің жабығынан қыз-қатындар сығаласып тұр еді. Бір қатын:

– Өзі қалай, орыс секілді ғой, – деп екінші қатын:

– Осы ноғайлардың шұлдірлеген тілі құрысын-ай,– деп, үшіншілері бір бойжеткен қызға қарап:

– Ұрғашыға сүйкімді жігіт екен,– деп қалжыңдасып тұрды. Үйдегілер де уақытты босқа өткізбей, алды бес аяқ, арты екі аяқ қымыз ішіп:

–Молда, қайда оқыдың, дәрісің не, қай қаланікісің, затыңыз ноғай ма, башқұрт па, неше жасқа келдің, атаң бар ма, бұрын қазақ ішіне шығып па едіңіз, жамағат бар ма?– деп, үсті-үстіне керекті-керексіз сөздерді сұрап, мұғалімнің басын қатыра бастады. Әл-хасыл осы секілді мәжіліспен отырып, сойылған малдың етін жеп, халық тарады. Екінші күні мұғалімге бір қос тігіп беріп, он шақты шәкірт жиналып оқу басталды. Бұл шәкірттердің бір-екеуі болмаса, басқалары бұрын ешбір қаріп оқымаған еді. Мұғалім қанша ұсылжадид тәртібіне оқытпақшы болып ойласа да, бала иелері:

– Молда! Балаларға иман, намаз үйрет, бұрынғы молдалардың оқытқан кітабын оқыт, біздің балаларға сол жетеді, басқалардың керегі жоқ, – деген соң, лажсыз олардың тілегенін оқытты. Бұрынғы оқымаған балалардың ішінде ең зейіндісі Жамал болып шықты (Жамал осы майда тоғыз толып, онға қарап еді).

Бір ай өткеннен кейін мұғалім Жамалдың зейініне қызығып, Шолпанға айтты:

– Жамалды ұсылжадидке оқыта бастасам, аз уақытта хат жазып кетер еді, бірақ бай ұнатпайды ғой, – деп. Шолпан тұрып:

– Молдеке, біздің отағасының сөзін не қыласыз, ақырын оңашада жасырып хат жаздырып үйрете беріңіз,– деді. Мұғалім бұл жауапқа бек қуанып, сол күннен былай, шәкірттер тарап кеткен соң, Жамалға күнде бір-екі сағат хат жаздырып үйретін болды. Үш жарым айда Жамал мұғалімнің ыждағаты, өзінің өткір зейіні саясында хат танып, жазарлықтай болды. Мұғалім әпенді сол жолмен бес ай оқытқанда, Жамал бек әйбат болып, түрлі кітаптарды оқитұғын болып қалған еді. Сентябрьдің ақырында мұғалім Уфаға қайтып, Жамал да оқуын тоқтатты. Мұғалім Сәрсенбайдың үйінде тұрған уақытта Шолпан бір ұл перзент тауып, сол себепті «аяғы құтты» болды деп, мұғалімді Сәрсенбай жақсы қаражатпен қайтарды. Сәрсенбай жаңа туған баласының есімін осы молдадай жігіт болып, өзі де молда болсын деп Ғазиз қойды. Мұғалім қайтып кеткен соң Сәрсенбай енді бір молда ұстаймын деп ертең-бүгінмен жүргенде қыс та болып қалып және де әркімнің:

– Енді жарар. Жамалды оқытпай-ақ қой, он екі пәнді түгел білсе де, әйел бала дәріс айтып елге бас болмас,– деген сөзіне

Сәрсенбай айналып, тіпті молда ұстамай қойды. Ауылындағы басқалары, һәр қайсысының дәулеті шағын болғандықтан, шамасы келмейтін болды.

Жамалдың ғұмырындағы оқуы осы бес айлық қана болып, хат жазарлықтан әрі аспай тоқтады. Мұғалім кеткеннен кейін Жамал һәмән қисса оқитын болып, атасы да тыңдаудан жалықпаушы еді. Үйге бір қонақ келіп қонса да:

– Жамалжан, қонағыңа қызмет ет, қисса оқы, «Сал-салың» қайда, «Қыз Жібегің» қайда?– деп, куә болып отырушы еді. Жамал да ерінбей, қиссаларды басынан аяғына шейін оқып тастаушы еді. Жамалдың оқымаған қазақ қиссасы бек аз еді. Ел аралаған мелішші саудагерде нендей жаңа қисса болса, атасы оған шығынсынбай алып беруші еді. Жамалдың бір кішкене сандығын ашып қараған кісі: «Сал-сал», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Қисса уақиға Көр бала», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны», «Ноғай мен қазақтың айтысқаны», «Ақсұлу», «Айман – Шолпан», «Бозжігіт», «Шәкір – Шәкірат», Ақмолда, Нұржан, Әбубәкір молданың өлеңдері һәм басқа сол секілді кітаптарды көрер еді. Хәттә Жамал сол қиссалардың бағзыбір өлеңдерін жатқа да біліп, бір ойынға бара қалса: «Жамал, өлең айт» дегенде тартынбай айтып салушы еді. Осындай қиссаларды оқумен һәм ел ішіндегі айтып жүрген қыз-бозбаланың өлеңдерін жазып алумен, молдадан оқып жүрмесе де, жазуын күннен-күнге дұрыстап бара жатты. Жамалдың осындай зеректігі ауызға ілініп, он жасына жеткен уақытында әркімдер: «Сәрсенбай үйінде бір жақсы бала бар» – деп айттыруға қызыға бастап және де Жамалдың анасы ақылды, көркем қатын болғанға, «анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген мақалды да еске тұтып сөйлеуші еді.

V

Бір күні бие ағытар уақытта, ауылдың сыртындағы бір төбешікте құпия сөйлесіп үш кісі отыр еді. Оның бірі мағлұм Сәрсенбай, екеуі — сол елдегі атқа мініп жүрген, ел арасы тыныш болғаннан даулы, сөзді болғанын артық көретін пысықшалау адамдар еді.

Әлгі екеуі Сәрсенбайға қарап: «Сәрсеке, бұл заманның өзі қорыққанды сыйлайтұғын заман болды, азырақ дәреже біткен кісі бай қара кісіні кісілікке алудан кетіп барады. Сол себепті біздің сізге айтқалы келген сөзіміз: алла тағала сізге біреуден артық, біреуден кем дәулет беріп, екіншіі мынау бір жаман немеңіз бар. Бұл заман екі айналып келмес, бір

күндерде малың шағын болып, басқа да зар болдыңыз, «құбас» деген сөзді естіген күніңіз болды. Енді тәуекел деп, атыңызды бір шығарып қалсаңыз қайтер екен? Міне, сайлауға да үш ай қалды. Көп болса, үш жүз теңге шығар. Сіз мақұл көрсеңіз, біз өзімізге қараған Құрман болып билікке сайлағымыз келеді, халық сөзді бір сапарға қалай тастап кете қояр екен деп ойлаймыз. Өзіміздің Нұрпейіс би ризалығымен берсе, жолын алар, болмаса тәуекел деп шарға түсерміз, — деп, неше түрлі тәтті сөздермен құбылтып, Сәрсенбайды азғыра бастады. Сәрсенбай қанша момын адам болса да, сөзге бұрылмайтын пенде бола ма, дәулетке қызығып, біраздан соң: «Өздерің біліңдер», – деп жауап қайтарды. Бұл мәжілістер бір мәрте болмай, бірнеше күндер ақылға салынып, ақырында Сәрсенбай билікке таласпақшы болды.

Сайлау жетті. Сәрсенбай әркімге жомарттанып ат майын бере бастап, сойысы да артылды. Сап ақшадан төрт жүз теңге жұмсалып, шарға түскен уақытта Нұрпейіске он тоғыз шар, Сәрсенбайға он төрт шар шығып, біздің жаңа талап босқа қалды. Бұл істің бұлайша сағаты болмауы да — сол елде жұртқа қадірлі және де болыспен құда Байжан деген кісі еді. Шар салардың алдында Байжан выборнайларға:

– Сіздер шарларыңды Нұрпейіске салыңдар, жаңа байыған бір Құрманның болғанынан алашқа сөйлескенде намыс жібермейтін, елдің белін сындырмайтын Нұрпейіс артық емес пе? – деп айтып отырғанын сол сағатында-ақ Сәрсенбайға біреу келіп жеткізіп еді.

Сәрсенбай салы суға кеткен кісідей болып үйіне қайтты. Көп расход шықты (Ұл жеп жайына, қыз жеп байына кетті). Қасындағы әуелгі тыныш жатқан Сәрсенбайды билікке таласуға қыздырған достары:

– Қап бәлем, келер сайлау болсын! – деп қайрат берген болды. Осылайша сайлау тарқап, бес-алты ай да өтті. Бағзы уақыттарда сайлау еске түсіп, шығындарын һәм намысын ойлағанда, Сәрсенбай іші күйіп, хәттә енді сондағыдан екі есе шығындалсам да дегеніме бір жетсем, арманым қалмас еді деген секілді пікірге де келіп қоюшы еді.

VI

Жоғарыда айтып өткен Байжанның он жеті жастарға келген Жұман дейтін бір таз һәм ақылсыз баласы бар еді. Сол елде екі-үш Жұман есімді жігіттер болғанға, бірін – «сары Жұман», бірін – «тапал Жұман», Байжанның баласын – «таз Жұман» деуші еді. «Ата данқымен қыз өтеді, мата данқымен

бөз өтеді» деп, Байжан өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді. Бір күндерде Байжан мәжіліс арасында: «Жұманға құда болатын лайықты жер білгендерің бар ма?» деп сұрап отырғанда, біреу тұрып:

— Биылғы Нұрпейіспен билікке таласатын Сәрсенбайдың бір жақсы баласы бар, шешесі тәуір кісі – Жарас молданың қызы, өзі оқыған бала, қазірде он-он бірге келсе керек, — деді. «Олай болса, бұл ескеретін жер екен» деп Байжан ішінен ойлап қойды. Көп ұзамай Байжан Сәрсенбайға «құдай қосса, құда болайық» деп бір кісі жіберді. Бұл хабарды есіткеннен соң Сәрсенбай үй ішіне ақылдасып көріп еді, үлкен қатыны ұнатып, Жамалдың анасы Шолпан ұнатпады. Сөйтсе де өткен сайлаудағы Байжанның Нұрпейіске болысып, өзін құр тастағанын ойлап, Сәрсенбай құдалық себебімен келесі сайлауда би болмаспын ба екен деген ойға кіріп, өзін билікке таластырған достарына ақылдасты. Бұлар естіген жерден:

– Құдай берді, әйде, қайырлы болсын, құда болыңыз, қызды қырғызға да береді. Байжанның баласын жұрт пәлен-түген десе де, асылдың тұқымы ғой, әлі-ақ өскен соң түзеліп кетеді, – деп өзі босап тұрған Сәрсенбайды құда қылуға айналдырды. Жалғыз-ақ Шолпан неше күндей көнбей:

— Жамалды өзінің теңіне береміз. Байжанның баласы жаман дейді, атасының байлығы не керек, — десе де, Сәрсенбайдың құлағына кірмеген соң:

– Екі дүниеде Жамалдың обалы саған болсын, би болмақ тұрсын, патша болатын болсаң да Жамалды неғып сондай жаманға қиып бермекші боласың?–деп көзінен жас төгіп, үйден шығып кетті. «Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа» деген осы деп, Сәрсенбай басқа сөз айтпай, ішінен мыңқылдап отырып қалды.

Сәрсенбай бұрын Жамалды жақсы көріп, өзінің теңіне беремін деп жүруінде һеш шүбә жоқ еді. Бұл сапарда сайлаудағы шыққан шығын, кеткен намыс һәм ілгерідегі үміт һәммасы қосылып, оның үстіне көлденең кісілердің сөзі де қамшы болып, «не қылса да Байжанмен құда боламын», – деп жауап қайтарды.

Бір айдан соң батасы қырық жетінің малы, екі жүз теңге ақшаға келісіп, Байжан келіп құда түсті. Сүйіп болған құдасын Сәрсенбай китке разы қылып қайтарды. Құда болғаннан кейін белгісіз біраз заман өтіп, Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, салтанат үшеуі бір-біріне муафиқ келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Бұл айтыл-

мыш артықшылығының үстіне Жамал сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады.

Осы елде бір қыз ұзатқан той болып, кешке ойынға жұрт жиналып еді. Бес-алты талапты бозбалалар жиналып:

– Осы Жамал жас та болса өлеңге де, қарасөзге де бек пәле болып барады, бүгін кешке бір өзіне өлең айтып, бетін қайтаралық, – деп, һәммасы ақылдасып үш ауыз өлең шығарып, өздерінің арасында бір пысықтау жігітке Жамалдың қасында отырып айтуға тапсырды. Бұлар Жамалдың күйеуінің жамандығын бетіне баспақ болып, өлеңдерін де сол мағынада шығарған еді. Түн болып, ойын басталып, манағы жігіт әуелгі планы бойынша өлеңін әбден жаттап алып, Жамалдың қасында отырды. Бір мезгілде бұл жігітке де өлең айт деп реті келгенде, баяғы үш ауыз өленді Жамалға қарап, домбырамен әнге салып қоя берді:

Домбыра қолыма ұстап, бастым перне,
«Нұр жауар – деген сөз бар – талапты ерге»
Жасымнан бай баласы бұлғақтаған,
Жаман қыз олай-пұлай маған тең бе.

Білгенге – ишара сөз жетер деген,
Білмеске – сөзі қор боп кетер деген.
Есекке арғымақты қосақтасаң,
Өтпей ме ғұмыр зайғы бекер деген.

Алыстан ат терлетіп келдім тойға,
Жақсымен сұхбаттаспақ болып ойда.
Қу ілген қыран бүркіт біз боламыз.
Теңгеріп жүрме, құрбым, тұрымтайға.

Жамал бұл өленнің мазмұнына түсініп және де өзіне бұл жігіттің ойынан өлең айтарлық өнері жоғы мағлұм болған соң, әуелі бір ауыз өлең айтайын, сонда не дер екен деп айтқаны:

Сөзіңіз бек мүләйім, ақын аға,
Өнерге жас күніннен жақын аға.
Беруге қалай жауап білмей тұрмын,
Түсіндір сөзіңіздің, затын, аға?...

Бұл тойда отырғандар енді Жамалдың мына сөзіне жігіт не айтар екен деп тегіс тыңдап отырып, «қане, сөйле, мырза!» деген һәр жерден дауыс шыға бастады. Әлгі жігіт өзінің бар жатқа үйренген үш ауыз өлеңін бітіріп алып, Жамалдың мына сөзіне муафиқ жауап қайтара алмай ұялғаннан қызарып, манағы өлең үйреткен жігіттерге жалтақ-жалтақ қарай берді. Сол уақытта Жамал көкірегін кернеп, мына өленді айтты:

Ағадан сөз қайтпады қарындасқа,
Жігіттен сіздей жауап табылмас па?
Бітсе егер өлең шіркін, бойға қайнап,
Жауапқа сіздей ғазиз тартылмас та.

Болған соң үйретінді бір-екі ауыз,
Айтуға сізге, ағатай, ұнамас та.
Есек пен арғымақты мысал қылып,
Әпендім, білгеніңді бетке баспа.

Пендесі хақ жаратқан емес бірдей,
Хан, қара, би, төре мен кәрі-жас та.
Намысы бөріктінің бір деген бар,
Білсеңіз, сізге ұят, бұл рас па?

Замандас, жақсы сөзді табип деген,
Құрбыға бір себептен бітсе хаста.
«Бір сырлы, сегіз қырлы» көрінесіз,
Тағы да білгеніңді айтып таста.

Һәр жерде құрбы ішінде Жамалдың осындай шешендігі көріне бастап жүргені секілді, бұл сапарда да халық Жамалды мадақтап, «екінші Сара мұнан шықты, енді мұнымен айтысарлық Біржан қайдан шығар екен» деп тарасты.

VII

Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп (хәтта бір тойда көрсе де керек), көңіліне күннен-күнге уайым, қайғы түсе бастады. Жамалдың бұл қасіреттерін көбейтуге себеп болған Жұманның жамандығынан құрбы арасында күлкі болған істері еді. Мысалы: Жұманды үйі қант-шай, ғайыры нәрселер әкелуге қалаға жібергенде, жолда терілерін алыпсатарға сатып, он теңге алтын орнына алданып, бір тиын жаңа бақыр алып келуі еді. Һәм елде бозбалалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің босағасында ұйықтап

қалғандықтан, қыздың әкесі таңертең: «Тұр балам, ұйқың қанған шығар», – деп үйіне жіберуі еді. Мұның һәммәсін Жамал естіген еді.

Ата-анасы зарыққанда көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. Өзі теңдес қыздардың күйеулерін салыстырып қарағанда, Жұманнан нашары жоқ еді. Басқа шет елдерден күйеуіне разы болмай, екінші жігітпен қашып кетіпті дегенді естігенде, ішінен ойлап: «Олар да мен секілді бейшаралар ғой»,– деп аяушы еді. «Олар секілді бір жігітпен көңіл қосып қашсам, пәленшенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын. Разы болып Жұманға барсам, ғұмырымша қор боламын ғой», – деп қайсысын істеуге ақылы жетпей, бағзы уақыттарда түн бойы ойлаумен ұйықтамай да шығушы еді. Һәр уақыт осындай уайымда болған соң Жамал жүдеп те кетті. Ата-анасы:

– Қарағым, сен неге жүдеусің?– дегенде:

– Жай, басым ауырады, – деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдарда болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: «Биыл баламды ұрын жіберемін»,– деп сәлем келді.

Бұл хабарды естігеннен кейін Жамалдың қайғысы бұрынғыдан үш есе артты деуге лайық болды. Жамал қанша ішінен қапаланса да, басқа бір кісіге айтуының ебін таба алмай, бір күні қолына қағаз бен қарындаш алып, «тым болмаса көңілімдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен», – деп, өз басындағы халіне біразырақ өлең жазып еді. Шешесі Жамалдың бір қағаз жазып отырып, қасына бір хат танитын кісі барса, жасыра қойып жүргенін көруші еді. «Бұның жазып жүргені немене?» – деп, Шолпан азырақ шүбәланып, Жамалға білгізбей, оңашада Жамалдың қалталарын ақтарып, онан еш нәрсе шықпаған соң қағаз, кітап салатын сандықшасын қараса, бір кітаптың арасынан мынау өлең шықты. Манағы Жамалдың жазып жүргені сол екен.

Алланың рақматына созамын қол,
Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол.
Ашылып біздің басқа түскен тұман,
Шаттықпен өткіз деймін – тілегім сол.

Сыртым сау, ішім түтін қапалықта,
Бұл күнде көңілім жүдеу, қасіретім мол.
Тереңге түсіп кетем, ұстар тал жоқ,
Бір алла, жалғыз өзің жәрдемші бол!

Бақшада сайрап жүрген сандуғаш ем,
Кез болды мен сорлыға құрылған тор.
Көл болып көздің жасы өткенім ғой,
Болмаса арылмаған мандайда сор.

Жайлаған аққу едім шалқар көлді,
Бұл күні көрініп тұр жаман да зор.
Оралдың ілер деуші ем ақиығы,
Шынымен жапалаққа болам ба қор?!

Мен қайран атам малға сатқанына,
Бір тазды жалпақ елден тапқанына.
Аты өшіп тумай кеткір Жұман деген!
Мал беріп, мені өзімсіп жатқанына.

Атанып бай баласы қара басқыр –
Жұманның не берерсің мақтанына?
Қазақтың күллі ғайып ғадетінде
Түскенім бар қасқырдың қақпанына.

Атама мен не жаздым қор қылғандай,
Болмаса бір мінезбен жақпадым ба?
Жасымнан тәрбиелі хан қызындай,
Қасірет ақырында тартқаным ба?
Әлпештеп ұлдан артық қыз басымды
Өсірген атама обал артқаным ба?

Бұл сөзді оқып көрген соң, анасының көзінен азырақ жас кетіп, қызының мұндай қайғыда жүргенін біліп, әлгі қағазды да орнына салып қойды. Енді Шолпан Жамал қанша уайымда болса, сонша қайғыра бастап, бір күні түнде төсекке жатқан соң Сәрсенбайға сөйледі.

– Құданың құдіреті, әуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың, міне, көрмеймісің, Жамалжан өзді-өзінен азып, жүдеп кетті. Осы қалпымен қор болып кетсе, екі дүниеде бізге разы болар ма, біздің ата-аналық хақымыз мойнымызда емес пе? — деді. Сәрсенбай не айтарын білмей:

– Сөйтіп жүр ме, сөйтіп жүр ме? – дей берді. Шолпан ашуланып:

– Сөйтіп жүрмең құрысын, өз басында еркін жоқ, әркімнің қыздырған тіліне еріп, ақырында Жамалдың көз жасына қалып отырмыз. Ата-бабаң істемеген істі қыламын деп би болғансып, бір жылдың ішінде, қане, шыққан мүйізің? – деді.

(Сәрсенбай әуелі таласып болмай қалғаннан кейін, келер сайлауда құдасының себебімен би болса да, бір жылға жетпей съезд уақытында бір кісіні боқтап, қамшымен салып қаламын деп, билігінен түсіп қалған еді.)

Сәрсенбайдан берекелі жауап шықпаған соң, Шолпан тағы да сұрады:

– Енді өстіп Жамалды сүймеген кісісіне береміз бе? – деп. Сонда Сәрсенбай қайраттанып:

– Осы ит не былшылдап отыр? Құдайдың жазғанынан артық не қыламыз, екінші кісіге береміз десең, Байжан болыстармен қосылып, біздің жанымызды қоя ма? Малымыздан құрық, басымыздан сырық түсіре ме? «Қатын — дұшпан» деген осы, болмаса бұл сөзді айтар ма едің, — деді. Сәрсенбайдың жуас, қорқақтығы Шолпанға бұрыннан мәлім һәм бұл сапарда да пікірі тамам көрініп қалған себепті, енді бұл тұста Сәрсенбаймен ақылдасып, бастарына түскен уайымды бөлісуден үміт үзіп, сол түннен былай Жамал хақында Шолпан Сәрсенбаймен һеш нәрсе сөйлеспейтін болды.

VIII

Бас аман, малы түгелдердің көңілі шаттықта, Жамалдың көңілі һәмән қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді. Жамал қанша қайғылы болса да, сырын халыққа білгізбес үшін һәм жабыққан көңілін көтеру үшін, қыз-бозбала жиналған ойын-тойдан қалмаушы еді. Және де Жамал болмаған ойынның қызығы аз секілді көрінуші еді.

Қыс ортасы болған еді. Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. Атырабындағы ауылдың қыздары тамам келіп, Жамал да әзір болды. Ағаш үйдің кең бір бөлмесіне төрінен есігіне шейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық әлі қалмаған болғанға бір қыз, бір жігіттен қатар отырғызатын әдет бар еді. Жиылғандар бірі өлең айтып, екіншілері қалжыңдасып, ойын әлі қызып бастала қоймаған уақытта есіктен: «Кеш жарық!» – деп, бір-екі жігіт кіріп келді. Бағзы бозбалалар:

– Міне, бір сыпайы жігіттер келді. Қай жерге отырғызамыз? – деп ақылдаса бастап, көп кешікпей біреуін Жамалдың қасына әкеліп отырғызды. Бұл жігітті біздің Жамал танымайтын еді. Ләкін Жамалдың қасына отырғызудан бір тәуір жігіт екендігі аңланды. Бұл жігіт отырып болған соң, үйдегілерге қысқа-қысқа сөзбен амандасып, соңынан Жамалға қарап:

– Сіз де сәламатсыз ба?– деп қойды. Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мұрт

шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір зат еді. Көлденеңнен қарап салыстырғанда бұл үйдегі жігіттердің абзалы Ғали, қыздардың абзалы Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары да бек жарасып кетті.

Ғали бір болыста басқа ауылнайға қараған Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Жасынан талапты болып Қызылжар, Троицкідегі медреселерде оқып жүріп және де частный учительден оқып та, орысша азырақ сөйлеп, жазарлықтай шамасы бар еді. Мұсылманша жақсы оқыған болса да, елге шығып молда болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ саудаға айналысып еді. Атасы бай адам болмаса да, Ғали инабатты жігіт болып, һәрдайым алыс-беріс істерінде уағдасында опасыл болғандығы көрінгенге, байлар шамалап несие беруден тартынбаушы еді. Әуелгі уақыттарда оқуда болып, бұл уақыттан саудамен жүрген себепті елде тұруынан тұрмауы көбірек болып, өзін халық, халықты өзі анық танымайтын да еді. Тек сыртынан Дүйсебектің баласы талапты, еті тірі жігіт, қысы-жазы үйде отырмай оқу оқып, кәсіп қылады деуші еді.

Жаңада өткен бір жәрменкеде алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жүз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайынды аралап амандықта жүргенде, осы ойынға кез келген еді. Ғали Жамалмен қатар отырған соң, бір-бірінің халін һәм кім екендіктерін сұрап-білісті. Ғали Жамалдың бұрынғы көріп жүрген жігіттерінен сөзге ұстарақ, сұраған сөзіне толық жауап қайтарып һәм өзі де ләззатты сөздер сөйлей бастағанға маңайындағылардың не істеп, не сөйлеп, не ойнап жатқанын естімеген секілді ұмытып, шын ықыласпен кеңеспек те еді.

Әр түрлі ойын болып, ақырында «Бұғыбай», «Мыршалай – мырыш» деген ойындар тамам болған соң, бір жігіт бір белбеуді есіп алып:

– Енді, әлеумет, өлең айтасыңдар, айтпасаңдар, айтпағандарына мінекей, – деп, қолындағы есілген тоқпақтай белбеуін көрсетіп қорқытып, аралап жүре бастады. Білген қадарынша Ғали мен Жамалдан басқа бозбалалар өлең айтып жатса да, өлеңдері қашаннан бері айтып келе жатқан ескі өлеңдер еді. Мысалы:

Біздерде өлең де бар, өнер де бар,
Байларда мінілмеген дөнен де бар, –

деген секілді, соның үшін артық ләззатты болмағанға, жазбадым. Енді өлең айтуға рет әуелі Ғалиға, сонан соң

Жамалға келіп еді. Ғали домбыраны әкеліп ұстатқанның соңында: «Менің өлең айту әдетімде жоқ еді, білмеуші едім, – деп күлімсіреп отырып: – Қайыр, енді көңілдеріңіз қалмасын», – деп көркем әнмен домбыраға дауыс қосып сөйледі:

Ал сөйле, келді кезек енді, Ғали,
Керілмей ұста қолға домбыраны!
Рух берген мәжіліске қызмет көрсет,
Сайратып тіл мен жақты болса халі.

Өнерің болса ішінде шығар сыртқа,
Бұл жерде жасырудың болмас мәні.
Қандырып құлақ құрышын тыңдаушының,
Жарайды, міне, жігіт, десін пәлі!

Секілді райхан гүл бақшадағы,
Уылжып жігіттіктің тұрған шағы.
Таба алмай айтар орын жүруші едің,
Естірткі жат елдердің болса әні.

Нақышпен сандуғаштай жүз құбылтып,
Даусыңды түрлендірсең келер сәні.
Жастықта сауық-сайран еткен күнің,
Емес пе жігіттіктің раушаны?!

Тыңдаушы асыл сөзді табылғанда,
Айтушы тартынар ма және тағы.
Қадірлес құрбыларың жиналғанда,
Тарқасын разы болып сынбай сағы.

Жасымнан елде жүрмей, өстім шетте,
Демесін кәне елді сағынғаны.
Құрбыңа жатырқамай аш сырыңды,
Жүйріктей бауыр жазып бабындағы.

Ұмытпа мысалды да деп айтылған,
Түлкіні тазы алады табындағы.
Болады не нәрседен және де ескер,
Жігітке абыройдың табылмағы.

Емес пе екі жүрек бірдей келсе,
Арада махаббат оты жағылмағы.
Мінеки, домбыраңыз, тоқтадым мен,
Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы!

Ғали бұл арада айтып болдым деп домбыраны Жамалға ұсынғанда, отырған халық: «Мырза, тағы айта түсіңіз?» — деп өтініш айтқан соң, Ғали тағы да мынау өленді айта бастады:

Жақсы қыз баға жетпес бір ғаyһар тас,
Он алты, он жетіге жеткенде жас.
Жәннәттің пісіп тұрған алмасындай,
Қол жетпес, қандай жігіт ләззат алмас.

Сұлу қыз рахаттың кілті емес пе?
Қолыңа түсіре алсаң, бар-дағы аш.
Тізілген меруерттей отыз тісі,
Нұрлы жүз, жайнаған көз, қиылған қас.

Шекеде камшат бөрік, киген асыл,
Сылдырлап алтын шолпы, иықта шаш.
Бұралған тоты құстай мүшелері,
Бозбала сұхбаттасқан болмай ма мас.

Қатасыз осы айтқандай болып тұрса,
Жолында сондай қыздың қияр ем бас.
Болатын мақсұт хасыл жол табылса,
Тәрік етіп қандай жігіт малын салмас.

Серт айтып уағдамен бел байласа,
Айтар ма жақсы жігіт жұртқа сыр фаш?
Талапкер бозбалаға айтқан сөзім,
Сөз емес мұның бәрі өзіме хас.

Кеудеде жанып тұрған оты жоқтар,
Қадірлеп бұл сөзімді демес рас.
Шәрбатын ғашықтықтың татпағандар,
Ант беріп айтсаң-дағы сірә нанбас.

Шаһбазлар сүйген үшін ізденуден,
Көрсе де нендей қорлық, бір тартынбас.
Жанған от, көздеген оқ тұрса-дағы,
Сескеніп ғашық үшін жүрек қайтпас.

Магниті сұлу қыздың күшті емес пе,
Жігітті көңілі сүйген қайтіп тартпас.
Астынан ақ тамақтың деміңді алсаң,
Мойныңа ақ білекті қайтіп артпас?!

Ғали бұл өленді айтып болған соң, отырған ретінше Жамал айтты:

Сөйле, тілім, шешіліп осындайда,
Құрбылармен бір жерге қосылғанда.
Отырмассың, үнемі төрде бүйтіп,
Еріксіз-ақ қоярсың тосылғанда.

Емес пе едім, япырым-ау, кеше бала,
Білетұғын жастықпен есті шала.
Белгісі жоқ екен ғой өткен күннің,
Қатар түзеп қыз болдық, міне, қара!

Қыз байғұс ел-жұртына келген қонақ,
Мысалы, қызғалдақтай ғұмыры шолақ.
Күн келер өз басынан ерік кетер,
Қалалық осындайда күліп-ойнап.

Сөйледі Ғали мырза жігіт жайын,
Һәркімнің халі өзіне тұрар дайын.
Қыздарды жігіттермен салыстырып,
Тыңдаңыз, мен азырақ сөз қылайын.

Жігіттің еркі өзінде – жылдың құсы,
Ұшса да, я келсе де отырғысы.
Мысалы, жазы болған жаққа кетер
Бір жердің қары жауып, туса қысы.

Қыз байғұс қолға түскен сандуғаштай,
Торында ғұмыры өтер кілтін ашпай.
Сатады мал көп берген кісі болса,
Кетеді жылап сорлы қарсыласпай.

Рақым етпес және ата-анасы,
Болса да жақсы көрген өз баласы.
Теңіне қыздың көбі бара алмайды,
Көнбеуге және дағы жоқ шамасы.

Қалайша тұрсын енді жыламай қыз,
Ерлерге қарсы келсек ұнамаймыз.
Тұтқында өскен жандай дүние көрмей,
Жол іздеп ұлықтан ерік сұрамаймыз.

Жаманға барсаң қор боп ғұмыр өтер,
Ұстайды ол ақымақ күннен бетер.
Күн шығып, ай да туып, көз ашылып,
Бұл қайғы қыз сорлыдан қашан кетер?

Кісінің туып-өскен жері қымбат,
Үйренген бала жастан елі қымбат,
Ата-анаң, аға-жеңгең қадірлеген
Тебіскен құлын-тайдай теңі қымбат.

Тастайды осылардың қыз һәммәсін,
Қор етіп бір жаманға ғазиз басын.
Өзінің сүйгеніне бара алмаса,
Қалайша енді олар сағынбасын.

Қыз бермек пайғамбардың сүндетіндей,
Ұзатпақ ата-анаң міндетіндей.
Һәркімнің өзіне ерік берген жоқ па,
Алланың бұны дейміз құдіретіндей.

Сөзімде қата болса сөкпе, халқым,
Әшейін айтып өттім сөздің салтын.
Тұрған соң көзің көріп қиянатты,
Тартады уайымдап көңіл салқын.

IX

Бұл күні Ғали мен Жамал әбден сөйлесіп, әрқайсысы халахуалын біліскен еді. Іштерінен бір-біріне ұнағандығы білініп, «бір көрген біліс, екі көрген таныс», мұнан былай да кез келіп жүрерміз деп, бұл сапарда айрылысқан еді. Ғали әлі қалың бермеген бір талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне наразылығына қарай екі тараптан да бір-біріне махаббат байланды деуге лайық болды. Не үшін десеңіз, екеуінің де сол ойын болған түндегі сөздері көңілдерінен кетпей һәмән бірін-бірі ойлайтын болды. Мұнан кейін Ғали Сәрсенбайдың үйіне бір-екі мәрте келіп кеткен уақытта, Ғали мен Жамалдың бір-біріне көз қарауларын байқап тұрған кісі болса, екеуінің де көздерінде: «Мен сені жаным-тәніммен сүйемін», – деген жазуды оқығандай болар еді. Ләкін екеуі оңаша жолығуға ешбір реті болмай жүрді.

Бір күні Ғали қалаға бара жатыр едім деген болып, Сәрсенбайдың үйіне келіп қонды. Далаға шығып-кіріп жүргенде Ғали Жамалға әдейі бір жолығу үшін келгендігін сездіріп қойғанда, Жамал түнде Ғалидың қасына келуін шүбәсіз деп ойлап қойды. Һәм бұл ойы да теріске кетпей, үй іші ұйықтаған уақытта екі жас бір төсекте еді. Екеуі әуелі жолыққан күндерінен бері нендей ойлар ойлағандарын, бірін-бірі көруге сағынғандарын айтып һәм бастарындағы оқиғаларын да азырақ қозғап қойысты. Екеуі түбегейлі терең ойға бармай, ақырын көрерміз, қазірше ойнап-күліп жүрейік деп уағда етіп, араларында шын достық ғаламаттары болып қалды. Екеуі бірдей қазақтың ғұрпында болған қаталарды, жәбіршіліктерді сөйлеп, Жамал өзі ес білгеннен бергі уайымдарын бір минуттың ішінде ұмытып, енді Ғалиды көрмей тұрған минуттар — бір жылдық көрінерін Ғалидың құшағында жатып айтып білдірді.

Осылайша Ғали, Жамал дос болып, әрбір лайықты уақыттарда жолығып, сұхбаттасып жүріп, қыс өтіп, жаз да келді. Бұл екеуінің көңілдерінде бір ғана ой бар еді. Бірақ бір-біріне бұл күнге шейін айтуға һәркайсысы өздеріне сенбеген секілді болып, үндемей жүруші еді. Бұл ойын Жамал сөйлесе, Ғали қабыл алуы, Ғали сөйлесе, Жамал қабыл алуы шүбәсіз болса да, сөйлеуге екеуінің ойындағы мақсаттары бір болған секілді қауіптері де һәм бір еді.

Жамал мен Ғали аз күнгі ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: «Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды», — деген өсек расқа шықты. Бұл реніштi хабар бұл күнге шейін Жамал мен Ғалидың іштерінде сақтап жүрген сырларын бір-біріне білдіруге себеп болды. Бұл айта алмай жүрген сырлары — екеуі қалай ғұмырлық жолдас болып, Жұманнан Жамалды құтқару екен. Бірақ әрқайсысы да өздерінен басқа ешбір жәрдемші болмағанға текке халыққа масқара болып, мақсатқа жете алмай қаламыз ғой деп қорыққан екен. Енді мынадай Жұман келеді деген хабар аныққа шыққан соң, дүниеде бірінен-бірі бөлек тұрудан қапаста жатқанды артығырақ көріп, не болса да, екеуі қосылуға бір жол қарамақшы болып, енді қай күні бір

жолықса бұрынғы іштегі жұмбақ болып жатқан сырларын таласып сөйлемекші болып тұрғанда, Жамалға Ғалидан бір хат та келіп жетті. Оқып көрсе, бұл еді:

Тұра алмадым толықсып хат жазбасқа,
Ішкі сырды білгізіп замандасқа.
Екі көңіл бір жерде қосылса егер,
Не қызық бар жаһанда онан басқа?!
Зылиқа мен Жүсіпті қосқаныңдай,
Тілегін бер, иланым, екі жасқа!
Айтпасаң да қалпыңды, мен байқаймын,
Жек көрмейсің мені де сен байғұс та.
Дертім сыймай ішіме, еттім сыр паш,
Һеш үндемей жүрсем де жазы-қыста.
Сипатыңа қызықпас қандай жігіт,
Хор қызындай нұрлы жүз, қолаң шашқа.
Сөзің бұлбұл секілді, жүзің айдай,
Сені сөккен пенде де һеш оңбас та.
Мен мұнда, көңілім сенде, ойың кімде,
Тілеймін осы сөзді ұмытпасқа.
Емеспін мен Жұмандай бай баласы,
Жоқтықты, сұлу Жамал, бетке баспа!
Ақылсыз жаман шіркін алып кетсе,
Қызғанып халім бар ма қайғырмасқа.
Сенің де өткен күнің жылдай болып,
Көңіліңнен қасіретің арылмас та.
Ерте-кеш көз алдымда тұрғандайсың,
Қарағым, һеш болмайды сағынбасқа.
Жамалжан, талап таудай болса-дағы,
Тон келте, сүйгеніңнің қолы қысқа.
Төскейден қызыл түлкі бұлаң етсе,
Төбеден қыран бүркіт ұмтылмас па?
Жапалақ бадырақ көз босқа қалып,
Қырғи құс түлкіні алып құлпырмас па?
Отырып тәуекелдің кемесіне,
Аһ, дариға, дариядан өте шықса,
Ғашықтық уағдамен тәуекелшіл,
Қажымай осы үшеуін мекем ұста.
Кімде-кім жетер сонда мұратына,
Пайда жоқ жүрексінген қорқыныштa.
Аз сөзде көп мағына деген мысал,
Халімді баян етіп жаздым нұсқа.
Жамалжан, парасатлу етер фаһім,

Бұл сөзім биіктифат қалмас босқа.
Рақматына мың сан разы болар едік,
«Ғали – Жамал лайық» деп алла қосса.
Келер деп нендей жауап күтіп қалдық,
Хат жазып жанабыңа жолдап пошта.
«Құп!»—деген жібермесең дәруіңді,
Зораяды күннен-күнге біздің хәста.
Дұшпан көп, досымыз аз, халық сенімсіз,
Я, алла, тура жолға өзің баста!
Ғалидан – пақырыңыз жазылды хат
Махаббатлу махбуба Жамал досқа.

Бұл хатты Ғалиден Жамалға алып келген жігіт һәр уақыт бұл екеуінің арасында осындай құпия хабарлар һәм хаттар тасып жүретін Ғалидың бір анық сенген кісісі еді. Бүгін бұл хатты Жамалға тапсырып:

– Жауабын ертеңге шейін даярлап қоярсың, мен бір ауылға барып қайтамын, – деп кетіп қалды. Жамал бұл хатты үш-төрт мәрте оқып шығып, бір қызып, бір суып, Жұманға барса ғұмырынша қайғы-қасіретте өтетінін ойлап, Ғалимен қашса не түрлі ұят машақаттар болып, ақыры нешік болатынына көзі жетпей, аз дағдарып, көзінен моншақ-моншақ жастарды төгіп алды. Біраздан соң тағы да қайраттанып: «Тәуекел, алла басқа салған соң, не де болса көтердім, Ғалимен ғұмырымша қол ұстасып жүрсем де арманым болмас», – деп ойлады. Егер де Ғалимен қаша қалса кім тілектес, жәрдемдес боларын ойлағанда, өзінің шешесі Шолпаннан басқа һешкім көзіне көрінбеді. Шешесіне сиынатын себебі оқушыға да мәлім. Шолпан әуелден Жамалды Жұманға беруге разы болмай, Сәрсенбайға тілін алғыза алмай қойған еді. Екінші, Жамал бой жеткен соң Жұманға көңілі наразы болып жүргенін де сезіп, хәтта сол мезгілде Жамалдың жазып жүрген өлеңін де тауып алып оқиды деп жоғарыда жазып едік. Үшінші, Жамал мен Ғалидың жақын болып жүргендерін біліп, көріп жүрсе де, білмегенсіп жүруші еді. Жамалды Ғалиға лайық көрген секілді болып, Ғалиды шын ықыласымен баласындай жақсы көруші еді.

Ұзын сөздің қысқасы, ақырында Жамал Ғалидың жазған сөздерін қабыл алып, қарсы жауап та жазып, ертеңінде манағы жігітке тапсырды. Бұл жігіт хатты сол күні-ақ Ғалиға жеткізіп берген соң ашып оқыса, жазылған сөз мынау екен:

Ғалижан, біздің қолға тиді қағаз,
Жазғанын қабыл алдым сіздей шаһбаз.
Мақсатқа муафиқлы сөз шыққан соң,
Өңім бе, түсім бе деп тұрдым біраз.

Сіздейін жаздым жауап білгенімше,
Не түрлі жазған сөзің кірді ішіме.
Сырымды жалғыз саған білдіремін,
Айтпаған мұнан бұрын бір кісіге.

Мағұлым бір өзіңе менің халім,
Һеш рахат көрмегендей сенсіз жаным.
Еріксіз бір есекке қосақталсам,
Жаһанда екі бірдей келмес мәнім!

Қосылсам нәсіп болып сеніменен,
Кім айтар жүрмеді деп теңіменен?
Сенімен отқа жансам арманым жоқ,
Жуылмаған Жұман атты періменен.

Хатында «бай емеспін» деп жазыпсың,
«Бетке салық қылма» деп көп жазыпсың.
Байды сүйсем Жұманға бармас па едім,
Мұны ойламай әшейін тек жазыпсың.

Бір сенсің ғашық отын сөндіретін,
Кім бізді ықтиярсыз көндіретін?
Өлсек шұқыр бір болсын, шықсақ – төбе,
Айрылмалық болса да өлтіретін.

Бір алла жалғыз өзі болсын айғақ,
Тұралық уағданы бекем байлап.
Сен үшін бір басымды еттім құрбан,
Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап!

Біз көндік мұндай халге, құдай салды,
Панасыз мазлұммен мен бір зарлы.
Ал енді күн-түн демей хайла қара,
Келуіне жексұрынның бір ай қалды.

Менде жоқ аға-женге мұңымды ашар,
Сырымды басқаға айтсам жұртқа шашар.
Білмеймін апам байғұс не қыларын,
Жалғыз-ақ сенетінім – ақылдасар.

Аналық мейірбаны түссе егер,
Дұшпаннан құтылуға хайла табар.
Сенбеймін һеш кісіге мұнан басқа,
Керек атам, керек жақын ағайындар.

Жан достым, төрт-бес күнде жолығып кет,
Болса да сөйлесерміз нендей рет.
Өзің де қарап жүрмей ескере бер,
Көңілге кіргеннен соң мұндай ниет.

Келмедің он бес күндей, мен көп тостым,
Санаулы енді аз ғана біздің бос күн.
Қайырлы сағаттарда ескергей деп,
Хат жазған қалам қозғап Жамал досың.

X

Ғали бұл хатты оқығаннан кейін сол күні өзіне сенімді құрбылары Жүніс, Нұрмаш деген жігіттермен күн батқаннан түн ортасына шейін ауылдан аулақ бір оңаша жерде ақылдасқан еді. Ғали:

– Мінекей, жігіттер, бала жастан бірімізге сен деспей ойнап өскен құрбы едік. Қазірде де мен мынандай бір қиялға түсіп тұрмын. Айтқан сертіне қыз жетіп, мен жетпей қалсам, маған тіридей өлім ғой деп ойлаймын. Мен тәуекел деп бұл іске басымды байладым, сендер не ақыл айтасыңдар? – деді. Әлгі жігіттер:

— Оның бізге несін айтасың, біздің сенен аянар һеш нәрсеміз жоқ. Бұл заманда қыздың басында ерік бар ғой, азар болса малын алар, кім қызды тегін береді, — дегеннен кейін Ғалидың қуанғаннан екі көзі жайнап кетіп:

– Не қылса да осы іске бір өнер-қайрат ете көріңдер, – деп, ертең тағы да ақылдаспақшы болып тарқасты. Бұл үшеуі ертеңіне һәм бас қосып, бұл жолғы мәслихаттары: әуелі Ғали Жамалға барып, оңашада әбден сөйлесіп, қай күні қашатындарын уағдаласуға қаратты.

Көп кешікпей Ғали да бір күн түнде, Сәрсенбайдың аулының тұсындағы бір сайда, сүйіктісі Жамалмен келешекте бірге рахат ғұмыр өткізулерінің желісін сөйлеп тұр еді. Дүниеде бұл екеуі үшін бір жақтан істің ақыры нешік болады деген үлкен қорқыныш, екінші жақтан дұшпанның қолына түспей құтыламыз ба деген қуанышпен жүректері лүпілдеп, бірінің қолы бірінің мойнында болып, екі ғашық бір ойда еді.

Май жұлдызы, таң қысқа, ай жарық, дүние тып-тыныш, жел жоқ, һауа жақсы, жаңа қонған жұрт, көкорай шалғын, жапырақ гүлдердің иісі аңқып, біздің жастарды көріп тұрған жалғыз алла, екіншісі аспандағы Ай мен Жұлдыз еді. Жаңжануар күндізден шаршаған секілді тыныығып, жылқы жусап, қара мал күйсеп, анда-санда қой үріккенде ұйқысы сақ төбеттің маңқылдап үргені, кемпір-шалдың айтақтаған дауысы ғана естілуші еді. Бұл бейшаралардың да бозбалалардан «үнің өшсін» деген қарғыстан басқа алғысы жоқ еді. Махаббат мүптәлесіне душар болған сұлу қыздар еленбеп ұйықтай алмай, тастан қатты шешесі есікті құлыптап, түнлікті ашып қойғанда:

Әттең айдың жарығы күндізгідей,
Ер жігіттің қадірін қыз білгендей.
Қыз байғұстың басында ықтияр жоқ
Есік ашып, досын үйге кіргізгендей, –

деген бір ауыз өленді іштерінен «уһ» деген күйінішті дауысқа араластырып айтып жатқанын қасына барып кім көрген.

Торғай шырылдап, таң белгі бере бастады, біздің сайдағылар қысқа таңның атқанын білмей қалған еді. Жамал Ғалиға айтты:

– Анау күнгі саған жазғаннан кейін менің өнім де бұзылып жүрсе керек, апам оңашада қайта-қайта: «Қарағым, неге мұнша сарғайып кеттің, сырыңды айт, бөтен ойың болса менен жасырма, мен сенің біреуге қор мұқтаж болмағаныңды ойламасам, саған жамандық тілер деймісің?» деген соң және апама сенген соң, бар сырымды сөйлеп едім: «Олай болса, қарағым, бетіңнен жарылқасын. Ғалиды мен жек көрмеймін, бірақ қайтейін, құдайтағала сені бір жаманға байластырып қойған соң» деп, жылап та жіберіп, ақырында өзі бізді шығарып жібермекші болды, – деді. Бұған Ғали да бихисап қуанып, екеуі ендігі жексенбіге осы сайды белгі қылып, уағда байласты.

Ғали үйіне келіп, өзінің бұл іс хақында ақылдас болып жүрген құрбыларымен сөйлесіп, келер жексенбіге ат сайландыра даярлана бастады. Екі досы – Жүніс пен Нұрмаш Ғалиды шығарып салмаққа бұлар да даярланып, сенбі күні «не болса да ертең болады» деп, жас жүректері дамылсыз соғуда еді. Ғали даярланғанда Жамал да қарап жатпай, ақырғы

сырын туған анасы Шолпанға айтқанның соңында, Шолпан да разы болып, жол қамын ойлай бастаған еді. Жексенбі күні де болып, ел жатқан уақытта Ғали, Жүніс, Нұрмаш үшеуі, ерлеген бір ат жетегі бар, жолықпақшы болған сайда даяр болған еді. Бұларға һәрбір өткен минут сүрленген жылдай болып: «Қашан келеді, қашан келеді»,– деп қарап тұрғанда, бүркенген екі әйел көрінді. Келсе, Жамал мен оның шешесі екен. Бұлармен Шолпан амандасып болған соң:

— Шырақтарым, енді алла тағала қайырлы сапарын беріп, мақсаттарына жеткізсін, қайда жүрсендер де аман жүріңдер. Қазірде ешкім көрген жоқ, тоқтамай жөнеліңдер, – деп Жамал мен Ғалидың беттерінен сүйіп, жыламсырап қоштасып, жастар аттарына мініп жөнелгенде біраз арттарынан қарап тұрып, үйіне қайтты. Шолпан кісі көзіне түспей үйіне барып жата тұрсын, біз мезгілсіз аттанған жолаушыларымызды жолға салып жіберелік.

Ғалидың достарымен ақылдасқанда Жамалды алып барып жатпақшы жері – дуанда өзі бірге саудалас болып несие алып жүрген Фатихолла бай еді. Қазірде ауылдан былай бес-он шақырым шыққан соң, арттарынан қуған ешкімнің дыбысы жоқтығына көз жетіп, тағы да ақылдасып, сол әуелгі планы бойынша жүз жиырма шақырым жердегі қалаға тартпақшы болды. Бұл түні күн шыққанша елу шақырым жүріп, адам жоқ бір қыстауға келіп жасырынып жатты. Күн батып, ымырт жабылғанша бұларды ешкім көрмей, енді тәуекел деп, таң атқанша дуанға жетпекші болып Ғали мен Жамал жүріп кетіп, Жүніс пен Нұрмаш елге қайтты. Ғали, Жамал қалаға саламат жетіп, Фатихолла байдың үйіне келді. Бастан-аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды һәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді қабыл алды. Фатихолла бай өзінше тәуір пікірлі ғана, өзі айтқан сөзін болдыруды жақсы көретін бір татар еді: «Әйдә, Ғали! Син бір де қорықма, алһамділле, бізнің қораға рұқсатсыз һеш бір степной қырғызларың кірә алмас. Әгәр де киліп скандал чығармақчы бұлсалар, прямо частька заявить итіп, жилкөлөрін қашытармыз», – деп Ғалиды қайраттандырып қойды.

Бір қонғаннан кейін Ғали Фатихолла баймен ақылдасып, құр мұнда келіп қарап жатқанның мәнісі болмас, «ұлықтан

Жамалдың басына ерік алалық» – деп адвокатқа арыз жаздырып, крестьянский начальникке Жамалды кіргізді. Арызында: «Мені жеті жасымда атам қазақ ғұрпынша бір қазаққа малға сатқан екен, бұл күнде кәміл жасқа толып көрсем, күйеуім өзіме ұнамағандығы себепті һәм мені атам ықтиярсыз бермекші болған себепті, өзімнің сүйген жігітіммен қашып келдім. Мархамәтшылық жүзінен мен мазмұнаның көз жасын құрғатып, басыма ерік беріп қиянаттан қорғасаңыз екен»,– деген сөздер жазылған еді. Бұл арызды ілтифатқа алып, начальник Жамалдың қолына: «Кімге барсаң да ықтияр»,– деген қағаз беріп, болысқа һәм былайша қағаз шығарды:

«Жамал Сәрсенбайқызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. Қалыңмал хақында дау болса, волостной съезге салынсын», – деп.

XI

Енді оқушыларға елде болып жатқан уақиғалар мағлұм болсын.

Жамал қашқан күні таңертең Сәрсенбай намазға төсектен тұрып, түндік аштырып азан оқып болғаннан кейін, Жамалдың жоғын көзі көріп, қатындарынан:

– Жамал қайда кеткен? – деп шүбәланып сұрай бастады. Шолпан да һеш нәрсе білмегенсіп:

– Жамалжан тысқа шыққан шығар, – деп тұрғанда Сәрсенбайдың бәйбішесі:

– Ойбай, бетім-ау, бір сұмдық болған екен ғой, Жамалдың ілулі тұрған киімдері қайда? – деп, сол минутта Жамалдың қашқаны мәлім болды. Үй іші сасып, ренжуде болып, сол сағатында ауыл да жиналып ақылдаса бастады. Біреулері:

– Өзінің күйеуі алып кеткен шығар, – деп, көбі:

– Жоқ, мұны Дүйсебектің қу баласынан басқа ешкім әкеткен жоқ. Өздерің де соны патшаның баласындай әлдеқандай көріп тым еркінсітіп жіберіп едіңдер, ал енді қайтер екенсің, – деп, Сәрсекеннің жалғыз басын даң қылды. Сөйтсе де мәслихаттасып: «Осындай мағлұмсыз біздің баламыз, сіздің келініңіз Жамалды біреу түнде алып кетіпті, енді не қыламыз», – деп Байжанға кісі жіберді. Және бір жағынан астыртын Ғалидың аулына да кісі жіберді. Кешке таман Ғалиларға кеткен жігіт бүгін түнде Ғали, Нұрмаш, Жүніс үшеуінің жақсы аттарына мініп, үйлерінде жоқ болып

шыққан хабарын алып келген соң, шүбәсыз істің анығын біліп, Байжанға екінші кісі жіберді:

– Мінеки, Дүйсебектің баласы алып кетіпті, ендігі ақылын өздеріңіз білесіз, – деп. Бұл күн осылай хабарлармен өтіп, екінші күнде Байжан жиырма жігіт ертіп, «бәлемнің шаңырағына қобыз тартайын» – деп, Сәрсенбайдың аулына келіп түсті. Бұл өткен түнде Нұрмаш пен Жүніс те үйлеріне келіп жеткені мағлұм болып, аттары сүмектей болғаны әркімге көрініп қалған еді.

Байжан істің анығын білген соң, жолдастарынан бес кісіні түнде аттандырып, Ғалилардың аулынан жылқы алдыруға жіберді һәм болысқа кісі жіберіп хат жазды:

– Мінеки, осындай оқиғалар болып қалды, билеріңізді алып мұнда келіңіз! – деп. Байжанның барымтаға аттандырған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды. Күллі жиылыстың расходы Сәрсенбайдың мойнында болып, қорыққаннан бір ауыз сөз қарсы айтуға халі де жоқ еді, хәттә жан-жаққа шаптырып жатқан аттар да Сәрсенбайдікі еді.

Үш-төрт күннің ішінде бір болыс елдегі керекті кісілер жиналып, бір үлкен съезд болды. Байжанды жақсы көргендер халық жиналған жерде:

– Міне, жұрт бұл секілді тентекке тізгін беріп жібере берсе, жұрттың қойнындағы қатынын да әкетер, мұндай болмасқа тыю салып, біреудің ақ баталы жесірін қайтарып әперу керек. Біреуге болған қиянат ертең екінші кісінің басына келмей ме, мұнымен халық арасы бұзылып, жұрттықтан шықпаймыз ба? – деп уағыз сөйлей бастады. Кешке таман іңір уақытында Байжан болыс пен писірді, осы жиылысқа келген бес биді һәм указной молда Ахметжанды оңаша, ауылдың сыртына шақырып алып:

– Енді ертең не болса да бір іс қылыңыздар, мен қазірде малға бітпеймін. Мыналардың бізге барып қалған он жақсы жылқысы бар, бұл мал менің жауыма қайтарылып берілгенше, өздерің олжа қылыңдар, мен кешіктірмей сатып жіберемін. Сіздер бір жолға менің намысымды жоқтап не дегенімді істеп беріңіздер? – деді. Бұлар да «олжа» деген сөздің қарасын көрген соң, мұрттарынан күліп:

– Енді қалай қыл дейсіз? – деп сұрады. Байжан айтты:

– Сіздер һәр қызметтің басындағы кісілерсіз, мінеки, болыс

пен писір ұлық жағынан бұл туралы нендей іс болса да дұрыстап тұрар. Билер, ертең Сәрсенбай, Дүйсебектердің мұнан сұрайтын жылқыларын атқаз етіп, қыз бен жігітті шығарып жіберген екі жігітті соларды тауып әкелуге міндетті қылыңыздар, тауып әкелмесе түрмеге отыруға бұйырыңыздар! Ал Ахметжан молда, сіз бұл қыз бен біздің Жұман екеуіне алып қашудан он күн бұрын неке оқылған еді деп книгеңізге жазып, бізге куәлік беріңіз, – деді. «Сіз мұндай жұмысты болып тұрғанда өтірікке де болса кіріспей болмас», – деп разы болысты. Сол жерде Байжан қалтасынан суырып, әрқайсысына елу теңгелеп төрт жүз теңге ақша берді.

Бұл түн өтіп, таң атты. Болыс-билер повеске жазып, Ғалидың атасы Дүйсебекке һәм Нұрмаш пен Жүніске шақырушы кісі жіберді. Бұл үшеуі де хабар тиген соң бармай қалудың лажын таба алмай, өздеріне қараған атқамінер кісілерін алып, Саумалкөл басындағы құрылған съезге келіп жетті. Тістерін қайрап отырған болыс пен билер бір сағат кешіктірмей тексеріп, қолға ала бастады. Екі жағынан сұрастырып келгенде қыз алып қашқан жағы: «Енді біз қолмен істедік, мойынмен көтереміз ғой, бір тентектің мұндай ел арасын айырып сөзді қылғанына өзіміз де ренжіміз, жолымен мал беруге разы боламыз», – деді. Байжан мына сөзді естіген соң тас-талқан болып:

– Мен өзім ат жалын тартып мінгелі мұндай қорлық көргенім жоқ. Бүгін Қарынбайдың малын берсең де бітпеймін, жесірімді әкеп бер, болмаса мәймөңкелеген былшыл сөзің керек емес, – деді. Билер де:

– Байжанның сөзі дұрыс. Байжан жөн айтады, – деп мақұлдап қойды.

Билер Жүніс пен Нұрмаштан сұрады.

– Сендер Ғалиды шығарып салғандарың рас па? – деп. Бұлар мойнына алып:

– Жаны бірге құрбы болған соң, шығарып салғанымыз рас, – деді. Билер оңаша үйге писірді алып барып, биліктерін жазып, қайтып келіп есіттірді:

– Жұман Байжанұлының некелі қатыны Жамал Сәрсенбайқызын ықтиярсыз Ғали Дүйсебек баласына шығарып беріп жібергені үшін: Дүйсебек, Жүніс, Нұрмаш үшеуі бір айдың ішінде тауып беруге міндетті болады. Егер тауып бермесе, һәрқайсысы екі айдан түрмеге отырады, – деп мағлұм етті.

Жауапкер жағы:

– Бұл некелі қатын дегеніңіз қалай? –деп сұрасып еді, билер: «Шариғат бойынша ижаб қабыл болған соң, бәрібір неке емес пе?» – деген болды. Хақиқатында бұлар указной молдадан өткен түндегі куәлікті алмақшы болып қойғанын Дүйсебектер сезбей қалды. Бұл биліктен кейін Дүйсебек, Сәрсенбайлар Байжанның барымтаға алған жылқыларын сұрап биге түсіп еді, билер мұны қарсы дау деп атқаз қылды. Бұл екеуі билердің осы екі билігіне де разы болмай копия сұраған соң, ауылға келіп аларсыңдар деп болыс пен писір книгаларын жауып һәм сол күні халық тарқады.

Копия алу үшін болыстың аулына Сәрсенбай, Дүйсебектер бірнеше мәрте барса да, әр түрлі себептер айтып бермей жүргенде, он бес күн өтіп кетті. Бұл күндердің ішінде арыз бойынша начальниктен жоғарыда айтып өткен қағаз да келіп қалған еді. Болыс Байжанды шақырып алып ақылдасып, начальникке тағы да қағаз қайтарды:

– Дауласқан екі тарапының сұрауы бойынша бұл қыз хақында билерге салып едім. Хақиқатта бұл қыз Жұман Байжанұғлының некелі қатыны екен, растығына үшбунің илән бірге жіберілген указной молда Ахметжан Аямасұғлының метрический книгадан берген куәлігі дәлел һәм билердің билігінен законлы срок, яғни он бес күннің ішінде келіп копия алмады, соның үшін биліктi орнына келтіруге әмір етсеңіз екен, – деп.

Болыстың бұл қағаздары начальникке тиген уақытта Дүйсебек, Сәрсенбай, Нұрмаштар да қалаға келіп жетіп, ғарызларын кіргізді.

– Өз ықтиярларымен бірін-бірі сүйіп қашқан қыз бен жігітті біз қашырды деп, қанша малымызды барымта алып бермей, өзімізді тауып беруге міндетті қылып, тауып бермесең екі айдай түрмеге бұйырып, уә һәм указной молдамыз неке оқыдым деп өтірік куәлік беріп, болыс-билер һәм байлар бірыңғай болып қиянат етіп тұр. Бірнеше мәрте барғанда биліктен копия да бермеді, – деп, нендей болған уақиғаны баян етті. Начальник бұлардың ғарызын ілтипатқа алып, болыстан жауап сұраған қағаз жіберді.

XII

Байжан әуелгі қыз қашып, халық жиналған күннен бері құпия һәр жерге қыз бен жігітті іздеуге кісі жіберген екен;

һәр бір барар деген шүбәлі орындардың һәммасында жоқтығын сезіп, ақырында қалада Фатихолла байда екендігіне көзі жетіп, шаһар ішінен қол іс қылып ала алмаспыз, Фатихолла байдың елде алатын екі мың теңгедей несиесі бар ғой, енді бұл қашқындарымызды сақтап, халқымыздың жақсыларының тентек деген кісісін шығарып бермесең, несиеңді бергізбейміз десек, қорқар деп мәслихат етті. Осы сөзді айтуға келген кісіге Фатихолла бай ішінен қауіптеніп, былай болуы да бек ықтимал деп ойлап, жауап берді:

– Дұрыс, әуелгі уақытта ұлыққа арыз беру үшін ғана бізге үш-төрт күн болып қонған еді. Қазірде бізден кетті, қайда екенін білмеймін. Егер де мұнан былай бізде екендігі білінсе, халқыңыздың не қылғанына разымын, – деді. Бұл кісі Фатихолла байдың әлгі сөзіне нанып, елге қайтты. Фатихолла бай Ғалиға сөйледі:

– Мына көпірлердің сырлары өзіңе мәлім ғой, енді басқа бір жерге барып паналағаның өзіңе де, бізге де пайдалы болар еді.

Ғали да бұл сөзге түсініп:

– Хайыр, Фатихолла абзи! Мен сізге ризамын, залымдар не қылады деуге болмайды. Олай болса, мұнан үш* шақырым жерде атамның нағашысы бар, сонда барайын, – деп, ертеңіне жүруге даярланды. Ғалидың өзінде жегуге екі ат бар еді.

Фатихолла бай арба-сайман һәм елу теңге ақша беріп, қаладан шығарып салып, «қайырлы сапар» деп, дұғада болып қалды. Ғали да, Жамал да өздерінің ата-анасынан айырылғандай болып қимай, жылап айрылысты.

Ғали әуелден ноғайша киініп жүретін һәм Жамалды да ноғайша киіндіріп, шәлі бүркендірген соң жолда көрген кісілер шүбәсіз ноғай деп біліп, бұлардан қауіптенбей, көңілдері шаттанып, оңашада ойындағы сөздерін сөйлесті. Ғали сұрады:

– Егер жаман айтпай жақсы жоқ, өстіп жүргенде қолға түсіп, сені менен айырып әкетсе, қайтер едің, көніп кетер ме едің? – деді. Жамал:

– Құдай сақтасын, не айтасың, жаным сенің жолыңда құрбан, сенен тірі айрылғаннан өлім маған көп артық,– деді. Бұлар бұл секілді сөзбен келе жатқанда сәске түс болып, жолшыбай ағаштарды аралап, бір көлдің жағасынан өтті.

---

*Алғашқы басылымдардағы «үш шақырым» деген сөз оқиға желісіне қарағанда «үш жүз шақырым» болуы мүмкін. *(Ред.)*

Маңайында ел болмағанға бұл көлде неше түрлі қаз, аққу, ғайыр құстар биқисап көп еді. Атырабындағы жердің һаммасы тамылжып кілем төселгендей болып, желсіз күнде көл айнадай жарқылдап, алыстан сағымдар мұнарланып, біздің екі ғашық біраз тамашаға қалып келе жатқанда, Жамал ойына бір нәрсе түсіп кеткендей ән салып, мынау өленді айтып жіберді:

Ғаламды он сегіз мың жаратқан хақ,
Көп беріп біреуге мал, біреуге бақ.
Біреуді ғалым, біреуді залым еткен,
Біреуді мұңлы жараттың, біреуді шат.

Тамаша аспан менен жері қандай,
Зеңгір тау, дария шалқар көлі қандай.
Орман-тоғай гүлденген бақшалары,
Пайдаланған бұлармен елі қандай.

Көзім тоймас қарасам тамашасын,
Қисабына ми жетпей адасасың.
Заң түзеп, закон жайып, патша отырып,
Қараған ғаділдікпен қарашасын.

Таласқан аспан менен таулар биік,
Мекендер аю, қасқыр, марал, киік.
Ұжмақтың шешмасындай бұлағына
Кетпей ме қарап тұрсаң іштен күйік?

Аспанда ай мен жұлдыз, күні қандай,
Қалғыған мұнарланып түні қандай.
Суда балық, көлде құс, тоғайда аңдар
Шулаған неше түрлі үні қандай.

Жаннаттай тамашалы жазы қандай,
Келетін ұшып аққу, қазы қандай.
Ескеріп өткен күнді көрілері,
Жастардың және де айтқан назы қандай.

Сықырлап келіп қалған қысы қандай,
Қар жауып, су қатырған мұзы қандай.

Берген соң алла қуат жан сақтарлық,
Жүреді мақұлықтар үсік алмай.

Біз ғаріп сол панаңда саялаған,
Дұшпандар рақымсыз аямаған.
Жіберсең жалғыз тамшы рақматыңнан,
Болса да құтылмаймыз қай арадан.

Ғали, Жамал жолда төрт қонып, Қырыққұдықтағы нағашысы Бабас деген кісінің үйіне келіп жатты. Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, елдегілер бұрынғы қалпынша дауласып қағаз үстінен қағаз айдап, бір берекесіз, аяғы үзілмейтін дауға кіріскен еді. Ғалидың нағашысы да һәм сол елдің жақсы кісілері де: «Енді бұлар бізді пана тұтып келді ғой, біз де елдігімізді көрсетіп қорғалық, көп болса екі жыл дауласар, оның ар жағында өздері де шаршар», – деп жастардың көңілін бұрынғыдан да қуантқан еді.

Бұл мүсәпірлердің бақытсыздығына қарсы бір күні Ғали төсектен ауырып тұрды. Нағашылары да үрпиісіп қалып, Жамалдың түсі қорыққаннан өзгеріп кетті.

Ғали: «Тұла бойым қызып, сүйектерім сырқыраған секілді болып тұр», – деп тыныш алмай, науқасының күштілігі көрініп, төсектен тұрмай жатты. Науқасы күннен-күнге ауыр тартып, төрт-бес күннің ішінде бек қауіпті секілді көрінді. Һәрбір тамыршы дәрігерлерді әкеліп тамыр ұстатып, ұшықтатып-қақтырып көрсе де тәуір болмады. Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісті. Бір минут Ғалидың қасынан кетпей, һаман ауырды деген жерлерін сипап, мөлдіреген көздерін Ғалидан алмай қарап отыратын болды.

Екеуінің қасында кісі жоқ уақытта:

– Менің бақытсыздығым өз басымнан асып, кесапаты саған да тие бастады, ақыры қайырлы болсын, – деп, Жамал Ғалиды құшақтап жылап та алушы еді. Ғали:

– Жылама, алла сақтар, жазылармын, қазынасы кең бір сағатын жіберер,– деп өзін, өзінен де Жамалдың көңілін жұбатушы еді. Сөйтсе де дерт күшейіп, Ғалидың халі нашарға айналды. Нағашылары: «Еліне хабар жіберелік», – деп еді, Ғали рұқсат етпеді.

– Алланың жазғанынан қашып құтылмаспын, құдай сақтар, жібермеңіздер,– деп тоқтатты.

Он күнде науқасы сонша ауырлап, хәттә арыздаса бастады. Жамал бейшара қияли болған кісідей бағзы уақытта басы айналып, талып та қалып, Ғалидан:

– Мен енді қайтемін, сенен қайтіп қаламын, сенсіз дүниеде мен не боламын? –деп неше мәрте сұраса да, Ғали:

– Құдайға тапсырдым, – дегеннен басқа һеш жауап айта алмады.

Барлығы он үш күн ауырып, бейсенбі күні түс кезінде жаңа гүл шашып келе жатқан бақшадай жанып тұрған жас ғұмыр сөнді. Алла рақмат тілесін... Жұма күні халық көп жиналып, жаназа оқып, Көкен моласы деген зиратқа апарып қойды.

Ғали жан тәсілім қылғаннан бері Жамал ессіз болып жатқан еді. Нағашылары да үлкен уайым қылып, «бір сапар бізге мұндай жұмысты болып келгенде бейшаралар бүйтіп қалды, қолымыздан өлтірген секілді болдық-ау», – деп, өздері ақылдасып, естіртіп һәм хабар айтуға кісі жіберді.

Хабаршылар Ғалидың үйіне, Жамалдың үйіне кісі салып естіртті. Екеуінің де ата-аналары қағазға жазып келтіре алмастай жылап, зарлап, қайғыланып дүшпандары һәм сол дәрежеде табалап шатланған еді. Көп тоқтамай Ғалидың ата-анасы һәм Жамалдың шешесі қасына жолдастар алып, аянышты өлім болған жерге жетті. Келісімен жылап-сықтап, зиратқа барып мауқын басып, ауылға келді. Жамал бейшара аз күннің ішінде сүзектен тұрған кісідей болып, келген ата-аналарымен жылап көрісуге де халі келмеді. Жамалдың шешесі:

– Жылама балам, бақытсыздығыннан көр, құдай жазбаған, обалың бізде секілді. Әуелде қазақшылық қылмасақ, мұндай іске себеп болған секілді болар ма едік? Тентектік қылсаң да, теңіңді тауып едің, алла лайық көрмеген соң, жылағанынмен не өнеді, – деп бірсыпыра насихат айтты. Ғалидың шешесі де жылап:

– Қарағым, Ғалижан мен Жамалжан қашан елдің сөзінен құтылып, оң жағымды қарайтып отырар деуші едім, ол тілегіме құдай жеткізбеді, — деп сөздің аяғын бітіре алмай, еңкілдеп жылап жіберді.

Бұлар үш күн қонып, қайтатын күні Ғалидың зиратына дұға қылмақшы болып келген еді. Молда құран оқып болған соң, Жамал Ғалидың қабірінің басын құшақтап отырып, көзінен жас ағызып сөйледі:

– Ғали! Ғали! Бақытсыз Жамалың қасыңа келіп тұр, алла тағала маған сенің қабіріңді көрсеткенше, мені алғаны жақсы болатын еді, бірақ бұйрықсыз жан шықпайды екен. Дүниеде бірге рахат ғұмыр өткеремін, Ғали тұрғанда һеш жаманға қор болмаймын дегенім тәкаппарлық екен. Алла қабыл етпеді, үмітім кесілді, Ғали. Қып-қызыл шоқтың ішіне тастап, алыс сапарға жөнелдің, өзің үшін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жаным барда сені ұмытпаспын. Дүниеде патшаның баласы болса да саған теңгермеспін. Қош, жаным! Ғали! Бір мен үшін мейірбан ата-ананды да көре алмай, қолдарынан топырақ салғыза алмай кеттің, кеш, жаным! Алла тағала ақиретте қосылуға несіп тілесін, сол уақытта ғана көрген қасіретім бір сағаттай болмай ұмытылар. Мен сорлың опасыз дүниеде қонақтай алмай адасып қалдым, қош, жаным. М... м... қош...о...ш, – деп Жамал талып кетті. Зират басындағы халық Жамалға су бүркіп, кішкене тәуір болған соң алып қайтты. Сонда да Жамалдың есі бүтін кірмей, әлденендей мағынасыз сөздер сөйлеп келе жатты. Зираттан қайтқан соң Бабастың үйіне келіп, енді жолаушылар қайтпақшы болды. Ғалидың ата-анасы үйіне кетіп, Жамалдың шешесі Жамалды өз үйіне алып қайтты.

XIII

Жамал үйіне келіп тұрған соң күннен-күнге уайым-қайғысы артып, жаман болып, адам баласы аярлықтай жүдеді. Байжандар істің ақыры мұндайға айналған соң «енді қайда барар дейсің» – деп, дауды да көп қозғамай, тыныш жата берді. Жамал өз үйінде бір ай тұрғаннан кейін Байжанға да, Сәрсенбайға да бірдей көлденең ағайындар дәлләлат қылып, Байжанға:

– Енді келініңізді алдырыңыз, пәлен-түген деген кек қылмаңыз, әуелден һеш кінәңіз болмаған соң алла тағала жақ болып ақыры мұндай болды ғой,– деп һәм Сәрсенбайға да:

– Енді сіз де балаңызды әуелі разы болған жеріңізге беріңіз,– деп насихат айтты. Бұл сөзге екі жағы да разы болды.

Шолпан қызынан сұрады:

– Қарағым, Жамал, жұрт мынандай деп жатыр, енді қайтеміз? – деп. Жамал:

– Апа, енді мен үшін жаманатты болмаңыз, маған енді Ғали болмаған соң бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да ықтияр бере беріңдер, алла тағала менің мандайымды ашайын десе, Ғалиды мұндай қылмас еді,– деп қасіреттеніп, мұңлы дауыспен жауап берді.

Жұман мырза Жамалды өзі келіп алуды намыс көрген соң, Байжанның қатыны келіп алып кетті. Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып жұрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып жарқылдап жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады. Жиын-той болғанда көлге қонған аққудай көрінетін Жамалды енді көрген кісі танымай қалатын болды.

Жамалды Байжан үйіне келтіргеннен кейін болыс арқылы қағаз жазып, ұлыққа білдірді. Құдай қазасы болып Ғали Дүйсебек баласы опат болғаннан кейін билердің үкімі бойынша ата-анасы Жамалды алып келді. Жамал да енді бұрынғы күйеуіме разымын деп қол қойып, подписке берді. Жамал болып: «енді екі тарапымыздың да бір-бірімізден сұрайтын хақымыз, дауымыз жоқ», — деген соң күллі бұл іс хақындағы ғарыздар атқаз деп, начальниктен хабар келді. Бұл оқиғалар тамам болғанда октябрь жұлдызы жетіп, жұрт қыстауларына кіре бастаған еді.

Жамалдың һеш уақыт ойынан Ғали кетпей, бір минут көңіл ашып, езу тартып күлмеуші еді, һешкіммен сөйлеспей, сөйлеген кісінің сөзін ұқпай я естімей бір түрлі диуана кісідей болып жүрді. Жұман ерегісіп бұрынғыларын алдына келтіремін дегенсіп, не сөйлесе де ұрсып, боқтап, бағзы уақытта түртіп түйіп қалып, қорлап жүрді. Байжан мен қатыны Жамалды шын ықыласымен жақсы көрмей, баласына ақыл айтып, көп тоқтатпаушы еді. Жамалдың үстіндегі киімі бек нашар болып, бағзы уақытта көздерінің алды көгеріп те қалып жүргенде, Жамал бейшара кісі көзіне көрінгенде жерге кіріп кете жаздаушы еді. Соңғы күндерде Жұманға ақыл айтушылар да болып һәм Байжанның өзі де:

– Енді балам, жетер, «қашқан жауға қатын ер» деп көп

қоқақтай берме, – десе де құлағына кірмеді. Жамалға жаны ашып, көріне болысатын кісі болмай, жалғыз қолынан келгені оңашада зарланып жылау ғана еді.

Осылай қыстың бір-екі айы өтті. «Жамалдың көрген қорлық, кемшілігін мұсылман баласына бермесін»,– деп айтарлыққа лайық болып, тұрса аяққа, отырса басқа ұратын болды. Нендей ұрып-соғып қинаса да, Жамал бір сөз қарсы айтып көрген жоқ еді.

Бір күні Жұман тағы да бір себепсіз боқтаған соң, Жамал шыдай алмай:

– Мені өлтіретін болсаң біржола өлтір, әйтпесе өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме? – деді. Жұман мына сөзді ести салып:

– Я, сенің сүйіп болған байыңның күйігі басылмай жүр екен ғой, мен сенің күйігіңді басайын,– деп, сол жерде тұра салып кеудеге тепкілеп, Жамалды талдырып тастады. Бұлардың үстіне Жұманның шешесі келіп айырып алып, Жұманға ұрсып:

– Енді сен кісі өлтіремісің, – деп үйден шығарып жіберді. Жамал бір сағаттан кейін есін жиған соң, ақырғы ақылын жиып: мен бүйтіп жүріп тіршілік қыла алмайды екенмін, мұнан да бұл иттің қолынан өлгенше басқа жаққа кетіп өлейін, – деп ойлады. Жамалдың бармақшы болып ойлағаны – қаладағы Фатихолла бай еді. Әйтеуір онда жетсем, біреудің самаурынын қайнатып, қызметін қылсам да қор болып, халық көзіне көрінбес едім деп, осылай ойлап жүргенде күн де батып, түн болып, ел де жатты. Жамалдың бұл ойлағанына қарай осы түні Байжанның ерттеулі аты таң асып тұрған еді.

Жылырақ киім киініп, ептеп шығып Жамал әлгі атқа мініп, үлкен жолмен: «Құтқардың ба, құдай?» –деп жөнелді. Жамалдың ісі әуелде теріске басып келе жатқанмен, бұл сапарда істің сәті болмайтұғын белгісі көріне бастады. Жамал шыққан уақытта азырақ жаяу борасын бар еді. Жамал жиырма шақырым шыққан уақытта боран көтеріліп, жол көрінбей қалды. Бара-бара боран әбден күшейіп, алды-артын орап алды. Қорқыныштың не екенін һәм жән-тән рахатын ұмытқан Жамалдың ойында Ғали ғана болып келе жатқан уақытта аты бір жерге келіп тұрып

қалды. Сол уақытта ғана байқаса, ат әлдеқашан жолдан шығып кетіп, бір қалың омбы қарға тоқтаған екен. Атты кейін бұрайын десе, екі қолы қатып қалып, тізгінді ұстауға келмей тоңып һәм күллі денесінің қалтырағанын сезді. Жамал бар күшін жинап алып, атын бұрып жүрген болып еді, һеш нәрсе көрінбей, жол табылмайтын болды. Осылай адасып түн ортасына шейін жүріп, өзі әбден жаурап не болғанын білмеске айналды. Тым болмаса аттан түсіп, жаяу жүрсем жылынар ма екенмін деп, түсіп жүріп көріп еді, қалың қарға жығылып-тұрып жүре алмай, бір жерге келіп біржола құлады. Күндізінде мініліп жүріп, түнде һәм болдырған ат Жамалдың қасынан ұзамай тұрып қалды. Жамал да жан ұшырып, тұла бойы қызып бара жатқан секілді болып, үстіндегі киімдерін һәр жерге шешіп лақтырып, бар даусымен:

– Ғали, Ғали, қиналды жаным, қайдасың? – деп, ақырғы тіршілігінің минуты осы болып, бір ояздай елге әңгіме болған сұлу Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, декабрьдің рақымсыз боранды түнінде жан тәсілім қылды...

Боран Жамал үшін ғана болғандай таңертең ашылып, Жамал бейшара да жолдан жарты шақырым ғана жатыр еді. Сәске кезінде қаладан келе жатқан бес-алты жолаушы әлгі жерге жақындағанда жол үстінде қалтиып тұрған бір ерттеулі атты көріп, бұрылып келіп шүбәланып, мұның иесі қайда екен деп жан-жаққа аттың ізімен жүріп іздегенде, Жамалдың үстінен түсті. Көрсе — бір әйел адам, қасында шашылып жатқан киім. Сол жерде жолдастарының бірін жақын жердегі ауылға шаптырып, өздері күтіп тұрды. Бұлар қарап тұрмай: «Бұл кім екен, не қылған адам екен»,— деп тани алмай тұрғанда, біреуі: «Мұның қалтасында не бар екен», — деп шапанының қалтасына қол салғанда, қарындашпен жазылған бір қағаз шықты. Оқып көрсе бұл Байжанның келіні Жамал екен, бұл қағазға Ғалиды жоқтап һәм басына келген зарын жазған екен. Елден кісі келіп, Жамалды Байжандарға апарып берген соң, ертеңіне бауыры суық қара жерге тапсырды. Манағы Жамалдың қалтасынан шыққан қағазды жолаушылар өздері оқып һәм солай деп мәнісін айтып, елдеріне таратқан еді.

Сондағы Жамалдың Байжанның үйінде жазып жүрген зары мынау екен:

Қыздың құны бес байтал,
Сатылып кетті базарға.
Басымнан кешкен уақиға
Емес пе лайық жазарға?
Жаны ашыған шахбазлар
Ала жүрсін назарға.
Рақимлы пенде ғаріпке
Нақақтан ор қазар ма?
Миһрибанлы атамыз,
Қарамай берді ажарға.
Теңіне барған қыз болса,
Мендей жүдеп азар ма?
Көрмеді алла лайық
Ғали сынды сабазға.
Көрген түстей күн өтті,
Болған соң солай әзалда.
Қуанышыңды көрсетіп,
Тартқызған қайғы жазаң да.
Қараңғыда қалдым мен,
Шамшырақ сөнген заманда,
Ғалидан қалып не болдым,
Жетпеді менің қазам да.
Ішіме түсті ыстық дерт
Қайнаған судай қазанда.
Бұзылды күлкі, түнгі ұйқы,
Тілеймін хақтан азанда.
Махшар күні болғанда
Қосуға алла жазар ма?
Арасында екі оттың
Мені, алла, қор еттің.
Ғариптің көңілін мұңайтып,
Дұшпанды шадлы зор еттің.
Алтын гауһар — асылды
Жерге көміп жоқ еттің.
Аспаһани қылышты
Жасытып фәлші бор еттің.
Жамал қыздың дауы деп,
Саумалкөл басын топ еттің.
Рақматың мол құдайым,

Масқара мұнша неге еттің?
Тоты құс едім бақшада,
Қарақұсқа жем еттің.
Хан қызындай басымды
Бір жаманға тең еттің.
Ботасыз нардай боздатып,
Мінекей, мені еңіреттің.
Қаһарыңды жіберіп,
Тең құрбымнан кем еттің.
Мұндай зарлы қылғандай,
Мен бейшара не еттім?..
Жыладым зарлап Ғали жоқ,
Ісіне көндім құдіреттің!

Петропавл, 1910.

«Балқия»

пьеса (1922)

4 перделік драма

Ойнаушылар:

1. Ж а р а с б а й – дәулетті адам, жасы 68-де.
2. Ө л м е с – оның тоқалы, жасы 33-те.
3. Б а л қ и я – Жарасбайдың қызы. Ақылды, ашық ойлы, жасы 19-да.
4. М ұ р а т – Жарасбайдың ұлы. Мұғалімнен оқып жүрген, жасы 11-де.
5. Қ а с ы м – осы ауылдағы жадит мұғалімі. Пікірлі, халықшыл жігіт, жасы 25-те.
6. Н ұ р м а қ – кедей, есті адам, жасы 44-те.
7. С а ғ и л а – Жарасбайдың інісінің қызы, жасы 17-де.
8. М о л д а – ескі пікірлі, өзімшіл, қиянатты надан, жасы 47-де.
9. Б е к т ұ р с ы н – болыс пен молдаға жарамсақтанып жүретін ақсақал, жасы 57-де.
10. К ө п ж а с а р – даукес, пасық адам, жасы 40-та.
11. Б о л ы с – бай, жебір, зорлықшыл адам, жасы 53-те.
12. Т і л м а ш – болыспен жемтіктес, сұм жігіт, жасы 31-де.
13. Б ұ з а у б а қ – болыстың шабары, алаңғасар, жасы 25-те.
14. Қ а м б а р – молданың атшысы, жасы 26-да.
15. А х м е т ж а н – Учитель. Қасымның досы, жасы 24-те.
16. Қ ұ л т а с – Қасым, Ахметжанмен пікірлес, жасы 22-де.
17. П р и с т а в – болыстан пара алып жүрген тамыры, жасы 32-де.
18. П о л и ц е й с к и й – жасы 29-да.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

Жарасбайдың үйі бір бөлме. Есігі біреу, терезесі екеу, төрде жүк жиылған, текемет, кілем, көрпе жайылған, есіктен кіргенде оң жақта қазақы кереует, тұсында ұсталған кілем. Алдында құрылған шымылдық, жиюлы кереует алдында жерде сырмақ, оның үстінде қаттап төсеген көрпе. Жүктің бір шеті мен кереуеттің арасында жерде тағы бір төсек. Оның үстінде қызылды-жасылды әйел киімдері ілулі. Бұл төсектің аяқ жағында кішкене сандықша. Сол жағында самаурын, ақ құман, поднос, шыны-аяқтар, бұлардың тұсында жіпке асулы орамал, дастарқан, жайнамаз. Перде көтерілген кезде үйде жалғыз Балқия көрінеді.

(*Тігіп отырған ісін тастай беріп, бір қолымен жағына сүйеніп мұңды дауыспен*).

Б а л қ и я. Дүниеде қыздай сорлы бар ма екен?! Кім мал берсе, соған кете бергені. Қалыңмалды шығарған қандай көріңде өкіргір екен!.. Ғалияны көрмеймісің. Елудегі шалға қатын үстіне барып, солған гүлдей болып отырғанын. Бишара Ғалия! Обалың әкеңе, шешеңе болсын! Ақ бата (*кекетіп*), аруаққа шет боласың дейтіндері бар. Бата қылғызған біз бе екен?!

Жас басымыздан малға сатпай-ақ қойса, аштан өліп бара ма екен... Батасыз кеткірлер, баталарың бұзылмақ түгіл тасталқан болсын... Өмірімше күндікте жүрерім жоқ. (*Алдындағы ісін сыпырып тастап, түрегеліп барып сандықшасынан бір қағаз алып түрегеліп тұрып оқиды.*)

«Сүйіктім Балқия, мені сүйгенің рас болса, енді көп ойланғанды қой. Екі жылдан бергі ойланғаның да жетер. Ата-анаңның көңіліне қараймын деп қор болма! «Әлпеш-

теген баламыз еді», – деп, олар қайбір сенің көз жасыңа қарап отыр! Сырымыз елге жайылып бара жатқан көрінеді, енді ай жарым шамасында сабақ бітіп, балалар тарайды. Сол уақыттан қалмай жұмысты бітіруіміз керек. Арманда кетіп жүрмелік, тез жауап қайтар! Хош, қалқам, Балқия. Қасымың».

(*Хатты алақанымен жүрегіне басып тұрып, басын шайқап*): Жоқ, енді тәуекел! Көп ойлаған құл қаша алмас, не болса да! (*Сырттан дүбір естілді, Балқия есікке жалт қарап, хатын жалма-жан қалтасына тығып жіберіп, ісін тігіп отырған орнына отыра қалады.*)

Екінші көрініс

(*Қолында ұршық, шүйкесі бар Өлмес кіріп келіп, өз төсегінің алдына отырады. Балқияға қарап.*)

Өлмес. Баяғы көйлек пе? Бір көйлекті неше күн тігесің. Жүзі қара! Сенің есіл-дертің бозбала ғой.

Балқия. Қойшы, батыр, мен не қылыппын?!

Өлмес. Жарайды монтайсымай-ақ қой. Мен білмейтін шығармын. Әкеңе айтып көзіңді жоғалтпасақ, сен осы үйді құртқалы жүрсің.

Балқия (*дірілдеген дауыспен*). Мен һешкімді құртпаспын... Мені сендер құртқалы жүрсіңдер, көрерміз...

Өлмес. Қарашы, бетбақ! Тумағандығынды қыласың ғой.

Балқия. Сен өгейлігіңді қылмасаң, мен сені жат көрген жерім жоқ, бір жағы анамдай, бір жағы женгемдей көрсем де маған жаның ашымайды.

Өлмес. Қамығатын ештеңе жоқ. Сенің әкеңе мен 17 жасымда келгенмін. Сонда сенің әкең 52-де болатын, аруақ сыйладым ба? Бітуі осылай ма? Міне, отырмыз ғой малмалданып, жан-жанданып.

Балқия. Мал-жаның бар болсын, теңіңмен қосылып, қысқа өмірді рақатпен өткізбеген соң, тіршіліктің не қызығы бар. Мұнда бөтен адам жоқ. Жетісіп отырғаның Дауқара ма? Көкемнің жамағаты болған соң сенің бүйтіп жүргеніңе қорсынамын, ұялам, бірақ... Сені айыптамаймын! Жассың, бұл күнде балалы-шағалы болдың, орныгып қалдың. Мен болсам, әлі уақыт өткен жоқ. Көре-біле қайтіп бір жарымес – жындыға барайын. Әкесінің байлығынан, болыстығынан не пайда, апажан, мені ая! Мақсатыма жетейін.

Жолыма бөгет болма. Қайта, қолыңнан келсе көкемді көндір. (*Күрсінеді.*) Ағатайым болса, көкемнің айтқанына көнбес еді. Мені молдаға оқытпаймын дегенде қандай болып еді. Ақ-қараны танып қалғаным ағатайымның арқасында емес пе еді. Қайран ағатайым... (*Бетін басып жылайды.*)

Ө л м е с. Сенің айтқаныңның бәрі рас. (*Күрсінеді.*) Әйелден қор ешкім жоқ. Алланың жазуынан артық іс болмайды, жолына мен кесір болмаспын. Бірақ сен мұғаліммен кетсең, болыс бұл үйді шабады ғой. Мен соны уайым қыламын.

Б а л қ и я. Шапса, шапсын... Шапқанда адам алмас, көп болса берген малын алар...

(*Сырттан дауыс, «Дауқара, Дауқара!!!» деген Жарасбайдың айқайы естіледі. Балқия мен Өлмес тымтырыс бола қалады.*)

Үшінші көрініс

(*Жарасбай кіреді. Өлмес тұра келіп Жарасбайдың тымағын, белбеуін алып, керегенің бас жағына қояды.*)

Ж а р а с б а й. Тобыңмен отырып, үйден шығуды бір білмейсіңдер. Осы ауылдың бар малы пішенге жабылып жатыр. Дауқара қайда?

Ө л м е с. Ас үйде ұйықтап жатыр. Түнде күзетке барған...

Ж а р а с б а й. Сол ит күнде күзетке бара ма? Үнемі күндіз ұйықтайды.

Ө л м е с. Бишараның жаны жоқ па, ұйықтамай қайтсін!

Ж а р а с б а й. Былшылдама, үнемі ара түсесің де отырасың. Алты айына байталдай жабағыны мен соған құдай үшін беріп отыр ма екем. Тұр, оят атаңа нәлет иттің баласын!

(*Өлмес шығып кетеді. Жарасбай төсек алдына отырады.*) Осылар-ақ мені қартайтып болды. Садағаң кеткірлер, бұрынғылар әулие екен. Пішен 10 күнге де жететін емес. Ертең қоздаған қойға не берер екенбіз? Жұтамасақ жарар еді. Мұрат қайда? Әлі сабақтан келген жоқ па?

Б а л қ и я. Көке, бүгін күн жұма. Мұрат сабаққа барған жоқ.

Ж а р а с б а й. Ойыны осылсын! Осы біреу мұғалім деген немесі де балаларды әбден бет-бетімен қоя берді. Бұрынғы молдалар ойнаған баланың жонынан қайыс алушы еді. Енді Жәдид дей ме, Мәжит дей ме, балаларды өзі ойнататынды шығарды. Қай жөнді адам болар дейсің. Өлсек, басымызға құран да оқымас. (*Басын шайқап.*) Оқуларының түрі жаман,

бәрін бүлдіріп жүрген осындағы Қалжан закончік. Ат басындай алтын тапқан немедей қуанып, Уфадан оқып шыққан керемет мұғалім деп, бір пәлені әкеліп орнатып қойғаны. Онысы пәлденіп, шақырған жаназаға бару жоқ. Не жыны бар екенін білмейсің, пида алудан ат-тонын ала қашады. Садақа берсең, «мен қайыршы емеспін» дейтіні бар. Қашанғы мұны төре қылып жалауына беріп отырамыз.

Төртінші көрініс

(*Басында биік қара бөркі бар, үстінде пәлтесі бар Қасым кіреді.*)

Қ а с ы м. Ассалаумағалейкүм.

Ж а р а с б а й (*қабағын түйіп*). Әлікім салам, жоғары шық, мұғалім. (*Қасым төрге шығып отырады.*) Амансыз ба, мұғалім?

Қ а с ы м. Шүкір, мал-жаныңыз аман ба? Балқия, сәлеметсіз бе? Жәке, сізде азырақ шаруам болып келдім. Қалаға кісі жібереді екенсіз. Балалардың қалам-қарындашы таусылып барады, соған ақша қосайын деп едім.

Ж а р а с б а й. Менің қалаға баратын кісім жоқ. Қалаға барам, шөп сатам деп ерігіп жүрген осындағы Нұрмақ қу. Өзім де шай-пұлға ақша қосайын деп едім. Қазір ол мұнда келуі керек.

Қ а с ы м. Мен ендеше Ахметжанға хат жазайын, сол дұрыстап алып беріп жіберер. (*Қалтасынан қағаз, қарындаш алып хат жазып отырады.*)

Бесінші көрініс

(*Өлмес, оның артынан Нұрмақ кіреді. Нұрмақ босағадан Жарасбайдың төменгі жағынан отырады.*)

Н ұ р м а қ. Бай, ертең таң сәріден жүрем, беретінінізді беріңіз.

Ж а р а с б а й (*Балқияға қарап*). Балқия, манағы ақшаны әпер. (*Балқия тұрып, кішкене сандықтан әкесіне ақшаны әперіп, орнына отырады.*) Мә! Осыған бір қағаз шай – жақсы шайдан, Баттақтың дүкенінен ал. Қалғанына жеткенінше қант ал. (*Ақшаны Нұрмаққа ұсынады. Нұрмақ тұрып келіп, ақшаны қолынан алып, орнына отырады.*)

Қ а с ы м. (*Хат жазып болып, бүктеп Нұрмаққа қарайды.*) Нүреке, мал-жан аман ба? Сізді қалаға барады дегенге мына бір аманат тапсырайын деп едім.

Н ұ р м а қ. Шүкір, қарағым, шүкір! Орындай алсам ауырлығы жоқ қой.

(*Қасым түрегеліп барып Нұрмаққа хат пен ақша береді. Қайтып өз орнына отырады.*)

Қ а с ы м. Ахметжан учительді білесіз бе?

Н ұ р м а қ. Білем. Ахметжанды білем. Анау үлкен шіркеу жанындағы қазақ балалары оқитын үшкелде тұрушы ма еді?

Қ а с ы м. Дәл өзі. Соған тапсырсаңыз, бәрін өзі орындайды. Қалада қанша айналасыз, тез қайтасыз ба?

Н ұ р м а қ. Ойбай, құдай, қалада жататын менің не жұмысым бар. Жоқшылығы құрғыр мезгілсіз уақытта амалсыз айдап бара жатқаны емес пе? Ауылнай деген үйі күйгір желіндеп тұрған сиырымды айдап кетіп, соның кесірінен жол бұзылып кетпей бұзау, торпақтың жеп тұрған аз ғана шөбін сатқалы барам.

Қ а с ы м. Не дейді? Ауылнай сиырынды неге айдайды.

Н ұ р м а қ. Сұрама, қарағым, кедей сорлының қашан көзі ашылған. Биыл маған 17 сом салық салып отыр. Мынау отырған байыңмен бірдей тартам. Ірілі-уақты тоғыз-ақ қарам бар, қозы-қой бізде болмайды. Бірінен-бірі кіші шиеттей 5 балам бар. Құдайдан қорықпай маған не деп 17 сом салдындар десем, мынау отырған байымыз ауылнайға сілтейді. Ауылнай байға сілтейді. 5 сомды күні бүгін тауып бере қоймадың деп ауылнайымыз желіндеп тұрған сиырымды кеше қуып кетті. Жазға шыққанша байдан 5 сом қарыз ала алмай, қалаға бара жатқаным. Азық-түлігіміз де таусылып, осы күні үйімізде бір уыс ұн жоқ. Бәрінен балашағаға қиын болып барады.

Қ а с ы м (*басын шайқап*). Жәке, бұларыңыз не? Обал қайда?

Ж а р а с б а й (*қолын сілтеп*). Бұл иткә обал жоқ. Өз пайдасын өзі білмейді. Өткен сайлауда азырақ таласымыз болған. Осы күнгі ауылнайымыз Тайлақбаймен біз бірыңғай болып, Самалықтармен ауылнайлыққа таласқанбыз, партия шығарып. Сонда мына қара басқыр осынша айтсам да болмай Самалық жағына шығып кеткені емес пе. Соның сазайын енді тартып отырғаны, бар Самалығыңа! Бай неме, ақша да берер, саған азық та берер, қарық қылар.

Қ а с ы м. Міне қызық! Кімді сайлаймын десе де әркімнің өз еркі емес пе? Соның үшін Нұрмақ секілді бір кедейге 200 қарасы бар, 300-ден артық қойы бар сіздей байлармен бірдей алым тартқызу не деген сұмдық: алым әркімнің малының

аз-көбіне қарай бөлінуге тиіс емес пе? Мынау қалыптарыңмен кедейді құртпайсыңдар ма?

Н ұ р м а қ. Қарағым, құрымағанда еш нәрсеміз қалған жоқ. Қайда барып күн көрерімізді білмеймін. Самалық жағына кеттің деп бүгін бұлар мұны қылып отыр, ертең бұлардың жағында болсаң, Самалығы келіп тағы шабады. Сөйтіп, екі нардың арасында шыбындай кедей құрымағанда қайтеді? Қаладағы мекемесіне барып арыз айтайын десең, бәрінің аузын алып қойған. Айда пойыл ауылнайыңа, болысыңа бар деп кеңселерінен қуып шығады. Кедейге, сірә, атар таң, шығар күн бар ма? Жоқ, осы қалыппен кеткеніміз бе?

Қ а с ы м. Өздерінде де бар, ақылға салып қарасаңдаршы, елде бай көп пе? Кедей көп пе? Сайлау боларда өңшең кедей бірігіп, жарлы-жақыбайына, қара бұқараға жәйлі, зорлық-зомбылық қылмайтын дұрыс адамды сайлауды білмейсіңдер. Байдың малына сатылып бір, көжесіне сатылып екі адасасыңдар. Бір сіз емес, кедей біткеннің көрген күні осы. Бұл қалыппен кете берсеңдер, сендерге таң да атпайды, күн де шықпайды.

Н ұ р м а қ (*басын изеп*). Рас, рас...

Ж а р а с б а й. Мұғалім, осы Нұрмақ сөзге түсінеді деп отырсыз ба? Мұның есі болса менің ақылымды алар еді ғой. Өз пайдасын білмейтін есалаң неме бұл, көрінгенге кедейлігін айтып қара кешке дейін зарлайды да отырады. Бай болсақ бізге құдай берді. Бұл итке шыр біткізбей қойған біз бе екен. 13-ке келген, ержетіп қалған қызы бар. Анау күні ақсақ Қарынбайдың қатыны өлген екен. Соған қызыңды бер деп құдайдың зарын қылдым. Тіл алмады. Қанша мал алатын еді. Үйінде мұның бір көк айыл қатыны бар. *(Кекетіп.)* «Әкесіндей кісіге баламды аштан өлсем де берерім жоқ» деп кергитін көрінеді дейді. Оңбаған күң бұ неме қызын төренің баласына берер ме екен!

Б а л қ и я (*теріс қарап*). Иә, өз қызыңды жетістіріп отыр едің. Енді біреудің жас баласының обалына қал.

Қ а с ы м. Жәке, бұлай демеңіз, һәркімнің өз еркі болады. 13-тегі баласын Нұрмақ өзі қатарлы кісіге берсе, түбінде баласының обалы кімге? Сіз 11-дегі Мұратыңызға 40–50-дегі кемпірді алып берсеңіз балаңыз алар ма еді?

Өскенде сізге балаңыз не дер еді?.. Ұл мен қыздың айырмасы жоқ! Ата-аналарына бірдей қымбат, бірдей қадірлі болса керек.

Ұл сүйгенін алсын, қыз сүйгеніне барсын. Жастан құда болу, қалыңмал алу деген қазақтың оңбаған «ғұрфы». Бұл

ғұрыфты жоғалту керек. Жастай құда болу себепті бұл күнде неше әйелдер қорлықта, күндікте жүр. Теңіне бармаған неше әйел жолдан тайып жүр.

Өлмес (*теріс қарап*). Әй, жүзің құрғыр, Балқия-ай! Айтып қойған екен ғой.

Қасым. Неше кедей қатын алуға мал таба алмай, өмірі малайлықта жүр. Сіздің Дауқаралар сопылықпен қатын алмай жүр деймісіз...

Өлмес. Құдай шебер-ау, бүлдірейін деп келе ме?

Қасым. Малсыздықтан бойдақ болып жүр. Талай Дауқара сүр бойдақ болып жүргенде, талай байлар үштен қатын алып жүр. Бұл адамшылыққа, әділдікке сыя ма? Ойлап қараңызшы! (*Нұрмақ ұшып түрегеледі, үйдегілердің бәрі Нұрмаққа қарайды.*)

Нұрмақ. Енді мен кетем. Өркенің өссін, мұғалімжан? Сөзің көкейіме қонып кетті. Аштан өлген қазақтың моласын көргенім жоқ. Кедейлікке көндім. Бірақ малға қызығып баламды жылатсам мұсылман болмайын, жақсы-жаман болса да, өз теңіне берем. Қыздан малды көп алып, мына байлар-ақ байый берсін. Хош-хош, қарағым! (*Есікке қарай сырт айналады.*)

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(*Жарасбайдың үй ішінің көрінісі бұрынғыша. Перде көтерілген кезде төр алдында Балқия мен Сағила түрегеліп тұр. Балқияның қолында қағазы.*)

Балқия. Ғалия байғұс сөйтіп арманда болып кете барғаны.

Сағила. Апам «кешікпе, тез қайт» деп қалып еді, көп отырып қалдым. Кел, Балқия, біразырақ Ғалияның өлеңін қосылып айталық.

Балқия. Жарайды, қай әнге саламыз?

Сағила. «Заманайға».

Балқия. «Елімайға» жақсы келеді.

Сағила (*күліп*). Қасымның әні болған соң. (*Балқия күліп, қолындағы қағазымен ойнап бетіне сермейді.*) Жарайды. «Елімайға-ақ» салайық.

Б а л қ и я. Ал.
С а ғ и л а. Кел.

Қызды қор ғып жасаған, жаратқаның,
Мал бергеннің аузына қаратқаның.
Сүйгеніме бара алмай арманда боп,
Торға түскен торғайдай алақтадым.

Риза емен, ата-анам, малға саттың,
Қатын үсті кәріні қайдан таптың?
Тең құрбымнан кем қылып сарғайтқандай,
Не жазығым бар еді мен бейбақтың.

Әлпештеген ата-анам емес пе едің,
«Обал болар қалқама» демес пе едің?
Сырттан сауда қылғаның не қылғаның,
Тым болмаса қалай деп кеңеспедің?!

Қош аман бол, ел-жұртым, өскен жерім,
Нар жетелеп, жайлауға көшкен жерім.
Мендей сорлы дүнияда жаратпасын,
Бақытты бол, кейінгі өскендерім!

Б а л қ и я (*күрсінеді*).
С а ғ и л а. Мен қайтайын.
Б а л қ и я. Отыра тұр, қалқам, асыққаның не? Менімен неше күн бірге жүрермін дейсің.
С а ғ и л а. Апам ұрса береді, тез кел деп қақсап қалып еді. Енді қайтайын, қош, қалқам.
Б а л қ и я. Қош, күнім. (*Сағила шығып кетеді. Балқия бір қолымен жағын таянып, ақырын басып, асықпай жүріп орнына барып отырады.*)

Екінші көрініс

(*Жарасбай мен Қасым кіреді. Қасым төрге, Жарасбай төсек алдына отырады.*)
Ж а р а с б а й. Сонымен оны Жұрымбай жаза алмайды дейсің бе?
Қ а с ы м. Жоқ, атаманыз, үшкірген-түшкіргенге ауру жазыла ма? Асқындырмай қалаға апарсын деңіз және де ол өзі жұқпалы ауру. Біздің қазақ аурудан сақтануды біле ме,

бірге жатып, бірге тұрып, бір орамалға қолдарын сүртіп, біріне-бірі аурудың көбін сөйтіп жұқтырады ғой.

Ж а р а с б а й. Жұққаннан дейсіз бе, құдайдан да.

Қ а с ы м (*күліп*). Ұрлық қылса да құдайдан дейді қазақ. Өтірік айтса да құдайдан, кісі өлтірсе де құдайдан. Әйтеуір үйіп-төгіп арта беретін бір құдай бар. Сөйтсе де сақтану керек. Өзіңізге белгілі, мәселен: шешек – жұқпалы ауру. Шешектен жылына қанша бала өледі. Ал балаға шешек бір егіп шықса, қайтып ол бала ауырмайды да, ауырмаған соң ешкімге шешек жұқпайды да, құдайдан деп ектірмегендердің бәрі баласынан айрылып қалып жүрген жоқ па?

Ж а р а с б а й. Бұл рас енді, ана жылы біздің Мұратжанға бір орыс пелшір егіп еді. Осы күнге дейін иығында таңбасы бар. Құдайға шүкір, әзір аман жүр. (*Балқияға қарап*) Балқия, саған да сол орыс егіп пе еді?

Б а л қ и я. Жоқ, маған Таймінер еккен.

Ж а р а с б а й. Иә, айтқандай, анау сұлу Мұратбайұлы екен ғой.

Үшінші көрініс

Ө л м е с (*кіреді*). Тұр. Балқия, кісі келе жатыр. Көрпе сал!

Ж а р а с б а й. Кісің кім?

Ө л м е с. Молда, Балжанның байы, тағы біреу. (*Балқия жүк үстінен таза көрпе алып салады. Қасым қағысып шетірек отырады. Балқия әке-шешесінің көзін ала беріп күлімсіреп Қасымның алдына хат тастайды. Қасым жөткірініп тамағын қырып, хатты жалма-жан төс қалтасына салып жібереді, үйдегілер орын-орнына отырады. Молда, Бектұрсын, Қамбар кіреді. Молданың басында үлкен ақ сәлдесі бар, сыртынан буынған ала шапаны бар. Көзін сүзіп сәлем береді.*)

М о л д а. Ас-салаумғалайкум.

Б е к т ұ р с ы н. Салаумаликум.

Қ а м б а р. Салаумаликум.

Ж а р а с б а й. Әликім салам. (*Ұшып тұрып, молданың қолын алып елпілдейді. Молда етігін шешуге отырады. Бектұрсын бір аяғынан, Қамбар бір аяғынан тартады. Қонақтар төрге шығып отырады.*)

М о л д а. Фатиха қылып жіберелік. (*Қолын жайып, аузын күбірлетеді.*)

А... бай, саламат кәйіптамысыз, мал-шаруаңыз аман ба?

Ж а р а с б а й. Құдайға шүкір, тақсыр, шүкір, қайыр дуаңызда, құдай деп отырмыз. Өзіңіз де күйлісіз бе?

М о л д а. Әлхамдилла.

Ж а р а с б а й. Мал, басыңыз аман ба?

М о л д а. Әлхамдилла.

Ж а р а с б а й. Келін, балалар...

М о л д а. Әлхамдилла. (*Өлмес пен Балқияға қарап.*) Бәйбіше, саламатсыз ба? Сәлемет пе, шырағым?

Ө л м е с. Ш-ш-ш-шүкір.

Б а л қ и я. Ш-ш-ш-шүкір.

Ж а р а с б а й. Бектұрсын, мал-бас аман ба?

Б е к т ұ р с ы н. Тыныштық па, қора-қопсың аман ба?

Ж а р а с б а й. Тоба деп отырмыз. (*Қамбарға қарап.*) Малжаның аман ба?

Қ а м б а р. Ауыл шаруаңыз да күйлі ме?

М о л д а (*Қасымға ала көзімен қарап*). Жәке, мына жігіт кім?

Ж а р а с б а й. Бұ жігіт... бұ жігіт біздің мұғалім.

М о л д а. М. м. м. Мұғалім деңіз, естуім бар. Мұса Бигеевтің шәкірті деңіз. Жәдит деңіз. (*Қасым жымшып күледі. Молда омырауынан шеті шығып тұрған тасбиғын алып, аузын жыбырлатып сусылдатып тарта бастайды.*) Бай, бұл ауылға келмегенге бірсыпыра уақыт болды. Ел арасы алыс. Сәлемнің де сәті бар деген рас екен. Халық жарықтық босатпайды. Биыл жыл ауыр, елде өлім-жітім көп.

Ж а р а с б а й. Қатын, тұр, қимылда. Балқия, шайынды даярла. (*Өлмес пен Балқия самаурынды алып шығып кетеді.*) Хош келіпсіз, тақсыр, келгеніңіз жақсы болды.

М о л д а. Мұнда кеше келетін едім, Андағұл қажының анасы опат болған екен, со кісінің намазында болып.

Ж а р а с б а й. О кісі қайтты ма, тие берсін, аллау акбар. (*Бетін сипайды.*)

М о л д а. Сол кісінің жаназасын шығарып айналып қалдым.

Ж а р а с б а й (*күліп*). Олжа, тақсыр.

М о л д а. Алыңыз, алыңыз... сонан кейін сол ауыл зекетіне патиха қылғызып, ол ауыл бір мұсылман ауыл ғой... Кешігіп қалдым.

Ж а р а с б а й. Келгеніңіз жақсы болды. Тақсыр, келмесеңіз өкпелейтін едік. Мұнда да сыбағаңыз даяр. Осында Қалжан мырза мен мынау мұғалім жігіт екеуімен зекет жайынан күнде айтысып, әйтеуір ата піріміз еді ғой деп, сізге сақтап отырмыз.

М о л д а. Пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстапа салло алла тағала исламның хадисі бар, ағузы биллә мин аш шайтан ирражим, бисмиллә иррахман иррахим. Несибу қаниса бән, юсибука, ирчәдә уалау канә әгәршәндәки, тахтал жибални, тау астында болса да, бұрынғылардың айтқан сөзі бар: Бұйырған ризық тісті жарып кіреді деген. Байдың зекетіне тар шалбарлар қызыққан екен деп, алла тағала хазіретлері бізге нәсіп етіп тұрса болар ма...

Б е к т ұ р с ы н. Япырмай, бұрынғылардың сөзі бір жағынан қанжығалысып қалмайды-ау! Шариғат ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөзі жағалай біткен құрақ деген...

Молдекемнің әлгі айтқан шариғаты қазекемнің мақалына дәл келуін қарашы.

Ж а р а с б а й. Молдеке, біздің мұғалім зекетті өзім аламын демейді. Бірақ молдаға беру дұрыс емес, молдаға бергенше тіпті зекет бермегенің дұрыс деп соғады. Жас болса пайғамбар жасынан асып кеткен, бала болса жас, құдайдың берген азын-аулақ дәулетінен зекет бермей қайтіп отырамыз.

М о л д а. Баракалла! Жәкемнің оқымаса да тоқығаны бар. Ағузы биллә мин аш шайтан ирражим, бисмиллә иррахман иррахим, Халла малы-малды асырау биллә зекеті. Зекетсіз мал обал деген. Зекетті кімге беру деген мәселеге келсек, құрандағы хисиби аллаға қосады. Хисиби аллаһдан. Мұрат алла яғни мәслән ғұламалар. Ғылымға қарсы болғандар рбилкүллі кәфир.

Қ а с ы м. Кәфір дегенге күйінетін, мұсылман дегенге сүйінетін адамың мен емес. Надан қара халық ондай сөздеріңе елегізетін шығар. Молданың өкшесі қисық деген адам кәпір болады деулеріңіз табиғи. Онан да жаман сөздерді ойлап таба алмаған соң, амалдарың құрып жүр ғой. Бірақ хазірет, гәп мұсылман кәпірлікте емес.

М о л д а. Енді неде?

Қ а с ы м. Енді неде екенін айтайын. Орыс патшасына қараған жұрттың бәрі де надан. Олардың ішінде, әсіресе біздің қазақ, қырғыз тым қараңғы. Бірлі-жарымды школдар болмаса, ана тілімізде оқитын ұлт мектептеріміз де жоқ. Ол школдар қазақтың тілін, ұлттығын жоғалту мақсатымен ашылып отыр. Хүкімет жұрттан қанша алым алса да, өз ақшамызға бізге мектеп салып бермейді. Сондықтан біз өзіміз тырысып ұлт мектептерімізді көбейтіп, халықтың көзін ашуымыз керек. Халықтан алым жинауға хүкімет рұқсат бермейді. Соның үшін әркім өз еркімен мектеп пайдасына

жәрдем берген қылып, жинауымыз керек. Мұндай ерікті жәрдемге қазақтың жыл сайын беретін зекетін қоссақ қанша қазына жиналар еді. Халықтың малы текке кетпес еді.

М о л д а. Зекетті біз алсақ текке кете ме екен?

Қ а с ы м. Текке кетеді. Текке кететіні: Молда, қожа аллаһу акпармен халықтың малын жинап алып, байығаннан басқаны білмейді. «Сарт байыса там салады, қазақ байыса қатын алады» деген мақал бар. Молдалар екіден, үштен қатын алып, халықтың малының арқасында 40–50-дегілері 14–15-тегі жап-жас қыз балалардың обалына қалып жүргендерің бекер ме? Текке кеткен деп біз осыны айтамыз. Оқуға шамасы келмеген кедейдің баласы құлшылықта өмірі өтіп жүр.

М о л д а. Шариғат.

Қ а с ы м. Шариғат, шариғат деп халықтың көзін бояудан басқаны білмейсіңдер, онан да зекетті молда алғанда халыққа пайда келе ме, жоқ мектеп пайдасына жұмсалып, елдің көзі ашылған жақсы ма? Соны неге айтпайсыз? Жұрттың малы милли зекет деп аталсын, милли ғашир деп аталсын, жұрттың өз керегіне жетім-жесірдің пайдасына жұмсалса күнә бола ма? Я болмаса халық пайдасы үшін зекетті өздеріңіз алмасаңыздар, шариғатта күнәлі болатын жерлеріңіз бар ма? (*Молда үндемей тасбиығын тартып отырады.*)

Б е к т ұ р с ы н. Ғалым алдында өзіңді тый деген, сөйтсе де мұғалім сізден рұқсат болса бір ауыз сөз сұрағалы отырмын. Біз оқымаған надан кісі, «аузыңды ашсаң нанамын, өтірік айтсаң зауалын» деген екен бабаларымыз. Біз алдымен молданың шариғатына, құдайдың сөзі, құран сөзіне құлақ қоямыз. Сізден сұрайын дегенім, жалпы шариғатқа қарсы, сіз молда көрінсе тістесе кетесіз. Құдайдың бес парызының бірі – намаз оқымайсыз, жаназаға бармайсыз, олай болғанда, жұрттың зекет бергенімен-бермегенімен сіздің не жұмысыңыз бар? Берген уақытта кімге бергенінің қанша керегі бар.

Қ а с ы м. Бұл сұрауыңыз дұрыс. Бұл арасын сізге ашып айтайын. Мен бұл мәселеге шариғат жағынан қарамаймын, саяси жағынан қараймын. Шариғат жағынан қарағанда да мына хазірет секілді жуан молдалардың зекет алуы дұрыс емес. Бірақ мәселенің түйіні онда емес. Әлгінде айттым, хүкімет бізге көмек бермейді. Ағаруымызды ойламайды, қайта неғұрлым надан болуымызды тәуір көреді, сондықтан хүкіметке сеніп отыруға болмайды. Патша 1905 жылы

мәнифест шығарды. Халыққа бостандық, теңдік бердім деді. Ертең күшейген күні бостандығын, теңдігін де қайтарып алады. Біздің қазақтан осы күні Государственный думаға уәкіл кіргізбей отыр. Жер-суымыздың жақсысын алып жатыр, өзімізді тау-тасқа қуып жатыр. Бізде мектеп жоқ. Бізде аурухана жоқ, дәрігер жоқ, қараңғыда қамаулымыз. Хүкіметтің бұл әділетсіздігімен біз алысуымыз керек. Халықты оятып, көзін ашып, теңдікке жеткізудің қамын ойлауымыз керек.

Бұл қамдардың ең зоры – өзімізге тілегенше оқу оқиық десек, қазына жоқ, хүкімет жәрдем бермейді. Өзімізге жинатпайды. Халықтан өзі жинап алған ақшаға шіркеу сала ма, миссионерлер шығара ма, министрлер, губернаторлардың жалунасына ұстала ма, әйтеуір онан бізге пайда жоқ. Қазақты жарылқаймын дегендегісі осы күнгі школдар, ол школдардың жәйін әлгінде айттым.

М о л д а. Бұл дипхәт патшаға да қарсы, патша ағзам хазіретлерінің қанұнына да қарсы.

Ж а р а с б а й (*есінеп, сақалын сипап*). Я, алла, құдай, патша, бергеніңе шүкір.

Қ а с ы м. Хазірет, мен сөзімді айтып бітірейін, бөлменіз. Қарсы болып мен патшаға бір нәрсе қылғалы отырғаным жоқ. Хүкіметтің саясатын баяндап отырмын. Өтірік десеңіз, айтыңыз. Хош, енді зекет мәселесін бітірелік. (*Өлмес есік ашады. Балқия самауыр кіргізеді. Балқия дастарқан жайып бауырсақ төгеді, қант тастайды, қонақтарға шай жасайды.*)

Біздің қазақ, бәрі болмаса да, дәл шартына келтірмесе де зекет береді. Ол зекетті, әйтеуір беретін болған соң, біз халыққа пайдалы орынға жұмсалса дейміз, зекетті халық өз еркімен берген жәрдем есебінде мектеп пайдасына берсе, онда хүкіметтің жұмысы жоқ, білмей де қалады. Халық осыған әдістенсе, жылында қазына жиналып, қанша мектеп ашылар еді. Бір 10–15 жылда алаш ұранды қазақ, қырғыз бір түрлі болар еді. Халықтың көзі ашылса, айтқанына көніп, айдауына жүрмес еді. Біз осыны айтсақ, мына хазіреттер кәпір боласың, су түбіне кетесің дейді. Бұл ақылдарыңызға сыя ма!

Төртінші көрініс

(*Екі беті қып-қызыл, ентігіп, сырттан Мұрат кіріп келеді, төмен қарап тасбиық тартып отырған молдаға көзі түсіп, таңданып тұрады да, төсекке қарай ақырын жүріп*).

М ұ р а т.
Басында сәлле, аузында алла.
Молдаларда не hамал?
Көздерін сүзіп, жүздерін бұзып,
Алдап жұртты жимақ мал...

М о л д а *(басын көтеріп алып Мұратқа қарап, қабағын түйіп)*. *А*, мына дінсіз кәпір жас балаларды бұзған екен ғой. *(Мұрат жүгіріп барып, шешесінің артына жата қалады. Молда басын шайқап)*. Ай-ай, ай...

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(Болыстың кеңсесі, екі терезелі бөлме. Терезе алдында жазу столы, үстінде книге, қағаздар жайылулы. Үш орындық, ортадағы орындықта тілмаш жалаңбас қағаз жазып отыр. Жоғары орындықта болыс отыр. Екі терезенің аралығында жоғарыда патша II Николай мен оның қатыны Александра Федоровнаның суреті ілулі тұрады. Киіз, көрпе жаюлы, бөлменің бір жағында тілмаштің төсегі, кереуеті, оның төменгі жағында шкаф).

Т і л м а ш. Ертең пошта жүргізбесек болмас, жауап қайтаратын тез бұйрықтар бар. 2-ші участканың кристянский начальнигі осымен үш рет қағаз жіберіп отыр. Төлегенді тапсыр деп, оны қайтеміз.

Б о л ы с. Төлеген ит осында, бізді паналап жүр ғой. Қайтіп көзін бақырайтып ұстап береміз. Еліне кеткен деп қайтара салсаңшы, анау күнгі атын саған беріп пе еді?

Т і л м а ш. Жоқ. Ол өзі елге әйгіленіп қалған екен. Ақша алған едім. Жарайды, оны жоқ деп қайтаралық. Онан соң кассадан былтырғыдай біраз ақша алу керек.

Б о л ы с. Былтыр кімдердің атына алып едің?

Т і л м а ш *(алақанымен маңдайын басып)*. А, а, а. Нақарбай, Жармен, Талпақ, Сасықбай... тағы кімдер еді... Әйтеуір алты адамның атына алғамыз.

Б о л ы с. Тағы да бір бес-алты адамды жаза сал. Бірақ хат білмейтіндер болсын. Жазу білмегендер үшін өтініш бойынша Жігітбай қол қойған қыла саларсың.

Т і л м а ш. Жігітбайдан Абсатай дұрыс болып жүрмесін?

Б о л ы с. Жоқ, Абсатайдан Жігітбай лайық, онан соң

ұмытпай осы жолы арақ алдыр. Анау күнгі урадник қайтарда осында соғамын деп кетті ғой.

Т і л м а ш (*күліп*). Бәлем, жаман орыс қандай сасып жүр екен. Ә, анау күні құла жорғаны әкесі Вәсилиден енші басыға алған немедей көшеге салып жүр еді... Оны сізге кім айтты.

Б о л ы с. Мекапар өзі Бұзаубақтан сәлем айтыпты. Осылай болып тұр, атын сатып алғамын. Басы-қасында Қызылсу елінің болысы мен тілмашы бар деп жауап бердім деп, сөйтіп соғылған сасқанынан бізді ғуаға салып қойыпты.

Т і л м а ш. Бір күні пәуеске келіп қалады десеңізші... Болыс, әлгі Қоғабай баласын қайтеміз? Менің қыр-соңымнан қалуды қойды. *(Күліп.)* Тымағың жақсы екен деп едім, түлкі тымағын беріп кетті. Болысқа айыбым, ат-тоным даяр, ашуын тастасын деп қыңқылдай береді.

Б о л ы с. Жоқ, ол атаңа лағынаттың қорлығы есімнен кетер емес, өзім теріме сыймай тарылып, Жарасбай аулына барымтаға аттандырарлық жігіт жеткізе алмай, жаным, жиен, сен де, Айтөстің ұлынан тумасаң да қызынан туған баласы едің ғой, мына жолға барып кел десем, үйінде үш бірдей аты тұрып, атым жоқ, шаншуым бар еді, бәлен еді, түген еді деп, панданып бармай қалғаны. Оның екі атын сонан кейін ұстап алдырғамын. Енді оның жөні болар... Бағанағылар неғып жатыр екен?

Т і л м а ш. Үлкен үйде түстеніп жатса керек.

Б о л ы с. Бектұрсын жүрген жер түстенусіз болар деймісің.

Т і л м а ш (*күліп*). Түстену жағына келгенде молдекең де ешкімге есесін жібере қоймас.

Б о л ы с. Молданы қойшы, жұрт үстіндегі кісі ғой. Үлкен үйдің түнеу күнгі өлген баласына бата оқимын деп отырған.

Т і л м а ш. Осы молданың түсімі біздікінен көп-ау деп ойлаймын.

Б о л ы с. Біздікін қойшы, тәңірі, молдаға осы қыстың ішінде жалғыз педиядан қырық-елу қара кірген шығар. Не қылса да құдай берген адам. Күні кеше Қырықбайдан бір түйе, бір ат әкеліп отыр.

Т і л м а ш. Қырықбай қайтты ма?

Б о л ы с. Естіген жоқ па едің, күйдіргі шығып, төрт-ақ күн ауырыпты.

Т і л м а ш. Иманы жолдас болсын?! Бишара жақсы адам еді. (*Бетін сипайды.*)

Б о л ы с. Несін айтасың, қайсар, мықты жігіт еді ғой. Жебір, бәлен-түген деп елі жаратпайтын еді. Қазаққа кісі

жаға ма? Сырттан бәрімізді де қайбір мақтап жүреді дейсің. Бірақ ол елдің Қырықбайдан артығы жоқ еді.

Т і л м а ш. Енді олардың ауылнайын билейтін кім?

Б о л ы с. Ол елде басты адам қалған жоқ. Жауғашар өлді, Мұсатай өлді. Серікбай қажы болса, ол бір тірі аруақ, тілін ешкім алмайды. Ендігі бас көтерер Барлыбай да.

Т і л м а ш. Барлыбайыңыз жаңадан Нұрғазымен құда болған Барлыбай ма?

Б о л ы с. Сөйтіп пе? Мен естігенім жоқ. Оны кім айтты?

Т і л м а ш. Мана Бектұрсын сөйлеп отырды.

Б о л ы с. М, м, м, қыз беретін болып па, қыз алатын болып па?

Т і л м а ш. Қыз береді дейді.

Б о л ы с. Ендеше мұнда мағына бар екен? Екеуі құда болады деген сыбыс менің құлағыма ертеде бір шалынып еді. Оған нанбап едім. Енді қисыны келді. Нұрғазы менің болыстығымнан дәме қылады деген өсек расқа айналып барады. Үшінші ауылнайдың да арасына сыбыр кіріп қалды деп естідім. Сірә, осы бастан қам қылмасақ болмас. «Жау аяған жаралы қалады» деп. Ана жылы Тайсойған сайлауда Сұлтанбекті аяймын деп бір қапыда кетіп едім, енді ойлану керек. Нұрғазының басын шарға түсіруге жарамайтын қылып тастамасақ, ол ит елді бір аударып әкетуге әкетеді. Кешегі жиылыста Бұланбай жағының да нұсқынын жаман көрдім.

Т і л м а ш. Мен олардың құдалығында қулық бар екенін білгенім жоқ. Бектұрсын аңқылдап соғып отырды... Иелікті бар құдалық еді десеңізші.

Б о л ы с. Я біз қуанатын құдалық емес.

Т і л м а ш (*терезеге қарап*). Кісілер келе жатыр екен.

Екінші көрініс

(*Молда, Көпжасар, Бектұрсын, Бұзаубақ кіреді. Әуелгі үшеуі төрге шығып отырады, Бұзаубақ омырауында «рассыльный» деп жазған жезі бар. Тілмаштың қасындағы орындыққа отырады.*)

Б е к т ұ р с ы н. Болыс, біз кешігіп қалдық па? Қайттік? Молдекең үлкен үйдің шетінеген баласына бата қылам деген соң, сонда барып едік. Айтолқын бәйбіше қазан асып жібермеді.

Б о л ы с. Зиян жоқ, сіздерді үлкен үйге барды деген соң, өзім де кешігетіндеріңді білгенмін... Бике, Нұрғазы мен Барлыбай құда болыпты деген сөзді сіз айтты деді ме?

Б е к т ұ р с ы н. Иә, былтырғы жоғалған түйемнің дерегін білген соң, анау күні сол жаққа барып қайтып едім, сонда Байзақ аулы сөз қылып отырды.

Б о л ы с. Бұл құдалықты тілмаш екеуміз бір нәрсеге жорып отырмыз.

Б е к т ұ р с ы н. Сол жоруыңыз жору-ақ, есіткенде менің де ішім жаратпап еді.

Б о л ы с. Оны көреміз, құдайға тапсырдым, аруақ жар болсын. Шынтуайтқа келгенде, су бойындағы үш ауылнай ел ұрандасып кетуші еді ғой. Оған шейін тағы бір лажын табармыз. Екі ауылнай Көтекеңе Молдекең ие болса, Нұрғазыдан келген пәлені көріп алармыз.

М о л д а. Енші алла, бізді өзіңіздей көріңіз. Біз әрқашан дұғадағы кісі.

Б о л ы с. Дұғаңыздан тастамасаңыз болғаны. Тақсыр, «дұғамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деген, енді сіздермен оңаша ақылдаспақшы сөздерімді айтайын.

М о л д а. Айтыңыз, құлағымыз сізде.

Б о л ыс. Бұзаубақ, енді бұл үйге бөтен кісі кіргізбе!

Б ұ з а у б а қ. Адам түгіл, шайтанды да кіргізбеймін.

Б о л ы с. Молдеке, Бике! Көпжасар! Өздеріңізге мәлім, пәленшенің келіні кетті деген атақ маған батып жүр. Қаңғырған қыпшақ мұғалімнің қорлығы өле-өлгенше есімнен кетер емес. Ат жалын тартып мінгелі мұндай кемшілікті көріп пе едім. Атам Сандыбайдан бері маңдайыма дақ тимей келе жатыр еді. Азуы алты қарыс Толысбайды да үш жыл алысып жүріп шоңқитып едім. Енді Жарасбайдың бұзылған қызының турасында аяғыма қан түсіп тұр. Осында һәркімнің көңілімді жұбатқан болып: Жарасбайды шауып алдыңыз, берген малыңыз екі есе қайтты. Үш тоғыз айыбы тағы бар. Бұзылған қыз қаңғырған біреумен кетті, кегіңіз бітті ғой деседі. «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген, менің малмен көңілім тынатын емес, лажын тауып, Жарасбайдың сол қашқан қызын ат көтіне салып әкеліп босағамды бір аттатсам деймін, оның аржағындағысын көріп алар едім. Бұған қылар не ақыл, не айла бар?

Б е к т ұ р с ы н. Қайдан білейін, сізге ақыл үйретеміз бе? Ақылын өзіңіз табыңыз, біздікі артыңыздан қара болып ере беру ғой.

Б о л ы с. Молда, сіз не айтасыз?

М о л д а. Құдай біледі, мәслихатыңыздан шықпаспыз.

К ө п ж а с а р. Ол қыпшақ өзі қайда екен?

Б о л ы с. Әзір қалада жүр дейді. Ана бір Ахметжан,

Құлтас деген кулар бар, бәрі қосылып қыздың басына ерік қағазын алыпты. Осы күні бір орыстың үйінде тұрады дейді.

К ө п ж а с а р. Бес-алты жігіт барып, тура тартып алса қайтер еді.

Т і л м а ш. Жоқ, тартып алуға болмайды, қалалы жерде ондай жұмыстың түбі насырға шауып кетуге мүмкін.

Б е к т ұ р с ы н. Мұның ақылын әлде болса да осы тілмаштың өзі табады-ақ деймін. Бір жағын закөнге сүйеп істемесе, болыстың да аңдып жүрген дұшпаны көп. Ол өзі қазақтың қара тоқпайынан шығып кеткен жұмыс қой.

Б о л ы с. Я, біз өзіміз де солай деп ойлаймыз. Бірақ закөнге сүйенгенде де дәлел керек болып тұр. Тілмаш екеуіміз бұл туралы сіздерден бұрын да кеңесіп, түнеу күні Жарасбайдікінде шоқыншық мұғаліммен сөйлесіпсіздер ғой. Сонда ол патшаға тіл тигізді дегенді естідік. Соның анығын біліп, сіздермен кеңесіп, реті келсе өздеріңізді куә қылсақ па деп ойлап едік. Сәті түсіп қыпшақты абақтыға жаптырсақ, қызды қолға түсіру қиын емес деп отыр мына батыр(*тілмашқа қарап көрсетеді*). Соның жайын айтыңыздаршы, қалай еді?

Б е к т ұ р с ы н. Онда Молдекең екеуміз бар едік. Көпжасар жоқ еді.

М о л д а. Қамбар бар...

Б е к т ұ р с ы н. Айтқандай Қамбар да бар. Сонда әлгі бұзылған қыпшақ екі сөзінің бірінде молдекеңнің бетінен алып отырды. Молдаға зекет, ғұшыр, садақа бермеу керек деп отырып жарықтық патшаға да тіл тигізіп жібергені рас.

Т і л м а ш. Не деп тіл тигізді? Дәл айтқан сөзін айтыңызшы!

Б е к т ұ р с ы н. Патшада әділдік жоқ, патшада уәде жоқ. Қай жылы деп еді, құдай-ау, берген жақсылықтарын қайырып алған патшаның көзін жоғалту керек деген секілді сөздерді сөйледі.

М о л д а. Бикем түгел айтпады, ол ләғанаттың айтқан сөздері толып жатыр. Қазаққа мектеп ашып бермеді, соның үшін халықтың зекетін молдаларға бергізбей өзіміз жинап, үкіметке білдірмей усул жадит мектебін ашалық... Тағы да сол секілді лағыуа сөздері көп.

Б е к т ұ р с ы н. Молдекең жарықтық ұмытпапты. Ондай сөздердің көбі біздің бір құлағымыздан ағып кетеді.

Т і л м а ш. Енді мұның ақылы оңай, патшаға, үкіметке қарсы жұмыстарды қарайтын жандарымски ахранный управление деген мекеме бар. Соған білдіреміз...

Б е к т ұ р с ы н. Мынау тіпті туғалы естімеген мекемеміз ғой.

Т і л м а ш. Молдекеңді, Қамбарды куә қыламыз. Қалай білдіруін мен өзім табам. Ахран управление Қасымды сөзсіз абақтыға салады, оған мен кепіл...

Б о л ы с. А, Құдай аруақ!

М о л д а. Баракалла!

Т і л м а ш. Сіздер куәлік бересіздер ме?

Б е к т ұ р с ы н. Он жерден куәлік бер десең де берелік.

М о л д а. Ағузы биллә мин аш шайтан әл ражим бисмиллә иррахман иррахим. Атифолла – аллаға бойсән. Уа атифур расул һәм оның пайғамбарына бойсұн, уа Ұлы Әміри мин кум патшаға бойсұн деген аят. Шарип бар. Алланың бірлігі, расулымыздың хақлығын білмеген, патша ағзам хазіретін хақаратлаған залымды аяушы ма едік, әлбетте шаһадат береміз.

Т і л м а ш. Ендеше, Қасым ұсталды деңіз.

Б е к т ұ р с ы н. Аузыңа май.

К ө п ж а с а р. Қызды қалай қолға түсіреміз?

Б ұ з а у б а қ. Қасым ұсталып абақтыға түсетін болса, қызды мен жалғыз өзім-ақ алып келейін, мені жіберіңдерші.

Т і л м а ш. Онысы рас, Қасым ұсталатын болса, қыздың келуі оңай. Қасым революционер болып ұсталатын болса, революционер деп патшаға қарсыларды айтады. Оған ешкімнің жаны ашымайды. Оның қатынына біреу зорлық қылып жатыр екен деп артық ескермейді. Сөйтсе де Жарасбайдың қызы өткір болса керек. Екі жылдан бері не сұмдықтың бәрін мұғалімнен үйреніп қалған ғой. Қолында алған ерік қағазы болса, оңайлықпен көне де қоймас. Сондықтан бұл жағын да законмен істеу керек.

К ө п ж а с а р. Мұның законы не?

Т і л м а ш. Мұны былай қыламыз. Жарасбай болып біреу болысқа арыз жазады. Қызым Балқия Қасыммен қашарда үйімнен пәлендей затымды, ақшамды ұрлап кетті, соны биге салып тексертсеңіз екен деп. Закон бойынша ұрлық, қарлық секілді істер қай жерде істелсе, сол жердің өзінде тексеріледі. Жарасбайдың нәрселері Қызылсу болысында ұрланған болып тұр. Сол себепті Балқияны Қызылсу елінің болысной соты тергеуге тиіс. Олай болса, болыс Балқияны шақыртып повеске жазуы керек. Пристап өзіміздің кісі, сонымен ақылдасып Қасым ұсталған жерде болысной сотқа жауапқа шақырады деп, Балқияны Қызылсудан бір-ақ шығарамыз.

Оның аржағында не болар. Құдайға жылап кезінде көреміз. (*Шылым тартып, бүйірін таянып, шалқайып насаттанады.*)

Б о л ы с (*Тілмашты арқадан қағып*). Әй, бейшара ұзын шәшім. Қысылған жерде ақыл табушы едің-ау.

Т і л м а ш (*бүйірін таянған күйінде күліп*). Асырауым келіспей жүр ғой.

К ө п ж а с а р. Біздің осы тілмаш атпекет болса, қандай тамаша болар еді.

Б е к т ұ р с ы н. Дос аз, дұшпан көп, а, жасаған-ай сәтін сала көр!

М о л д а. Я, алла тағала, болысымыздың мерейін үстем қыла көр.

Б ұ з а у б а қ (*алақанына жұдырығын қойып қалып*). Өкіртеміз бәлемді.

Б о л ы с (*бір қолымен бүйірін таянып, екінші қолымен тілмашқа нұсқап, шалқайыңқырап отырып, тістеніп, қабағын түйіп, қатты дауыспен*). Жаз, тілмаш, арызды жанын шығара жаз! Ақ патшаға қарсы болғыш найсапты абақтыда шірітелік! Сүйгеніне барғыш көзәпті күң ететік.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(*Қасымның бөлмесі, терезесі үшеу, орталықта үстел, айнала бес-алты орындық. Үстел үстінде кітап, қағаз, қара сауыт. Бір жақта кереует, оның аржағында вешелкада ілулі киімдер. Есікте, терезеде штор. Перде ашылғанда бөлмеде ешкім жоқ. Бір терезе ашық. Оның алдында бір-екі газет, хат шашылып жатыр. Балқия кіреді. Басында тақия, оның үстінен жеңіл жібек шәлі жамылған. Үстінде қазақша пұліш бешпет, аяғында бәтіңке. Қолында тұтқалы ременмен байлаған екі-үш кітап.*)

Б а л қ и я (*есіктен кіріп, үйдің ішін көзімен қарап тоқтап тұрып*). Әлі келген жоқ екен ғой! (*Күлімсіреп.*) Ахметжан екеуі бастарын бір қосып алса күннің батқанын, таңның атқанын білмейді. Екеуінің әңгімесін тыңдар ма еді. Біздің Қасекең қандай қызынып соғып отыр екен. Сөйтіп отырғанда көзіне Мұңсызбай молданы көрсетер ме еді, жеп қояр еді. (*Төрге қарай жүреді, терезенің алдында түсіп жатқан газет,*

хатты көріп, қолындағы кітаптарды үстел үстіне қойып барып алады, қарай бастайды.) Үйде кісі жоқ болған соң, пошталион терезеден тастап кеткен ғой. (*Хаттың сыртынан қарап, Қа-си-му, Жақ-сы-лик-ву деп буындап оқиды. Орындыққа отырады. Хатты үстел үстіне қойып, газетті ашып қарастырады.*)

28 әпрелде шыққан екен. Бүгін майдың жетісі. Әпрелдің екі күні жеті күн, жап-жақын екен ғой (*газеттің екінші бетін ашып*) сыртқы хабарлар, ішкі хабарлар, тоқта ішкі хабарларды оқиын. Сыртқы хабардың көбіне түсінбеймін. Қаскен тарих оқысаң, жағрапия оқысаң, сонда түсінесің дейді. Жердің жайын, жер жүзінде қандай патшалық бар, соны үйретем дейді. Маған әзір ішкі хабарлар қызық. (*Оқиды.*) Зайсан 12 әпрелде. Жорға елінің жерінде Алексеевский деген мұжық қаласы бар. Осы мұжықтардан қысты күні он шақты мал жоғалады. Мұжықтар жоғалған малын қасындағы Бәжігіттерден көріп...

Екінші көрініс

(*Қасым кіреді. Балқия Қасымға қарап, газетті үстел үстіне тастай беріп, Қасымға қарай жүреді.*)

Б а л қ и я. Таңертең кеткеннен қайтқаның осы ма? Қайда болдың? Саған хат бар, газет те келді.

Қ а с ы м. Хат қайдан, Семейден емес пе?

Б а л қ и я. Білмеймін. (*Екеуі қол үстасып төрге қарай жүреді. Қасым орындыққа отырады. Конвертті жыртып, хатты қарай бастайды. Балқия түрегеліп тұрып, бір қолымен Қасымның мойнынан құшақтап бетіне бетін тигізіп, хатқа қарап тұрады.*)

Қ а с ы м. Сағынтайдың хаты екен.

Б а л қ и я. Сағынтайың кім? А?

Қ а с ы м. Менің жолдасым. Уфада төрт жыл бірге оқып едік. Бөкей ордасының жігіті. Осы күні Орал облысында Темір уезінде Қалмаққырған деген жерде мұғалімдік етіп тұрады. Түнеу күні осында келген соң хат жазып едім. Оқиық, не жазған екен.

«Қымбатты бауырым, Қасым! Хатыңды алып қуанып қалдым. Сүйіп алған жарың құтты болсын. Ұзын ғұмырлы, үбірлі-шүбірлі болуларыңызды тілеймін». (*Балқияға қарап күліп*) Естимісің. (*Балқия қарап Қасымның құлағын жұлқиды.*) Жұлып таста құлағымды. Сонан соң жұрт сені шұнақ Қасымның қатыны дейтін болсын.

Б а л қ и я. Солай ма екен! (*Құлағын қоя береді.*) Оқи ғой хатыңды, оқы, енді тимеймін.

Қ а с ы м (*оқиды*). «Көрмесем де сәлем айт, бірге жүріп, бірге өскен құлын-тайдай тебіскен құрбым еді деп сырттан болса да менімен таныстыр. Мүмкін болса, екеуің сүгіретке түсіп жіберіңдер. Өзімнің де денім сау, надандықпен алысып жүрмін. Бұрын да жазып едім ғой. Бұ жақтың ишаны, хазіреті көп болады екен. Өңшең Бұқардан оқып шыққан, сәлделері қара қазандай жарықтық әулиелер. Төте оқу десе төбе шаштары тік тұрады».

Үшінші көрініс

(*Біреу есік қағады. Балқия сескеніп, екінші орындыққа барып отырады.*)

Қ а с ы м. Кіріңіз. (*Құлтас кіреді.*)

Қ ұ л т а с (*Сәлем беріп үйдегілермен қол ұстасып амандасады*).

Б а л қ и я. Жоғары шығыңыз. (*Құлтас орындыққа отырады.*)

Қ а с ы м (*Құлтасқа қарап*). Балқиямен әңгімелесе тұр. Мына хатты оқып бітірейін. (*Хатты оқып отырады.*)

Қ ұ л т а с (*Балқияға*). Оқуыңыз жақсы бар ма?

Б а л қ и я (*күліп*). Қайдан білейін, әйтеуір, оқыған болып жүрмін. Бәрінен орыстың тілі қиын болады екен. Учительницаның айтқанын мен түсінбеймін. Менің айтқаныма ол түсінбей, алғашқы кезде тіпті қиын болып жүрді. Осы әзірде аз-аздап аңғаратын болдым.

Қ ұ л т а с. Мария Петровна, ол – жақсы учительница, менің кішкене қарындасымды, былтыр гимназияға сол даярлап еді.

Қ а с ы м. Жә, Құлтас, сөйле, не әңгімең, не хабарың бар?

Қ ұ л т а с. Бөтен хабар жоқ. Оқудағы жастар тарамай тұрғанда бір спектакіл қойып қарасақ қайтеді деп едік, қалай ойлайсың.

Қ а с ы м. Білмеймін, пьесаларың бар ма?

Қ ұ л т а с. Басылған пьеса жоқ қой. Қарабековтің жанада жазған бір перделі комедиясы бар екен, жастар соны қойып қаралық деп жүр.

Қ а с ы м. Онысы бір-ақ перделі болса, спектакль демей, әдебиет кешін жасау керек қой. Комедия ойналар, өлең айтылар. Ән салынар, декламация секілді нәрселер болар.

Сөйтіп, әрқайсысының басын құрап істемесе, бір перделі комедия не болады.

Құлтас. Өзі де солай болар. Хош, әдебиет кеші болса, Балқия ханум сіз ойнайсыз ба?

Балқия (*күліп*). Мен білмеймін ғой, көрмеген нәрсем ғой.

Құлтас. Көрген-көрмеген есеп емес. Қалада бұрыннан тұрғандарымызға да бұл жаңа нәрсе, бұл туралы бәріміз де... бір өлең айтарсыз. Ән саларсыз, сіздің дауысыңыз жақсы деп мақтасып жүр осындағылар.

Балқия. Менің даусымның жақсы-жаманын қайдан білді мұндағылар, ә деп ауызымды ашып көргенім жоқ.

Құлтас. Мұнда ашпасаңыз, елде ашқан шығарсыз.

Қасым (*Балқияға қарап*). Сағила екеуің қосылып, жер-көкті бастарыңа көтеретіндерің қайда?

Құлтас. Ал айғақ керек болса. (*Біреу есік қағады.*) Кім дейсің. Ахметжан шығар. Әйде, рұқсат, кіре бер.

Төртінші көрініс

Ахметжан (*шіләпәсін қолына ұстап, басын изеп*). Армаңыз! (*Үйдегілермен амандасып отырады.*)

Құлтас. Ой, «арман» не?

Ахметжан. Шырағым, мен Америка аштым, бұрын қазақ «арма» деп амандасады екен. Қобландының өлеңінде де бар ғой. «Жетіп келдім арма деп, алдымда кісі бар ма деп», сол армасы осы екен.

Қасым. Армасаң, арма, не бітірдің. Манағының жөні болды ма?

Ахметжан. Ордабаевқа тапсырдым. Ертең даяр болады дейді. Құлтасқа айтып па едің?

Қасым. Жоқ әлі.

Ахметжан. Ендеше, осында бір саяси қашқын бар, соған паспорт керек болып тұр. Ақшасы да жоқ екен. Бүгін Қасым екеуіміз соған ақша жинадық.

Құлтас. Жарайды, мен де ескерейін (*қалтасын ақтарып, ақша алып, Ахметжанға береді*). Әзір өзімдікі, алып қой.

Ахметжан (*Құлтастың ақшасын алып, қалтасына салып*). Сен түгіл, бүгін Қасым екеуіміз Бакировтан да ақша алып, дәндеп отырмыз.

Құлтас. Онан не деп сұрадыңдар?

Ахметжан. Қоятыны жоқ, дұшпаннан түк тартсаң да олжа деген. Реті келіп қалған соң алдық. Қасым екеуіміз көшеде келе жатсақ, қара арғымаққа паятон жеккен

Бәкеңнің баласы келе жатыр. Өте бергенде мен тоқтаттым. Амандасып тұрып, байбатша, бір сауапты іске ақша жинап жүрміз. Кәне, беретініңді бер деп едім. Ыржиып күлді де бес сомдық суырып бергені. Біздің неміз кетіпті, алдық та жүре бердік.

Қ а с ы м. Екеуің бірдей жақсы кез келдіңдер. Енді менің жайымды сөйлесейік. Маған орын керек. Азғана ақшамызды ұстап жатырмыз. Табысы жоқ кісінің қалада тұруы оңай емес қой. Осы қалада қанша қазақ бар?

А х м е т ж а н (*Құлтасқа қарап*). Жүз елу бар шығар.

Қ ұ л т а с. Онан артық болмаса кем емес.

Қ а с ы м. Олай болса, толық бір мектептік бала шығады екен ғой.

А х м е т ж а н. Сөз жоқ, 50–60 бала еркін шығады. Бірақ қазағының берекесі жоқ. Саудаға жұмылып кеткен, өнер-білімге өте ынтасыз. Біз былтырдан бері мектеп ашыңдар деп зарлап жүрміз, әне-міне деп біріне-бірі сілтеп, сәті түспей жүр. Мұндағы қазақ байларының бар тәуірі–манағы өзің көрген сақау Наурызбай. Ол байғұс (*күліп*) «Мешіт, медресе салатын болсаңдар бір мың сом берем» деп жүр. Біз оған мешіт салыңдар, бірақ алдымен мектеп ашыңдар деп, құлағын бұрап жүрміз.

Қ а с ы м. Балқия екеуіміз біздің елге барып қайтсақ па дейміз. Бәрібір мұнда тұрғанда да расход, жолға да көп болса сондай ақша шығар. Мен өзім елге бармағаныма төрт-бес жыл болды. Бірақ осы күні тұратын орнымызды белгілеп алғым келеді. Семей жақта да шақырған біреу бар еді. Оған әлі жауап қайтарғаным жоқ. Егер мұнда қазақ мектебі қалада ашылатын болса, осында қалғым келеді.

А х м е т ж а н. Сен енді оған былай қыласың. Еліңе баратын болсаң бөгелме, сен мұнда тұрсаң да, тұрмасаң да, мектеп ашудың соңынан біз түсіп қарармыз. Бұл мәселе тез шешіле қоймайды, алдымен мұндағы жатақтарды көндіру керек, онан кейін рұқсат алу керек, ақша жинау керек. Мұның бәріне бірсыпыра уақыт кетеді. Бұл жаққа өзің келсең келіп қалдың, келмесең әдірісіңді қалдырып кет. Біз телеграмм соғармыз. Хат жазармыз. Әйтеуір мектеп ашу мәселесі немен біткенін білдіреміз. Мектеп ашыла қалса, сені сөзсіз алдырамыз.

Қ а с ы м. Менің қалада тұрсам деген мақсатым, біріншi, әйтеуір, қазақ баласын оқытқаным ғой, екінші Балқия – оқу оқысын, шаһар тұрмысымен біраз таныссын деп едім.

Қ ұ л т а с. Айтқандай «Қазақ» газетасының соңғы нөмірінде Тұрысбек Маман балаларының мұғалім керек деген ағланы бар, оны көріп пе едің?

Қ а с ы м. Көргем жоқ. Бүгінгі келген нөмерінде ме екен?

Б а л қ и я (*газетті қарап*). Я, бар екен (*ішіне оқып қарап отырып*) Қапал үйезінде дейді. Бұл қай жақта?

Қ а с ы м. Қытаймен шектес жерде, Жетісу облысында.

Б а л қ и я. Ту, жердің түбі ғой.

Қ а с ы м. А, солай ма екен? Маған жолдас болсаң ыстықты да, суықты да көрерсіз деп кешіргенім қайда?

Б а л қ и я. Жай айтам, алыстығын айтам, сенімен бірге жердің түбі түгіл, астына барсам да ризамын.

Қ а с ы м (*Ахметжан мен Құлтасқа*). Енді солай етелік. Мұнда мектеп ашыла қалса хабарландырарсыңдар. Келіп қалармыз.

А х м е т ж а н. Өзің қашан жүрмекшісің?

Қ а с ы м. Енді бір үш-төрт күннен кейін жүрсек керек деп тұрмыз.

Құ л т а с. Жоқ, оның болмайды, біздің әдебиет кешімізді өткізіп жүріңдер! Бәрібір, біз Балқияға ән салғызбай жібермейміз.

Б а л қ и я. Ойыныңыз қашан болады?

Құ л т а с. Көп болса, он күн.

Қ а с ы м. Қой, он күнге қарай алмаймыз.

А х м е т ж а н. Мен араларына бітім айтайын. Төрт күнде емес, он күнде емес, болатын болса, бір жетіде болсын.

Құ л т а с. Жарайды, төреңе құлдық.

Қ а с ы м. Құлтас қадалған жерден қан алмай қоймайды-ау, амал жоқ бір жетіге шыдалық.

А х м е т ж а н (*тұрып*). Қайыр, қараңғы болып барады, енді мен қайттым. (*Қасымға*) сені қашан көрем?

Қ а с ы м. Ертең өзім барамын. (*Құлтас һәм Ахметжан амандасып шығып кетеді.*)

Бесінші көрініс

Қ а с ы м. Қараңғы болды, қалқам. Балқия, шам жақшы. (*Балқия шам жағады.*)

Б а л қ и я. Бүгін учительницаға ақша бердім.

Қ а с ы м. Ай болды ма?

Б а л қ и я. Бүгін дәл бір ай. Уақыттың қалай тез өткенін білмеймін. Түнеу күні үйде жүргенде таң атса, күн батпаушы еді.

Қ а с ы м. Үйдегің мен әзіргі уақыт бірдей ме, ол кезде уайымды едің, істің не боларын білмеуші едің. Бұл уақытта тілегімізге жетіп, қосылып рахат өмір сүріп отырмыз.

Б а л қ и я. Әйтеуір енді қорқыныш жоқ па? Мен қорқа

берем. Болыстан жауыз адам жоқ. Қолынан келсе аямайды, біздің үйді шауып алыпты ғой, қаны қара адам. Тым болмаса, көкемді аясайшы. Мені саған қолымен бермегенін біледі. Тәңірі жазасын бергір, жалмауыз.

Қ а с ы м. Тәуекел, енді еш нәрсе бола қоймас. Елде болсақ, бір нәрсе қылар еді. Қалада тұрған соң, бата алмайды ғой. Қолынан келетін болса түнеу күннен бері аянып жүр деймісің, бір жұмадан соң өзіміз де жүріп кеткелі отырмыз. Ендігі күдер үзген де шығар.

Б а л қ и я. Сенің үйің біз барғанда қандай қуанар екен. Балаларға ондай-мұндай алу керек, әжеңе не берерімді білмеймін. Тіпті құралақан барғанымыз ұят қой.

Қ а с ы м. Сынар деймісің. Жасау-жабдықпен ұзатып алмағанымды барған соң білер.

Б а л қ и я. Сонда да...(*Есіктің сыртынан дүбір естіледі. Балқия есікке қарап тыңдап.*) Қаскен! Бұ немене дүбірлеп кеткен, әлгілер қайта келді ме?

Алтыншы көрініс

(*Есіктен саулап алдымен пристав, онан кейін бір омырауында күміс медалі бар полицейский, жез қадаған Бұзаубақ һәм Қамбар кіреді*).

П р и с т а в. А, попалис! (*Балқияның өңі қашып біресе приставқа қарайды, біресе Қасымға қарайды. Пристав есік жақтағы орындыққа отырып, портпелін ашып, қағаз, қалам алып*) Қасым Жақсылықов сен бе?

Қ а с ы м. Иә, мен.

П р и с т а в. (*Балқияға қарап*). Мынау кім?

Қ а с ы м. Бұл менің қатыным.

П р и с т а в. Мен сізді тінтемін.

Қ а с ы м. Не үшін тінтесіз?

П р и с т а в. Ол сенің жұмысың емес. Нәрсеңіз қайсы?

Қ а с ы м. Анау шамаданым, мынау ілулі тұрған киімдерім, басқа нәрсеміз жоқ.

П р и с т а в. Аш шамаданыңды. (*Қасым шамаданды ашады.*) Евдокимов, ақтар шамаданды, қағаз, хат, кітап болса бері алып кел. (*Полицейский шамаданды ақтарып, ішінен он шақты кітап, бес-алты хат алып, приставтың алдына қояды. Пристав кітап, хаттарды қарап отырады. Полицейский үстел үстіндегі, газет, қағаздарды жинап, приставтың алдына барады.*) Қара, тағы басқа нәрсе жоқ па? (*Өзі үйдің ішін көзімен айнала қарап отырады. Полицейский кереуеттің астына басын тығып қарап, пештің ішін үңіліп қарайды.*)

П о л и ц е й с к и й (*Приставқа қарап шест беріп*). Тақсыр, енді еш нәрсе жоқ. Әбден қарадым.

П р и с т а в. (*Жаза бастайды.*) Қасым Жақсылықов, қай жерліксің, түгел айт!

Қ а с ы м. Торғай облысы, Қостанай уезі, Қарабалық болысы, 7-ауыл.

П р и с т а в. Нешедесің?

Қ а с ы м. 25-темін.

П р и с т а в. Бұрын сотты болдың ба?

Қ а с ы м. Жоқ.

П р и с т а в. Қатын-балаң бар ма?

Қ а с ы м. Қатыным бар, балам жоқ.

П р и с т а в. (*Екі минуттай жазып отырады.*) Қол қойыңыз. (*Қасым қол қояды. Пристав кітап, қағаздарын, 4–5 уақ кітап алып, бірнеше хат алып, портпеліне салады. Қасымға қарап*). Закон бойынша сізді абақтыға жабам.

Б а л қ и я (*Қасымға қарай жыламсырап*). Япырым-ай, не дейді, жаным...

П р и с т а в. Сөйлеме, сен де баратын жеріңе барасың. (*Бұзаубаққа қарап.*) Повескең қайда?

Б ұ з а у б а қ *(сөмкесінен тез қағазын алып, лып етіп приставтың алдына келіп).* Міне, тақсыр!

П р и с т а в (*Балқияға*). Қорықпа, абақтыға жабылмайсың, Қызылсу болысына жауапқа барасың. (*Қасым мен Балқияға*) Әйдә, киімдеріңді киіңіндер. (*Портпеліне қағаздарын салып түрегеледі. Қасындағыларға қарайды, полицейский Қасымның қасына келіп тұра қалады. Бұзаубақ пен Қамбар Балқияның жанына келіп тұрады*).

Қ а с ы м (*Балқияға қарап дірілдеген дауыспен*). Жаным, Балқия, жауыз тағдыр шынымен екеуімізді айырғаны ма?

Б а л қ и я (*жылап*). Қаскен, қалқам, мені осы арада өз қолыңмен өлтіріп кет. Бұл дүние маған қараңғы көрмен тең.

П р и с т а в. Болар енді, болар...

П о л и ц е й с к и й (*Қасымның иығынан тартып*). Айда, айда...

Қ а с ы м (*көзін сүртіп*). Қош, қалқам, сорлы Балқия!

Б а л қ и я (*жылап*). Қош, жаным, қош, сен аман бол!

(*Балқия мен Қасым жылап құшақтарын жайып бірінебірі қарсы ұмтылады, екеуін құшақтастырмай, полицейский Қасымның қолынан ұстай алады. Бұзаубақ пен Қамбар Балқияның екі қолынан тартып жібермейді*).

П р и с т а в *(ақырып).* Айда, жүр!

Ш ы м ы л д ы қ.

Әңгімелер

(1911 — 1924)



ЕКІ ҚЫЗДЫҢ МҰҢЫ

Н ұ р и л а. Көйлегіңді бітірдің бе, Ұлбосын?

Ұ л б о с ы н. Әдіре қалсын көйлегі.

Н ұ р и л а. Жә, неге ашуландың?

Ұ л б о с ы н (*біраз үндемей отырып ауыр күрсінді де, моншақтап келіп қалған көз жасын сүртіп*). Сенен жасыратын сырым жоқ. Нұрила, құдайдың жаратқан мақұлықтарының арасында қыздан сорлы жоқ екен. Екі қатын үстіне малға сатылып мен отырмын. Алпысқа келген шалға баруға сен тұрсың. Зейнет бейшараны сегіздегі балаға атастырып қойды, бір мақаудың тілеуін тілеп Зылиха отыр.

Н ұ р и л а. Сабыр ет, Ұлбосын, қыздың сорлы екенін жаңа білдің бе? Обалыңды ата-анаңа арт та, берген жеріне бар, болмаса законше жолыңды тап.

Ұ л б о с ы н. Маған кім даяр тұр?

Н ұ р и л а. Нұржан ше?

Ұ л б о с ы н. Нұржанды жауып қойшы.

Н ұ р и л а. Онан неге бездің?

Ұ л б о с ы н. Ауыл арасында пысық болғанменен сондай жігіттің қолынан іс келуші ме еді.

Н ұ р и л а. Олай болса, ағаң менен апаңа ешнәрсе айтып көргенің жоқ па?

Ұ л б о с ы н. Апамнан ағама айтқызып көріп едім, қызды бала дейтін емес екен ғой... бетіме де түзу қарамайтын болды.

Н ұ р и л а. Енді не ойлайсың?

Ұ л б о с ы н. Менің ойым таусылды, екеуіміздің мұңымыз бір, сенің тапқан ғақылың маған да жарайды. Маған қарағанда сен бақыттысың! Өзің өткірсің. Сүлеймен

(*Нұриланың ағасы*) өзі молда, өзі сенің жағында, обал мен сауапты айырады. Біздің тұқымда әліпті таяқ деп білетін де жоқ, өңкей қара жүрек.

Н ұ р и л а. Байғұс-ау, жалғыз Сүлеймен екеуімізге әлгі қу мүйіздер тізгін бере ме? Сүлейменнің киіміне шейін мінеп, «орыс болып кеттің» деп құлағының етін жейді. Бір Сүлеймен болмаса, менде сенетін кісі жоқ, маған жаны ашитын ол, жаңа шыққан кітаптар оқытып, аз да болса дүниеге көзімді ашқан ол... Мен әйелдердің де ерлер секілді тәңірінің тең жаратқан құлы екенін, олардың да ерлердікі секілді кеудесінде соққан жүрегі, көңілінде тілегі, қайнаған қаны, ғазиз жаны бар екенін біле бастадым.

Ұ л б о с ы н. Жә, өзің не қылмақшы боласың?

Н ұ р и л а. Менің ойлағаным көп. Бұрын өз басымды ғана қайғыратын едім, енді күллі қазақ халқындағы қыз-қатынның басындағы пәлекетті, жәбіршілікті көзім көргеннен бері өзімді ұмытып, уайымым соларға көшті.

Жәбіршіліктен, күнділіктен біз екеуіміз ғана құтылғанменен көздерінен қанды жас аққан, тұщы етінен ащы таяқ кетпеген сорлы апаларымыз, сіңлілеріміз аз ба? Міне, соларға тегіс кеңшілік болса.

Ұ л б о с ы н. Жұртты құтқару біздің қолдан келмес, өзімізге бір хайла табалық та.

Н ұ р и л а. Міне, сенің балалығың, сен оқыған болсаң, бұл сөзді айтпас едің.

Ұ л б о с ы н. Неге, мен оқымадым ба, хат танымағаным болмаса, «Ағашаяқ» молдадан үш жыл оқыдым, намазымды сонан үйрендім ғой.

Н ұ р и л а. Әй, бейшара, қазақ қызы!

Ұ л б о с ы н. Сен қазақ емей, ноғай қызымысың?

Н ұ р и л а. Тында, жаным, әуелі менің айтқалы отырған сөзімді ұқ.

Ұ л б о с ы н. Айт, айт!

Н ұ р и л а. Бұрынырақ заманда қыз-қатындарды кемге ұстау, оларды мал орнына сату (*қазіргі біздің қазақ секілді*) әр жұртта болған. Бұл кезде ол жұрттардың көбі оқу-өнерге молығып, арасынан білгіштер шығып, кітаптар жазып, дүниеге таратып, әйелдер жер жүзіндегі халықтардың жартысы ғана һәм олар халықтың анасы, тәрбиелі ананың балалары да жақсы болып, көргенсіз ананың баласы

көргенсіз болатын. Сол себепті әйелдерді ерлермен бір дәрежеде ұстау керектігін жұртқа түсіндіріп, берірек келген соң әйелдердің өздері де көтеріліп, бастарын қосып, дауыстарын жаңғырықтырып, өздерін жәбіршіліктен қорғап, оқу оқып, ақырында сондай теңдікке жеткен, бұ заманда қатыннан патша болғандар да бар.

Ұлбосын (*Нұриланың сөзін бөліп*). Патша қатын жаулық сала ма екен?

Нұрила (*ашуланып*). Бөлме сөзді, құрғыр, тыңда. (*Тағы да әрі қарай сөйлеп*) осы күнде қатыннан патша болғандар бар, қыз-қатыннан доктор болған, адвокат, мұғалима... орындарда болғандар көп. Нендей мәжіліске болса да ерлерімен бірге барып, ерлердің келіспеген істері болса мінеп, еш орында орынсыз жәбіршілік көрмейді. Қазір ноғайлардың да қыз-қатындары бұрынғыдай емес, олар туралы пайдалы кітаптар шығып, газеттерде жазылып тұрады. Қыздар оқитұғын... Мектеп бар, оқытушылар да қыздардан. Сен секілді «Ағашаяқ» молдадан оқып едім, хат тани алмай қалдым деп тұрмайды. Ноғай қыздарын он алтыға жетпей күйеуге бермейді. Аталары сүймеген кісілерге берсе де, бұл уақытта қыздары бармайтын болды. Шаһарларда қыздар бұрынғыдай шапан бүркеніп, ат үркітіп жүруді қалдырып келеді. Енді 5–10 жылда олардың ерлерменен тең болмағанда несі қалды. Ал біз болсақ, бесікте жатқан күнімізде сатылып, өскен соң қарсы келуге – қорыққан я ұялған болып, ғұмырымыздың ең қымбатты бөлімін қорлықта өткіземіз. Аталарымыздың бұл істері шариғатқа сия ма, ғаділдікке жанаса ма, ұнай ма? Жоқ, мұның бәрі қиянат! Рақымсыздық! Ғазиз балаларын базарға шығарып сату, ғұмыр бойынша жылату, кәрі шалға, жас балаға, қатын үстіне беру себепті оларды кіріптарлыққа душар қылу.

Ұлбосын. Ақырын сөйле, Нұрила, ақырын, апам естіп қалмасын.

Нұрила. Естісін, жалғыз апаң емес, бүтін дүние естісін. Жетер баяғыдан бергі төгілген көз жасы.

Ұлбосын. Ашуланба, Нұрила, ашуланба! Мен сорлыға ғақылынды айт. Келмей кеткірдің келетін күні жақындап қалды, енді маған не қыларға керек.

Нұрила. Бір ғана сен емес, күллі қазақ қыздарына

айтатұғын насихатым мынау. Атасының малға сатқан жеріне, егер өзі риза болмаса, басын кессе де бармасын. Ғұмырын қол ұстасып өтсе де, өзінің сүйгенімен кетсін. Бұл іс шариғатқа да теріс емес. Қызын сатсын деген шариғат жоқ. Қыздың басына закон көптен ерік берген. Бұларды көре тұрып пайдалана алмаған қыздардың обалы өздеріне. Қызды балам деген аталар жылатпасын, оқуға берсін. Хайуанша сатылатын жерге бармай, өз еркіменен тенін табу, ел ішінде бола бастаса, қыз саткыш аталардың қателері естеріне түсіп, жас қыз алғыш шалдар мен сұлу тоқалға құмар байлар да малдарын далаға шашудан тоқталар еді. Бейшаралардың көз жастары тиылар, халық қатарына қосылар, сүйген жарларымен ғұмыр бойы рахат жасар, бастарынан қара тұман серпілер. Шын бақытқа сонда жетер! Мұның бәрі болар, Ұлбосын, болар.

ҚЫМБАТ ТАЙ

Еліміздің ортасында жетіде бір, енді екі болатын базарымыз бар (болатын) еді. Анау күнгі аласапыранда дүкеннен қант, шай алып шықсам, біздің Мақаш соғылған, қасында тамыр соқыр Иван бар, торы шолағына мініп, бір тайды қосарға алып, желе жортып бара жатқанын көрдім. Бұл құрғыр неғып Иваншыл болып кетті, ауылға қайтпай ма екен деп, соңынан «Мақаш, Мақаш, тоқта» деп дауыстап едім, Мақашым маған бір қарады да, Иванға бір нәрсе сыбырлағандай болып, шоқыта жөнелді.

Осынша жасқа келгенше құдай мұны желіктіріп алды ғой, қорасында тіс шұқитын шөп жоқ. Айналдырған екі сиыры көршінің шөбіне түсіп, мүйізін қақтырып, қансырап жатыр, қатықсыз қара көжеге қамалып қатын-баласы үйінде шулап отыр. Мұның мұнда бір көтерем тайға дүниенің қазынасын алатындай, Иванның үйінен шықпай сандалып жүргені мынау деп кейіп, артынан ат базарына мен де келдім. Келсем, Мақашты бес-алты орыс ортаға алған. Бетінен майы шыққан, аузы-басын түк қаптаған Алексей тайын саудалап тұр екен.

– Тай сатасың, тамыр?

– Сатам.

– Канча сұрайсың?

– Жүз сом.

– Тіфу! Кутирдің ба, Макашка! Айтар едім мас болған, арак жоқ. Жүз сом сұрайсын, ұят кайда?

– Ызнаком, бұл тай арғымақ баласы, атасы ұлы дүбірде бәйге алған қара арғымақ. Оны мына Иван да біледі, – деп Мақаш қоразданып, қамшысымен бүйірін таянып, торы

шолақтың мінер жағына таман қисайыңқырап отырды.

– Атасы қара аргымак! Қара аргымак болса мне какое дело, сенікі атасын сатпайды, мынау турган жаман баласын сатады.

– Бай, алмасаң да тайымды жамандама, жануарда осы күні сын бар ма, жаздыгүні көрсең бір жүз түгіл екі жүз берер едің. Онда мақпалдай қара еді, қазір жүні оңып, азып, құбақан болып кетті.

Соқыр Иван Алексейге орысшалап:

–Тай арғымақ тұқым екені рас. Мақаш өтірік сөйлемейтін жігіт, жаздыгүні көргенімде көмірден қара, суреттен сұлу еді, әттең, ақшам жоқ, өзім алар едім.

Тайын Иван мақтаған соң, Мақаш бұрынғыдан да артық көтеріліп:

– Ана жылы осы таймен бір енеден туған арғымақты Обаған байына мың жарымға саттым, – деп мақтанды. Мұнысы әлде өтірік, әлде рас, әйтеуір Алексей нанып:

– Балтай-шалтай не керек, сатар болсаң, тамыр, өлер жерін бір-ақ айт, – деді.

Екеуі бір сағаттай саудаласып, ақырында 50 сомға келісіп, қол қағысты.

Мақаштың ептілігіне сүйсініп, манадан бері қарап тұрған мен де Алексейге:

– Бай, бек арзан алдыңыз, терісін қымбат сатарсыз! – дедім. Қазақшаға шорқақ Алексей бұл сөзіме не түсінсін, тайды жетелеп үйіне тартты.

ҚЫЗЫЛ ҚАШАР

– Жаңа терлеп келемін, құй қатын! – деп Шілікбай кесесін домалатып жіберді.

– Терлерсің әлі, ағаң үйі қарыз шайды сұрап жатыр. Балқияны жіберіп бір табақ ұн сұратып едім, сендер тіленуді білесіндер, алғанды беруді білмейсіндер деп, жақсы жеңгең аузына келгенін шатады дейді балаға.

– Мен сол үйден өліп бара жатсаң да нәрсе сұрама дегенім қайда!

– Енді кімнен сұраймыз, жаны ашитын сенің қайбір ағайының толып тұр, – деді Үмсындық.

Шілікбай жеңілген кісідей үндемеді.

– Жалғыз сиыр суалды, осы үйде дым жоқ, бәрінен балаларға қиын болып барады, соятын болсаң қашарыңды сойып ал, мен саған неше рет айттым: терісін сатарсың, осы үйдің қып-қызыл жалаңашын көрмеймісің, – дейді қатыны.

– Қашар терісіне қарық боласың ғой, сиса ның кезі отыз тиын екенін білемісің, – деп жаңа тершіп, жаны жадыраған Шілікбай кенет өзгеріп кетті. Белбеудің үшімен терін сүртіп, күрсінді. Кеше суат басында ойлай-ойлай басын дау қылған шаруа кемшілігі түгелімен қайтадан көз алдына келді. Кейігенде Үмсындыққа орынсыз ашуланатын мінезбен алдындағы кесеге көзі түсіп кетіп:

– Саған тас шыдар ма, анау күні әкелген кесені ыстықтай құйып-құйып сопайтып жіберіпсің ғой! – деді.

– Құдай шебер-ау, кесе сопаюшы ма еді, әкелгенде, – деп Үмсындық сөзін бітірмеді, тыстан ақырған дауыс естілді.

– Шық, Балқия, дауыстаған кім?!

Балқия жүгіріп шығып, қайта кірді.

– Аға, сені ауылнай шақырып тұр!

Шілікбайдың жүрегі су ете түсті. Бата қылуды да ұмытып, дастарқанды аттай, күпісін жүре кие тысқа шықты.

Ақ сөмкесі мойнында, тымағын алшайта киіп, қамшысымен мықынын таянып, сұлу мұртын ширатып ат үстінде Таймінер ауылнай тұр еді.

– Ассалам ғалейкум!

– Уағалейкум ассалам!

– Шілеке, мал-жан аман ба?

– Шүкір, шырағым, түсіңіз ауылнай, шай ішіңіз, әлі соғым сойғанымыз жоқ...

– Жоқ, алла разы болсын.

– Жол болсын, ауылнай?

– Шіл-еке, алым...

– Ойбай, шырағым, қолымда һеш нәрсе жоқ.

– Ол жайынды орысқа айт, маған ақша дабай!

– Шырағым, жаман күпімді алмасаң, жанымда жарты тиыным жоқ.

– Олай сықақ қылма, ақша болмаса, мал да аламын, биыл мал қымбатын білесің ғой. Бақанас атаң баласында сенен байы жоқ.

– Құдай байлыққа жеткізсін-ау, шырағым, менің малымның саны қағазында сызулы тұрған шығар.

– Он жеті сом төлейтін үй кедей болушы ма еді, Шілеке, шығар ақшаны, тоқтатпа мені!

– Он жеті сом?! – деп Шілікбай шошыса да, ауылнай қалжыңдайтын шығар деп:

– Шырағым, ауылнай-жан, мәртебең мұнан да зорайсын, шана жолы түскенше мұрсат бер, шөп-пөп сатайын... Және де айтып қойшы, биыл қанша төлеймін?

– Шілікбай, сен саңыраумысың, он жеті сом, он жеті! – деп ауылнай дауысын шығарыңқырап жіберді. Шілікбайдың құйқа тамыры шымырлады.

– Сиыр малдан ірілі-уақты бес бас, оның да біреуін сойғалы отырмын, жалғыз ат, онан басқа адал қарам жоқтығына, жаным, ант ішейін. Малымыздың санынан адамымыз көп, қолғанатым жоқ, балалар әлі жас. Жүз жылқысы бар Байғабыл былтыр он бес сом тартып еді, маған он жеті сом дегенің не?

– Жұртқа биыл соғыс салығы көп түсті. Өзің раскладта болмап па едің?

– Ер кісі алатын бас салық па?

– Ия.

– Мен ол кезде шөпте едім.

– Ендеше саған он жеті сом салғызған өзіңнің Байғабылың. Шілікбай шөпті бәрімізден де көп шабады деп.

– Япырмай, енді не дейін, жұртта құдай бар ма! Жоқ, ауылнай, мен төлемеймін, төлеуге шамам келмейді, нашандікке арыз айтамын, қатын-баламды шұбыртып барамын...

– Шіл-еке, манадан бергің де жетер, маған десең гүбірнадрға бар, бірақ қазір ақша бер, сен үшін мен патшаның алымын жанымнан төлер жайым жоқ.

– Немді берейін!?

– Малың қайда?

– Малым... малым...

Ауылнай ашуланып аттан түсті де, қабағын қарс жауып, Шілікбайды балағаттап, қораға қарай жөнелді.

– Мынау мал емей немене? Сен бермесең, мен ала білермін, ұста мына қызыл қашарды! – деп ақырды.

Шілікбай не қыларын білмей тұрып қалды. Манадан тыңдап тұрған Үмсындық шыға келіп:

– Ауылнай, қайным, бала-шағаның азығына со-йылғалы тұрған жалғыз қашар бұл, аз күнге аузы түкті кәфір де қарайды ғой, бір жолға жаман ағанды қыспа! – деді.

– Сендей көкайыл қатынның талайын көргенмін, сөйлеме!

– Бірімізді өлтіріп әкетпесең, қашар берілмейді!

– Ей! Патшаның алымын жинап жүрген ауылнайға қарсылық қылайын деген екенсіндер, – деп ауылнай мойнына ізнәгін киіп алып Шілікбайға:

– Пот сот кетейін демесең ұста қашарды, әкел менің шылбырымды! – деп ақырды.

Ауылнайдың ізнәгі мен түрін көрген соң қатын да үнді қойды, Шілікбай да шыдап тұра алмай, қызыл қашардың мүйізіне шылбырды байлады.

– Әйдә, жетелеп жүр Байғабылдікіне, сол жерден я ақша тауып бер, я қашар сатылады, – деп, қызыл қашарды Шілікбайға жаяу жетелетіп, өзі атқа мініп, артынан айдап жөнелді.

– Үйің күйсін, ауылнай! Бала-шағаң шулап қалсын, ауылнай! – деп, Үмсындық көзінен жас ағызып еңіреді. Шешесі жылағанын көрген соң қасындағы екі жас бала да жылап жіберді.

Үмсындық екі баланы жетелеп, ауылнай мен Шілікбайдың соңынан кетті.

КӘКЕҢ, СӘКЕҢ

166 нөмір «Қазақта» мырза Салық Құрбан қажы ұлының Сақари Жабай баласына жазған жауап хатына қарсы аты шулы Сәлім Кашимов 260 жолдық «Менің жәйім» атты ұзын мақала жіберіп, «Қазаққа» басуды өтінеді. Басқанда қаймағын бұзбастан түгел басуын тілейді. Мұны түгел басуға мүмкін емес, қысқартуға Сәлім риза емес. Сондықтан түгел де баспай, қысқартпай да, хатындағы өз сөздерінен алып, оқушыларымызды Сәлімнің жәйімен таныстырамыз.

– Сәлім жасынан қазақ халқына қызмет істеуге құмар екен.

– Жасынан матбұғатқа ғашық екен.

– «Айқаптың» атын алашқа Сәлім шығарыпты.

– Сәлімнің атын «Айқап» шығарыпты.

– Қанша ел, қанша жер қыдырып жүргендегі мақсаты халық үшін ізгі ниетпен «Айқапты» тарату екен.

– Сәлім жүрген жерінде ешкімнен сұрап яки алдап ешнәрсе алмапты.

– Не берсе де жұрт сұраусыз өзі берген екен.

– Кейде қалыңсыз қыз бермекшілер де болыпты.

– Мырза Салықтың жазуынша, Шәуешекте төрт мың халыққа мешітте уағыз сөйлегені, жұрттың көңілі балқып жылағаны һәм қолын сүйіп, көкке көтергені де бекер емес екен.

– Қытай қазағы Таңғыт Үкірдай Сәлімнің насихаты бойынша медресе салмақ болып, ол медресеге мұның өзін басқарушы қылуға аулына алып барғаны да рас екен.

– Онда жатқанда Сәлімнің өзін көріп, сөзін естіген еркек-

әйел: «Періште болмаса, қазақта мұндай ұл тумас» деп аңыз қылысқан екен.

– Бір күні сол елдің бір тәуір адамы Сәлімге қызығып, Таңғытқа: «Мынау молдаң өзі келбетті, әйелге сүйкімді көрінеді, бұған бір қыз әпер» деген көрінеді.

– Таңғыт мұны мақұлдап, кеше уағызымен Сәлім өзі елжіретіп кеткен Шәуешек ақсақалы Жармұхаметтің қызын сұрап, жаушы болған екен.

– Сәлімнің Қотыркөлде қатыны болса да, көңілшектігінен бұлардың көңілін қимай көнген екен.

Сәлім осындай абырой-құрметтің үстінде жүргенде, бағы қайтуға болмашы нәрсе себеп болыпты. Бір күні Сәлім бір орнында коньяк ішіп, жығыла мас болып, аузына не кіріп, не шыққанын білмепті. Әбден қызып алған соң өзін құрметтеп жүрген адамдарды, бастығы Таңғыт Үкірдай қылып сөгіпті... Бұл арасын Сәлім өзі хатында былай келтіреді:

«Кәкең ерікке қойсын ба, Сәкеңді сілейтіп салды. Қызып алған Сәкең ерікке қойсын ба, Үкірдаймен ұрсысып кеттім».

Сәлімнің Кәкең деп еркелетіп отырғаны – коньяк. «Сәкең» деп сыпайысытып отырғаны өзі екенін, оқушылар, түсінген шығарсыздар.

– Опасыз жұрт!

– Баянсыз бақ!

– Тиянақсыз тағдыр!

Біреудің бақыт жұлдызы батарында досы – дұшпан, жақсылығы – жамандық, шыны – өтірік, пайдасы – зиянға айналады. Мұнда да солай.

Ақ жүрегімен ұлт үшін қызмет етіп, тегін әгенттік қылғаны үшін «Айқап» басқармасы күні кеше суретін басып, біздің Сәлімнің атын сатып жүрген алдаушылар, нанбандар, деп бауырын басып, ертеңіне жұртқа жариялап: «Сәлім Кашимов мұнан кейін біздің әгентіміз емес, оған ақша берген кісіге біз жауапты емеспіз» деп келбетті жүзін қызартып, безіп бір шықты.

«Айқапқа» Сәлім бұрын бір мақтап жазған Шымкент шаһарының оқымысты көпесі Қосай Алтыбаев деген кісі 1913 жыл жаздығүні менің көзімше поштадан жаңа ғана келген «Айқап» нөміріндегі Сәлімнің суретін көргенде

жұлып алғандай: «Япырмау, мынау былтырғы өтірікшінің дәл өзі ғой!» – деп өзін мақтаған Сәлімді өтірікші деп бір опасыздық көрсетті.

Туған нағашысынан артық сұраусыз ақша, ат-тон берген жұрт ертеңіне алдап кетті деп Сәлімді өсекке бір байлады.

Уағызын тыңдап, телегей-теңіз көз жасын төгіп, мүбәрәк қолынан сүйген Шәуешек мұсылмандарының ақсақалы Жармұхамет кеше қызын қалыңсыз бермек болып, бүгін «Сәлім үшін қатыным әлі қыз тапқан жоқ» дейді.

Насихатын құп көріп, күні кеше медресе ашу үшін аулына қонаққа апарған, «мұндай ер енді қазақтан туа бермес» деп ауыздарының суы құрыған қытай қазақтары, Сәкеңнің Кәкеңнен ауырған басын жазылтпастан жолың анау деп сауырынан бір-ақ сипады.

Жігіттер, енді тағдырдың опасыздығын қарандар! Жұрттың бәрі қол сілтегенде, жолдас болып қалса қаларлық жалғыз Кәкесі Сәкесінен соғысты сылтау қылып, о да айрылып отыр.

Енді кім қалды?

Ендігі қалған ертегідегі балықшы шалдың кемпіріндей Қотыркөл жағасындағы баяғы жырық астау!

Шаһмардан Алжанов айтқандай, жұртқа қайтсең жағарсың!?

«ЧИТАЮ, ПИСАЮ»

I

Жаңа байыған жас жігіт Жарылғас Көркімбай баласы урядник Микифордан, бір ат, 30 сом беріп, үш ай орысша оқиды. Сайлауға бір-екі ай қалды дегенде, қалаға барып, нашальниктің қатынына «көрімдік» беріп, орысша үйренген деген «куәлік» алып қайтты.

Қызылсу еліне неше сайлаудан бері ынтымақпен болыс болып келе жатқан, жұртқа қадірлі, сөзі тыңдаулы Қалдыбаймен бұл сайлауда да таласушы жоқ. Тек Самалық табы жол алып қалатын ғана түрі бар еді.

Жарылғас болыстыққа таласады екен деген қауесет бір күні дүңк ете түсті. Бұл хабарға нанушыдан нанбаушы көп болса да, көп ұзамай растығы білінді. Бірсыпыра жұрт күлісті, бірсыпыра қулар қуанысты, бірсыпыралары «тышқанды қара басарында мысықтың... тістейді» деген мақалды айтысты. Қалдыбай болыс, «ит құтырса, иесін қабады» деген, Көркімбай баласы Жарылғас екенін ұмытқан екен, жұрт аман болсын, болыс болғыш мырзаның әуселесін көрерміз деп, елең қылмады.

Жарылғастың ойы, кекетуші жұрттың, қызығушы қулардың, кектенуші болыстың ойынан басқа еді. Генерал-губернатордың: орысша оқығандар болыс болады деген жарлығы шыққалы бірнеше жыл болса да, Қызылсу елінде ондай адам жоқтықтан, жұрт сайлаған кісі болып келе жатыр еді. Жарылғас жұртты аударарлық байлығы жоқтығын, елге қадірі шамалылығын һәм Қалдыбайдың да

кім екенін білсе де, «көрімдік» кәдеге жарар деген үмітпен қолына қанша ел түссе де, азсынбай тасқа түспек еді.

Сайлау күні жетті.

Нашальник келді.

Ауылнай билердің сайлауы алдыңғы сайлаудан аз өзгеріспен өтіп, болысқа тас салатын кеден келді.

Июльдің орта кезі. Бесін ауып, күннің қайтыңқыраған кезі еді. Көл жағалай қонған қалың ел. Қаракұрым мал, құмырсқадай жыбырлаған жұрт: аттысы атты, жаяуы жаяу, топ-топ, екеу-екеу сөйлескен, күңкілдескен, сыбырласқан, күліскен, әзілдескен, сөйлескен...

Қонғалы төрт-бес күн болмаған, соңы жұрттың шаңы шыққан. Бір мезгілде нашальник, оның артынан бір қолтық қағаз көтеріп, переводчик шықты. Төрелерге тігілген үйдің алдына жиналған жұрт бөріктерін алды, ауылнай-билер знактарын тағысты. Нашальник тура елу басылар қамалған үйге кірді. Тас салатын қобдиды даярлап, елу басыларға қалай тас салу мәнісін баяндады да, нашальник: Жандаралдың жарлығы бар, лауазым иесі адамдар, әсіресе болыс орысша білетін адамнан сайлансын деген, сол себепті сіздер де орысша білетін кісі сайландар, – деді.

Елу басылардан жөн білетін біреуі тұрып:

– Тақсыр! Біздің елде орысша оқыған кісі жоқ, көпшілігі болысымыз жұртқа жағымды, патша, хазіреттеріне де түзу қызмет етіп тұрған Қалдыбай Шоңмұрыновты сайлаймыз, – деді.

Жарылғастың бір ауыл болысы тұрып:

– Тақсыр! Әділдігіңізге бас. Біздің сайлайтын кісіміз орысша хат біледі, оқыған жігіт – Жарылғас Көркімбаев, – дейді.

– Мартынов! Шақыр мұнда болыс пен Жарылғасты, – деп, нашальник стражникті жұмсады. Қалдыбай болыс пен Жарылғас келіп кірді.

– Орысша білемісің?– деп, нашальник Қалдыбайдан сұрады.

– Төре не айтады? – деп, Қалдыбай переводчикке қарады.

– Орысша білемісің, – дейді.

– Жоқ, тақсыр, жасымда үйренбеген тілді, енді қартайғанда қайдан білейін.

– Плохо! – деді нашальник.

– Орысша білемісің?– деп, нашальник Жарылғастан сұрады.

Жүрегі лүпілдеп, буыны қалтырап, өні құбылып тұрған Жарылғас жұлып алғандай:

– Читаю, писаю!– деді.

– Молодец!– деді төре. Елу басыларға: – орысша білетін мына Көркімбаевты сайландар, – деді.

– Тақсыр, сізге қарсылығымыз жоқ, бірақ жұрттың қалаған адамын сайлаймыз, бір-екі ауыз орыс сөзін поселкенің сиырын бағып жүрген жігіттер де біледі; олар сиыр бағуды білмесе, ел бағуды біле ме? Жарылғастың орысшасы да солардікіндей, – деді елу басылар.

Нашальник азырақ ойланып тұрды да: – тастарынды салындар, сайлауды губернатор бекітеді, – деді.

Тас салынды.

Қалдыбайға 24 ақ, 3 қара тас шықты. Жарылғасқа 3 ақ, 24 қара тас шықты. Сайлау тарады. Нашальник қайтты. Жарылғасты жұрт табалады. «Шениме» дескендер де болды.

II

Ғинуардың бас кезі еді. Бір күні атын сүмектей қылып, Жарылғастікіне Микапар урядник келіп түсті. Ол кірместен бұрын, «орыс келді, орыс келді!» деп тыста ойнап жүрген балалар жүгіріп кіріп хабар берді. Бұл не қылған орыс деп, Жарылғас сасып қалды.

– Қатын, жаңа бешпентім қайда? Тақиямды әпер!.. Үйінді сыпыр, сыпыр! Төсек сал!.. – дегенше Микифор кіріп келді.

– Сүйінші, Жарылғас, болыс болдың! – деп қалтасынан «обласной ведомостың» бір нөмірін суырып алып, Жарылғасқа ұстата берді.

– Өзің оқышы, Меке, – деп Жарылғастың қуанғаннан жүрегі соғып, орнында дұрыс отыра алмады.

– Степное положениенің 70 статьясы бойынша Қызылсу елінен болыстыққа Жарылғас Көркімбаев бекіді,– дегенді оқыды.

– Ыспасибо, Меке! – деп Жарылғас Микифордың қолын қысты.

– Микапар закон біледі, Микапарды ұмытпа, Микапардың сүйіншісін мықта,– деп урядник жайнандап күлді.

– Меке, қалағаныңды ал, сенен аярым жоқ, арманыма бір жеттім...

– Байға қанша беріп едің?

– 500 еді, әйтеуір ақтады, – деп Жарылғас күлімдеді. –Іс қолыма қашан тиер екен?

– Енді кешікпейді, приказ шыққан соң, тоқтау жоқ.

– Бәлем, Қалдыбайлардың ызасы өтіп еді, мені мұқатпақшы еді, мұқатар енді...

– Оларды мен саған ендігәрі алдыңнан шықпастай қылып берермін, ерегіссе, бастығы Қалдыбай қылып жер аударту дың амалын Мекефордан сұра деп, – урядник сұқ қолымен өзінің кеудесін шұқыды.

III

Болыс аты Жарылғастыкі болса да, билік – тілмашы Алексейде болды. Жұрт Жарылғасты құрметтемеді, қорықпады. Болыска ісі түскендердің көбі Алексеймен жақын болды. Осылайша алты-жеті ай өтті.

Бір күні тілмаштың үйіне Бекбосын келді. Бекбосын Қалдыбайлардың ағайыны, Алексей тілмашқа жем түсіріп, айтқанын қылдырып жүрген елінің атқамінер бір адамы еді. «Бекбосын жігіт ұстайды» деген ел арасында өсек те бар еді.

– Алеке, бір өтінішім бар.

– Сөйле.

– Қашқын Омар деп хакімдер іздей беретін Омар маған жақын жігіт еді. Ұзап кетейін десе белеті жоқ, жақын жерде жүрсе ұсталатын. Осыған табатын амалың бар ма?

– Мұның амалы – ұстап беру, – деп Алексей күлді.

– Ой, жолың болсын!..

– Мен оған не амал табамын?

– Белет беріп болмас па?

Тілмаш басын шайқады.

– Неге?..

– Қашқынға белет беріп, біздің басымыз екеу ме?

– Саған одан не зиян бар?

– Маған зиян болмағанда, не пайда бар?

– Екі жақсы аты бар, біреуін мінерсің...

Алексей шылымын тартып, ойланып отырды-отырды да:

– Жарайды, сен айтқан соң болмас... атты қой, ақша...

– Сөз жоқ, аттың ақшасын бергізейін...

IV

Борандау күн еді.

Үйез мекемесінің алдыңғы үйінде үсті-басын қар басқан, сақал-мұртына қырау жабысқан екі мұжық, бір қазақ отырды.

Қазақтың бір көзі көкпеңбек ісіп, жұмылып кеткен, басы орамалмен байлаулы, өң жоқ, түс жоқ, төмен қарап, мұңайып отырды.

Уезни нашальник волосной старшинаның пакетін ашқанда, ішінен үш бөлек қағаз шықты:

1) Қызылсу елінің қазағы Омар Төлеков Ефим Тимошоның атын ұрлап жатқанда қолға түсіп, соның үстінен жасалған протокол.

2) Омар Төлековтың белеті.

3) Волостной старшинаның уезге Төлековты екі кісімен жібердім деген рапорты.

Уез қағаздарды оқып бола берген кезде, қазақ ішінде көп жүрген стражник кәрі Иван кіріп:

– Алдияр, тақсыр! Бұл ұры кәдімгі ұстатпай жүрген қашқын Омар Төлеков, таныдым, – деді.

Он-он бес минөт өткен жоқ, концеларияда справка қылынып, кәрі Иванның сөзі расталды.

Омар қашып жүргелі екі жылдан асқан, билеті болыстан алынғалы екі ай болған жоқ. Уез дереу Қызылсу елінің болысы Жарылғасты шақырып, кәрі Иванды таптырды.

V

Болыс болғанына дәл бір жыл дегенде Жарылғас орнынан түскен еді.

Жарылғас кінәның бәрін тілмашқа аударса да, тілмаштың жауабын үйез дәлелдірек тапты. Алексей тілмаштың жауабы:

– Жарылғас орысша біледі, қағаз біткенге өзі қол қойып, мөр басады, мына белеттегі де өз қолы: орысша білетіндігін нашальниктің куәландыруымен областное правление 70 статья бойынша үш таспен-ақ болыстыққа бекіткен. Оларды танымаймын, болыстың бұйрығынан шықпаймын, жаз деген соң жаздым...

Мұнан кейін көп ұзамай, областное правление Жарылғасты сотқа беруге бұйырғандығы естіртілді.

Бұл хабар тиген соң, Жарылғас бұрынғыдан бетер сасып, сотта не деп жауап берерін білмей, күндіз-түні ойға қалды:

– Орысша білмеймін, тілмаштың маған білдірмей істеген ісі деп құтыла қалсам, қайтадан болыс болу жоқ. Сотта читаю, писаю десем, орысша білетіні рас екен деп, жаза мойныма түседі...–деп даң болды.

Ісін адвокатқа бермек болып, Жарылғас мырза қалаға жүруге қам қылды.

Аттанарда, Жарылғастың әкесі Көркімбай қарт баласына батасын беріп айтқаны:

– Тілімді алсаң, балам, шитай-шитаедан да без! Болыстықтан да без! Қалған малыңнан тағы айрылсаң да, қара басыңды қорғап қал! Бұрынғылар айтқан, балам: «Басқа келген пәле деп, бастан құлақ садаға...»

ҮШ ҚҰЛАҚ

Торғай үйезіне қараған бір болыс ақтаз (*найман*) деген ел бар. Көшіп-қонуы бұрынғы қалыпша, зорлықшыл, тентек ел. Осы елмен қатар көшіп, қатар қонып жүрген, Атбасар үйезіне қараған Ақтаз – Бадана деген ағайын бар. Осы ағайынның бір жігіті мал ұрлатып, сұрау салып, жанындағы айбынды ұры Айдабай балаларына барады. Өзінен төмен атаның баласы мал сұрап, ұры түнетіп, ауылына ат ойнатып келгеніне намыстанып, мал иесінің құлағын кесіп тастайды. Мұның арты болмашы сөз болса да, құлақ құнсыз кетіп, екі жағы келісіп, жігіт құда болып кетеді. Бұл – бір құлақ.

Мына құлақ кесілгеннен кейін арада бір-екі жыл өтеді. Бірақ батырлардың «құлақ кесті құлың» деген сөз ауыздарынан шыға береді. «Қорқақты көп қуса батыр болады» деген рас екен, ана жылғы мал ұрлаған Айдабай тұқымы Мейрам деген жігіттің құлағын Бадан жағы кесіп алады. Бұл – екінші құлақ.

Құлақ кесу бәсекесінен хабарсыз, соңғы құлағы кесілген елде саудамен жүрген Қасым деген жігіттің құлағын, екінші құлаққа орай қып, Айдабай жағы кесіп, босағаға лақтырған. Міне, үшінші құлақ.

Мұның арты үлкен барымтаға айналып, Баданның 20–30 жылқысы сойылды. Күнде тең елдердің ақсақалдары жиылып, бір-екі рет бас қосса да, дым бітіре алмады.

Бұл күнде екі жақтың шұнақтары құлақтарын қалтасына салып, закон қуысып жатыр.

ҚУАНЫШТЫ КҮН

«Пара алушылардың жазасы артсын һәм пара берушілерге жаза берілсін деген жаңа закон шықты».

Газеттерден

Жармұхамет бүгін мекемеден өзінен-өзі күлімсіреп шықты. Жайшылықта құп-қу сұрғылт жігіт, бүгін екі бетіне қан жүгірген, көздері жайнаған, күннің әлі қыс екенін де ұмытқандай. Көшеге шыққанда пальтосының түймесі салусыз еді.

Жармұхаметтің бүгінгі қуанышы ғұмырында тапқан абырой-дәрежесімен пара-пар еді. Бәлкім, онан да артық еді. Ол қызметке ілінгеннен бері абыройы тез көтеріліп кетті. Жұмысты кісілер онан ақыл сұрамай кетпейтін болды. Қазіргі Жармұхамет бұрынғы кедей Тоқтардың Жармұхаметі емес. Үйіне кірген кісі шыққысыз. Төсеп тастаған қымбат кілемдерге көз сүрінеді. Бұрын қол жетпес көрініп жүргендермен Жармұхамет енді әкей-үкей болып кеткен. Бұрын тұмсығын көкке көтеретін Қаракерей болыстары енді күндіз-түн оның үйінен шықпай карта ойнайтын болған. Сөздің қысқасы, Жармұхамет кемеліне жетіп, толықсып тұрған бір шағы еді.

Міне, бүгін сол бақытты Жармұхамет бұрынғыдан он есе бақытты еді. Себебі, бүгінгі қуанышты оқиға болмаса, Жармұхаметтің ғұмыр бойы жеткен дәрежесі, тапқан дәулеті, бүгін болмаса ертең, халық аузында ертегі болып қалуы ықтимал еді.

Мұнан екі-үш сағат бұрын алдына жұмыспен барғанда

қабағын қарс жауып, осылар-ақ мазамды алды ғой дегендей, бар айбынын сыртына шығарып отырған Жармұхамет енді жылы шыраймен шыққанына көшеде оны манадан бері күтіп тұрған Берікбол, Малтабар іштерінен қуанып:

– Тақсыр, біз сізді күтіп тұр едік, – деді.

Жармұхамет оларға жүре жауап беріп:

– Жұмыстарың болса үйге келу керек еді. Сендер мекемеде қинайсыңдар, анау қасымда отырған қасқа бастың төбесі тесік, – деді.

– Біз қайдан білейік... енді сізден бір мархамат болар ма екен?

– Ай, білмеймін, істерің жаман көрінеді. Әкімнің назары сендерге өте теріс.

– Біз оны байқадық, көпірдің алды тар көрінеді. Сізден мархамат болмаса?

– Менің айтқанымнан шықпайтыны рас, бірақ...

– Сіздің қолыңыздан келетін болса, біз сіздің бір керегіңізге, иншалла, жарасақ керек.

– Үйге барып сөйлесейік, болыстарың осында жүрген көрінеді, бізді көшеде көрмесін, біздің үйге бара беріңдер, мен қазір келемін, – деп Жармұхамет екінші көшеге бұрылып кетті.

– Тегі, жолымыз болар, сен байқадың ба, ахлақты көрінеді ғой, – деді Берікбол.

– Ахлақты болмай, шіркінге не көріпті, сан рет олжа түсіріп едім. Жылқайдар қызы туралы өз қолымнан 300 сом әпердім. Былтырғы өтірік сайлауда сүйіншіге жүз сом, бір ат бердім. Бізге ол құдай үшін қызмет қылар деймісің, алатынын тағы алар. Әйтеуір іс оңғарылатын болсыншы, – деді Малтабар.

– Сонда да қара жүрек жігіт қой, мен осыған сене де бермеймін, осы аналардан аман ба екен?

– Аман шығар. Аман дейтінім, Тоғжан қара жорғасын қайтып алып, аралары ашылып жүрсе керек.

– Қайдан білейін, Терлікбай, Жарбосындардың аяғын құштырып жүрмесе!

– Сен жоқты сөйлейді екенсің. Олардан ол ақырында қанша пайда қылды. Жарбосын төрт жүз сомын қайта даулап алып, өзін орнынан түсіре жаздаған жоқ па. Санасы

болса, екі жақты бірдей қолға алудан батырдың аузы күйген шығар.

– Жарбосын да сабаз, қасқыр-ау, осылардың құлқынына түсіп кеткенді қайта алып жүрген.

– Оның мәнісі бар, оны қайтарып жүрген Сейдіғали ғой...

Осылай екеуі сөйлесіп келе жатып Жармұхаметтің үйіне жақындай бергенде Берікбол Малтабарды түртіп қалып:

– Ойбай, болыстың аты тұр ғой! – деді.

– Қой, онікі емес.

– Не айтады, шанасын қарашы, ана Белгібай торы емес пе?

– Ендеше бұрылып кетелік!

– Енді байқалық, қайтер екен. Әлгі келген соң қанша сөйлесер екен. Мына сарттың дүкеніне кіріп, қарай тұралық.

Жармұхамет бұлардан айрылған соң тура переводчик Әли Жартыбасовқа барған еді.

Бұл қалада Жармұхаметтің бүгінгі қуанышына ортақ болатын жалғыз Әли еді. Жармұхамет есіктен кіре күлімдеп, азырақ ентіге сөйлеп:

– Әй, сен не білдің? Оқыдың ба? – деді.

– Немене?

– Білмесең, сүйінші.

– Немене, немене, айтсайшы құрғыр.

– Жаңа законды оқыдың ба?

– Не қылған жаңа закон?

– Жаңа закон шықты...

– Жаңа закон дей береді ғой... Орыстың жаңа законы аз ба еді?

– Керексіз законды не қылайын. Міне, оқымасаң деп, – қалтасынан орысша бір газетті суырып алып, қызыл қарындашпен сызған жерін оқи бастады.

– Мұны қашан оқып шығасың, маған қысқасын түсіндірші!

– Қысқасын түсіндірсем, жаңа закон бойынша пара берушілерге жаза салынатын болды...

– Сол ма қуанып жүргенің, онан бізге не пайда бар?

– Тоқта, әуелі түсін.

– Ал, ал, түсіндір!

– Пара берген бұрынғыдай шыға беріп аузынан келгенін

оттай алмайды. Пәленшеге сонша беріп едім деп, хакімге арыз қыла алмайды.

– Қойшы.

– Уалла, нанбасаң оқы мынаны!

– Думадан айналсаң болмас па?

– Ой, кеще, бұл законды шығарған дума емес. 87 статья бойынша үкіметтің өзі шығарды.

– Үкіметтен айналсаң болмас па? Бірақ пара берушіге жаза болатын болса, бізге параны кім береді?

– Ой, мисыз, қазақ бермей, алмай тұра ала ма? Бізге керегі сол ешкімнің айтпағаны ғой. Былтырдан бері менің зықым шыққан жоқ па?

– Айтқандай-ақ, оның енді қалай болар екен?

– Жоқ, ол ештеме болмайды. Мына законнан бұрынғы ғой, сонда да құдай кезін келтірсе, Жарбосынның әкесін танытармын. Әйтеуір дауласпай жүретін кісі емес, өзі-ақ бір қысылғанда келіп сүйкенер. Сонда бергенін тура Петір Ивановичке апарып тапсырып, өзін сотқа бергізермін.

– Не сөйлеп отырсың, онда өзің ұсталмаймысың?

– Жоқ, әлгі жаңа законда айтқан, егер чиновник өзінің алған парасын өзінің төресіне әкеліп тапсырса жазалы болмайды, беруші сотты болады. Пәлен ай абақтыға қиылады, ақшасы қазынаға кетеді деген. Мен жорта бір-екеуін алғашқы кезде сөйтемін. Сонда әкімдерге сенімді көрініп, қазақты да жүре шаймаймын ба? Әйтеуір онымен қазақ бермей тұра алмайды.

– Шайтан-ай, ондайға шеберсің-ау!

– Қайтейін, қарап жүріп өлейін бе? Қашаннан бері Сейдіғалидың қорлығы өтті.

– Оның рас, Сейдіғалидың бір сөзі менің де есімнен өлгенше кетер емес. Саған айтқаным да жоқ еді. Былтыр Құрманның тойында екеуіміз сөзге келісіп, сонда маған айтқанын естісең...

– Не дейді?

– Сондағы айтқаны: «Сен күні кеше Ермалаевтің самаурынын құйып жүрген Әли едің, енді қазақтың арқасында әбден байып, үй салып алдың» деп былшылдады.

– Оған үй салып алса, кім қой деген екен!

– Ол екеуімізді көре алмайды. «Байдың малын байғұс қызғанады» деген ғой.

– Осы біз алсақ, қазақтан алған шығармыз, соның несін алдық, соның бізде несі бар?

Жармұхамет кешіккен соң, оны үйінде күтіп отырған болыс пәтеріне қайтты. Мұны көріп тұрған Берікбол мен Малтабар сарттың дүкенінен шықты. Малтабарға Берікбол:

– Мен саған мана айттым ғой, Жармұхаметке біз текке жем боламыз деп. Оның бізден бөлінуі жаман. Мынаның қайдан шыққанын көрдің ғой, біз әлде болса сол Әлиді айналдырайық, – деді.

– Жарайды, – деді Малтабар.

Әли, Жармұхамет, Әлидің қатыны үшеуі шай ішіп отырған үстіне сәлем беріп Берікбол мен Малтабар кіріп келді. Екеуі Жармұхаметті көрген жерден ұрлығының үстінен иесі түсіп қалғандай сасып, төрге де шыға алмай, шығып та кете алмай, не қыларын біле алмай, тұрды да қалды. Бұлардың жайынан хабарсыз Әли:

– Хош келдіңдер, төрге шығыңдар, – деп жылпылдай бастады.

Жармұхамет оларға жаман көзімен бір қарап алып, стақанын төңкерді де:

– Хош, мен қайтамын, үйде жұмысым бар еді. Саған соны айтқалы келіп едім, – деп шығарда екі қазақты көзімен тағы бір атып, жүріп кетті.

ТІК БАҚАЙЛАР

– Болыс, өзіңіз де келіңіз!

– Жоқ, мені қойыңыз, мұнда бар, «ет аз, күн жаз», қа мына келіндеріңнің сарандығынан қатқан-құтқан қалып – деді болыс.

Бір табақ сүрді жеті-сегіз кісі айнала отырды.

Сағындық бидің атшысы – жас жігіт, тұтасымен салып сыңар қазыны көтеріп алып, қолы күйіп бара жатқан с тастап жіберді де, ұялғаннан:

– Мынау жануар кер биенікі-ау, – деді.

Сағындық би көзін қысып қалды. Махмұджан мұға мырс етіп күліп жіберді.

Болыс естімегенсіп, есік жақта отырған жылқышыға

– Мә, мынаны аса да, тарт малыңа! – деді.

Қонақтар үн-түн жоқ, етті жеп болып, есік жақтағы б шағаларға асатты да, табақты қайтарды. Майлық бері ет тураған жігіттер қолдарын жалап:

– Бәйбіше, қолдың майын жеңілткендей бір нәрсе бо – деді.

– Менің шідерімді әпер! – деді болыс.

Бір жігіт шідерге ұмтылғанша, болыстың тоқалы А сандықтың қабында қыстырулы тұрған бес-алты таз алып қонақтардың алдына тастай берді. Ет тураған жігіт қолдарын сүрте бастады.

– Қағаз қолдың майын жақсы алады, – деп Сағындық де майлықты тастап, бір газетті ала беріп еді, Махмұд мұғалім жұлып алғандай:

– Би-еке, маған бере тұрыңызшы, мынау менің газе ғой! – деп бас салды.

– Пай, пай, біздің молда газет десе, өліп тұрады, Сағындық би.

– Жәдид ғой, – деп үйдегілер бірсыпыра күлісті.

– Мынау «Қазақтың» 175 нөмірі, мен мұның алдындағы үш нөмірін әлі алғаным жоқ, – деп ренжіген түспен мұғалім болысқа қарады.

– Молда-еке, сонша іспеттейтін мұнда шариғат сөз бар ма еді, мұнан бұрын келген үш-төрт қағазды үлгі пішемін деп шешей алып кетті, – деді Ажар тоқал.

– Адресімді өзгертпесем болмас, – деп, мұғалім кейіңкіреп басын шайқады.

– Молда! Осы газеттерден құтқарғаныңа менен не аласың, – деп болыс күлді. Мұғалім үндемей газетті оқып отырды. Жұрт қол жуып болған соң, мұғалім:

– Міне, сіздер газетті керексіз дейсіздер, оқып көрсетейін, пайдалы ма, зиянды ма екен,– деді.

– Оқыңыз, оқыңыз, – деді отырғандар.

– Осы бір нөмірдің өзінде қанша керекті сөз жазылған! Қазақ малының есебін алу туралы сөз бар, осы кездегі қымбатшылық жайынан жазылған. Міне, адвокат Райымжан Марсековтың қазақ қамын ескерткен мақаласы бар, міні ел ішіндегі партия пәлесінен туған өтірік шағым, хата өлген кісінің атынан жазылған арыз бар...

– Оны жазушы сабаз бір зәконшік қой, – деп мұғалімнің сөзін бөліп жіберді.

– Есеп демекші, есеп жайынан не жазған екен? – деді болыс.

– Май–июнь айларында қазақ малының санағы алынады, соған шығуға талабы бар орысша оқыған жігіттер осы бастан сұранып арыз берсін, – депті.

– Ие, е, ана жылғыдай орысша оқығандар тағы да жұртты әуре-сарсаң қылады десейші, сол жылы мен ауылнай едім, біздің елді сонда қырып кете жаздаған, – деді Сағындық би.

– Бекер шығар, – деп мұғалім нанбағысы келіп еді, үйдегілер тұс-тұсынан ана жылы санаққа шыққан орысша оқыған жігіттердің мінезін айтыса бастады.

– Жөкебайдың торы атын ана бір көзілдірікті бұжыр жігіт айдалаға шауып, көрінеу зарықтырып өлтірді, – деді Сағындық.

– Сонда ұялғаным-ай, Жарықбаев деген бір қатпа қара шімірікпестен, біздің Тобажанға: «қызың сұлу ма, күйеуге бердің бе?» деп қарап отыр, – деді біреуі.

– Тобекең момын адам ғой, сөй дегенде аузын бұзып жіберсейші, – деп бір жігіт қызынды.

– Ойбай, ол ол ма, Дүйсен софыға: «ұжмақтың қай

бөлмесіне кіресің, неше хордың қызын аласың?» деп, бейшараны жаман сықақ қылды, – деді тағы біреу.

– Сабаз, сонда бір жігіт болды-ау, аты кім еді? Тілімнің үшінде тұрғанын қарашы... Исламбек! Исламбек десе, Исламбек еді. Сол жігіт әлгі тік бақай жолдастарына жаман кейіді, ол болмаса, аналар қазақты адам дейтін емес, – деді төменірек отырған біреу.

– Қазынаның ақшасын шашып, мен мұнда ойнап келдім бе! – деп ақыратын шашы ұзын кейкі сары бар еді ғой, со да тентек жігіт еді, – деді Тоқжан болыс.

– Құрамысқа: «қызың қатыныңнан неше жас үлкен?» дейтін ана бір қырма сақал қыбжақ жігіт пе еді?

– Жаным, ол жолғының несін сұрайсың! Орысша оқығанның бәрі сондай болатын болса, олардан аузы түкті орыс артық, – деді бір үлкен кісі.

– Серкебайдың баласы сол жылы қызық қылған ғой: өз еліне есеп ала барғанда, өз әкесінен «атың кім?» деп сұрапты. Әбіш болыс шыдай алмай: «Нұрмаш-ау, саған не болды, өз әкеңді танымағаның ба?» – десе, Нұрмаш: «Закон такой» деп айтады,– дейді.

Үйде отырғандар ду күлді. Сағындық би Махмұджан мұғалімге:

– Сен неге күлмейсің, орысша оқығандарды, төте оқу жолындағыларды жер-көкке сиғызбаушы едің ғой? – деді.

Оқығандар ел ішінде мұндай ұнамсыз мінез көрсеткеніне ренжіп, солар үшін ұялып отырған Махмұджан мұғалім, өзіне сөз кезегі келген соң:

– Отағасылар! Һәр адамның мінезі һәр түрлі, көптен жақсы да, жаман да шығады. Бірен-саран тік бақайларға қарап, оқығандардың бәрі солардай деу хата, жаңа Бекең айтты ғой, сонда бір жігіт жолдастарының мінезіне жаман кейіп, тоқтау салды деп. Және ол жолдағылар мен қазіргі оқығандарды салыстыруға болмайды, қазіргі оқығандарда ұлт намысы бар, бұрынғылардан фікірлері көп ашық. Егер араларынан бірлі-жарымды теріс мінезділер шыға қалса, естиярлары тоқтау салады. Тіпті болмағандарын мынау газетке жазып, ендігіден әрі жұрт бетіне қарай алмайтын қылуға болады...

– Тірі болсақ, бұл жолғыларды да көреміз, көп қалған жоқ қой, тек жақсы болсын, қазақ баласын жаман қылып не қыламыз енді, молда, – деп Сағындық би орнынан тұрды...

– Осы үйден біржола бесін оқып аттаналық, – деп Сағындық би орнынан тұрды...

Жұрттың бәрі дәрет алуға тысқа шығысты.

БІЗДІҢ БОЛЫС ЖАРАЙДЫ

Ойласа не табылмайды: әділдік те, данышпандық та ойдан шығатын нәрсе. Бұ заманда жұрттың көбі болыс болғансып, сүйенгені закон, күш-қуаты ізнәк-мөр болып кетті. Сонда да жұрт құр алақан емес екен, бүгін мен өзіміздің болыстың кеменгер билігін естіп, көтеріліп қалдым. Алаштың алалығы жоқ, оқушыларым, сендер де естіп көтеріліңдер, зарықтырмай айтайын:

Сарықопа волосында Ақташы, Қараман деген екі ауылнай ел бар. Бұл елдің болысы Ақташы Өтеулі деген кісі. Ақташы Юсуф Нарымбай баласынан Қараман Қоғабай деген жесір алмақ. Юсуф күйеуінен бір жақсы ат алады. Бұл ат кешікпей жоғалады. Юсуф күйеуі Қоғабайдан көреді: Қараман, атымды тауып бер, болмаса жесіріңді бермеймін дейді. Мұнысы ағайыны – болысқа арқа сүйегендік пе, әйтеуір осылай тізе көрсетпек болады. Бұған Қараман қаймықпай, 20 жігіт аттанып, қызды алып қашуға келеді. Қыз қолға түспейді. Ақташылар жасырып тастаған екен.

Екі ағайынды бітіруге Өтеулі болыс атқа мінеді. Ақташы, Қараман бас қосып сөйлессе де, тыныса алмайды. Сонда біздің болыс не ойлап тапты деңдер. Дереу өзінің Ақташысынан Молдаш деген бақсыны алдыртады.

– Міні жұрт, ұрыны қазір таптырамын, ал бақсы, істейтініңді істе! – дейді болыс.

Юсуф пен Молдаш жұрттың алдында әуелі серт қылысады: бақсы ұрыны тапса, қара ала бұзаулы сиырын бермек, егер ұрыны таба алмаса, бақсы Юсуфке күрең байталын бермек.

Бақсы келместен бұрын-ақ болыс отқа төрт кетпенді

салып қойған екен (*тегі бұрын да мұндай тәжірибелерді болыс басынан өткізсе керек*). Бақсы келіп, жынын шақырып, отқа әбден қызарған төрт кетпенге жұртты шақырады. Ақташы – Қараманнан жүз қаралы адам бар екен. Жоғалған аттың басы төрт қараға кесіледі. Бақсы сөйлейді:

– Міні жұрт, кім қара болса, кетпенге қолы күйеді, ақ болса аман кетеді!

Жұрт бірінің артынан бірі кетпенді сипап өтіп, кезек Омар Ғабдалрахман баласына келеді. Мұның алдындағылар қолдарын шарпылтса да, қарытса да сыр бермей өтеді: ұры болып, мал тарту оңай ма! Омар Ғабдалрахман баласы кетпенді сипап өтіп, шыдамай қолын шайнап алады. Бақсы Омарды бас салып, ұры мынау деп ұстайды. Мұнан басқа қолы күйгендер, шарпылғандар: 6 ауылдың ыстаршынасы Мұстафа Байсамат баласы, Серікбай шабар, Дүйсеке Көбелек баласы һәм басқалар.

Болыс Омарға шұқшияды:

– Әйдә, батыр, төле малды, ұры болдың!

Омар айтады:

– Жарайды, төлейін, бірақ маған акті жасап, копия бер, осындай ретпен мал төледің деп.

– Жарайды, ертең малды әкел, біз акті жасап қоялық, – дейді болыс.

Жұрт тарайды.

Бақсы айтқан сертке жетіп, Юсуфтың қара ала сиырын айдап жөнеледі.

Болыс кешке песірге акті жаз десе, песірі:

– Басың нешеу, осындай іске акті жасауға бола ма екен?! – дейді.

Болыстың салы суға кетеді. Ертеңіне мал алуға ноқталыжіп байланып Ақташылар келеді. Бір жағынан жауапкер – Қарамандар даяр болады.

– Акті жоқ.

– Акті жоқ болса, мал да жоқ,– дейді Қарамандар.

Болыс ұялмаса да қызарғандай болып, не қыларын білмейді. Сонымен жұрт тағы тарайды. Бітім болмай қалады.

Енді біздің болыста не кінә бар? Ұрыны таптыруын таптырды, бірақ шіркін песір орыстығын қылып, біткелі

тұрған іске законды әкеліп кірістіріп, ұрыны босатып жіберді.

Заман азды десек те данышпандар бар ғой. Жұрттың көбі құр даңғаза мен hарон Рашид, hарон Рашид деп, баяғы hарон Рашидтің басын ауырта береді. Хұдайдың өз маңдайымызға, өз бағымызға берген hарон Рашидінің қадірін білеміз бе! Әлгі Омар қарақшы осы күні болыстың үстінен судияға арыз беріп отыр, болыс маған сондай-сондай іс қылды, масқаралады, қолымды күйдірді деп. Бұл жұрт қайтіп оңсын!

ШІК ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН!

– Қажы-еке, ішік қайырлы болсын!

– Айтсын.

– Қаншаға алдыңыз?

– Сұрама, шырағым, дүниенің өзі күйіп тұр екен ғой, 350 сом... Ұмсындыққа киім-кешек алайын деп едім, оны Мәскеуден алғалы тұрмын.

– Ішігіңіз қымбат емес, мен мынаны 150-ге алдым, – деп, Тоқыш үстіндегі пальтосын көрсетті.

– Ой, шырағым-ай! Жұрт жарықтық арқасында бір бүтінденіп қалалық та.

Тоқыш күлімсіреп:

– Сіз әлі жұрт арқасында киініп қалалық деп отырсыз, осындағы газетші құлардың сөзін естідіңіз бе?

– Е, олар не қыл дейді?

– Олар бізді кінәраттап жатыр, жұрттан көп ақша жинап алып, өз пайдаларына жұмсап жүр, бір тиындық бітірген ісі жоқ, – дейді.

– Е, ее! Біз біреуден тартып алыппыз ба, жұрт өзі берген соң шариғат бойынша да бізге халал, газетші-мазетшінің сөзі керек емес, үй басы 2–3 сомнан ел кедей болмас...

– Сонда да, қажы-еке, олар Жорықбай ақсақалды ұялтып тастапты...

– Шіркіннің ұялшағын қарашы, не былшылдайсың, сенің ақшаң емес қой десе болмап па?

– Жөрекең жарықтық жуас кісі ғой, үндемепті. Сонда да соншама ақшаны қайда жұмсадыңдар десе, елге не дейсіз? Аналар жұртқа жариялайтын көрінеді.

– Шырағым, Тоқышжан, сен әлі баласың ғой, біз мұндайды көп көргеміз, оның не қысылатыны бар. Адвокатқа бердік дерміз, переводчик, чиновниктерге бердік дейміз, ретін таппаймыз ба...,– дей бергенде, нөмірге газетте қызмет ететін бір жігіт сәлем беріп кіріп келді.

Қажы әфенді жалма-жан ішіктің үстіне шапанын іле салып, тасбиғын тартқан болып отыра қалды.

СОЛ ҚЫЗДЫҢ АТЫН ҰМЫТТЫМ

Мен 1921 жылы Семей уезінде тергеуші болып қызмет еттім. Күз уақыты еді. Өзіме қараған аудандағы елдерді аралап жүріп, Қызыл Адырға келсем, аудан биі Қ. жолдас сессия құрып жатыр екен. Халық есепсіз көп жиналған: Семей уезінің 7-болысынан, Қарқаралы, Өскемен сықылды өзге уездерден, тіпті Жетісудың Аягөзінен де мал даулап, ақы сұрап келгендер бар екен. Қ. жолдас Семей уезінен қызметке жақсы, ұрыға рақымсыз атанған билердің бірі саналатын. Жұмыстың көптігінен Қ-ның басы қатып, дамыл көрмей, мезгілімен тамақ ішуге де уақыты болмай, ертеден қара кешке шейін сөйлеумен дауысы да қарлыққан екен.

Жиналысқа тіккен үйдің біріне біз де келіп түстік. Қандай жұмысты қандай адам (*тергеуші ме, би ме*) қарайтынын білмейтін, өздері неше күндей кезек тимей сарғайған, елдері алыс, сот маңайындағы ауылдарды қону-түстенумен әбден мезі қылып, жексұрын болған даукестер мені көрген сон, «тағы бір төре келді» деп, сыйғаны үйге кіріп, сыймағаны үйдің жабдығынан дауыстап, «тақсыр жолдас, арызымыз бар, пәлен күннен бері бізге есе тимей жатыр...» деп әркім өз басындағы мұңын шаға бастады. Халық соншалық көп, бұл елге біз келе жатқанда жолшыбай «сот арқылы өндіріп алдық» деп талай мал айдап бара жатқандарды көргенбіз. Әлі де болса лек-легімен біреулер келіп жатыр, жұмысы біткендер кетіп жатыр.

Осынша көптің жұмысын «законшілеп» бітіремін деген сот сол ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдары шықпаған, сот қызметкерлері істің ақ-қарасын «төңкерісшілдік арымен, социалистік сана жолымен ғана» айыратын шақ. Қ. жолдасқа атсалысып көмек көрсетіп, мен сол арада 3–4 күн болғанмын.

Міне, содан бері 4 жыл өтті. Қазіргідей заманда бұл аз уақыт емес. Содан бері талай кемшіліктер түзетілді. Бірақ ұлы мақсатты тілектердің бірі – әйел теңдігі әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп: елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің әлі күштілігі, әйел табының көзі ашылып жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксеген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп, жолдан таймайтын болса, әдет-ғұрып қанша күшті болғанымен, жоғалмасқа шарасы жоқ.

«Бостандық» дегеннен есіме түседі: сол жолы бір қыз көрдім.

Осы қыз 7 аудан сотына арыз береді: ата-анасы жастай қалыңмал алып, біреуге атастырып қойғанын, енді бойжеткен соң күйеуі жаман екенін біліп, оны сүймейтіндігін баяндап, басына бостандық сұрайды. Сот қызды шақыртады. Қыздың әке-шешесі, туысқандары, бәрі шұбырып ере келеді. Бәрі қызға жабылады. «Арыз бергенім жоқ, бұрынғы күйеуіме баруға ризамын» деп айт деп үйретеді. Әсіресе, әкесі қызына өлердегі сөзін айтады, көзінен аққан сорасы сақалын жуады. Шешесі әлпештеп өсіргенін, ақ сүтін емізгенін, дос аз, дұшпан көп, жұрт алдында масқара қылса, пәленшенің қызы кетті деген атаққа ұшыратса – екі дүниеде риза еместігін, «ақ батаны бұзса, көсегесі көгермейтінін» айтады. Ағалары біресе зекиді, біресе жалынады. Қысқасы, бәрі жабылып қыздың басын дақ қылады. Бәрі де қыздан сот жауап алғанда бірге болады. Ақырында қыз бейшара әке-шешесін аяп, сот алдында «мен арыз бергенім жоқ» деп шығады. Қыздың хат білмегендігі үшін арыз жазып, қол қойған – сол қызды алмақ болып жүрген сүйген жігіті Бекіш екен. Енді сот біреудің қызын халық алдында масқара қылғанын тексеру, айыпкерді жауапқа тарту үшін қаулы жазып, сол арада қолма-қол маған тапсырады.

...Қызды шақырттым. Әке-шешесі, жақындары тағы да шұбырып ере келді. «Қызық» көрушілер іргеден, жабықтан сығалап, тыңдап, бірін-бірі итермелеп, түйе түскендей үйді қиратып барады.

Бойжеткен әдемі зәулім қыз. Басына түлкітымақ киген, белін буынып алған. Қыздың тымақ кигенін топ ортасында жалғыз әйел болып көзге түспейін деп, ұялғаннан істеген ғой деп ойлауға болса да, белін тас қылып буынғаны үйден шыққанда-ақ тәуекелге бел байлап аттанғандығын

білдіргендей болып көрінді. Түсі қашқан, көңілін қайғы басқан мұңды қыз келіп отырғаннан кейін қанша сездірмейін десе де, еріксіз күрсініп жібергендігі байқалып қалды. Шешесі сапты қамшыны таянып, сұрланып, ішінен «кәне, жүзіқара, бірдеме деші» дегендей, қолайсыз бір сөз айтса үстіне қона түскендей болып, көзін айырмай қызының қарсысына отырды. Әкесі сот алдындағы жауаптан кейін көңілі жайланғандай, сөйтсе де «сақтықта қорлық жоқ» дегендей, қызының жоғары жағынан орын алды. Халық көп, жұмысы бар да, жоқ та анталап қарап тұр.

Тергеу ашпастан бұрын қызды, тағы қыз танымайтын бөтен елдердің 3–4 адамын алып қалып, бастығы қыздың әке-шешесі қылып, жұрттың бәрін шығардым, үйдің маңайына жақын жолатпайтын қылып, қызбен сөйлестім.

– Бостандық сұрап сотқа арыз беріп пе едің? – дегенімде, қыз төмен қарап, бөгеліңкіреп, ақырын:

– Жоқ, – деді.

– Әке-шешең біреумен құда болып, күйеуге бергелі, ол күйеуіңді жаратпай бостандық сұрауың рас болса да, енді бүгін сот алдында ата-анаңның көңіліне қарап, соларды ренжітпеймін, жұрт алдында төмен қаратпаймын деп қазақшылықпен танып отырған болсаң, енді сенің атыңнан арыз жазып, сен үшін қол қойып отырған жігіт сотқа тартылады, мен қазір оны шақырып жауап аламын, абақтыға жөнелтем. Ол жігіт сүйгенің бола қалса, оны аямайсың ба? Өзгелердің көңіліне қараймын деп, бұрынғы күйеуіңді жек көретінің рас болса, өз өмірің қайғыда өтпей ме, шыныңды айт! Қазіргі заман – бостандық заманы, енді бұрынғыдай әйелді ешкім зорлай алмайды. Сүйсең соған барасың, – деп бірсыпыра сөз сөйледім. Келгеннен төмен қарап үндемей тыңдап отырған қыз, есік жаққа бір қарады да, басын көтеріп алып, тура маған бұрылып:

– Арыз бергенім рас! – деді. Бұл сөзді нып-нығыз қылып, «Басымды біреу кесіп алса да...» дегендей қа-жырланып айтты.

Қыздың шынын айтқызғаныма, «сауабына» қалғандай болғаныма мақтанған кісідей мен күліп жібердім.

– Мана сот сұрағанда неге арыз бермедім дедің, енді ертең тағы біреуге «арыз бергем жоқ» деп жүрсең қалай болар? – дегенімде.

– Қайтейін, ол кісі сізше сұраған жоқ. – Көзі жаудырап: – жұрттың бәрі анталап тұрған соң, – деп қыз да күлімсірегендей болды.

...Мен сырттағы кісілер үйге кірсе де болады дедім. Баяғы қауым адам таласа-тармаса қайта келді. Шешесі тағы манағыдай қызының алдына қамшысына таянып келді. Шаншыла келіп отырды. Мен енді жұрттың көзінше жауапты қыздан ресми түрде жазып алуға тырыстым.

– Басыңызға бостандық сұрап келдіңіз. Сотқа арыз бергеніңіз рас па?

– Бердім, бергенім рас, – деп қыз жігерленіп, бастырмалатып екі рет жауап қайырды. Қыздың шешесі қаны қашып, көзі жаудырап, қызын жеп жібере жаздап:

– Алда бетпақ-ай, бетпақ-ай, бетпақ-ай! Не бетімді айтайын, бетпақ-ай! – деп тас-талқан болып, жолында отырған адамдарға сүріне-қабына үйден шыға жөнелді. Күпісінің етегі салбырап, «құдай төбеден ұрды» дегендей, кебісін киюді де ұмытып, бәйбішенің соңынан ұсқыны қашып, байы шықты.

Сөйтіп, қыз бостандық алды, арманына жетті. Сүйгенімен кетті. Ата-анасын бала қанша жақын көрсе де, қанша сыйласа да, тіршілікте адамның азаттығынан артық ешнәрсе болмайтындығын, ол азаттыққа өзге түгіл, ата-анасы қарсы келсе де, еш нәрсе айырбастамайтындығын осы қыз сол жолы жиналған жұртқа айқын көрсетті. Міне, әлі күнге шейін қараңғылықтан шыға алмай, азаттық қадірін ұға алмай жүрген қазақ әйелдеріне әлі де болса үлгі алуға сол қыз жарайды.

Әттең, сол қыздың атын ұмыттым, қыз-ақ еді.

АҚЫЛ МЕН ЫРЫС

Қазақтың толықсып тұрған заманында бір адамға қыдыр дарып, бақ қонып, малы да, бағы да көтеріліп жұрт алдына түседі. Мал да, ақша да көбейіп дәуірлеп тұрғанда ол байбақты да, ырысты да атанады. Бір күні ақыл мен ырыс тұрып былайша егеске кіреді:

Ақыл: Бұ байға осынша дәулет, байлық, бақ бәрі де менің арқамда болды, мен болмасам бұл дәулеттің бірі де болмас еді,– дейді.

Ырыс: Жоқ, мен болмасам мал мен бақ болмас еді. Мал мен бақ үшін ақылдың керегі жоқ, ырыс болса өзгесі өзі келе береді,– дейді.

Ақыл: Олай болса байқасалық деп,– 13 жылдан бері байдың қолында жүрген қойшыға барып қонады. Ақыл кірген соң, малшы ойға қалады. Мен баяғыдан бері осы байға қызмет қылып келемін. Маған ақы да, пұл да бермейді, мен сұрағаным да жоқ, неге мен бұлай жүремін, ақы алып өз алдыма іс қылайын деп ойлапты да, кешке келіп байдан ақы сұрайды. Бай: «Алда, бейшара-ай, құдай мұның есіне бірдеңе салған шығар» деп бірнеше жүз сом, бір ат, арба беріп шығарады. Бұл жылда егін салып, әр уақыт суғарып жақсы қарағандықтан мұның егіні көп шығып берекелі болады. Сол мезгілде маңайындағы бір патшаның әскеріне азық керек болып астық іздеп жүргенде әлгі жігітке жолығып «дос болайық, барлық егінді маған бер», деген соң, «ел алған егін, жер алған тегін» деген еді ғой деп бар егінін береді.

Ақыл кеткен соң баяғы байдың дәулеті азайып күннен-күнге кейін кетеді. Ырыс ақылға келіп берекенің бәрі сенде екен, сенсіз менің қолымнан түк келмейді, енді бір болайық деп бұ да жігітке қонады. Жігіттің егін берген патшаға қолқа салатын мезгілі жеткенде патшаның қандай асылдарын сұрау турасында ойға қалады. Боз арғымақты бастатып 150 жылқы сұрауға қарайды. Бастатып 60 түйе сұрау, тағы


басқалар турасында көп ойласа да ақырында ақылына салып, «қой, бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деуші еді, дейді де патшаның қызын сұратып жаушы жібереді. Патша қызын қалыңсыз бермекші болып күйеуді шақыртып той қылады. Дәл сол уақытта Ақыл мен Ырыс тағы да ерегеске кіреді. Ақыл: «қой бағудан басқа өз басының пайдасын білмейтін, бұл жігітке осынша жақсылықты тауып жүрген мен». Ырыс: «жоқ мен» дейді. Ырысты тастап Ақыл жігіттен де шығып кетеді.

Патша той етіп, неке оқытып қожа-молданы кәніғып тарқатады. Кешке қызды күйеудің қасына жеңгелері әкеліп, кәдесін алып кетеді. Ақылы басынан кеткен жігіт патшаның қызына қалай сөз қосуға, танысуға бата алмай теріс қараған бойынша қозғалмай жатады. Сонда қыз: «Бұл, қалай, менің бір мінезім жақпады ғой» деп, «Мырза, неге үндемейсіз? Басыңызда бір қайғы бар ма? Яки менің бір мінезім жақпады ма?» деп мойнына қолын созғанда жігіт шынтағымен қағып жіберіп қыздың екі күрек тісін сындырды. Аузын жосадай қан жуып кетеді. Бұл хабар ауылға таралып, патша да естіп, қатты ашуланып, жазықсыз баламды қасына бармай жатып мұндай масқара қылды деп, жігітті байлатып тастайды. Тойда шаттықтың орнына мұндай әбігершілік кіріп, ел-жұрт жаман күйзеледі.

Сол уақытта Ырыс Ақылға барып: «Ақыл, сенің әр ісің дұрыс, тура еді. Егер де осы жігітті байлаудан құтқарып, осы хан қызын алып берсең, бүтін дүниедегі бақыт, байлық жалғыз сенің арқаңда болуына сенейін, мұнан соң саған шек келтірмейін» дейді. Ақыл бұл сөзді тағы да мақұлдап жігітке қайта қонады. Сонда жігіт бір жақын жеңгесін шақыртып алып: «Патша мені неге байлатып қойды? «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деуші еді, кінәмді мойныма қоймай, бұл қайткені», – дейді. Бұл сөзді ханға айтқан соң, хан жігітті шақыртып алып: «Неге бүйттің кінә, жазасы не?– деп сұрады. Жігіт: «Тақсыр! Сіз осы балаңызды жас күнінде біреуге асырата ерген едіңіз, асыраған үйдің бір тазы иті күшіктеп еді. Ес білмеген жас бала жатқан тазының емшегін еміп, күрек тісінде иттің сүтінің уыты қалған еді. Жақсы тілеу, жаңа ниетке кірген уақытта сол арам тісті жоғалтайын деп тісін түсіргенім рас» дейді. Жалма-жан хан қызын асыратқан кемпірді шақыртып сұраса, ол уақытта үйінде тазы күшіктегені рас болып шығады.

Сонысын хан: «Бұл жігіт жұрттан асқан данышпан кеменгер екен» деп қызын қайтадан беріп, өз орнына патша етеді. Бұдан былай Ырыс Ақылға қарсы сөз айтуды қояды. Ақылсыз Ырыстың қолынан ешнәрсе келмейтінін біледі.

Міржақып Дулатұлына құрмет



АҚЫН ІНІМЕ

Азырақ құлағың сал, ақын інім,
Ойымыз, рухымыз жақын інім.
«Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын»,– деп ақыл, інім!

Өзімді «ағаңмын» – деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім.
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғапу, інім.

Жат жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді ғапыл, інім.
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы пақыр, інім.

Доңыздай талғамай жеп семіргендер,
Саналып ақылдыға жатыр, інім.
Сүйікті милләтіңе болам десең,
Нашардың көбірек же хақын, інім.

Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, жоқты сөйлеп лапыр, інім.

Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім.

Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ шақыр, інім.

Аузымен орақ орып, бәрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Етпенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплатондай болса-дағы,
Қымыз бен еті жоқ құр татыр, білім.

А. Байтұрсынов.

ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА

(М.Д.-ға хат)

Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

Жағаластың жауменен,
«Бермеймін жұртым, жаным» – деп.
Алыспақ болдың тауменен,
«Жұрт үшін төгем қаным» – деп.

«Оян! — дедің жұртына, –
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтына:
«Таста, талас, тірлік қыл!»

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп.
Сақтамақ болып елінді:
«Қара күн алда, бекін» – деп.

Менменсіген күшті жау
Көздеп тұрды ісіңді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшіңді!

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз өңшең тасбауыр.

Сорлыға тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер,
Қайра өзіңді, дәрмен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін түстің, арман не?

Көзін ашып, артында
Жұртың ойлар: «Бұл қалай?
Тайынба, қорықпа, тартынба!» –
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын
Қайратты жас жігіттер.
Жұрт үшін салар мал-мүлкін,
Бірін-бірі үгіттер.

Ұстасын, жапсын, уайым жоқ:
«Қоймай қуса қорқақты –
Батыр болар» – деген көп,
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндай іс
Кейінгі жанған жастарға:
Қайраттанып, күйіп іш,
Азуын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да, алтын Күн
Бір шығар, жерді жарық қылар...

Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда
Көрсе жазған хатыңды.

Уайым-қайғы жұтады
Сені ойлап, сорлы жұрт.

Аңдыған жау ұтады,
Тәңірі, соның түбін құрт!

Саған көк те тілектес,
Бұралған өңшең нәзік бел
Періштелер жанында!
Еш қайғырма, рақат – анық, біл...

Мейірімі кең күшті ием,
Сорлы жұртты оң баста.
Дұшпан – құлаш, біз – сүйем,
Рақмет ұшқынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,
Жұрт үшін болсын қара тер.
Сорлы жұртты бастасын,
Жасаған, соған көмек бер!

М. Жұмабаев.

ТҰТҚЫН

(*М.Д-ға хат*)

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас,
Сабан төсек, тым қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ қаратас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ынғайына қарамас.

Жарық сәуле не Ай, не Күн көрсетпес,
Жақынының: «Ой бауырымын!» естірмес.
Іс – санаулы, сөз – аңдулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?

М. Жұмабаев.

М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш – қара түн өткеніне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
Қан аралас төгілген көп көз жасты
Тәңірі қабыл, мейірім еткеніне:

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,
Мың шүкірлік тәңірінің бергеніне.

Күннің бетін ежелден бұлт жаппақ,
Жапса да, ұзақ тұрмай жөнін таппақ.
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.

Оңнан есті жел біраз қырын ескен,
Соң туса да, оң туса, қалмас көштен.
Өткен іске – салауат, күтіп қалдық:
Өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен.

М. Жұмабаев.

* * *

... Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі.

Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге қандалаға қанын берген.
Ұрадай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірде малданбаған.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бір құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді:
Бір – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым!
Солардан басқа кеше кім бар еді?
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын...

С. Торайғыров.

«МІРЖАҚЫБЫМ – МИЯТЫМ»

Міржақып өлді деген сөз,
Ішімді өртеп кетті лез.
Дірілдеп жүрек демігіп,
Малынды жасқа екі көз.

Ажал деген – ауыр іс,
Өмірінде жоқ кідіріс.
Бұл хабарды естірткен,
Сейілдің ұлы Ідіріс.

Жылап келіп көрісті,
Оңай ма қию туысты.
Есеңгіреп, ес танып,
Менің де ақылым ауысты.

Бала жастан бірге өскен,
Құлашты қатар сермескен.
Тар жол, тайғақ кешуде,
Бір кемеге мінгескен.

Құлын-тайдай тебіскен,
Жарты құртты бөліскен.
Қандай күйде жүрсек те,
Қадірімізді біліскен.

Қас-қабақтан ұғысқан,
Түбі бірге туысқан.
Мерт болыпты жат жерде,
Ақ өліммен арыстан.

Міржақыбым – миятым,
Бір туғаннан зиятым.
Кісілікке келгенде,
Мол еді ғой ұятың.

Қасиет тұтқан алашым,
Кеңге жайған құлашын.
Намысты қолдан бермеген,
Қайран да менің нағашым.

Қайрылмас жолға кетіпсің,
Баратын жерге жетіпсің.
Айтып-айтпай немене,
Бұл дүниеден өтіпсің.

Бар қазақтың баласын,
Ақымағы мен данасын.
Теңеймін деп талап қып,
Оятып ең санасын.

Білімменен ер өсер,
Ақылдыға ел ілесер.
Қазағым деп ah ұрған,
Кім өзіңмен теңесер.

Туған адам – өледі,
Әркім оны біледі.
Біреу жылап әрине,
Базбіреулер күледі.

Ұққанға өлім жолы ауыр,
Жұбату айттым едәуір.
Көнген ажал ісіне,
Не шаһбаз бен не тәуір.

Ідіріс, сендей салалы ер,
Ағаның сөзін дұғагер.
Тастамас жерге қашан да,
Көзіңнің жасын тия гөр.

Қалса да жырақ қорымы
Бұрынғылардың ырымы.
Міржақыптай сабаздың
Жұмақтан болсын орыны.

Айналмалы дүние,
Дүниеге кім ие?
Жетіқат анау аспан мен
Мынау қара жер ие.

Уақыты өтсе оңар бөз,
Талқан болып тозар жез.
Дүниеде өлмейді,
Ғибратлы асыл сөз.

Айналайын Ідіріс,
Ажал деген – бұйрық іс.
Көз жасыңды жылдам тый,
Егіліп тұр біздің де іш.

Менен гөрі қандассың,
Сондықтан да қимассың.
Мен жыласам бірақ та,
Сен жұбата алмассың.

Міржақып пен Ахмет,
Нақақтан-нақақ болды шет.
Бір уақыттар болғанда,
Ақталар орнап әділет.

Дүние деген тегеріш,
Ұмыт болмас – кемел іс.
Замана қазір өзгеріп,
Тарылып тұр ғой кең өріс.

Қиянат кетпес тоқтаусыз,
Әділ сөз қалмас құптаусыз.
Күндердің күні болғанда,
Міржақып кетпес жоқтаусыз.
Өрт алғандай өрісті,
Тарылта бермей тынысты.
Шүкірлік қылып шырағым,
Сабыр етсек дұрыс-ты.

Файзолла САТЫБАЛДЫҰЛЫ.
1935 жыл.

Түсініктемелер

Жинақтың бірінші томына Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (*1902–1911*), «Азамат» (*1912–1914*), «Терме» (*1913–1915*) кітаптарында жарияланған және жеке кітаптарға енбеген шығармалары (*1907 – 1932*), қазақ әдебиетіндегі тұңғыш «Бақытсыз Жамал» (*1910*) романы, «Балқия» атты пьесасы, сондай-ақ әр жылдары жазылған әңгімелері – қысқасы, көркем шығармалары бірыңғай топтастырылып енгізілді.

Төменде жеке мәтіндерге түсінік беріледі.

«Оян, қазақ!» жинағынан

(*1902 – 1911*)

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты...»

Кітапқа эпиграф ретінде алынған бір шумақ осы өлең автордың оқырман қауымға айтпақшы болған ой-пікірінің шоғырланған негізгі түйіні секілді болып көрінеді. Сол себептен де болар, оның бірінші жолындағы қаратпа екі сөзі: «Оян, қазақ» жинаққа ат болып қабылданған да, ақынның бүкіл шығармашылық, қайраткерлік өмірінің символына айналып кеткен.

«Оян, қазақ!» – Міржақып Дулатұлының баспа жүзін көрген тұңғыш еңбегі. Ол 1909 жылы Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан басылып шыққан. Жинаққа ақынның 1902–1909 жылдар аралығында жазған өлеңдері енгізілген. Мұны Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебі мен Қостанайда бір жылдық мұғалімдер курсын бітіріп, ауыл балаларына хат таныта бастаған жас ұстаздың алғашқы өмір тәжірибесінен алған әсерлерінің көрінісі және болашақ қайраткердің қалыптаса бастаған дүниеге көзқарасының түп негізі деп бағалауға болғандай.

Жинаққа енгізілген шығармаларды тақырыбы мен мазмұнына қарай шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) қазақ халқының өткен тарихынан елестер;

2) қазақ қауымының ғасыр басындағы әлеуметтік хал-ахуалы;

3) елдің болашақ тағдырына байланысты көтерілген адамгершілік, оқу-ағарту мәселелері.

Өткен тарихты қозғаған шығармалардан жас жігіттің бұрынғы замандардағы халық өмірінен тәп-тәуір хабардарлығы аңғарылады. Көшпелі тұрмыстың ерекшеліктері, соған орайлас қалыптасқан салт-дәстүрлер, халық өмірінің күнгей және көлеңке жақтары жаңа ашылып келе жатқан ақын дарынының мүмкіндіктері аясында бірқатар тартымды жеткізілген.

Ақынды ерекше тебіренткен және оқырманға қатты әсер етіп, қалың жұртшылықты елең еткізген нәрсе екінші топқа жататын шығармалар еді. Автор дүниеге келген XIX ғасырдың аяғы мен қоғамдық өмір табалдырығынан аттаған XX ғасырдың бас кезі Ресей патшалығының қазақ даласын отарлау саясаты шырқау шыңына шығып, өмірдің барлық салаларында асқынып тұрған кезеңі болғаны мәлім.

Бұл тұста, бір жағынан, патша әкімшілігі қазақ даласына іштей үнғи кіріп, ел басқарудың тарихи дәстүрлі тәртіптері орнына орталық аймақтардағы әкімшілік-басқару жүйелерін енгізе бастаса, екінші жағынан, қазақтың ежелден бері мекен етіп келе жатқан шұрайлы жерлерін ішкі губерниялардан қоныс аударған келімсектерге алып беріп, отарлық зорлық-зомбылықты мүлде асқындырып жіберген.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде ауыр сілкіністер туғызған осы және басқадай терең тамырлы өзгерістер бодан елдің болашағын тығырыққа тіреп, күнделікті тіршілік тынысын тарылта бастаған қасіретті хал ақын шығармаларында ерекше әсер күшімен суреттелген-ді.

Бұл жағдай алғашқы өлең кітабымен көрінген жас ақынның ел арасындағы атақ-даңқын аспандата көтеріп әкеткені түсінікті. Бірақ сонымен бірге патшалық әкімшілік орындар тарапынан қуғындау шараларын туғызып, тергеу мекемелерінде кітап авторының құбыжық бейнесінің қалыптасуына да себеп болды.

Осы орайда патшалық мекемелерінің күдігін күшейтіп, жағдайды шиеленістіре түскен тағы бір оқиғаны еске алудың жөні бар. Бұдан екі жыл бұрын Петербургте тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көре бастаған «Серке» атты газеттің екінші санында М. Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланған болатын.

Мақала патша үкіметінің саясатына қарсы бағытталған, қазақтарды үкімет орындарына жауықтыратын саяси үндеу деп танылып, газеттің сол саны тәркіленген болатын. Онымен де

тұрмай, жаңа ғана дүниеге келген ұлттық газет біржола жабылған; оның сол санын шығаруға қатынасқан адамдардың барлығы да жауапқа тартылсын деген үкім шығарылған.

Міржақып мақаласы бүркеншік атпен жарияланған екен, сондықтан болар, сол жолы жазадан аман қалған автор мына жинағында сол мақаладағы зиянды идеяларды жалғастырады деген айыпқа ілінеді. Саяси сенімсіз деген атақпен оның артынан тыңшылық ұйымдастырылады. Осындай жүйелі қуғындау мен тіміскі тыңшылықтың нәтижесінде Міржақып Дулатұлы 1911 жылы жазда ел аралай жүріп, Семейге келген бетінде абақтыға жабылады да, сотсыз-тергеусіз өткен күндерін қосқанда жыл жарымдай уақыт тұтқында отырады.

Сондағы оған тағылған басты кінә – мұның алдында ғана үкімет орындарының ресми шешімімен тәркіленіп, таралуына тыйым салынған өз кітабының бірнеше данасы жанында болғандығы екен.

«Оян, қазақ!» төңірегіндегі қуғындау шаралары мұнымен де аяқталмайды.

Кітап тараған жерлерге бақылау орнатылып, оны оқыған, таратқан және насихаттаған адамдар тергеуге алынады, оларға айып салынады, басқадай жазалау шаралары қолданылады. Баспасөз бетінде Міржақыптың атын атауға, ол жайында қандай да болсын хабар жариялауға қатаң тыйым салынады.

Бұл жөніндегі мұрағат құжаттарына негізделген нақты деректер міржақыптанушы, ғалым Сәбира Иманбаеваның, белгілі тарихшылар Мәмбет Қойгелдиев пен Кенес Нұрпейісовтің еңбектерінде толық көрсетілген.

Бірақ патшалық жазалау орындары қанша жерден қыспақ көрсетсе де, «Оян, қазақтың» абырой-беделі аспандап, оның ел арасындағы ықпалы күшейе береді. Оның өлең шумақтары ауыздан-ауызға тарап, жұрттың жасырын жағдайдағы құмарта тыңдап, құныға оқитын кітабына айналады.

Арада жылдар өтіп, замана өзгерген сайын Міржақып Дулатұлының қайраткерлік қызметі қаншалықты кең өрістесе, оның тұңғыш өлеңдер жинағы – «Оян, қазақтың» ұлт-азаттық қозғалысындағы маңызы да соншалықты арта түседі.

«Оян, қазақ!» патша әкімшілігінің тарапынан көрсетілген осындай қатал қыспаққа қарамастан, 1911 жылы Орынбор қаласында «Уақыт» баспасынан екінші рет басылып шықты. М. Дулатұлы біржола ақталғаннан кейін 1991 жылы бір томдық (*«Жазушы»*), 1997 жылы екі томдық (*«Ғылым»*) шығармалар жинақтары басылып шықты.

«Оян, қазақ!» солардың екеуіне де енгізілген.

«Сөз басы» – «Оян, қазақтың» барлық басылымдарында да алғы сөз ретінде қайталанып келеді. Осынау қысқаша ғана мәтінде автор алғаш рет жарық көргелі тұрған жинағына аса зор міндет

жүктейді. Заман өзгеріп, өмір ілгері қарай жылжып бара жатқанын, көшпелі халқымыз дүниежүзілік өркениеттен шеткері қалып отырғанын қынжылып айта келіп, ақын елдің елдігін, тұтастығын, тағы басқа игіліктерін қорғау үшін халыққа өнер-білім керектігін, талпынып жемісті қарекет істеу қажеттігін жоғарыдағы бір шумақ эпиграф өлеңге қосымша тағы да шегелеп айтады. Бұл жинақ сондай игі мақсатқа септігін тигізер деген үмітін білдіреді.

«Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» – бұл өлең 1905 жылы жазылды деген дерек бар. Алғашқы кіріспе бөлігінде өзіне-өзі қайрат беріп, халық мүддесіне қызмет етуге жігерлендіреді де, одан әрі халықтың өткен тарихы мен қазіргі жағдайын баяндайды. Бір кезде емін-еркін далада көшіп жүріп, бейбіт өмір сүрген халық ішкі бірлігін жоғалтып, патшаға бодан болғанын, оның алғашқы шарттары орындалмағандықтан, қазір мүшкіл халге түскенін қынжыла айтады. Көзі ашық зиялыларды осыдан дұрыс жолға шығудың қамын ойлауға шақырады.

«Қазақ халқының бұрынғы мағишаты» – бұл да 1905 жылы жазылып, алғашқы басылымдарына енгізілген. Мұнда да халықтың басында билік, арасында бірлік болған замандағы көшпелі өмірдің қайғысыз-қамсыз тіршілігін айта келіп, енді содан айырылған мүшкіл халді жастардың есіне салады; содан шығудың жолын ойластыруға шақырады.

Өлең Н. Рамазановтың аударуымен 1914 жылы Мәскеуде орыс тілінде шығарылған «Восточный сборник» (*«Әл–Шархият»*) жинағына енгізілген. 1915 жылы «Терме» жинағында да басылған.

«Үйренген халықпыз ғой кемшілікке» – бұрынғы басылымдарға енгізілген, бұл шағын өлеңде халықтың самарқаулығына қынжылған ақын оның болашақтағы зардабы жаман болуы мүмкін екенін ескертеді.

«Һүнерменен хасыл болған нәрселер» – 1905 жылы жазылған. Өлеңде дүние жүзіндегі (*оның ішінде Ресейде де*) ғылым мен техниканың ілгері басуы нәтижесінде адамның қолы жеткен табыстары жайында айта келіп, ақын өз халқының осы жетістіктерден шеткері қалғанына өкініш білдіреді. Мұнда ақынның ізашар ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» атты өленімен үндестік бары байқалады.

«Сайлаулар хақында» – Міржақып Дулатұлының шығармашылық мұрасында маңызды орны бар өлең. Мұнда патшалықтың отарлау саясатындағы ел билеу тәртібінің жарамсыздығы сыналады. Қазақ өлкесін басқарудың тәртібі туралы 1868 жылы шығарылған заңның зардаптары жайындағы белгілі Абай өленderімен үндес (*«Болыс болдым мінеки», «Болыс, мал-жан аман ба», «Болды да партия», «Мәз болады болысың», т. б.*) бұл шығармада содан бергі жылдар ішінде жағдайдың бұрынғыдан да асқына түскені байқалады.

«Шыққалы волост сайлау қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті», –

деп басталатын шумақтарда ел ішіндегі көптеген келеңсіздіктердің, әсіресе мансапқорлық пен парақорлық сияқты кеселдердің басты себебі осы тәртіпте жатқаны көз жеткізе баяндалады.

«Қазағым, бұл ғадетті тасталық та,
Халықты тура жолға басталық та», –

деген сөздерден ақынның елді ақыл-парасатқа шақырған жалынышын естігендей боламыз.

«Қазақ жерлері» – бұл да ақын мұрасында ерекше жан күйзелісімен қозғалатын көкейтесті тақырып. Халықтың жерге байланысты қасіреті қазақ жерлерін мемлекет меншігі деп жариялаған 1868 жылғы заңнан басталған болатын. Елдің ең шұрайлы өңірлерін тартып алып, орыс келімсектеріне беру науқанының ең асқынған кезіндегі ақынның жан айқайы естіледі бұл өлеңнен.

1906 жылы жазылып, барлық басылымдарға енгізіліп келе жатқан бұл шығарма да Н. Рамазановтың орысшаға аударуымен «Восточный сборник» жинағына енгізілген.

«Мәсжід – медресе хақында» – бұл өлеңде ақын қазақ арасындағы дін ықпалының әлсіздігін, сахара адамдары мұсылмандық парыздарды ұқыптылықпен сақтай бермейтінін сынап жазады. Бұған өзге себептермен қатар отаршылдық саясаттың зардабы, миссионер топтардың кедергі әрекеттері де себеп болып отырғаны айтылады. «Оян, қазақтың» эпиграфындағы: «Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп» дейтін үш түрлі қиындықтың біреуі осы дін саласы болғандықтан, ақын өзге де бірсыпыра шығармаларында осы тақырыпты қозғап отырады.

Өлең 1906 жылы жазылған, барлық басылымдарға енгізіліп келеді.

«Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта» – мұнда дін оқуын оқытатын медреселердегі дүмше молдалардың ұстаздық дәстүрге жанаспайтын, тек ақысын өтеуді, көлденең пайда табуды ғана ойлайтын қылықтары сынға алынады. Өлең ақынның барлық жинақтарына енгізілген.

«Қазақ халқына діни бір уағыз» – 1906 жылы жазылған бұл өлеңде автор қазақ ауылдарында мұсылман дінін жолға қоюдың сол заманда әр деңгейде көтеріліп жүрген ұйымдастыру мәселелері төңірегінде өзінің ұсыныс пікірлерін баяндайды. Біріншіден, қазақ даласы «Духовное собрание» атты мұсылмандық дін орталығына бағындырылатын болсын. Екіншіден, дінді уағыздайтын молдалар болыс,ояз, облыс сияқты әкімшілік жүйелері бойынша сайланып, тиісті жарлық бойынша бекітілетін болсын да, бір-біріне сол әкімшілік тәртібімен сатылап бағынатын

болсын. Олар дін уағызымен қатар неке қию, неке бұзу, мұрагерлік сияқты азаматтық мәселелермен айналысатын болсын; олардың жұмысына әкімшілік жүйесі арқылы бақылау жасалсын, т. б.

Дін жүйесін белгілі тәртіппен демократияландыру мәселелерін көтергендегі Міржақыптың бір жаңалығы – әрбір медреседе екі мұғалім тағайындалсын; оның біреуі мұсылманша дін оқуын оқытса, екіншісі орыс тілінде ғылыми пәндерді жүргізетін болсын деген ұсыныс. Бұдан ақынның ағартушылық бағыттағы ой-армандарының ілгерілеушілік нышаны байқалады.

«Һүнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға...» – өленнің тақырыбына қарағанда жалпы зиялы қауымға арналған сияқты көрінгенімен, ішкі мазмұны нақты бір адам жайында секілді. Соның іс-қимылдары мен болмыс-бітімі арқылы халық мүддесіне адал қызмет етуді өмірлік мұрат еткен қайраткер бейнесі жасалған. Ахмет Байтұрсыновтың «Достыма хат» дейтін өленіне көп-көп үндестігі бар. Бұл екі шығарма да Әлихан Бөкейхановқа арналған деген жорамал айтылады. Бәлкім, солай да шығар. Авторлары анықтап айтпаса да, сол замандағы өзге зиялылардан мойыны озық көрініп, шын мәнісінде көсемдік қасиеттерін танытқан сол кісіге арналуы өбден ықтимал.

Бұл өленнің жазылу мерзімі де 1906 жылға жатқызылып жүр.

«Таршылық халіміз хақында аз мінажат» – сегіз бөлімнен тұратын, елуден астам шумағы бар ұзақ өлең. Тақырыбынан көрініп тұрғандай, белгілі бір тарихи кезеңдегі қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты тізбелей айтып, сол үшін мұңға бөленген ақын көңілінің наласын баяндайтын ішкі монолог деп бағалауға болады. Одан өз заманындағы халықтың қасіретін көзбен көріп, содан қалай арылтуды ойлаған қаламгердің шығармашылық бағдарламасының тұтас бір тарауын оқығандай боламыз. Бірақ бұл салқын қанды саяси доктрина емес, ақын жүрегінің қанымен жазылып, ақын жанының отына шарпылған ашы ақиқат. «Ah десе іштен қайнап шығар жалын»; «Күн көреміз қайда барып, Алашым?»; «Дариға, жігіт қайда һүнер тапқан?»; «Күн бар ма хиянаттан құтыларға?» сияқты өлең жолдары – осының айқын айғағы.

«Мұддәрис З... әфендіге жазған бір мәктүбім» – жас ұрпаққа дін хадисін ұғындырып, білім ұрығын сеуіп жүрген білікті ұстаздарға тілекші болған адамның ризашылығын білдірген сәлем хат түріндегі өлең. «Жақсыда жаттық жоқ» дейтін халықтық жораны бетке ұстап, ортақ мақсат жолында сыртқай табысқан адамдардың сыпайылық лебізі білдірілген.

Ескерту: «Оян, қазақтың» екінші басылымында «Зейнолла ишан әфендіге» деп жазылған екен. Өлең жолына сыймағандықтан болуы керек, кейінгі басылымдарында алынып қалыпты.

«Жесір дағуалары хақында» – 1907 жылы жазылған, барлық жинақтарға енгізіліп келе жатқан туынды. Мұнда қазақ салтына

ертеден тамыр жайған, бірақ адамгершілік дәстүріне де, шариғат жолына да сәйкес келмейтін қалыңмал, әмеңгерлік сияқты теріс әдеттер сыналады. Осыдан өрбитін теңсіз неке, есепшен жасалған еріксіз құдалық, солардан туындайтын жеке бас, отбасылық қайғы-қасірет зардаптары баяндалады.

«Жігіттер» – жеткіншек жас бозбала ұрпаққа арналған нақыл өлең. Мұның алдындағы теңсіз құдалық, әділетсіз неке жайындағы жағымсыз әңгімеге қарама-қарсы, ондай бақытсыздықты болдырмау үшін жас адамдардың өмірлік жар серіктерін таңдап алуға ерікті болуын және бұл іске өте жауапты қарауын діттеген мораль тақырыбы сөз болады. Үш бөлімнен тұратын көлемді шығармада жастық шақтың арманды мақсаты – жар таңдау ісінің қайткенде сәтті болып, баянды махаббатпен тынуы үшін жігіт адамның алдымен адамгершілік пен ақыл-парасатқа жүгінуі шарт екені айтылады.

Өлең 1908 жылы жазылған, барлық басылымдарға да енгізіліп келеді.

«Жұмбақ» – жануарлар дүниесінен мысал етіп алынған астарлы мәні бар оқиғалы хикая. Арыстан бастаған азулы жыртқыштардың содырлы тобы момын жануарлар мен ұсақ аңдарға зорлық қылып, күн көрсетпейді. Оныменен тұрмай, асқақтаған аң патшасы әділдік атаулыға қас болып, басқа бір аң патшалығына қарсы соғыс ашады. Одан жеңілсе де тәубаға келмей, өз хандығындағы қаскөй жыртқыштарды қолдаумен болады. Сөйтіп, момын көпшіліктің бітпес наразылығын туғызады.

Осындай тұспалды әңгіменің ішкі мәнін ашпай, автор өмірдегі шындықты өзінің көрген түсіне балап, жұмбақпен аяқтаса да, айтар ойы ап-айқын көрініп тұр.

«Насихат ғумумия» – он жеті бөлімнен тұратын *(140 шумақ)* ұзақ өлең. Жоғарыдағы «Таршылық халіміз хақында аз мінажат» тәрізді бұл да – оқырманмен оңаша сырласу түрінде жазылған толғау монолог. «Мінажатта» көбінесе отар елдің өміріндегі қиын-қыстау қыспақтарға шағым айтып мұңаю сарыны басым болса, мынау «Насихатта», атынан көрініп тұрғандай, сол отарлық бұғауынан босанып, өзгелермен терезесі тең ел болудың, сондай азат елдің атпал азаматы болудың жол-жобасын нұсқаған нақыл-насихат, ақыл-парасат пайымдары басым көрінеді.

Сонсоңғы бір ерекшелік – осындағы әрбір бөлімде бөлімнің өзіндік ой өрімі, белгілі бір тақырып төңірегінде толғанып, оқырман ойына қозғау салатын іліктің болуы. Мәселен, алғашқы кіріспе бөлімнің арқауы – қазіргі білім-ғылым заманында мақұрым қалмандар, баршаң бірігіп ынтымаққа келіңдер; халық темір тордың ішінде жатыр, бірақ біз құл емеспіз, көп қуғыннан батыр болдық, әркімді төбемізге шығармалық. Екінші бөлімде – ол үшін жастар талап қылып, қайратқа мініп, халық үшін жанын қиятындай ер,

батыр болсын. Үшінші бөлімде – жастар қиыншылықтан тайсалмай, басын тауға да, тасқа да соғып, өмір тәжірибесін молынан жинасын. Осы сияқты тағысын тағылар әрі қарай жалғасып кете береді. Жинақтап айтқанда, бұл толғау бүкіл жинақтың мазмұнын қорытындылап, сондағы көтерілген мәселелер мен айтылған ойлардың негізгі түйінін саралап беретіндей белгілі бір нысанамен жазылған.

Әрбір бөлімнің өз мақамымен, бір ырғақта, бір екпінмен, бір леппен шұбыртпалы бір ұйқаста бәйіт үлгісімен жазылуының өзі де жоғарыда айтылған пікірді дәлелдей түскендей.

«Насихат» сөздің көркемдігі де табиғатына сәйкес, кітап бетінен оқуға да, айтушының аузынан тыңдауға да қызықты, тілі жеңіл, ойлары орамды, мағынасы көңілге қонымды. Әсіресе айтқыш жыршылар домбыраға қосып, мақамын келістіріп, екпіндете айтар болса, бір қызық дастандай, тыңдаушыны ұйытып әкетері кәміл.

Осы айтылғанның барлығы қосылғанда, «Оян, қазақ!» жинағының өзі де тұтас бір желіге құрылған, сан қилы хикая бір деммен оқылатын туынды. Кітаптың беташарындағы «Сөз басы» мен соңындағы «Сөз ақыры» да бірімен-бірі табиғи жымдасып, бүкіл кітаптың өн бойын бір оймен әдіптеп тұрғандай әсер тудырады.

«И. Гаспринскийдің мақаласы туралы» – автордың қазақ халқына жаңы ашып жазғанын түсінуге болады. Отаршылдықтың халық тұрмысына тигізген залалы аз болмағаны белгілі.

Бірақ тарихи прогрестің аяқ алысына ешкімнің қарсы тұра алмайтыны да белгілі. Мұндағы айтылған оқиғалардан кейінгі кездерде Қазақстанда болған өзгерістерге қазір түсініп айтып жатуды артық көреміз.

Жалғыз-ақ, Жақаң кезінде мән беріп, осы мақаланы аударып, «Оян, қазақтың» алғашқы нұсқасына енгізгені мәлім болғандықтан, осы басылымда да жарияланып отыр.

«Сөз ақыры» – автордың алғашқы жинағына берген қорытынды сөзі. Онда кітаптың ашылуындағы «Сөз басына» жалғастыра айтылған ой сабақтастығы бар. «Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып» деп келеді де: «Қайғымен хал мүшкілін білдіргенім, ұйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып», – дегенді айтады. Бұл – «Оян, қазақтың» алдына қойған мақсатын тағы бір еске салғаны.

Одан әрі айтылатын ой: замана жайын айтып, халқының санасына қозғау салған ойшылдар әр кезде әр халықтан шыққан. Мысалы, орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургеневтер. Қазір өз алдына бір төбе болып Толстой тұр. Осы сияқты жіті ойлы кемелдер қатарына автор қазақтан шыққан данышпан Абай мен өзінің ұстазы Ахмет Байтұрсыновты қосады. Олардан кейін аттары халыққа кеңінен танымал болған тағы бірсыпыра ақындарды тізіп өтеді. Солардың әрқайсысында да үлгі боларлық, тағылым аларлық сөздер бар, соны еске ұстандар деген мағынада үгіт айтады.

Бұл – бір жағынан, автордың өзін жеке-дара көрсетпей, кішіпейілдік танытқаны болса, екіншіден, ақындар аузынан шыққан өнегелі сөздің тағылымдық әсер күшіне зор мән бергендігі.

«АЗАМАТ» ЖИНАҒЫНАН (1912–1914)

«Азамат» – Міржақып Дулатұлының 1913 жылы Орынборда жарық көрген екінші жинағы. Бұдан бұрын екі рет баспа жүзін көрген «Оян, қазақтың» куғын-сүргінінен кейін әрі торығып, отаршыл патшалық әкімшіліктің тергеу-жазалау орындарынан тартқан азабы мен көрген қорлығынан әрі ширығып шыққан күрескер ақынның бұл жинағынан алған бағытының, түскен жолының ақтығына әбден көзі жеткен, сол жолда өзінің барлық қайрат-күші мен қабілет-дарынын түгел жұмсауға берік бекінген қайсар да қаһарман жанның бейнесін көреміз.

Жинақтың «Азамат» атануының осындай мәні бар. Бұл қазақ халқының санасында биік тұлғалы, ақыл-парасаты кемел, барлық күш-жігерін елдің мүддесіне бағыштаған адамның атына ғана айтылған сөз. Аталмыш жинақтағы өлеңдерді оқып отырғанда біздің көз алдымыздан осындай Азаматтың сыртқы бейнесі тұлғаланып, ішкі жан-дүниесі жарқырап ашылғандай болады.

Бөлімнің ашылар бетінде эпиграф етіп алынған мынандай өлең жолдары бар:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Жақаңның шығармашылық мұрасында оның азамат ақындық бейнесі мен азамат күрескерлік бейнесінің бүкіл мән-мағынасын білдіретіндей символдық белгісіне айналып кеткен екі шумақ өлең бар.

Бірі алғашқы жинағына эпиграф етіп алынған және соның атына айналған «Оян, қазақ!» болса, екіншісі – жаңағы келтірілген жолдар. Біріншісі тарих көшінен кейін қалып, тығырыққа қамалған халқына ұран салып, жол нұсқаса, екіншісінде сол ұлы жорықтың бар ауыртпалығын мойнына алып, халқына қасық қанымен қызмет етуге әзір тұрған жанкештілік ант сөзі бар. Бұл өте маңызды. Өйткені ұлт көсемі дәрежесіне дейін көтерілетін атпал азаматқа қазақ халқы қашан да зәру болған. Оған ұлы Абайдың мына сөздері айғақ:

«Единица – жақсысы,
Ерген елі – бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.

Единица кеткенде
Не болады өңкей нөл?»

Заманында осылай деп түңіле айтқан ел қамқоры осыған жалғастыра:

«Танымадық,
Жарымадық,
Жақсыға бір іргелі»,

деп налығаны тағы бар. Рас, Абай заманында мұндай қайраткер азаматтар әлі шыға қойған жоқ еді. Бірақ көп ұзамай шықты. Солардың алғашқы қарлығашы Әлихан Бөкейханов болатын.

Бүгінде сол кісіге арналған деп жору айтылып жүрген Ахмет Байтұрсыновтың «Достыма хат» деген өлеңінде дәл осындай ел бастайтын қайраткер бейнесі суреттелген. Осы бейне Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағындағы» халыққа қызмет етіп жүрген оқығандар жайындағы өлеңінен де бой көрсеткен.

Әлиханның соңына ерген осы екі ақын – Ақаң мен Жақаңның өздері де халық бостандығы жолында бастарын тәуекелге тіккен, ержүрек күрескерлер болғандықтан, олардың өз бастарынан кешкен қауіп-қатерлер, ресми үкімет орындары тарапынан көрген қорлық-зорлықтар, қуғыншылық пен қапаста өткізген күндердің өкініш-күйініштері суреттелген өлеңдерінен шын мәнісіндегі революционер адамның қайыспас қажыр-қайраты танылады.

Осы орайда атап көрсетерлік бір жайт, Міржақыптың алғашқы жинағындағы шығармаларының дені халықтың санасын ояту бағытындағы үгіт-насихат өлеңдері болғандықтан, олар көбінесе саяси-публицистикалық сарында, баяндау, түсіндіру, шақыру, жар, ұран түрінде жазылған дүниелер болатын. Сондықтан оларда әдеби-көркемдік жағынан гөрі мазмұндық, көпшілікке ұғынықтылық жағы басымдау болғаны түсінікті.

Ал мына бөлімдегі өлеңдер шын мәнісінде көркем, лирикалық поэзияның ең үздік үлгілері дәрежесінде жазылған. Мұнда автор ақындық шеберлікті жетілдіріп, өлең өнерінің биік дәрежесіне көтерілгені байқалады. Әсіресе лирикалық кейіпкердің жан дүниесін, оның әр кездегі көңіл күйінің тебіреніс-толғаныстарын жеткізу үшін өлең сөздің мүмкіндіктерін шебер пайдалана алғаны сүйсінтеді.

Қысқасы, «Азамат» жинағында Міржақып Дулатұлы өзінің ақындық келбеті анықталған, поэзиядағы өз үні, өз мәнері қалыптасқан суреткер тұлғасында көрінеді.

«Азамат» жинағына енген өлеңдердің ішінде, әлбетте, ақынның азаттықерлік қызметіне бастау болған ел тұрмысы, жалпы адамгершілік, ағартушылық тақырыбын әрі қарай жалғастырған шығармалары да бар. «Айтыс», «Таза бұлақ», «Жұт», «Газет-журнал», «Айқапқа» сияқты туындылар осы топқа жатады.

Ақын бұл кезеңде өзінің ақындық өнерінде және жалпы шығармашылық қызметінде аударма ісімен шұғылдана бастаған да, мұны кейінгі журналистік, баспагерлік салада ілгері дамыта түскен. Ал таза поэзия саласындағы аудармалары онша көп емес. Олары – жоғарыда аталған «Айтыс» пен «Таза бұлақ» және Пушкиннен, Шиллерден аударған санаулы шағын шумақтар ғана. Сондықтан оларды ақынның өлеңдерінен ажыратпай, басылымдардағы орналасу тәртібі сақталып, осы бөлімде беріліп отыр.

«Айтыс» – М. Ю. Лермонтовтың «Спор» атты сюжетті өлеңінің аудармасы. Онда Кавказдағы Қазыбек, Шат тауларының арасында болған бір әңгіменің мазмұны баяндалады. (*Алдын ала айта кетейік: «Шат» деген атаудан кейін жақша ішінде «Елбрус» деп түпнұсқа авторының ескертуі берілген. Біз оның жазу үлгісін де өзгертусіз келтірдік – Ж. Ы.*)

Әңгіменің мазмұны аудармада өте дәл және қазақтың қара өлең үлгісімен жатық етіп берілген: бір күні Шат Қазыбекке айтады: адам деген айлалы, қолында әр түрлі қаруы бар, сені оп-оңай игеріп алады. Әсіресе халқы көп, қайраты мол Шығыстан сақтан, – дейді.

Сонда Қазыбек: Күншығыстан қорықпаймын, оның адамдарын жақсы білемін, тоғыз ғасырдың бойында тып-тыныш ұйқыда жатыр, – деп жауап береді. Соған дәлел ретінде бейбіт тіршілік еткен бірсыпыра халықтарды мысалға келтіреді.

Сол кезде Солтүстік жақтан қара бұлттай түнеріп, қаптаған қалың қол жау әскері келе жатады. Оралдан Дунайға қарай дабыл қағып шерулеткен қаһарлы күштің алдында дулыға, сауыт киген қол басы келеді. Осыны көргенде жаңағы мықтымсынған Қазыбектің мысы құрып, ұнжырғасы түсіп кетеді.

Қайталап айтайық, аудармада түпнұсқа мазмұны дәл берілуінің үстіне көркемдігі де жоғары, оқырманға әсерлі етіп, шебер жеткізілген. Түпнұсқаның алғашқы екі жолындағы: «как-то раз перед толпою соплеменных гор» деген сөз тіркестері: «... бір нәсілдес алдында көп таулардың» деп әрі дәл, әрі бейнелі етіп аударылғаны осыған дәлел бола алады. Сонымен бірге тәржімашы мәтіннің ыңғайына қарай өз ықтиярын орынды пайдаланған тұстары да байқалады. Мәселен, «фонтанды» ол «чишмә» деп аударғаны, «Тегераннның» орнына «Иран» деп, «Ерусалимнің» орына «Құддыс» деп, «генерал седой» дегенді «дулыға, сауыт киген әскер басы» деп алғаны да назар аударарлық.

Осы өлеңнің түпнұсқа мәтініне Лермонтов шығармаларының төрт томдық академиялық басылымында мынадай түсініктеме берілген:

«Аллегориялық баллада түрінде жазылған бұл өленде Лермонтов Кавказды Россияның жаулап алуы туралы әңгімелейді.

...Алайда Россияның Кавказды жаулауының тарихи жаз-

мыштылығы жайын көрсете келіп, ақын бұғауға түскен еркіндіктің бейнесі ретіндегі Қазыбекке іш тартып жазады.

«Дулыға, сауыт киген әскер басы» деп 1816–1827 жылдары Кавказ корпусының әскерлеріне қолбасшылық еткен Алексей Петрович Ермоловты (1772–1861) айтқан: (*М.Ю. Лермонтов. Шығармаларының төрт томдық жинағы. КСРО Ғылым академиясының баспасы. М–Л. 1958. Бірінші том. 706-бет*).

«Айтыс» алғаш рет «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 6-санында автордың өз атымен, «Айқап» журналында (*1914 ж., №4,5*) Азамат Алашұлы деген бүркеншік атпен жарияланған. «Азаматтың» екі жинағында және кейінгі басылымдарда қайталанып келеді.

«Таза бұлақ» – ғибраттық мәні бар бұл өлең Міржақып Дулатұлының өзінен ілгерірек өткен рухани ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» (*«Киргизская хрестоматия»*) орыс тіліндегі әр түрлі түпнұсқалардан алынып енгізілген ертегі, әңгіме, эпостардың ішіндегі «Чистый родник» атты мәтіннің аудармасы. Бұл оқулық тұңғыш рет 1879 жылы жарық көріп, 1906 жылы екінші рет қайта басылғаны белгілі. Өзі ауылда бала оқытып жүрген сергек ойлы жас ұстазға осы екі басылымның екеуі де, әсіресе соңғысы жақсы таныс болғаны сөзсіз деп ойлаймыз. Сондықтан мазмұны тағылымды, қазақ балаларына түсінікті осы әңгімені ақын өлең түрінде қазақ тіліне дәлме-дәл аударып, осы жинағына енгізген.

Әрине, өзінің мұғалімдік тәжірибесінде де қолданғаны түсінікті.

Алтынсариннің бұл әңгімесі аталмыш оқулықтағы өзге мәтіндермен бірге ана тіліне тұңғыш рет 1955 жылы Ыбекеңнің таңдамалы шығармаларының бір томдығында аударылып басылып, одан кейін 1988 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Таза бұлақ» жинағында, 1994 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Таңдамалы шығармаларында» жарық көрген.

М. Дулатұлы аудармасында өлең нұсқасы ақынның өзі ақталғаннан бергі басылымдарына ұдайы енгізіліп келеді.

«Жұт» – 1911 жылы Қазақ даласында қыс өте қатты болып, сұрапыл жұт болған. «Доңыз жұты» деген өткен тарихта қайғылы ізі қалған бұл апаттың салдарынан өлкеде талай аймақтың шаруашылығы күйзеліп, талай байлардың малы түгелдей дерлік қырылған. Ақынның едәуір көлемді өлеңінде әуелі сол қыстың қатал көрінісі мен апатты салдары суреттеледі. Одан әрі табиғаттың осындай үйреншікті құбылысына тиісінше әзірленбей, қамсыз жүретін шаруашылыққа қырсыздық пен самарқаулық сыналады.

Автордың пайымдауынша, жұт апатының зардабын ушықтырып, көшпелі ел шаруашылығына соншалықты орасан зор нұсқан келтіруіне тағы бір үлкен себеп ретінде отаршылдық саясаттың салдары, нақтылай айтқанда, бұрынғы «кең қоныс, атамекен» жерлердің ең шұрайлы, шаруаға жайлы бөліктері

келімсектерге кеткендігі алға тартылады. «Қара жер анамыздан айрылмасақ» біз бұлай аштан өлу қаупіне душар болмас едік-ау деген ой қылаң беріп тұрғаны байқалады.

Өлең алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1913 ж. №8*) жарияланған. Кейін «Азаматтың» екі жинағына және автордың тоқсаныншы жылдардағы басылымдарына енгізілген.

«Шешенің балаларын сүюі» – дәстүрлі бесік жырының кейбір белгілері бар бұл шағын өленді автор өзінің ұстаздық қызметіне пайдалану үшін жазуы да ықтимал. Онда ананың перзент тәрбиесіне сіңірген еңбегін, балаға деген аналық мейірі мен сүйіспеншілігін, бала ер жетіп ана қолынан шығып кеткен кездегі сағынышын, болашағы жөніндегі ой-арманын көрсету арқылы баланың ана алдындағы борыш-қарызын да еске салып өткендей болады. Өленнің зор тәрбиелік мәні бар.

Шығарма «Азамат» жинағының екі басылымына және ақынның ақталғаннан кейінгі кітаптарына енгізілген.

«Аяңыздар жетімді» – тақырыптың астында *«Ғ. Тоқайдың ізімен»* деп жазылуына қарағанда, татар ақынының өленіне тек мазмұнында ғана ұқсастығы бар, еркін аударма түрінде жазылған шығарма болуы керек. Алғашқы шумақтарынан алынатын әсер де кезіндегі көшпелі қазақ балаларының жай-күйін елестетпейді. Қысқы кеште далада соғып тұрған қатты боран мен ызғарлы аяз жылы үйде алаңсыз ойнап отырған балаларға ешқандай көңілсіздік әкелетін көрінбейді. Бәрі де өз қызықтарымен өздері.

Бірақ дүниедегі балалардың бәрі бірдей олай емес. Көпшілігі бақытсыздыққа душар болып, өмірде кемтарлық көруде: кейбіреулерінің шешесі ерте өлген. Енді біреуі атасынан айырылған. Жетім-жесір, қарып-қасар от басында өсіп, мүлде қорғансыз қалғандар да бар.

Сондай бейшараларды көрсеңдер бауырларыңдай бағып-қағыңдар. Аяныш білдіріп, қамқорлыққа алыңдар. –Ақының жас өспірім ұрпаққа айтар ақылы осындай.

Алғаш рет «Азамат» жинағының екінші басылымында жарық көріп, кейін «Қырағат» кітабына енгізген.

«Газет-журнал» – қоғамдағы газет-журналдың, жалпы баспасөз құралдарының маңызы мен атқаратын қызметі туралы нағыз журналист адамның айтатын сөзі. Өз заманындағы көпшілігі қараңғы, өркениетті жұрттардан аулақ қалып, томаға-түйық тіршілікте ғұмыр кешкен ауыл адамдары үшін әсіресе қажетті баспасөз құралдарын тарату мақсатымен ел аралап жүргенде, газет қызметіндегі ақынның өзі де осы сөздерді талай рет айтқан болар.

Айналасы бес шумақ шағын өленде автор газет-журналдың ағартушылық білім-мағлұмат көзі, ақпараттық хабар-ошар құралы ретіндегі мәнін жан-жақты ашқан.

«Азаматтың» алғашқы екі басылымында жарық көрген. Бұл кітапқа солардың мәтіні бойынша беріліп отыр.

«Айқапқа» – журналдың шыға бастауының екі жылдығына арналған өлең. Сол мезгілдің ішінде қазақ қауымының көзін ашып, санасын оятуда, бұқараға ғылым-білім нәрін сеуіп, рухани өміріне сәуле түсіруде бұл басылымның атқарған рөлі мен тындырған ісін тізбелеп баяндайды. Бір кезде өзі аппаратында істеген, қалған уақыттарда әр алуан тақырыпта үзбей жазып тұрған автор жанына жақын журналға да, оқырман жұртшылыққа да айтар ойын ағынан жарылып, ақтара төгіп ашады.

Елдің елдігін сақтап, ілгері қарай бастыруда, халықтың рухын көтеріп, көңіл көзін ашуға бұдан былайғы уақытта алған бағытынан таймай, жемісті еңбек ете беруіне тілектестік білдіреді.

Жомарттықта бірінші
Орын алған ел едік.
Үш теңгеден өлмеспіз,
Кел, мырзалар, берелік ,–

деп журналдың таралымын көбейтуге ат салысқан өзінің қаламгерлік борышын да ескерте айтады.

Алғаш рет «Айқаптың» 1913 жылғы 14-санында жарияланған. Кейін «Азаматтың» екі басылымына де енгізілген. Ақынның тоқсаныншы жылдардағы басылымдарында да жарық көріп келді.

«Я, алла» – автор айтар сөзін жаратқанға арнай отырып, ақын қиялын шартарапқа шарықтатып жібереді де, жер бетіндегі тіршіліктің әр түрлі қыры мен сырына үңіледі. Табиғат тұнып тұрған байлық. Шетсіз-шексіз өмір кеңістігі. Неше түрлі тіршілік иелерінің дем-тынысы, қимыл-әрекеті, қоректік көзі, бір-біріне тигізер әсері мен пайда-зияны, тағысын тағы ерекшеліктері айтылады да, осының бәрі ғаламның құдай құдіретімен, соның қамқорлығымен болып тұрған ғажайып ғаламаттары ретінде суреттеледі.

Ақын назары содан кейін адам тіршілігіне қарай ойысады. Әр түрлі қоғамға, мемлекетке бөлініп алып, бірін-бірі билеп-төстеп, қиян-кескі өмір сүріп жатқан халықтар. Бірі надан, бірі зиялы, адамдардың бірі қаһарман, бірі жауыз, бірі бай, бірі кедей, бірі жомарт, бірі сараң.

Солардың ішінде өнер-білімнен мақұрым қалып, көптің қатарын толтырып жүрген қазақ та бар.

Ақынның философиясы да, әлеуметтік көзқарасы да, өз халқына жаны ашып күйзелген көңіл күйі де осы баяндаудың ішінде. Ақынның әдіс-тәсілі де назар аударарлық. Бәрін бір аллаға артқанымен, әрбір жәндік пен өзге де тіршілік иелері өз күндерін өздері көріп, барша адамзат ілгері қарай өрлеп бара жатқанда, қаннен-қаперсіз жүрген өз халқының тарихын ойлап торыққан ақын көңіліне сен де ортақтық сезінесің, оқырман.

Өлең «Азамат» жинағының екі басылымына және тоқсаныншы жылдардағы кітаптарына енгізілген.

«Гүл» – Пушкин өлеңінің аудармасы. Сөредегі кітаптың ішінде ұзақ уақыт ұмытылып, семіп қалған бір тал гүлді көріп, ойға қалған лирикалық кейіпкердің ой толғаулары. Бұл қай жерде өскен гүл,

оны кім өкеліп, кімге қашан ұсынды екен? Сүйіскен жандардың кездескен қуанышының белгісі ме, әлде мұнда амалсыз айырылысар кездегі мұңның ізі бар ма? Ол жандар қазір қайда? Өмірде бар ма немесе осы гүлдің өзіндей болып тіршіліктен айрылып, әлдекашан кеуіп-семіп қалды ма екен?

Тәржімашы осындай ой толғаныстарының ағынына еліккен болуы керек, қызығып аударғаны байқалады. Және бұл өленді қазақ ақындарының кейінгі буын өкілдері әр кезеңде жарыса аударған тәрізді. Солардың екі нұсқасы белгілі. Олар өткен ғасырдың елуінші жылдарында аударылған төрт томдық Пушкин шығармаларының бірінші томына енгізілген Ғали Орманов пен Қайнекей Жармағамбетовтің аудармалары.

Үш нұсқаны түпнұсқамен салыстырып көру үшін төменде солардың мәтіндерін беріп отырмыз.

Түпнұсқа:

ЦВЕТОК

Цветок засохший, безуханный,
Забытый в книге вижу я;
И вот уже мечтою странной
Душа наполнилась моя.
Где цвел? Когда? Какой весною?
И долго ль цвел? И сорван кем,
Чужой, знакомой ли рукою?
И положен сюда зачем?

На память нежного ль свиданья,
Или разлуки роковой,
Иль одинокого гулянья
В тиши полей, в тени лесной?
И жив ли тот, и ты жива ли?
И нынче где их уголок?
Или уже они увяли,
Как сей неведомый цветок?

Ғ. Орманов аудармасы:

Ұмыт қалған кітапта
Иіссіз, солған көрдім гүл;
Жанымды тербеп сол уақта
Ғажайып ойлар келді бір.

Мәуелеп қашан? Қай жазда ол
Қай жерде бүршік жарды екен?
Үзді екен жерден қандай қол?
Кітапқа не үшін салды екен?

Ескерткішке белгі еткен
Ғашықтар ма екен кездескен?
Әлде айрылған жар ма екен,
Саялы тоғай, түз кезген
Еріккен жалғыз жан ба екен?

Тірі ме солар, сол әйел?
Мекені қазір қайда екен?
Болмаса осы гүлге ұсап,
Қуарып қайда қалды екен?

Қ. Жармағамбетов аудармасы:

Иіссіз, солған гүлді, ұмыт қалған,
Кітаптың арасынан көзім шалды;
Міне енді керемет бір қиял, арман
Жанымды менің әбден билеп ады.

Қайда өстің? Қай көктемде? Қашан өстің?
Құлпырып тұрдың ба ұзақ? Кім үзді екен,
Жат жан ба, қолы ма әлде көңілдестің?
Осы ара не себептен болды мекен?

Ескерткіш етті ме екен танысқанда,
Болмаса дүрдіараз бой қалысқанда,
Әйтпесе жеке-дара серуендеп
Орманның саясына барған жан ба?

Сол бір қыз, тірі ме екен, сол бір жігіт?
Тұр екен қай түкпірде бір үй болып?
Болмаса ерте сөніп жастық үміт,
Қалды ма мына жұмбақ гүлдей солып?

«Жоғалған қыз» – бір сұлу қыз ойда жоқта ұшты-күйлі жоқ болып кеткен. Жұрт айнала іздеп, таба алмай, өлдіге жорып қояды. Шешімін өлеңнің соңында автордың өзі айтатын тәрізді. «Іздесе жоқты кім таппас: өзі біреу, ие жұз». Демек, әркім бір иемденгісі келіп, таласып жүргенде, қыз ғайып болған. Бас сауғалап кетті ме, әлде өз қалағанымен зытты ма – оны өзі біледі.

«Азаматтың» екі басылымында жарияланған. Кейінгі басылымдарына да енгізілген.

«Әрқашан болмақ солай, болған жана» – А. С. Пушкиннен аударылған бір шумақ өлең. Ақынның алты томдық шығармаларының толық жинағында (*Москва, ГИХЛ, 1949, 1-том, 281-бет*) басылған. Бірақ кітаптың соңындағы түсініктемеде: бұл өлең Пушкиндікі ме, жоқ па – ол әлі анықталмаған мәселе, деп көрсетіліпті. Орысша мәтіні төмендегідей:

Всегда так будет, как бывало;
Таков издревле белый свет:
Ученых много – умных мало,
Знакомых тьма, а друга нет.

«Бақытты бала» – Шиллерден Лермонтов арқылы аударылған бір шумақ тағылымды өлең.

Мәні: Сәбиінде бесікте еркін өскен балаға есейгенде кең дүние тарылып кетеді. Мұны кезінде Абай да аударған. Кейінірек Лермонтов мұрасы жаппай аударылғанда ақын Ғафу Қайырбеков те тәржімалапты. Бұлардың нұсқаларын да салыстыру үшін түгел беріп отырмыз.

Лермонтовтағы орысша түпнұсқа:

ДИТЯ В ЛЮЛЬКЕ

Счастлив ребенок!
И в люльке просторно ему:
Но дай время сделаться мужем,
И тесен покажется мир.

Абай аудармасы:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

(*Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том, 38-бет, Алматы, 1995 ж.*)

Ғ. Қайырбеков аудармасы:

БЕСІКТЕГІ СӘБИ

Шіркін-ай, сәби бақытты-ау!
Бесікте еркін керілер.
Есейген ертең уақытта
Дүниең тар боп көрінер.

(*М. Ю. Лермонтов. Таңдамалы. Бірінші том, 235-бет. Алматы, 1977 ж.*)

«Көңіліме» – бұл кейіпкердің мұңайып торығуы мен өзін-өзі жұбатуы аралас, сезімге құрылған лирикалық өлең. Қанша шаршап-шалдықсақ да, бостандық сағаты соқпай, асыққаннан пайда жоқ, еркіндікке де жетерсің деп үміттенген қайсар мінезді күрескер адамның өзіне қайрат берген көңіл күйі бар.

Алғаш рет «Азамат» жинағының екінші басылымында жарық көрген. 1991 жылдан бергі кітаптарына енгізіліп келеді.

«Шағым» – Міржақып лирикасындағы ел аузына тараған ең көрнектілерінің бірі. Соның айқын дәлелінде, бірінші шумағы «Азамат» жинағының эпиграфы етіп алынған. Ол жөнінде жоғарыда толығырақ сөз болған. Соған жалғастыра айтылатын пікір, мұндағы ақынның жан дүниесін билеген ауыр ой мен қалың қасірет жеке бастың қайғысы емес, туған халқының тас қамауға тап болған тағдыр-талайы, соның басынан арылмаған қара бұлт, алдын торлаған қалың тұман.

Лирикалық кейіпкер осы қайғыны өзінің жеке өмірінің бақытсыздығындай қабылдап, сол үшін назаланады. «Тамшылап көзден аққан бұл суық жас», «қаламнан жылап аққан қара бояу», «жүректен қашан шығар қадалған оқ» деген сияқты жан жүйенің тереңінен шыққан ащы зар – соның айғағы. Сондағы оның бар айыбы – қиянаттың тамырына балта шапқандығы.

Осы ұлы жолда өзінің жалғыздығына ғана шағым айтады. Бірақ қайсар күрескер тарықса да тауы қайтып мойымайды. Әділдіктің жеңетініне, ойға алған мақсаттың орындалатынына кәміл сенеді.

Өлең «Азамат» жинағының алғашқы басылымынан бергі кітаптардың барлығында жарық көріп келеді.

«Мұң» – жинақтағы осы аттас екі өленде қуғындағы астыртын әрекет үстінде жүрген күрескердің бір-біріне ұқсас екі жағдайдағы көңіл күйі бейнеленген. Алғашқы үш шумақтық нұсқада (*101-бет*) жаудың пәле-жаласы үстіне өз айналасындағы әр түрлі күстәнакүңкіл сөздерден көрген қысастықтың жанға бататыны, торға түскен сұңқарға құзғынның қожандайтыны айтылса, екінші, көлемдірек нұсқада (*116-бет*) осындайлардан бейқам болындар, қақпанға түсіп қалмандар деген ескерту бар. Ондай жағдайға ұрынбау үшін бірлік, татулық керек, жастар ақыл-парасаты мол ақсақалдарға еретін болсын, байлар дәулетін аямай, ортақ іске қолқабысын тигізсін; сонда ғана іс оңға басатын болады.

Осы тұста арнайы айта кететін жайт, ақынның бұрынырақта, «Оян, қазақ!» тұсында нығарлап айтатыны: ел, есіңді жи, көзіңді аш, күреске шық! – деген сияқты ашық ұран болса, енді сол күреске шыққан қараңғы бұқараға күрестің әдіс-тәсілдерін, жеңіске жеткізетін жолдарын үйретететін ақыл-айлалы азамат басшының сөздері бұрын жүреді. Бұл сол кездегі ұлт-азаттық күрестің сапалы жаңа сатыға көше бастағанын көрсетеді.

Екі өленнің бірінші қысқа нұсқасы «Азаматтың» алғашқы

басылымында ғана жарияланыпты, кейін қайталамайды. Соған қарағанда, ақын алғашқы «Мұңды» бір рет жазып, кейін сол өленді екінші рет кеңірек нұсқада қайтадан жазған болуы керек.

«Алтынханның хаты» – бұл ақынның осы жинақтағы өзге шығармаларынан бөлегірек тақырыпта жазылған, хат түріндегі өлең. Сол хат иесінің өтініші болды ма, әлде естіген оқиғаның жосықсыздығы әсер етті ме, қалай болғанда да автор оқырманға ой салып, селт еткізетіндей түрде ширығып жазған. Ел ішіндегі алауыздық, бас араздық көріністері осындай қиянатқа соқтырып, өштескен адамдарын әкімшілік заңының қатал зауалдары арқылы қиыншылық жағдайға ұшырататыны әшкереленген. Бұл сияқты көрсетінді, кекшілдік әдіс ауыл арасындағы ағайыншылыққа іріткі салып, кейде іс насырға шауып кететін жағдайлары ескі өмірде жиі болып тұрған. Бұл өленде ақынның сондай жарамсыз, пасықтық әдеттерге қарсы наразылығы да танылады.

Өлең автордың тоқсаныншы жылдардағы кітаптарында жоқ. Бұл жолы Міржақыпқызы Гүлнар апайдың жеке архивіндегі «Азаматтың» 1913 жылғы басылымынан аударылып беріліп отыр.

«Абақтыда айт күні» – Міржақыптың ұзақ айлар бойы сарылып түрмеде отырған кездеріндегі әсерімен жазылған өлең екені мазмұнынан көрініп тұр. Расында бұл шығарма 1912 жылы Семейдің түрмесінде отырған кезде жазылған.

Абақтыдағы қатал тәртіп пен ауыр жағдайдағы тұтқындардың мүшкіл халі әсіресе айт сияқты мереке күндері, діни салт-дәстүрді атқаруға мүмкіндігі болмаған кезде айқын танылатыны осы өленнің өне бойында жете суреттелген. Сырттағы бостан өмірде еркін жүрген адамдар бұл күнде өздерінің мұсылмандық парызын өтеп, ерекше көтеріңкі көңілде жүргенін ойлағанда, қапастағы міскіндер өздерінің шарасыздық халіне қапаланып, қайғыға бататыны өз алдына ғой.

Осы жағдайды сөзге ілік еткен ақын одан әріде қандай себеппен болса да жазалы болған жандардың қамаудағы халінің нашарлығын, түрмедегі тәртіптің өте қаталдығын, мұнда адамдық арнамыстың аяққа тапталып жататынын әшкере қылады.

Өлең «Азаматтың» екі жинағында да, одан кейінгі басылымдарда да жарық көріп келеді.

«Қиял» – оңашалықта ұзақ сарылып, өзімен-өзі қалған адамның әр түрлі ойға беріліп, қиял соңына еріп кеткен кездегі көңіл күйін суреттейтін лирикалық өлең. Сондай бір кезде кейіпкердің көз алдынан әр түрлі көріністер елес беріп өтеді.

Сол көріністерде жарық үстіндегі сап түзеген ерлердің жуан бәйтерек түбіндегі бай мен бәйбіше мекеніне келіп жеткені, қолдары ашық, жомарт жандардың оларға көрсеткен ықыласпейілі, енді бірде желек жамылған келіншектердің үлкендер алдында ибалық білдіріп иілген қимыл-қылықтары; соған жалғаса

тойлы ауылда үй тігіп, қазан асқан, ат шаптырып, балуан күрестірген дырду-думан, тағы басқа ел тірлігінің елестері ақынның ой көзінің алдынан тізбектеліп өтіп жатады.

Ақырында автор қиялы қайтып келіп өзіне оралғанда, қандастарының қастығынан тұйыққа қамалған өз халінің шарасыздығы, бір кезде өзімен жайрандап бірге жүрген көп сыйластардың бұл күнде танымастай болып сырт айналып кеткені еске түсіп қапаланады. Соларды ойлап қайғырған кездері үшін өзегі өкініш өртіне шалынғандай болады.

Бұл шығармадан сонымен бірге ақын қиялының шарықтаған кезіндегі ой өрімдерінен өлең жолдарының қалай туындайтыны да аңғарылатын сияқты.

Өлең ақынның «Азаматтан» кейінгі барлық басылымдарына енгізіліп келеді.

«Қайтер едің?» – Төрт шумақтық шағын ғана өлең жолдарында өмірдің әр түрлі кезеңдерінде адамның алдынан көлденең тартылатын әр түрлі кереғар жағдайлар келтіріледі. Мәселен, үмітпен істеген ісің заяға кетсе, оң дегенің теріске шығып кері нәтижесін берсе, біреуге істеген жақсылығың жамандықпен қайтса және осы сияқты игі қадамдарыңнан жаның түңіліп жатса ... сонда адам не істер еді?..

Үлкен де қиын сұрақтар. Жауабын күттіретін емес, жаныңның қиналғанын ғана білдіретін сұрақтар. Лирикалық кейіпкерге іш тартып, жанашырлық қана білдіруге тура келеді.

Ақынның «Азамат» жинақтарында және олардан кейінгі басылымдарына енгізіліп келе жатқан белгілі өлең.

«Хибстағы ұрының мінажаты» – бұл да абақтыдағылар өмірінен жазылған өлең. Шығарма кейіпкері – шын мәнінде қылмыскер, баукеспе ұры. Тұтқындағы қиямет тұрмыс жанына батқан кезде барлық қылмысын іштей мойындап, солардан бас тартқан, райдан қайтқан міскінің зары. «Ұрлық түбі–қорлық» деген нақылдың шындығына көзі жетіп, тәубаға келген бейбақтың құдайға жалбарынған жан дауысы. Барынша шыншылдықпен жазылған өленнің тыңдаушы мен оқырманға тигізер әсері күшті.

Алғаш рет 1912 жылы «Айқап» журналының 6-санында жарияланған. «Азаматтың» екі басылымында және одан кейінгі кітаптарда жарық көріп келеді.

«Сұлу қызға» – шын ғашық жігіттің сүйгеніне ағынан жарыла ашылып айтқан сыры. «Сұлуым, қазым да сен, төрем де сен» деген сөздерден жігіт көңілінің риясыздығы айқын танылады. «Азаматтың» алғашқы басылымынан бергі жинақтардың бәріне де енгізілген.

«Арманым» – өлең кейіпкерінің бір арманы – дүние жүзін аралап, өмірде болып жатқан жағдайға қанық болу. Бірақ оны қатты қинайтын нәрселер ол емес, басқа жайттар: еткен еңбегінің еш болып жүргені; сен дос көрген адамның өзіңді дұшпан санайтыны; айтқан сөзінің ешкімге өтпейтіні; қаскүнем қайласының шексіздігі.

Сайып келгенде, осының бәрін ұмытып, жұртың көркейіп, бақытының жұлдызы жанды деп естісем, өзім соның сүйіншісі болар едім. Ақсақал артқа, жастар салтқа тартса, елдің жайын кім ойламақ? Мәселе – осында.

Өлең «Азаматта» және одан кейінгі жинақтарда басылып келеді.

«Қажыған көңіл» – лирикалық кейіпкердің қиялға еріп шарықтаған көңілінің ылғи тасқа соғып, үміті үзілгендей, жігері құм болғандай бір қиын шақтағы торыққан сәті бейнеленген. Жаудың беті қайтқан жоқ, оған қарсы тұрар дәрмен де азайды. Бұлт басқан күннің көзі қашан ашылар?..

Күрескер қажыр-қайраттың да осылай қапаланар кездері болады екен.

Өлең ақынның лирикалық топтамаларымен бірге барлық басылымдарда жарық көріп келеді.

«Сырым» – өлең кейіпкері, халқының мүддесі жолындағы күрескер адамның бір үзік сыры: құрып жүрген жоспарларының қайсысы қалай жүзеге аспақ? Ол жұмбақ. Бірақ тілек айқын – дұшпан туының құлауы. Одан да шүбәсіз бір ақиқат – кім үшін тусам, сол үшін өлу – борышым. Сол жолда қандай тәуекелге де қасқайып бел буғаным – құдайдың маған жазған тағдырлы міндеті.

Өлең барлық жинақтарда басылып келеді.

«Таң» – биік тауға сәулесін төгіп, айналаны жарқыратып, таң атып келеді. Бірақ сол таң кімге пайда, кімге зиян. Өлең кейіпкерінің бұл жөніндегі түйіні тек өзіне ғана аян. Өйткені оның мақсаты басқа. Биік мақсат!

Өлең «Азаматпен» бірге туған. Содан бері ылғи жарияланып келеді.

«Айырылу» – айырылатын екі адам. Жанын фида қылып, жоғары мақсат жолында айқасқа шыққан күрескер және оның сүйген жары, егізінің сыңары. Екеуі де тағдырына риза, таңдауы өз еріктерімен болған. Сондықтан ешкімге кінә артпайды, салмақ салмайды. Сағыныштың зарын өздері оңашада жеке-жеке тартады.

Бірақ екеуі де сертке берік, бір-біріне адал. Осы жолда құрбан болса – рухтары мәңгі бірге.

«Азамат» жинағындағы лирикалық кейіпкер бейнесін сомдайтын өзекті өлеңдердің қатарында үнемі жарияланып келеді.

«ТЕРМЕ» ЖИНАҒЫНАН (1913–1913)

«Терме» – Міржақып Дулатұлының осы аттас кітабы 1915 жылы Орынборда жарық көрді. Жинақтың алғы сөзінде автордың былай деп жазғаны бар:

«Бұл өлеңдер мұнан алты-жеті жыл бұрын, қазақша газет-журнал жоқ кезде жазылған еді. Сондықтан көбінесе оқып жүрген жастарға арналып, оларды ояту, білім-ғылымға шақыру, халықты надандықтан құтқаруға үндеп, сол рухта жазылған. Бұрынғы күйінен артық өзгертпедім».

Автордың осы ескертуіне қосымша мына жайттарды атап кеткен жөн деп ойлаймыз: Біріншіден, бұл басылымға алғашқы «Оян, қазақ!» жинағынан сегіз өлең қайталанған. Олар мыналар: «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Сайлаулар хақында», «Һүнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Терме», «Таршылық халіміз хақында аз мінажат», «Жігіттер», «Насихат ғумумия». Сондықтан бұл шығармалар мына бөлімге кіргізілмегені түсінікті.

Екіншіден, ақынның бұрынғы жазған өлеңдерін өңдеп, өзгертпегенін ол кісінің ақиқатқа адалдығы деп ұғынғанымыз жөн. «Азамат» жинағындағы көптеген өлеңдердің көркемдік дәрежесі жоғары, автор мен лирикалық кейіпкердің көңіл күйі мен жан дүниесін терең ашып көрсетерлік, сезімге толы, бейнелі сөз кестесі мол екені соларға берілген түсініктемелерде мүмкіндігінше жеткізе айтылған.

Ал мына бөлімдегі кейбір өлеңдер көркемдігі жағынан кемшіндеу көрінсе, олардың ертеректе, басқаша жағдайда, өзгеше мақсатпен жазылғандығынан деп, оларды түсінікпен қабылдау қажет екенін оқырман жұртшылықтан арнайы ескерте өтінуді қажет санаймыз.

«Жас қазақтар, қайдасың?» – қысқа буынды жыр үлгісінде жазылған үш шумақ өлеңнің мазмұны – жастарға арналған ұран: жасқанбай, батыл қимылдап, халыққа қызмет етіңдер. Бұл жолға басты тәуекелге тігіп, қуғын-сүргінге пейіл болып түскенде ғана жеңіске жетесің, соған әзір болып шығыңдар деген батыл үгіт айтылады.

Өлең «Терме» жинағында бірінші рет жарияланған. Тоқсаныншы жылдардағы басылымдарға енгізілген.

«Тағдырдан сұра, қаскүнем» – арабтың ертедегі ақыны Абу Фирастан тікелей аударылғанға ұқсайды. Арабтың серілік, махаббат тақырыптас поэзиясының өз заманындағы көрнекті өкілі Абу Фирас әл-Фарабидің замандасы, сонымен сыйлас-достас болған. Аударма алғаш рет «Терме» жинағына енгізілген.

«Шәкірт» – тұрмыстың тақсіретін тарта жүріп аштыққа да, жалаңаштыққа шыдап, күні-түні оқуға берілген талапты шәкірттің көңіл күйін шертетін өлең. Алдында айқын мақсаты бар, соған жетемін деген, ғылым-білімді меңгеремін деген берік сенімі бар жас талапкердің бақыты ашылсын деген автор тілегі айтылады. Сол тілекке жетер болсаң біліміңнің шарапаты елге тиеді. Ал өзің әділдіктен, адамдар алдындағы борышыңнан тайма; азаттық, ағайындық, теңдік деген ұлы ұғымдарға қызмет ет деген аманатпен аяқталады.

Алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1913 ж. №30*) жарияланып, кейін «Терме» жинағына, тоқсаныншы жылдардағы басылымдарға енгізілген.

«Сағыну» – «Азамат» жинағындағы «Айырылу», «Мұң», «Көңілім» сияқты лирикалық толғамдармен үндес өлең. Соларға қоса, туған жерлерді, қалың қазақ мекендерін еске алып, мынадай

қиын-қыстау өлара кезеңде солардың тағдырын ойлап, алаңдаушылық білдіріледі.

Алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1913 ж. №35*) жарияланып, кейін «Терме» жинағына және тоқсаныншы жылдардағы басылымдарға енгізілген.

«Елім-ай» – ақынның туған елімен тікелей тілдесіп, өткені мен қазіргі халін және болашағын қатар шола, соның қайғылы тағдыры үшін құса болып, зар төге налыған, жан ашуындай таусыла айтқан қасірет сөзі. Үлкен хорларда, қалың жиындарда, қайғылы мақаммен қосыла зарлап, жерді күңіренткендей, халықтың ішкі шерін шерулі қозғалыс үстінде көптің үнімен, көптің көз жасымен лек-легімен сыртқа шығаратын күшті сөз.

Өленнің жазылу техникасы да соған лайық, толқынды леппен төгіле ұйқасқан киелі сөздер. Алты шумақ өленнің әрбір шумағының өзінде жеке-жеке үйлесімге өрілген өңкей лепті буындар бар. Әр шумақтың алғашқы үш жолы өзді-өзі толық ұйқаспен ұласа үдеп отырады да, алты шумақтың төртінші жолдары бірыңғай ұйқасып келіп, «елім-ай!» деп егілумен түйінделіп отырады.

Бұл өленді Міржақып ақындығының өзіндік бір биік шыңындай шырқыраған шындықтың гимні деп бағалауға болады.

Алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1914 ж. №52*) жарияланып, «Терме» жинағына енгізілген.

ЖЕКЕ ЖИНАҚТАРҒА ЕНБЕГЕН ӨЛЕҢДЕР (1907–1932)

«Жастарға» – 1907 жылы Санкт-Петербургте тұңғыш рет қазақ тілінде шығарылып, бір нөмірден кейін жабылып қалған «Серке» газетімен байланысты айтылатын әйгілі өлең. Міржақыптың ақындық атын шығарған, оның болашақ қайраткерлік жолын ашқан да осы шығармасы. Онда «Оян, қазақтағы» негізгі ой қайталанып келіп, сөз аяғы жастарға тіреледі. Халыққа басшы болыңдар, қараңғыда жетектеп жолға шығыңдар. Тоғытқан қойды тереңнен алып шығатын серке болыңдар, – деген аманат айтылады. Одан кейін алғашқы рет 1991 жылғы бір томдыққа енгізілген.

«Шатлық» – «Айқап» журналының жарық көруіне байланысты жазылған өлең. Қазақ топырағында тұңғыш рет шыға бастаған бұл сияқты маңызды басылымға автордың қуаныш білдіруі өте орынды. Соған орай, ақын журналға жиі жазып тұрған. Алғашқы кезде өзі соның аппаратында істеді деген мағлұмат та бар.

Соңғы шумағында «Серке» туралы айтылған бір жолдың сөздері өшіріліп қалған екен. Сірә, тұңғыш ұлттық газеттің өмірі сәтсіз болып, дереу тоқтап қалғанына автор өкініш білдірген болуы керек.

«Жігіттерге» – ақынның жас ұрпаққа арнаған тағылымдық көп өленderінің бірі. Жастарды сыпайылыққа, адалдыққа, тағы басқа жақсы мінездерге шақырады. Баспа деректерінен емес, біреуден

ауызша жазып алынғандықтан болуы керек, ішінде Міржақып сөздеріне ұқсамайтын сөздер де кездеседі. Мысалы «Қызығы бұл жалғанның — мал менен бас» деген жол ақынның жастарға айтқан көп ақыл-кеңестеріне ұқсамайды.

Сонсоң, үшінші шумақ (*«Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас»*) Ахмет Байтұрсыновтың «Аққу, шортан һәм шаян» атты аударма мысалының аяғына берілген ғибрат сөз сол қалпында сілтемесіз қайталанған. Бұл да Міржақыпқа сырттан таңылған сөздер болуы керек.

«Қамар сұлуға» – Жәйрем қаласының тұрғыны, зейнеткер Сейілбек Смайылбеков ақсақалдан алынып, 1997 жылғы екі томдықта берілген.

«Наурыз» – қазақтың ескі күнтізбесінде азаматтық жылдың бірінші айы және сол айдың бірінші күні, яғни жыл басы. Қазақ жерінде 1926 жылға дейін жаңа жыл мейрамы ретінде тойланып келіп, сонсоң тыйым салынған. Тәуелсіздік алғаннан кейін қайтадан дәстүрге енгізілді.

Кезінде Наурыз күніне арнап көптеген өлеңдер жазылған. Міржақыптың бұл өлені де сол дәстүрде өмірге келген. Онда қазақ ауылындағы Наурыз мейрамы барлық сән-салтанатымен жанжақты суреттелген. Көктем көріністерінде Абайдың «Жазғытұры» өленіне ептеген ұқсастықтары бар.

Өлең 1911 жылы жазылған. Сол жылдан бастап жарық көре бастаған «Қирағат» кітабына енгізілген. 1991 жылғы біртомдықта жарық көрді.

«Мектепке», «Мектептен» – 1911 жылы жазылған шағын шумақтар. Бұл өлеңдер «Қирағат» кітабынан алынған.

«Григорий Николаевич Потанинге» – атақты ғалым, Шоқан Уәлихановтың досы, онымен Омбының кадет корпусында бірге оқып, кейінгі көп өмірінде тығыз жолдастық қарым-қатынаста болған, Шоқан қайтыс болғаннан кейін оның еңбектерін жинастырып бастыруға көп еңбек сіңірген орыс ғалымының сексен жылдық мерейтойына арнап жазылған өлең. Ақын мұнда ғалымның қазақ халқына сіңірген еңбектерін, оның риясыз бауырмалдық қасиеттерін баса айтады. Потаниннің осы мерейтойына орайластырып, оның ізгілігін мадақтаған арнау Ахмет Байтұрсыновта да бар.

Өлең алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1915 ж. №150*) басылған. Кейінгі жинақтарына да енгізіліп келеді.

«Қара құс һәм адам» – айтыс түрінде жазылған бұл өленде адамның зорлықшыл, қиянатшыл мінезі сыналады. Қанаттыда жемтік өлексеге құмар жыртқыштық символы саналған қара құстың өзі адамға осындай сын айтуында астарлы терең мән бар. Ақын оның жақсылыққа қас, жауыздық табиғаты соғысқұмар, отаршыл ел әкімшілігінің, үстем адамдардың іс-әрекетінде көрініс табатынын ескеріп жазған болуы керек.

Диалог айтыс алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1916 ж. №179*) жарияланған. 1991 жылы бір томдыққа енгізілген.

«Алашқа» – қазақтың өткен тарихы мен қазіргі халі жайында «Оян, қазақта», тағы басқа шығармаларында зар қылып айтқан ақын сөздерінің бір сара жиынтығы сияқты тебіреніп айтқан жан сөзі. Ақын бір кезде ондай сөздер қалың ұйқыдағы бейқам елді ояту үшін айтылса, енді халық тағы бір бұралаң жолға түсіп, тығырыққа қамалған кезде «қарашыл қарт, парашыл билердің» бас пайдаларын қуып, бұқара халықтан сырт бұрылғанын көріп назаланады. Алашқа солардың опасыздығын айтып, халықты жалған көсемдерден бездіруді мақсат еткен, уыты күшті, әсері мол, шынайы ақындық шабытпен ширыға жазылған туынды.

Ахмет Байтұрсыновтың бір кездегі «Жиған-терген», «Жұбату» сияқты тебіреністі толғауларын еске салады. Алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1916 ж. №200*) «Мадияр» деген бүркеншік атпен жарияланған. 1991 жылы бір томдыққа енгізілген.

«Намыс құрбанына» – өлең арналған азаматтың кім екені жөнінде нақты деректер жоқ сияқты. Бірақ осы арнаудың мазмұнына қарағанда, жарқын тұлға екені көрініп тұр. «Сен бір сыншы, көрейін деп, Сұм жалғанға кез келген» деген бір ауыз сөзде терең мағына жатыр. Бойына тек ар-намысты ғана жолдас еткен есіл ер намысы қорланғанда бар қымбатының бәрін құрбан қылып, өмірден өтіпті. Бұл ақынның өз мұраты мен өз ұғымына өте сай келгендіктен де, осылай тебіреніп жазған болар.

Өлең алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1916 ж. №205*) жарияланған. Басқа жерде басылғаны жайлы дерек жоқ.

«Зар заман» – бұл да қосылып хорда немесе жорыққа аттанған саптағы жауынгерлердің рухын көтеру үшін ат үстінде айтылатын айбынды өлең. Жоғарыда келтірілген «Елім-ай» сияқты, екі талай кезеңде ел қорғауға аттанған азаматтардың ұранына айналғаны мазмұнынан да, әр шумақтан кейін қайталанып отыратын шымыр сөзді қайырмасынан да байқалады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде, кейінгі Алаш қозғалысы тұсында жауынгер жастардың аузындағы жорық жыры болған деп жорамал айтуға болады.

А. Затаевичтің «Мың өн» кітабына енгізілген.

«Жаңа тілек» – жаңа жыл қарсаңындағы сол оқиғаға арнау өлені. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 221-санында жарияланған. Соған қарағанда, келе жатқан 1918 жылға арналған болуы керек. «Жаңа жылда жаңа тілек тілейік, ескі жылды ескере де жүрелік» деген сөздерде патшаны тақтан тайғызған он жетінің тарихи орны өз алдына екені бір болса, бостандық аңсаған елдің келер жылдан үміті зор екені де аян еді. «Жұрт болудың ойланалық амалын», «Кәрі-жасың енді ғафіл жатпасын», «Өз қамынды ойлан өзің ел болсаң, Ел боламын, тең боламын дер болсаң» деп алашқа тікелей арналған өлең жолдары бұл арнаудың ішкі мәнін барынша айқындап ашып тұр.

Алты шумақтық бұл өленде, жоғарыда айтылған «Елім-ай» сияқты, ой ағынын бір шумақтың алғашқы үш жолында толқынды ұйқаспен тоғытып жеткізеді де, төртінші жолда «алашым» деген

толымды ырғақпен қайталама түрінде шегелеп отырады. Ақындық шеберлікпен еркін өрілген өлең оқырман жүрегіне осылай тура жол тартады.

Өленге «Мадияр» деген бүркеншік атпен қол қойылған.

«Қайда едің?» – бостандық жолындағы аласапыран күрестің алмағайып күндерінде халықтың көкейкесті тілек-арман үддесінен шыға алмай, бас сауғалап тасада қалған қайраткерлердің атына айтылған қатал сын, ауыр айыптау түріндегі өлең. Соған лайық лепті жыр түрінде қысқа буынды алты тармақты жеті шумақта автор жаңағыдай жансебілдердің атын атап, түсін түстей тізбектейді: «бұл күнгі көп көсемдер», «есепсіз көп шешендер», «данышпандар», «толып жатқан қошқарлар», «сыпыра жомарт», «жанашыр жақын» дегендердің бәрі де қызыл сөзден аса алмайтын қырт мылжындар екені шенеледі.

Алғаш рет «Қазақ» газетінде (*1917 ж. №240*) жарияланған бұл өленге де «Мадияр» деп қол қойылған.

«Екі сұлуға» – Гүлнар Міржақыпқызының жеке мұрағатынан алынды. 1917 жылы Міржақып өзінің досы Сейдәзім Қадірбаев екеуі құс атамыз деген сылтаумен үйден шығады. Ондағы мақсаттары Төреқонған сай аталып кеткен жерде тұратын екі сұлу қызбен жолығу екен. Әке-шешелері аңдып, жігіттерге жолықтырмайтын сол қыздарды қалың қопалы өзеннің тұсынан кездестіреміз деп шығып, жолықтыра алмаған соң, өздерін қалжың етіп шығарған өлең. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

«Тұңғыш құрбан» – «Абай» журналының 1918 жылы 3-санында жарияланған бұл өленнің мынадай тарихы бар:

Семейде Алаш үкіметінің атты-жаяу милициясы құрылып, Алаш қаласының орталық алаңында жаттығу жасап, мылтықсыз бейбіт ойындар ойнап жатады. Сол кезде бір топ атты қызыл әскерлер келіп, ешбір себепсіз соларға қарай мылтық ата бастайды. Кейбір жігіттер осыдан тайқақсып, қашуға ыңғайланады.

Сонда милиция бастығы, семинария шәкірті Қази Нұрмұхаметұлы деген жігіт жолдастарына дауыстап:

— Қайда барасыңдар? Жазықсыз өлсек өлейік. Бәрімізді қырмас, — деп тоқтау айтады. Өзі орнында тапжылмай тұра береді. Сол екі арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазидың өзіне де, атына да оқ тиеді. Жүректен тиген оқтан есіл ер сол арада жан тапсырады.

Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басын құшақтап отырып қалады. Мұны көрген, естіген жан егіліп қайғырады... Ертеніне Алаш жолында құрбан болған жас бағланның жаназасына халық көп жиналады. Мәйітті қабірге қойып, құран оқылғаннан кейін Шәкәрім қажы жұртқа қарап былай деп сөз сөйлейді:

« – Әлеумет, мынау жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл – ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді дементдер. Бұл өлген жоқ. Бұл күнгі һәм мұнан соңғы ұлтым деген азаматтар мына мен сияқты болып «ұлтым» дендер деп, өзінің

ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты Қази еді. Қази – би деген сөз. Қази билігін айтып кетті.

Қарағым, Қази, өліміне өкінбе. Арманың жоқ. Құдай алдында, жұрт алдында сенің орның бөлек...

Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көз жетті: алпыс жасқа келгенде мұндай ұлт үшін жанын қиып құрбан болатын азаматты көремін деген үмітім жоқ еді – көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ, қарағым...»

Жиылған әлеумет еңіреп жылап жібереді. Сонан кейін Міржақып осы өленін оқиды. Өлең оқып болғаннан кейін халық қамығып, тағы да әр жерден жылаған дыбыстар естіледі. Тағы да үш-төрт адам сөйлейді. Ақырында, Қазидың бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек (*Аймауытов – Ж. Ы.*) еңіреп тұрып былай дейді:

« – Қази марқұм, жасы 22-де, Семей үйезі, Еңірекей болысында, Сыбан деген рудан еді. Жасынан кедейлікпен алысып, талабымен оқып келіп еді. Семейдегі екі класты школды бітіргеннен кейін бірер жыл бала оқытып, пұл жинап алып, 1915 жылы семинарияға түсті. Оны ендігі жылы бітіремін деп жүргенде ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милицияға жазылды. Қыс ортасынан бері атты милицияны басқарып тұрушы еді.

Марқұм ақ көңіл, талапкер, жігерлі ұлтшыл жас еді. Ұлтшылдығын көрсетті. Ұлтының жолында жанын құрбан қылды. Жасаған ие есесін толтырып кейінгі жастардан орынбасар шығарсын...

Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмтылмас, тарихта аты қалар. Бірақ бұдан біздің үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек.

Рухың шат болсын, шәһид болған Алаштың шын баласы. Біз де сенің ізінде.

Қош, жолдасымыз!

Бәйімбет».

Бұл оқиға «Абай» журналының жоғарыда көрсетілген санындағы «Тұңғыш құрбан» деген мақаладан алынды. Оны «Бәйімбет» деген бүркеншік атпен жазған Сәбит Дөнентаев болатын. Міржақыптың осы жаназа үстіндегі оқыған өлені мақалада түгел келтірілген.

Кейін, бұл өлең М. Дулатұлы шығармаларының 1991 жылғы бір томдығына кіргізілді.

«Алаш партиясына қосылмаған ақынға», «Көкбайдың хаты», «Міржақыптың қайтарған жауабы» – бұл үш өлең 1918 жылы жазылған. Алматы қаласының тұрғыны Сейтқали Қарамендиннің айтуы бойынша, сол жылы Міржақып Алаш партиясының заң-жобаларын ел ішінде түсіндіріп, үгіт-насихат жүргізу, Алаш-Ордаға әскер жинау мақсатымен Шыңғыс, Мұқыр болыстарына барыпты. Сонда ел байлары Көкбайды ғайбаттап, Жақаңа шағым айтыпты. Көкеңді ертеден білетін Міржақып: «өзім

барып, анықтайын» деп, Абайдың Тұрағұлын ертіп, Көкбайдың үйіне барса, соттың қосшы биі болып, ол кісі де елге шығып кетіпті.

Жоғарыдағы қауесетке сенген Жақаң бірінші жұмбақ өленді жазыпты да, Көкеңнің әйеліне тапсырып: «Жауабын күтемін», – деп жүріп кетіпті. Екі-үш күннен кейін үйіне қайтқан Көкбай қағазды оқиды да, қолма-қол жауап жазып, үлкен баласы Ахметқалидан Тұрағұлдың ауылында жатқан Міржақыпқа беріп жібереді.

Жұрттың өсегі қате екенін түсінген Жақаң Көкбайдан кешірім сұрап, өленмен жауап хат жазады.

Бұл деректер бұл кезде марқұм болған Сейтқали Қарамендин ақсақалдың естелігінен алынып, М. Дулатұлы шығармаларының 1991 жылғы басылымында келтірілген болатын. Бұл түсінік сол бойынша беріліп отыр.

«Қобызшы ініме» – қобызшы Дәулет Мықтыбаевқа арналған өлең. Соғыс және еңбек ардагері Жүсіпқали Шолақовтың айтуымен тұңғыш рет 1991 жылғы біртомдыққа енгізілген.

«Ақмұхаммедке» – өленінің соңындағы естелікті қараңыз. Ол Г. Дулатованың «Шындық шырағы» атты естелігінен алынды. Сол бойынша осы басылымға бірінші рет жарияланып отыр.

«Қанат талды» – 1991 жылғы бұл томдықта бір өленге мынадай түсінік берілген: «1919–1920 жылдары, аласапыран кезінде шығарылған өлең. Қасымжан Бабақовтың жеке архивінен алынды. Әні бар. Оны айтып беруші – Сейілбек Смайылбеков». Өленнің аты мағынасына қарай «Қанатталды» емес, «Қанат талды» деп өзгертілді.

«Балдызға» – Бұдан бұрынғы екі басылымда да «Балдызға» өлеңдерінің бірінші, екінші және үшінші хат деген жеке шумақтары (*оларды жеткізген С.Смайылбеков*) бөлек-бөлек басылған. Әйтсе де Г. Дулатованың айтуынша, бұл өлеңдер екі басылымда да қателесіп берілген. Алғашқы «Балдызға» өленінің бар екені және оны Жәнима деген қызға арнап жазғаны да, әні де бар екені рас. Бірақ ол 1911 жылы емес, 1920 жыл (*Омбыдағы Қаржас ауылында*) жазылған. Сондықтан бұл басылымда соңғы өлеңдерді (*екінші, үшінші хатты*) алып тастап отырмыз.

«Болат жүрек» өленін Міржақып 1921–1922 жылдары Семейдің губерниялық сотында тергеуші қызметін атқарып жүрген кезінде жазған және сол жылдары ел аузына тез тарап, Зият Шәкәрімұлының құлағына шалынып, жаттап алуы ғажап емес. Бұл туралы Г.Дулатованың «Шындық шырағы» естелік кітабынан алынған түсініктемеде тереңірек айтылады. (*Қараңыз: өлең мәтінінің соңында*).

«Мен азатпын, сен де азат...» – (*«Қызыл Қазақстан», 1921, №6*) Гүлнар Міржақыпқызының жеке архивінен алынды. Бас бостандығын алған әйелдің сөзі.

«Міржақыптың құттықтауы» – 1922–1923 жылдары жастар жиналысында жастарға арналған құттықтау. Бір шумақ өленді жеткізген Мұхамеджан Әбдіхалықов деген қадірлі қариядан 1995

жылы 26 қыркүйекте жазылып алынған. Өлең Г. Дулатованың «Шындық шырағы» кітабынан алынды.

«Бүркіт кегі» – бұл баллада тұңғыш рет «Ақжол» (*1923, №316*) газетінде басылып, «Мадияр» деген бүркеншік атпен қол қойған.

«Бүркіт кегі» – бес бөлімнен тұратын бұл көлемді шығармада бір бүркіттің тарихы баяндалады. Бірінші бөлімде бабына келген алғыр қыранның аңға шыққан кезде түлкіні қалай алғаны, иесінің соған қалай масаттанып, мерейі тасығаны, кешке үйіне жиналған ауыл адамдарына күндізгі саятшылық жайын қандай мақтаныш сезіммен бабына келтіріп айтқаны сөз болады.

Екінші бөлімде сол күнгі қансонардың қызығына тойып, тұғырында отырған бүркіттің ойы арқылы оның тастүлек балапан күнінен бергі тарихы баяндалады. Бір таудың биік қиясында ұяда жатқан балапанды бір ноғай арқан салып қолға түсіргені, одан кейін жарық сәуле көрсетпей, тас қараңғы томаға астында ашқарын қылып асырағаны, сонсоң әбден қанаттанған кезде қазақ даласына әкеліп, осы күнгі иесі – Есетке сатқаны туралы құстың естелігі беріледі.

Құстың бабын білетін тәжірибелі саятшы оны жақсылап бағып, ақыры осындай алғыр қыран болып толысқаны – үшінші бөлімінің мазмұны. Бұл күніне құс та, иесі да ырза.

Осындай хош көңілде атақты алғыр қыранымен алаңсыз аң қағып, олжаға батып жүрген Есетке сол елдің төресі Баймырза келіп қолқа салады: құсыңды маған бер, ақысына қалағаныңды ал, – дейді. Есет бермейді.

Соңғы бөлімде осыған кектенген Баймырза сотқар бір күні саятқа шыққан Есетті қанжар салып өлтіргені әңгімеленеді. Соған кектенген бүркіт балақ бауына жармаса берген Баймырзаны беттен бүріп өлтіреді де, кеудесін жарып жіберіп, жүрегін суырып жейді.

Сонсоң, сүйікті иесінен айырылған қыран басқа адамдарға көз салмай, аспанға ұшып шығады да, бетінің ауған жағына кетеді.

Сөйтіп, бұл ұзақ өлең аз өмірінде әр түрлі адамдардың қолында болып, бірінен қорлық, бірінен сый-құрмет көрген көк тағысының ақырында қара ниет жауыздан ақ пейіл иесінің кегін алып, адам қауымынан безіп кетуімен аяқталады.

Ендігі сөз – шығарманың жанры туралы. 1991 жылғы біртомдықта тақырыптан кейін «баллада» деп қойылыпты. Бұл автордың өзі қойған анықтамасы ма, әлде кейінгі бір құрастырушылардың тапқан айдары ма – ол арасы бізге мәлімсіз.

Бірақ, біздің ойымызша, осы анықтама онша дәл емес. «Баллада» деген жанр алғашқы тарихында сонау орта ғасырлық Европа жұрттарында ән-би аралас тұрмыс-салт жырларының бір мерекелі көрінісін білдіретін болған. Содан келе-келе мазмұны мен мәні мүлде өзгеріп, әдеттен тыс ерлік оқиғаны бейнелеп суреттейтін сюжетті шағын лирикалық өлеңнің анықтамасына айналған.

Ал мына шығарма, мазмұнынан байқап отырғанымыздай, ондай анықтамаға сәйкес келіңкіремейді. Ертегі деуге де негіз жоқ. Сондықтан, біздің шамалауымызша, бұл туындыны аңыз әңгіме,

мысал түрінде тағылымдық, ғибраттық мәні бар оқиғалы шағын поэма деп қабылдаған дұрыс болатын сияқты.

Шығарма тұңғыш рет «Ақ жол» газетінде (*1923, №316*) жарияланған.

«Алды-артым бірдей тайғақ мұз...» – бұл туралы да Г. Дулатованың «Шындық шырағы» естелік кітабынан алынған түсініктемеде толығырақ айтылған.

«Қараш Жүсіпбекұлына» – мұның түсініктемесі де Гүлнар Дулатованың «Шындық шырағы» кітабынан алынды.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ»
(1910)

Қазақтан шыққан талапкер,
Бұл кітапты қарап көр.
Таратуға халыққа оқып,
Болармысыздар себепкер.
(*Қазан, 1910.*)

Романға эпиграф ретінде алынған бір шумақ өлең.

«Сөз басы» — өлеңмен жазылған кіріспе ретіндегі бұл алғы сөзде автор әуелі халқының өркениет көшінен кейін қалып, тығырыққа қамалған мүшкіл халі жөніндегі өзінің көкейтесті тақырыбын тағы да қайталап, қам көңілін білдіреді. Одан әрі оқу-ағарту тақырыбына ойыса келе, әдебиеттің тәрбиелік рөліне ауысады. Өзі жазғалы отырған романның мақсаты — «халықты түзетпек» екенін атап айтады. Қалыңмал, әменгерліктің құрбаны болған қазақ әйелдерінің аянышты халіне аяушылық білдіре келіп, осы шығарманың соларға бір пайдасы тиер деген үмітін де жасырмайды.

Міржақыптың табиғатына біткен қарапайымдық пен кішіпейілдіктің нышаны осы тұста айқын байқалады. Өленнің алғашқы жолында өзін «төмендердің аласасы» деп сипаттаса, аяғында өзінің «қадари хал білгенінше» роман жазып отырғанын айта келіп, одан асыра жазатындардың көп болуына тілектес екенін білдіреді.

«Бақытсыз Жамал» — қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет «роман» аталған шығарма. Өмірде болған нақты оқиға негізінде жазылғаны алғашқы жолдардан-ақ белгілі болады.

Міржақып «Оян қазақ!» жинағынан кейін тергеу орындарының қармағына ілігіп, Қызылжарға қарай бас сауғалап кеткен жолында біраз уақыт Көкшетау өңірінде ауыл мұғалімі болып істеген. Сол кезде екі ауылнай елдің жайлауы болған Саумалкөл — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданының орталығы. Шығармада суреттелген қасіретті оқиға сол өңірде болған.

М. Дулатұлының әдеби мұрасында ерекше орын алатын бұл шығарма ұлттық жазба әдебиетімізде проза саласының арғы бастауларының бірі және оның ішіндегі роман жанрының ең тұңғышы.

Бұл — бір.

Екіншіден, Міржақып шығармашылығындағы азаткерлік, ...керлік, тұшылық тақырыптарынан кейінгі бір арналы сала — әйел ... әйел мо... әйелдердің бас бостандығы мен азаматтық құқығы.

Сүйгеніне қосыла алмай, зарлап өткен немесе қатаң ...атаң з... құрбаны болып кеткен қазақ қызының тағдыры — ...ы — ... әдебиетіміздегі дәстүрлі тақырып. Жазушы бұл тақырыптың ...ыпты к... қарапайым ауыл адамдарының өмірінен алып, мейлінше ре... ...ше ре... жағдайдағы, баршаға таныс оқиғалар аясында суреттейді, ...тейді.

Кейіпкерлері де әр ауылдан-ақ табылатын, күнде көріп, ...көріп ж... таныс бейтаныстар. Бірақ әрқайсысының өзіне ғана тән ... тән ... белгілері, өзіне ғана жарасымды мінез-қылықтары бар бе... ...бей...

Романның негізгі кейіпкері Жамал – өз құрбыларының ...рының... болған саналы қыз. Молданың алдын көріп, зеректігімен аз ... ...ен аз у... жаңаша хат танып кеткен сауатты. Сүйген жігіті Ға... ...гі Ғали... медреседе оқыған, оның үстіне аздап орыстың тілін үйрен... ...йрен... ашық, сыпайы. Екеуі де ақын, өз ойларын өлең жолдарым... ...арыме... жеткізіп отырады.

Бұл ерекшелік шығарманың көркемдік құрылым... ...лым... маңызды. Тұңғыш прозалық туындыда ескі хисса, да... ...а, дас... үлгісімен өлең мен қара сөз араласып отырады да, ан... ...да, ав... ақындығы кейіпкерлердің өлең арқылы айтар ойын ер... ...ын ер... көрсету үшін қолайлы болғаны байқалады.

Қыз әкесі Сәрсенбайдың пасықтық бақай есеппен Жә... ...пен Ж... еріксіз бермек болып жүрген жігіті Жұман — бұл екеуін... ...екуін... кереғар, мейлінше топас, надан, томырық мінезді ... ...зді о... ұсқынсыз. Сондықтан ақыл-санасы жетіліп, өз намысын ө... ...сын ө... алатын дәрежеге көтеріліп қалған Жамал қыз ондай з... ...дай з... көніп, өз ырқынан тыс ынғайға көнбекші емес.

Бірақ ескіліктің қатал заңы ақыры өз үстемдігін жүргізіп, ...үргіз... қайғылы қасіретпен аяқталады. Жамалдың тоңмойы ...мойы... күштен көрген қорлық-зорлығы мен тартқан ашы зары он... ...ары о... алдындағы жазып кеткен өлең хатынан айқын көрінеді. ...неді.

Роман өз кезінде жұршылық пікірінде үлкен жа... ...ен жа... туғызып, өте жоғары бағаға ие болды. Сол жылдардың озы... ...ның оз... зиялы қауымы бұл шығарма төңірегінде бірынғай құптаған ... ...птаған танытты. Қ. Кемеңгеров, С. Садуақасов сияқты көрнекті ... ...көрнекті лардың баспасөз бетінде жазған сөздері осының айғағы бо... ...ғағы б...

Бұлардан едәуір кейінірек пікір білдірген, өзі сол кө... ... сол ... шындық бағыттың белсенді өкілі болды деп есептелге... ...птелге... Мұқановтың өзі де «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әде... ...азақ ... (1932) деген оқулық еңбегінде романның тәрбиелік ма... ...елік ... жоғары бағалады. «Бұл роман, бірінші жақтан, әйел боста... ...ел бос... жырласа, екінші жағынан, ескі салт, ескі әдетке қарсы ... ...қарсы... роман. Бұл... қазақ арасында көп тарап, елдің жаңашылда... ...ашыл... арасында аяттай жатталып жүрді. Жамал болғысы ... ...лғысы... Жамалға ұқсағысы келген талай ауылдың қызын көзіміз ... ...көзім... Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды.

мысал түрінде тағылымдық, ғибраттық мәні бар оқиғалы шағын поэма деп қабылдаған дұрыс болатын сияқты.

Шығарма тұңғыш рет «Ақ жол» газетінде (*1923, №316*) жарияланған.

«Алды-артым бірдей тайғақ мұз...» – бұл туралы да Г. Дулатованың «Шындық шырағы» естелік кітабынан алынған түсініктемеде толығырақ айтылған.

«Қараш Жүсіпбекұлына» – мұның түсініктемесі де Гүлнар Дулатованың «Шындық шырағы» кітабынан алынды.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ»
(1910)

Қазақтан шыққан талапкер,
Бұл кітапты қарап көр.
Таратуға халыққа оқып,
Боларсыздар себепкер.
(Қазан, 1910.)

Романға эпиграф ретінде алынған бір шумақ өлең.

«Сөз басы» — өлеңмен жазылған кіріспе ретіндегі бұл алғы сөзде автор әуелі халқының өркениет көшінен кейін қалып, тығырыққа қамалған мүшкіл халі жөніндегі өзінің көкейтесті тақырыбын тағы да қайталап, қам көнілін білдіреді. Одан әрі оқу-ағарту тақырыбына ойыса келе, әдебиеттің тәрбиелік рөліне ауысады. Өзі жазғалы отырған романның мақсаты — «халықты түзетпек» екенін атап айтады. Қалыңмал, әменгерліктің құрбаны болған қазақ әйелдерінің аянышты халіне аяушылық білдіре келіп, осы шығарманың соларға бір пайдасы тиер деген үмітін де жасырмайды.

Міржақыптың табиғатына біткен қарапайымдық пен кішіпейілдіктің нышаны осы тұста айқын байқалады. Өленнің алғашқы жолында өзін «төмендердің аласасы» деп сипаттаса, аяғында өзінің «қадари хал білгенінше» роман жазып отырғанын айта келіп, одан асыра жазатындардың көп болуына тілектес екенін білдіреді.

«Бақытсыз Жамал» — қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет «роман» аталған шығарма. Өмірде болған нақты оқиға негізінде жазылғаны алғашқы жолдардан-ақ белгілі болады.

Міржақып «Оян қазақ!» жинағынан кейін тергеу орындарының қармағына ілігіп, Қызылжарға қарай бас сауғалап кеткен жолында біраз уақыт Көкшетау өңірінде ауыл мұғалімі болып істеген. Сол кезде екі ауылнай елдің жайлауы болған Саумалкөл — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданының орталығы. Шығармада суреттелген қасіретті оқиға сол өңірде болған.

М. Дулатұлының әдеби мұрасында ерекше орын алатын бұл шығарма ұлттық жазба әдебиетімізде проза саласының арғы бастауларының бірі және оның ішіндегі роман жанрының ең тұңғышы.

Бұл — бір.

Екіншіден, Міржақып шығармашылығындағы азаттерлік, ағартушылық тақырыптарынан кейінгі бір арналы сала — әйел мәселесі; әйелдердің бас бостандығы мен азаматтық құқығы.

Сүйгеніне қосыла алмай, зарлап өткен немесе қатаң заңның құрбаны болып кеткен қазақ қызының тағдыры — біздің әдебиетіміздегі дәстүрлі тақырып. Жазушы бұл тақырыпты кәдімгі қарапайым ауыл адамдарының өмірінен алып, мейлінше реалистік жағдайдағы, баршаға таныс оқиғалар аясында суреттейді.

Кейіпкерлері де әр ауылдан-ақ табылатын, күнде көріп жүрген таныс бейтаныстар. Бірақ әрқайсысының өзіне ғана тән ерекше белгілері, өзіне ғана жарасымды мінез-қылықтары бар бейнелер.

Романның негізгі кейіпкері Жамал – өз құрбыларының алды болған саналы қыз. Молданың алдын көріп, зеректігімен аз уақытта жаңаша хат танып кеткен сауатты. Сүйген жігіті Ғали да – медреседе оқыған, оның үстіне аздап орыстың тілін үйренген, көзі ашық, сыпайы. Екеуі де ақын, өз ойларын өлең жолдарымен еркін жеткізіп отырады.

Бұл ерекшелік шығарманың көркемдік құрылымы үшін маңызды. Тұңғыш прозалық туындыда ескі хисса, дастандар үлгісімен өлең мен қара сөз араласып отырады да, автордың ақындығы кейіпкерлердің өлең арқылы айтар ойын еркінірек көрсету үшін қолайлы болғаны байқалады.

Қыз әкесі Сөрсенбайдың пасықтық бақай есеппен Жамалды еріксіз бермек болып жүрген жігіті Жұман — бұл екеуіне мүлде кереғар, мейлінше топас, надан, томырық мінезді оспадар, ұсқынсыз. Сондықтан ақыл-санасы жетіліп, өз намысын өзі қорғай алатын дәрежеге көтеріліп қалған Жамал қыз ондай зорлыққа көніп, өз ырқынан тыс ыңғайға көнбекші емес.

Бірақ ескіліктің қатал заңы ақыры өз үстемдігін жүргізіп, оқиға қайғылы қасіретпен аяқталады. Жамалдың тоңмойын топас күштен көрген қорлық-зорлығы мен тартқан ащы зары оның өлер алдындағы жазып кеткен өлең хатынан айқын көрінеді.

Роман өз кезінде жұршылық пікірінде үлкен жаңғырық туғызып, өте жоғары бағаға ие болды. Сол жылдардың озық ойлы зиялы қауымы бұл шығарма төңірегінде бірыңғай құптаған ықылас таныттты. Қ. Кемеңгеров, С. Садуақасов сияқты көрнекті сыншылардың баспасөз бетінде жазған сөздері осының айғағы болатын.

Бұлардан едәуір кейінірек пікір білдірген, өзі сол кезде сол шындық бағыттың белсенді өкілі болды деп есептелген Сәбит Мұқановтың өзі де «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1932) деген оқулық еңбегінде романның тәрбиелік маңызын жоғары бағалады. «Бұл роман, біріншi жақтан, әйел бостандығын жырласа, екінші жағынан, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл... қазақ арасында көп тарап, елдің жаңашылдарының арасында аяттай жатталып жүрді. Жамал болғысы келген, Жамалға ұқсағысы келген талай ауылдың қызын көзіміз көрді... Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды.

«Бақытсыз Жамалға» еліктеп «Мұңлы Мариям» (*Сәлім Көшімұлының*) сияқты романдар шықты. «Бақытсыз Жамал» соңғы уақытқа дейін көптеген жазушылардың темасына үлгі болды».

Шынында да бұл Міржақыптың қазақ әдебиетіне әкелген соны жаңалығы болды. Ол өзінен кейін дәл осы тақырыпты әр қырынан көтеріп, сүбелі шығармалар келтірген тың дәстүрдің бастаушысы болды. Соның ізімен іле-шала дүниеге келген «Қалыңмал», «Шұғаның белгісі», «Қамар сұлу» сияқты шығармалар бұл бағыттағы әдебиеттің болашағын айқындап кеткен, әрқайсысы жеке-жеке құбылыстар еді.

Өкінішке қарай, «Бақытсыз Жамалдың» көркем шығарма ретіндегі өмірі де мезгілсіз үзіліп кетті. Ол авторымен бірге жазаланып, әдеби айналымнан шығып қалды да, тарихтан аты ұзақ уақыт бойы өшіріп тасталды. Еліміз тәуелсіздік алып, идеологиялық үстемдік жойылғаннан кейін М. Дулатұлының бүкіл шығармашылық мұрасы сияқты, «Бақытсыз Жамал» да туған әдебиет тарихына қайтадан «Бақытты Жамал» болып жарқырап келіп қосылды.

«Балқия» — төрт перделі драмалық шығарма. Мұнда да «Бақытсыз Жамалдағы» сияқты, қалыңмалға қарсы, өзінің бас бостандығы жолында белсеніп әрекетке шыққан қыздың тағдыры көрсетіледі. Балқияның басындағы хал дәл баяғы Жамалдың басында болған жағдаймен бірдей. Мұны да әкесі жасында болыстың баласына, қыздың өзі сүймейтін, теңдесі емес бір нашар жігітке айттырып, қалыңмалын алып қойған.

Бірақ романнан он екі жыл кейін жазылған пьесадағы Балқия бейнесі Жамалдан өзгеше, өзінің тағдырына өз көзқарасы әбден қалыптасқан, шешімі берік. Сол жолда істен де, сөзден де тайынбайтын бекем, бірбеткей. Сол мінезін ол перде ашылғанда-ақ танытады.

Сахнада алғаш көрсетілген қыз монологінен біз осыны байқаймыз.

«Дүниеде қыздай сорлы бар ма екен?! Кім мал берсе, соған кете бергені. Қалыңмалды шығарған қандай көріңде өкіргір екен... Батасыз кеткірлер, баталарың бұзылмақ түгіл тас-талқан болсын... Өмірімше күндікте жүрерім жоқ».

Міне, бұл тәуекелге бел байлаған қыздың ғана сөзі емес. Ескілікке батыл қарсылық білдіретін, сана сезімі оған сын көзімен қararлық дәрежеге көтерілген қыздың сөзі.

Оның сүйген жігіті, ауылдағы мұғалім Қасым да Жамал қыздың сүйгені Ғалидан өзгеше, айқын ағартушылық жолға түскен көзі ашық, білімді мұғалім болудың үстіне, саяси күрес жолындағы қайраткерлік таныта бастаған зиялы азамат бейнесінде көрінеді. Балқияның аузындағы батыл-батыл сөздер содан дарығаны анық аңғарылады.

Қасым момын кедей Нұрмаққа: жасы жетпеген қызының обалына қалып, малға қызықпа, өзіне тең емес қарт адамға берме

деп ақыл айтқанда да; ел адамдарына: дін жолымен беретін зекет салығын молдаға бермей, бір орталыққа жинандар, сол қаражатқа мектеп салдырындар дегенде де; патшалыққа сенбендер, ол қараспайды деп, отаршылдықтың халыққа жат саясатын түсіндіргенде де, оның сөзі ылғи қисынды, жұрттың көңіліне қонымды болып келеді.

Сондықтан ол Балқияны алып қашқанда, Жамалдың тұсындағыдай, қарсыластар әкімшілікке бармай еселерін ескі қазақшылық жолмен шешуді емес, Қасымды саяси қылмысты ретінде жаламен тұтқындатуды, сөйтіп, біржола су түбіне жіберуді көздейді. Және сол ойларын жүзеге асырады.

Бұл жолы да жазушының шынайы реалистік ұстанымы айқын. Роман да, пьеса да қайғылы нәтижемен аяқталады. Сол кездегі тарихи жағдайды еске алып, өмір шындығына баққанда, солай болуы заңды еді. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, негізгі тартыстың шешілу жолында, уақыт айырмашылығына және әр кездегі азаматтық сана мен сол сананы билеген нақты оқиғалар тоғысына қарай, әр кезеңнің өз қайшылығы ілгері орынға шығып отырады. Басты кейіпкерлердің мінез-құлқындағы ерекшеліктер де соған қарай сараланады.

«Бақытсыз Жамал» әдебиетіміздегі прозаны танытуда қандай маңызды болса, «Балқияның» да ұлттық драматургияны ілгері бастыруда сондайлық рөлі болды. 1922 жылы баспа жүзін көрген бұл туынды жаңа ғана автономия алып, өз алдына отау тіккен республика астанасында алғашында көркем өнерпаздар үйірмесіне, көп ұзамай ұлттық театрдың да пердесін көтеруге мұрындық болғаны түсінікті. Пьеса 1922 ж. Орынборда жеке кітап болып басылған. Жазылуы одан ертерек болса керек. 1991 ж. бір-томдыққа енгізілген.

ӘҢГІМЕЛЕР
(1911 – 1924)

Міржақып Дулатұлының 1911–1924 жылдар аралығында жазылып, осы бөлімге топтастырылған әңгімелері — қаламгердің шығармашылық мұрасында елеулі орын алардық туындылар. Бұл негізінен автордың «Қазақ» газетінде, тағы басқа басылымдарда істеп жүрген кезінде жазылған және соларда жарияланған әңгімелері.

Тақырып жағынан алғанда, бұларда революция қарсаңындағы қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, сондағы адамдардың іс-әрекеті, түйсік-түсінігі, бір-бірімен қарым-қатынасы суреттелген. Осының барлығы жиналып келгенде, ескі ауылдың белгілі бір уақыт шеңберіндегі хал-ахуалы мен бет-бейнесін көзге елестетеді.

Бұл материалдар, бір жағынан, күнделікті баспасөзге арнап жазылғандықтан, олардың әрқайсысында фактілік нақтылық пен сол күннің талап-тілегі, өзіне тән ерекшеліктері бой көрсетіп отырады. Бұл — мазмұн жағы.

Ал сол оқиғалар мен адамдардың іс-қимылын сөзбен жеткізу жағына келсек, топтамадағы әрбір мәтін жеке алғанда шап-шағын көлемдегі нағыз көркем әңгіме болып шыққан деп кесіп айтуға болады. Қандай оқиға, қандай кейіпкер болса да, автор соларды артық сөзбен егжей-тегжейлеп баяндап жатпайды; қылқаламның сүйкелісіндей бір суретпен, бір қимылмен, бір айшықпен бедерлеп жеткізеді. Кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін оның өз сөзімен, өзіне тән қимыл-әрекет үстінде көрсетеді.

Міржақып — қысқа әңгіменің шебері. Әсіресе күлкілі кейіпкердің болымсыз әурешілігін, қисынсыз қимыл-әрекетін кейде астарлы тұспалмен, кейде ашық мысқыл, ащы ажуамен беруге шебер. Тілі өткір, тапқыр және бейнелі.

Қорыта айтқанда, Міржақып әңгімелері ұлттық әдебиетіміздегі шағын проза жанрын қалыптастырып, дамытуда өзіндік белгілі бір кезең болғанын айқындайды.

«Екі қыздың мұңы» — екі қыздың диалогі түрінде жазылған шағын скетч. Көркем өнерпаздар үйірмесінің концерт бағдарламасында орындауға арналған шығарма.

Тақырыбынан көрініп тұрғандай, екі қыздың өзара әңгімесі арқылы берілген, қалыңмалға қарсы бағытталған, қазақ қызының бас бостандығына, сезім еркіндігіне, жастардың болашақ өмір серігін өз қалауымен таңдап алу мүмкіндігіне арналған өте мазмұнды, астары терең, қысқаша сахна көрінісі.

Диалогтің басында ортақ бір тағдырмен мұңдасқан екі қыз. Оны Ұлбосынның мына сөздерінен аңғарамыз: «Екі қатын үстіне малға сатылып мен отырмын. Алпысқа келген шалға баруға сен тұрсың». Әрілесе, мұндай күйге түскен бұл екеуі ғана емес. «Зейнет бейшараны сегіздегі балаға атастырып қойды, бір мақаудың тілеуін тілеп Зылиха отыр». Адам баласы ойлап таба алмастай бұл сияқты жаппай сорақылыққа қарсы тіпті ешқандай шара жоқ дерсің.

Сондықтан болар, Ұлбосында екі көздің жасына ерік бергеннен басқа шара жоқ тәрізді. Ал Нұриланың бұл жөніндегі түсінігі де, ішке түйген тәуекелі де өзгеше.

«Жә, өзің не қылмақшы боласың?» — деген сауалға оның қайтарар жауабы өзір. Сөйтсе, оның ойлағаны тек өз басының ғана бостандығы емес, бүкіл қазақ әйелдерінің тағдыры екен: қорлықтан, күндіктен бұл екеуі ғана құтылғанмен іс бітпейді екен. Бұл барлық қандас әйелдердің кеңшілігін ойлайды екен.

«Әй, бейшара, қазақ қызы!» Нұриланың тебіреніп айтқан осы сөзінде көп мән жатыр. Бірақ, қаншама күніреніп айтса да, ол апасіңлілерінің болашақтағы бостандығы мен бақытына сенеді. Ол үшін тек өркім саналы болсын, оқысын, көздерін ашсын, өз өмірлері үшін батыл күреске бекем болсын!

Осы бір жалынды сөздерде Нұрила сияқты батыл, ержүрек қыздардың болашағы да, жазушының өз мұраты да айқын бейнеленген.

Алғаш рет «Айқап» журналының 1911 жылғы 12-санында Азамат Алашұлы деген атпен жарияланған. Осы томға бірінші рет енгізіліп отыр.

«Қымбат тай» — қыстан күйсіз шыққан арық тайын базарға апарып бұлдап сатпақ болған ауыл қазағы мен оны жарты бағасына алғысы келетін орыс мұжығының арасындағы сауда қырқылжыңын суреттейтін сықақ әңгіме. Екеуі бірінен-бірі құлығын асырмақ болып бір сағат бойы саудаласқандағы нәтиже — алғашқы сұраған бағасының тең жартысына сатылған тайдың иесі де, оны дәл сол мөлшерге кеміттірген алушы да өздеріне-өздері риза болған тоқ көңілмен үйлеріне қайтқаны астарлы жеңіл мысқылмен әсерлі суреттелген.

Әңгіме «Қазақ» газетінің 1915 ж. 118-санында Мадияр атымен жарияланған.

«Қызыл қашар» — ескі ауылдағы кедей адамның жоқ-жұқана тұрмысы, оның үстіне қайта-қайта титықтаған үкіметтің алымсалығы, «жығылғанның үстіне жұдырық» деп барған сайын тізелерін батыра түсетін үлкенді-кішілі патшалық әкімдердің зорлық-зомбылығы онсыз да аш-арық отырған отбасының мүшкіл халі арқылы суреттеледі. Жалғыз сиыры суалып, үйінде адал дәм қалмаған үй иесі арық-тұрақ қашарын сойып, балаларына талшық қыламын деп отырғанда, ауылнай келіп, төленбеген салық есебіне сол қашарды айдап әкетеді.

Әңгіме «Қазақ» газетінің 1915 ж. 160-санында Мадияр деген атпен жарияланған.

«Кәкең, Сәкең» — сықақ әңгіме. Онда өзінің құнсыз жазбаларымен газет төңірегінде мазасыздық туғызып жүрген, мінезі шәлкем-шалыс, жүріс-тұрысы сұйық, мақтанқұмар, мансапқор адам, автор тарапынан бір ауыз мінездеме қоспай, оның қағазға түскен өз сөздері арқылы ажуа етіледі. Аңқау елге арамзалығын өткізіп, оңай олжа мен арзан атақ үшін жалғандық пен аярлықты бетке ұстаған алааяқ баспасөзді бопсаламақ болған әрекетімен өзін-өзі әшкерелейді.

Әңгіменің алдына қойған осы мақсаты шығарманың өте сәтті ойластырылған құрылымы арқылы шебер жүзеге асырылған.

Алғаш рет «Қазақ» газетінің 1915 ж. 170-санында жарияланған.

«Читаю, писаю» – бес бөлімнен тұратын біршама ұзақ әңгіме. Онда орыс тілін білемін деген жалған мәліметпен болыстыққа бекітіліп, кейін өз тілмашының арамдық әрекетінен қылмысты болып қалған аңғал жігіттің әрі күлкілі, әрі қайғылы халі суреттеледі. Бұл оқиғаның арғы төркінінде отаршылдық билік тұсында болыстыққа тек орыс тілін білетін адамдар ғана сайлансын деген сыңаржақ нұсқаудың жөнсіздігін, соның өмірдегі зардапты салдарын келекелеу идеясы жатыр.

Әңгіме алғаш рет «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 165-санында – Мадияр атымен жарияланған.

«Үш құлақ» – ескі ауылдағы руға, атаға бөлінушілік, барымта

сияқты жаман әдеттерді келеке етіп, әшкерелеуге арналған әңгіме. Шығарма болған оқиғаға негізделген тәрізді. Өйткені ондағы болған үш түрлі сорақылықтың қай үйезде, қай болыста, қай рулар арасында болғаны нақтылап көрсетілген. Болмашы себеппен жазықсыз адамдардың құлағын кескен жазаның аяғы екі рудың арасында үлкен жанжалға ұласқаны ащы ажуа, мысқыл түрінде сынға алынған. Әңгіме «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 173-санында жарияланып, аяғына «М» деп қол қойылған.

«Қуанышты күн» – әңгіме «Пара алушылардың жазасы артсын һәм пара берушілерге жаза берілсін деген жаңа заң шықты» деген газет хабары негізінде жазылған. Онда ауылдың оқымаған қаранғы адамдарынан пара алып жаман үйренген ұсақ шенеуніктің қуанышы суреттеледі. Оның соншалықты шаттанып, қуанатын себебі, ол: енді пара берушілер өздері жазаланатын болғандықтан, пара алушыларды көрсете алмайды; демек, параға енді кең жол ашылады деп ойлайды. Сонымен бірге қыр адамдарының шенеуніктерге күні түспей тұрмайтынын, сондықтан олардың парасыз күні жоқ екеніне найсап шенеунік кәміл сенеді.

Әңгіме «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 174-санында «Мадияр» деген атпен жарияланған.

«Тік бақайлар» – болыстың үйінде бас қосқан бір топ ел адамдарының ас үстіндегі әңгімесі арқылы ескі ауылдағы өмірдің әр түрлі саласынан мағлұматтар беріледі.

Сөзден сөз туындап отырғанда, ертеректегі орысша оқыған жігіттердің ел арасына келгендегі өрескел тік бақайлық мінездері еске алынады. Мұғалім қазіргі оқығандардың олардай емес, халыққа жақындығын айтып түсіндіреді. Оларда ұлт намысы бар деп көтермелейді.

Әңгіме «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 178-санында жаряланған. Қол қойған – Мадияр.

«Біздің болыс жарайды» – бұл әңгіменің негізінде де нақты оқиға болғанға ұқсайды. Өйткені мұнда аталған Сарықопа облысы Міржақыптың өзі туған жер. Сондағы «өзіміздің болыстың кемеңгерлік билігін естіп, көтеріліп қалдым» деген айтушының кекесін сөзі арқылы ел басқарып жүрген билікшілердің надандығы мен арамдығы қатар әшкереленеді.

«Заман азды десек те данышпандар бар ғой», – деген әңгімешінің, автордың өзінің де кекесін сөзінде Өтеулі сияқты болыстардың болымсыз бет-бейнесіне өлтіре баға берілген.

Әңгіме «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 190-санында жарияланған. Қол қойған – Мадияр.

«Ішік қайырлы болсын!» — әр түрлі игілік мақсатына деп елден жылу жинап, оны өздерінің бас пайдасына жұмсайтын қожамолдаларды, тағы басқа ақсақалдарды сынайтын шағын әңгіме. Қысқаша диалог түрінде жазылған бір көріністегі Қажы-екеннің екі жүзділігі оңашада мықтымсынғанымен, газет қызметкерлері алдында әшкереленіп қалатыны — әңгіменің негізгі арқауы.

«Қазақ» газетінің 1916 ж. 190-санында жарияланған.

«Сол қыздың атын ұмыттым» – автордың тергеушілік қызметте жүргендегі естелігінен алынып жазылған бір өңгіме. Жазушының әйел теңдігі, қыз бостандығы жайында жазған көркем шығармаларының нақты өмірден алынған бір дәлелдемесі сияқты. Халықтың санасына сіңіп, өміріне терең тамыр жайған ескілікті әдет – қалыңмалға қарсы күрес қаншама өрістесе де, оның оңайлықпен жойыла қоймағанын, ондай мысалға жан-жақтан қысым жасалатынын, сондықтан бұл істе тапқырлық пен табандылық керек болатынын нақты оқиға арқылы суреттеп көрсетеді.

Әңгіме «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 294-санында жарияланған.

«Ақыл мен ырыс» – адамның бойындағы ең асыл қасиеттердің түп қазығы ақыл екенін ескі аңыз арқылы дәлелдеп көрсеткен тағылымдық әңгіме.

Алғаш рет «Айқап» журналының 1914 жылғы 9-санында жарияланған. Қол қойған – М.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНА ҚҰРМЕТ

Алаштың ардақтысы, туған халқының бостандығы мен бақыты жолында «Оян, қазақ!» деп алғаш ұран салған жалынды жаршы, сол жолға өзінің бүкіл өмірін арнаған қаһарман қайраткер Міржақып Дулатұлы есімі рухани шежіремізге алтын әріппен жазылатын ұлы тұлғаларымыздың бірі.

Жақаңның мол шығармашылық мұрасы халқымыздың игілігіне айналып, жылдан жылға кеңінен танылып келе жатқаны өте заңды. Оның рухына көрсетілетін қадір-құрмет, қазіргі және болашақ ұрпақтардың тұрақты рухани қажеттігіне айналатынына сенім мол.

Оның арғы бастауы кезінде Міржақыптың өз замандастарының аузынан айтылып кеткен. Төменде келтіріліп отырған шығармашылық деректер – соның айқын айғағы.

«Ақын ініме» – Міржақып Дулатұлының рухани және қандас ағасы Ахмет Байтұрсыновтың арнау өлені: «Азырақ құлағың сал, ақын інім, ойымыз, рухымыз жақын інім», – деген сөздердің қаншалықты терең мәні бар екені айтпай-ақ көрініп тұр. Өзінің соңына ерген жасы кіші жігітке айтар ақыл-кеңестеріне жол ашарда Ахаң сияқты ұлы тұлғаның «ағалық правосына» жүгінудің өзінен халқымыздың қоғамдық санасында «Ахаң–Жақаң» аталып кеткен егіз есімдердің арасындағы сыпайы сыйластық пен рухани бауырластықтың лебі есіп тұрғандай сезіледі.

Халыққа қызмет етемін деп жұлқынып шыққан адамның қандай болуы керек деген сұраққа Ахаң тура және кері мағынасында тұспалдап айтып түбегейлі жауап берсе, Жақаң өзінің өмір бойғы бүкіл қимыл-әрекетімен сол өлшемнің үддесінен шығып отырған.

«Жауға түскен жанға», **«Тұтқын»** – Міржақып алғаш рет абақтыға алынғанда, Мағжан Жұмабаевтың арнап жазған екі өлеңі.

«Оян, қазақ!» үшін тергеу орындарының бақылауына алынып, қуғында жүрсе де, халқы үшін белсеніп күреске шыққан қайсар азамат бейнесі жасалған бұл өлеңдерден Мағжан ақынның өзі жастайынан ұстаз тұтқан аға жолдасына деген терең құрмет сезімін көреміз.

Бұл өлеңдерде бір ғана ақынның өз сезімдері емес, бүкіл халқының сүйіспеншілігі, халық бақыты үшін өмірін тәуекелге тіккен арыс азаматқа деген ел тілегі бейнеленген. «Уайым-қайғы жұтады, сені ойлап сорлы жұрт»; «Келешек күнде қағазға алтынмен жазар атынды» деген сөздердегі даналық болжамның шындыққа айналғанына біз қазір өзіміз куә болып отырмыз.

«М. Д. абақтыдан шыққанда» – бұл да Мағжанның өлеңі. Міржақыптың сол жолғы тұтқыннан босап, Семей түрмесінен шықты деген хабарын естігенде жазылған бұл қысқа шумақтарда ақын інісінің қуаныш-шаттығымен бірге болашаққа деген көміл сенімі бейнеленген.

«...Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі» – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» атты поэмасынан алынған үзінді. 1918 жылы Алаш-Орда үкіметі Орынбордан Семейге көшіп келгенде, ақын соның басы-қасында жүрген Алаш қайраткерлерін халыққа таныстыру мақсатымен осы шығармасын жазған.

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді
Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі –Айым,» –

деген жолдардан бұл кісілердің халқы үшін кім болғаны ақын сөзімен жеткізе айтылған.

«Міржақыбым – Миятым» – торғайлық ақын, Міржақыптың көзін көрген замандасы Файзолла Сатыбалдыұлының Солтүстікте, Ақтөбеде айдауда жүрген Міржақыптың қайтыс болғанын естігенде Алматыдағы туыстарына көңіл айтып жазған өлеңі. Осы хабарды естіп, Жақаңды жоқтаған адамдардың ішінде қызы Гүлнардан басқа, сол кезде айдаудан босанып келген Ахмет Байтұрсынов та болған. Өлеңде аты аталатын Ыдырыс Сейілов деген кісі бала кезінде Жақаң қолынан жетектеп жүріп оқытқан туысы, кейін Алматыда Сыртқы істер министрлігінде, Қазақ университетінде жауапты қызмет істеген белгілі адам.

Осы көңіл айту өлеңіндегі ауыл ақынының:

Міржақып пен Ахмет
Нақақтан нақақ болды шет.
Бір уақыттар болғанда
Ақталар орнап – әділет, –

деген сөздерінің бүгінде ақиқатқа айналғаны да бүгінгі ұрпақ үшін үлкен жұбаныш.

МАЗМҰНЫ

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ 5
«Оян, қазақ!» жинағынан (1902–1911) 23
Сөз басы 25
Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі 27
Қазақ халқының бұрынғы мағишаты 31
"Үйренген халықпыз ғой кемшілікке" 33
Һүнерменен хасыл болған нәрселер 34
Сайлаулар хақында 37
Қазақ жерлері 40
Мәсжід — медресе хақында 42
"Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта" 44
Қазақ халқына діни бір уағыз 46
Һүнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға... 49
Таршылық халіміз хақында аз мінажат 51
Мүдәррис З... әфәндіге жазған бір мәктүбім 60
Жесір дағуалары хақында 62
Жігіттер 69
Жұмбақ 72
Насихат ғумумия 75
Исмағил Гаспринскийдің айтқан сөзі 94
Сөз ақыры 97
«Азамат» жинағынан (1912–1914) 99
Айтыс (*Лермонтовтан*) 101
Таза бұлақ 104
Жұт 106
Шешенің балаларын сүюі 109
Аяңыздар жетімді (*Ғ. Тоқай ізімен*) 110
Газет-журнал 111
«Айқапқа» 112
Я, алла! 114
Гүл (*Пушкиннен*) 116
Жоғалған қыз 117
"Әрқашан болмақ солай, болған жана" 118
"Бақытты бала" 118
Көңіліме 119
Шағым 120
Мұң 121
Алтынханның хаты 122
Абақтыда айт күні 124
Қиял 125
Қайтер едің? 127
Хибстағы ұрының мінажаты 128
Сұлу қызға 130
Арманым 131
Қажыған көңіл 132
Сырым 133
Таң 134
Мұң 135
Айырылу 136
«Терме» жинағынан (1913–1915) 137
Терме 139
Жас қазақтар, қайдасың? 140

"Тағдырдан сұра, қаскүнем" 141
Шәкірт 142
Сағыну 144
Елім-ай 146
Жеке жинақтарға енбеген өлеңдер (1907–1932) 147
Жастарға 149
Шатлық 150
Жігіттерге 151
Қамар сұлуға 152
Наурыз (*Жаңа жыл*) 153
Мектепке 155
Мектептен 156
Григорий Николаевич Потанинге 157
Қара құс һәм адам (*Айтыс*) 159
Алашқа 161
Намыс құрбанына (*Марқұм Сүлеймен Бижанұлына бағыштадым*) 163
Зар заман 164
Жаңа тілек 165
Қайда едің? 166
Екі сұлуға 168
Тұңғыш құрбан 169
Алаш партиясына қосылмаған ақынға 171
Көкбайдың хаты 173
Міржақыптың қайтарған жауабы 176
Қобызшы ініме 177
Ақмұхаммедке 178
Қанат талды 179
Болат жүрек 180
Балдызға 182
Мен азатпын, сен де азат... 183
Міржақыптың күттықтауы 185
Бүркіт кегі 186
«Алды-артым бірдей тайғақ мұз...» 192
Қараш Жүсіпбекұлына 195
«Бақытсыз Жамал» (роман) (1910) 197
Сөз басы 199
«Балқия» (пьеса) (1922) 241
Әңгімелер (1911–1924) 271
Екі қыздың мұңы 273
Қымбат тай 277
Қызыл қашар 279
Кәкең, Сәкең 282
«Читаю, писаю» 285
Үш құлақ 291
Қуанышты күн 292
Тік бақайлар 297
Біздің болыс жарайды 300
Ішік қайырлы болсын! 303
Сол қыздың атын ұмыттым 305
Ақыл мен ырыс 309
Міржақып Дулатұлына құрмет 311
Ақын ініме 313
Жауға түскен жанға (М.Д.-ға хат) 315
Тұтқын 318
М. Д. абақтыдан шыққанда 319
"Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі" 320
"Міржақыбым – миятым" 321
Түсініктемелер 325

Әдеби-көркем басылым

«АЛАШ МҰРАСЫ» СЕРИЯСЫ

Мир-Якуб ДУЛАТОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ В ПЯТИ ТОМАХ

Том I

художественные произведения
(*Стихи, роман, пьеса,расказы*)
(*на казахском языке*)

Редакторы Ш. Дүйсенбаев
Көркемдеуші редакторлары Ж. Болатаев,
Ж. Қасымхан
Техникалық редакторы К. Тұрымбетова
Корректоры Д. Кәрібаева
Компьютерде теріп, беттегендер Б. Сейтова, С. Өтенова

ИБ №8579

Басуға 06.12.02 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі «Школьная». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,32+0,42 жапсырма. Шартты бояулы беттаңбасы 46,18. Есептік баспа табағы 15,68+0,29 жапсырма. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс 872.

«Мектеп» баспасы» ЖАҚ,
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.
Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.